

Соғыс және еңбек ардагері,
ұлағатты ұстаз, әдебиетші

Әби
ПРЕКЕШОВ
ТУЫЛҒАНЫНА **100** жыл



Асыл
БЕЙНЕ

*Соғыс және еңбек ардагері, ардақты ұстаз, әдебиетші
Әби Прекешовтың туылғанына – 100 жыл!*

АСЫЛ БЕЙНЕ



Қызылорда - 2023



1942 -1945 жылдар аралығында қан майданда от кешкен, 1946 -1949 жыл аралығында тыныштықты сақтау қызметінде Москва жанындағы Реутово қаласында әскери міндетін жалғастырып 1949 жылы ерлікпен елге оралған және елге оралғаннан кейін өмірінің соңына дейін білім беру саласында аянбай еңбек етіп ұлағатты ұстаз атанған соғыс және еңбек ардагері Прекешов Әбидің туғанына 100 жыл толуына байланысты ұрпақтары естелік кітап шығаруды жоспарлаған еді.

Кітапта кейіпкердің қиын да саналы өмірі, Ұлы Отан Соғысы кезіндегі бастан кешкен қиыншылықтары, келешек ұрпаққа өнеге болатындай өмір жолы, елге оралғаннан кейінгі атқарған ұлағатты істері, жазып қалдырған қолжазбалары, баспасөз беттерінде кейіпкер туралы жарияланған мақалалар және әріптестері, шәкірттері және туған – туысқан, ұл – қыздарының естеліктері топтастырылған.

Кітап кейінгі ұрпақты салауатты өмір сүруге тәрбиелейтін мәнімен құнды.

ӨМІРБАЯН

Әби Прекешов 1923 жылы қазан айының 12-де Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген ауылдық округіне қарасты Қосуақ қыстағында дүниеге келген. Сол жерде үш кластық білім алып кейін Бөген ауылдық мектебінде жеті кластық білім алған. 1942 жылға дейін колхозда жұмысшы және бастауыш кластарға сабақ беріп мұғалімдік қызмет атқарған. 1942 жылы Кеңес армиясы қатарына алынып, жауынгерлік жолында Қалмақ даласындағы атқыштар полкінде соғысқа түсіп, әрі қарай Украина, Беларуссия, Венгрия, Польша және Германияны азат етуге қатысып соғысты 1945 жылы аяқтаған.

Соғыс біткеннен кейін де елдің тыныштығын сақтау және мемлекеттік шекараны қорғау полктерінде болып, 1949 жылы ерлікпен елге оралған. Неміс фашист басқыншыларымен болған сол қанды жорықтарда: «Отан соғысы», «Ерлігі үшін» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Украинаны азат еткені үшін», «Маршал Жуков» медалдарымен және көптеген мерекелік төсбелгілермен марапатталды.

1949-1950 жылдары Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, әдепкіде Қызылжар колхозында кейін 1951 жылдан бастап Бөген орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. Қызылорда Гоголь атындағы жоғарғы оқу орнын қазақ тілі және әдебиеті пәні мамандығы бойынша бітіріп, шәкірттерге 40 жылдай ұстаздық қызметін атқарды. 1985 жылы құрметті зейнетке шықты.

Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Әби Прекешов өмірінің соңына дейін өзінің туған өлкесінің тыныс тіршілігіне етене араласып, ауыл, аудан көлемінде белгілі ақсақал атанды. Жұбайы Дәулетқызы Ақжан екеуі 1952 жылы отау құрып, дүниеге 2 қыз 5 ұл әкеліп тәрбиелеп, өсіріп ұлды ұяға, қызды қияға қондырды.

2008 жылы 30-шы мамырда 85 жасында дүниеден озды.

АЛҒЫ СӨЗ

Қолыма алдым қалам Әкейді еске ап,
«Асыл бейне» деп алғаш сөзді бастап,
Жолдары жүріп өткен кешегідей,
Күн нұры келбетінде, кеудесі асқақ.

Білмеймін неге екенін көз толы жас...
Отырмын сағынышпен болып жолдас.
Жастықпен көп нәрсеге мән бермедім,
Жазайын әкем жайлы енді болмас.

Еске алсам сол кездерде бұл күнде аңыз,
Ортамызда әке, ана, біздер мәзбіз.
Өмірдің заңыменен үнсіз солай,
Кетіпті-ау мәңгілікке ата-анамыз.

Толыпты міне, биыл әкем 100 -ге,
90-ға толар анам ол да күзде,
Жандарын жәннат пен пейіш қылып,
Ұрпағының атынан Құран тисе –деп артынан ұл-қыздары,
немерелері, шөберелері оқып жүретін бір ескірмес өнегеге
толы естелік кітап болсын деп қолыма қалам алдым,
ағайын!

Осы алғы сөзде ата – тегіміз жайлы қысқаша баяндап
кетуді жөн көрдім.

Әкей көзі тірі кезінде ата – тегіміз туралы қайталап
айтып отыратын, сірә балаларым шыққан тегін біліп жүрсін
деп айтатын болса керек. Үлкен ағам Нұрлан біршама
әулетімізге қатысты шежіре жазып алып қалыпты.

Арғы тегіміз кіші жүздің - Әлімі. Әлімнен тараған «Шекті»

руының (Жаманақ) Өрісі, Өрістен Айдарбек, одан Күлік, Күліктен – Жаманкөз атамыз туады. Біз Жаманкөз руының бес баласының бірі (кенжесі) – Ботаттан тараймыз. Ботаттан – Ермек, Ермектен – Бәт, Бәттен – Бәйімбет, Бәйімбеттен – Прекеш, Прекештен: Дүйсен, Жұбаназар және басты кейіпкеріміз - Әби туады.

Әби Прекешов пен жұбайы Ақжан Дәулетқызы Қызылорда облысы, Арал ауданының Бөген ауылында елге сыйлы үлгілі отбасы болды. Жеті ұл-қыз өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Бүгінгі күні әрқайсысы елге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген мақтан етерлік отбасыларға айналды.

Қолдарыңызға тиіп отырған «Асыл бейне» атты естелік кітаптың жазылуына өз үлестерін қосқан ағайын-туыстарға, әкеймен бірге мектепте жұмыс істеген әріптестеріне, шәкірттеріне әулетіміздің атынан үлкен алғысымды білдіреміз.

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ

Осы кітапқа материалдар дайындау барысында немере ағам - Дүйсенов Алғазымен хабарластым. Себебі ол біздің әкейдің ағасы және әкесінің орнында әке болған Прекеш баласы Дүйсен көкем мен әжем Төлештің ортасында жантайып жатып шәй ішіп, Дүйсен көкемнің ата-бабамыз жайлы естелік, қызықты әңгімелерін көп тыңдаған жігіт екенін жақсы білетінмін.

Ол кісінің жазбасы бойынша үлкен атамыз Бәйімбеттен үш бала туады: Жәлеке, Прекеш, Ораз. Жәлекеден – Сейтекен, Ізбасқан, Беймағанбет, Сейтмағанбет. Атамыз Прекештен – Дүйсен, Жұбаназар, Әби. Ораздан-тұқым қалмаған.

Прекеш өте бай, әділ және жетімдердің панасы болған. Ол туралы бұрынғының адамдары жиі айтып отыратын еді. Әкейдің өз аузынан осы әкесі туралы көптеген жақсы – жайлы әңгімелер еститінбіз. Көбінесе сол заманда мал дауы, жан дауы, жесір дауы және жер дауы болған кезде, әрқашан әділ шешімдер қабылдаған деп отыратын көкем. «Прекеш қандай адам болған деген сұрағыма» көкем «Прекеш айтса – болды!», - деп халық айтатын болған деп қысқаша жауап беретін.

Алғазы ағамның айтуынша Әби әкеміз Прекештен аумайды екен, керісінше Дүйсен көкем нағашыларына тартқан дейді. Әби әкеміз Прекеш атамыздың әкелік мейірімін бала күнінде ғана көріп қалды. Ол кісі 1868 жылы туып 1932 жылы дүниеден өтті, ол кезде папам бар жоғы 9 жаста, жесір шешесі Жамиламен қалған. Дүйсен көкем Прекештің қара шаңырағын – Әби інісіне берген. Дүйсен інісі Әбиге әке де, жақсы аға да бола білді. Сөйтіп, 1964 жылы мен туған жылы көкем өзіне бөлек кигіз үй соқтырған, бүгінге дейін Аралдағы үйде сақтаулы. Көкем маған, «Алғазы сен несібеңмен келген жансың деп айтып отыратын еді,-деп еске алады Алғазы аға.

ПРЕКЕШ ШЕҢГЕЛІНІҢ СЫРЫ

Жәлеке атамыз, яғни Прекештің ағасы өте бай және батыр адам болған. Қартайып қайтыс болар шағында жинаған барлық байлығын, малын баласы Сейтекенге тастамай, өзінің інісі Прекешке қалдырады. Содан Прекеш мен ағамнан қалған малды бала-шағама жаратпаймын деп, өзінің әкесіне емес ағасы - Жәлекеге арнап үш рет ас береді. Үшіншісін «Май ас» қылып таратады. Май асқа келген әрбір екі адамға Жәлекенің рухына арнап бір қой беріп

отырған екен. Сол ас кәзіргі Бөген ауылына қарасты Қосуақ қорымының жанындағы шеңгелдің ішінде таратылған. Ол заманда біздің ата-бабаларымыз осы Қосуақ қыстағында мекендеген. Кейін Прекеш атамыз өмірден өткеннен кейін осы шеңгелді халық «Прекеш шеңгелі» деп атап кеткен екен.

Менің әкем Дүйсен де өте әңгімешіл адам еді. Бір күні әжем мен көкемнің ортасында шәй ішіп отырмын, Сара жеңгем шәй құйып отыр. Бір кезде әжем көкеме ұрыса бастады - осы көпшілік отырған жерде әңгімені бастан аяқ сен айтасың, анау Жұмахмет молда отырады Бұхарадан оқып келген ілімі бар, Аймағанбеттің Тәжімбетінің Жұпан мақсым ілімді, сауатты солар неғып садақаларда сөйлемейді, сен неғып тыңдамайсың дейді. Сонда көкем, мен не олардың аузын жауып қойыппын ба, өздері біледі, ал мен әңгіме айтпасам терлемеймін, шәйға шөлім қанбайды деп жауап берді.

Бір күні көкемнен сұрадым, Сіздің атыңыз елге қалай тарады, атағыңыз малмен шықты ма деп сұрадым, сонда көкем, әй мал кімде жоқ екiнiң бiрiнiң малы бар, ал мен бiрыңғай жетiмдердi бағып, менiң атым халыққа сонымен шықты деп жауап бердi деп, - Алғазы бауырым сөзін аяқтады.

АНАСЫ ЖӘМИЛА ӘЖЕ МЕН ӘКЕЙ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Бұрын әжеміз Жамила туралы онша деректер болмады. 1872 жылы дүниеге келген және 1950 жылы дүниеден өткен. Білетініміз, 1948 жылы науқастанып, жалғыз баласы Әбидің армиядан келуін сарғая күткен. Содан, Арал әскери комиссариаты арқылы әскери бөліміне хат жолдап, әкейді

қайтаруын сұраған. Сөйтіп, 1949 жылдың басында Ресей жерінде соғыс біткеннен кейін шекара күзетіп жүрген жас әскер - әкей ерлікпен елге оралады.

Жақында кітапқа материалдар жинау барысында біздің жанұямыз үшін өте құнды құжат - әкеміздің кезінде өзінің көзінің қарашығындай сақтап жүретін құжаттарының ішінен Әжеміз Тілеуқұлқызы Жамиланың депутаттық мандаты табылды. Яғни, әжеміз де тегін адам болмай шықты. Әкеміздің жастайынан толық жеті кластық жақсы білім алып, сол кездің өзінде мектепте біршама уақыт бастауыш сыныбына сабақ беруі осы әкеміздің ықпалы болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар өзінің еңбекқорлығы, сауаттылығы, көпшілікке сөзінің өтімділігінің арқасында 1939 жылы бірінші шақырылған Қызылорда облысы кеңесінің депутаты болып сайланған екен. Сіздерге сол қалпында сақталған куәліктің түпнұсқасын кітаптың суреттер топтамасында ұсынып отырмын.

Әби Прекешов пен жұбайы Ақжан Дәулетқызы жеті ұл-қыз өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Бүгінгі күні әрқайсысы бөлек шаңырақ болып, елге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген отбасыларына айналды.

Тұңғыш қыздары Гүлжан – әке жолын қуып Алматы шет тілдер институтын ағылшын тілі мұғалімі атанса, отағасы Бахтияр – Алматы политехникалық институтын бітірген тау-кен инженері, екеуі 3 балаларынан 9 немере сүйіп отыр. Қазақстан Республикасының «Алтын кітабында» орын алған жандар.

Ұлболсыны М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені бітірген библиограф болса, отағасы Әділ - құрылысшы 4 балалы, 3 немерелі.

Бегендегі қара шаңырақтың түтінін түтетіп отырған Нұрланы Алматы политехникалық институтының автоматика, телемеханика маманы, жұбайы Гауһар -

Қызылорда кооператив техникумын бітірген маман, 5 ұл-қыздарынан 4-немере сүйіп отыр.

Жаңатасқаласындағы Нұрханы – Алматы политехникалық институтының Қаратау филиалын бітірген тау-кен инженер – энергетик, зайыбы Гульжан - Жамбыл педагогикалық училищесінің мектепке дейінгі тәрбие маманы, 3 бала тәрбиелеп 2 немере сүйіп отыр.

Жұманы - жүргізуші, жұбайы Шаттық Бөген мектебінің мұғалімі,

Жұмабек - Алматы политехникалық институтының Қаратау филиалын бітірген құрылыс инженері, зайыбы Құралай ағылшын тілі маманы 2 балалы, 2 немере өсіруде.

Әділбек – Тараз политехникалық колледжін тәмамдаған инженер-электрик, жұбайы Жазира-Жамбыл педагогикалық колледжінің түлегі, мектепке дейінгі тәрбие маманы, төрт баласы бар.

Немерелерінің бірі еліміздің жоғарғы деңгейдегі оқу орындары Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық Техникалық Университетін, Қарағанды қаласындағы жоғарғы Мемлек Техникалық Университетін тәмамдап өз мамандықтарының майталман инженерлері, екі немересі Алматы қаласында С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін бітіріп жоғарғы дәрежедегі дәрігерлер болса, тағы үш немересі Қорқыт ата атындағы Қызылода Мемлекеттік және Павлодар қаласындағы Педагогикалық Мемлекеттік университеттерді бітіріп аталарының салып кеткен даңғыл жолын жалғастырып келе жатыр.

Ал енді орта буын немерелерінің бірі шет елдің белгілі жоғарғы оқу орындары Ресейдің М.В.Ломоносов атындағы Мемлекеттік Университетін, енді бірі Оңтүстік Корея мемлекетінде «Кангнам»- Мемлекеттік университетін бітіріп, мемлекетімізде әртүрлі салада еңбек етуде.

Кейінгі буын үш немересі Республика көлеміндегі ең алдыңғы қатарлы Алматы қаласындағы Эль Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде, С.Демириель атындағы Қазақ-Түрік Университетінде және Алматы шет тілдер Университетінде білім алып жатырған жоғарғы дәрежедегі студенттер.

3.Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінде оқып жүрген үш шөбересі үздік оқушылар қатарында.

Қарап отырсақ, Әби Пірекешов пен Ақжан Дәулетқызының өнегемен өрілген ұрпақтары баянды, бейінді білім нәрімен сусындаған, жақсы мамандық иелері екен. Осы орайда ойымызға ата-бабамыздың ертеде айтып кеткен «Текіден текті туады» деген нақыл сөзі еріксіз есімізге түседі.

АРДАҚТЫ ДА АСЫЛ АНАМ

Ардақты да асыл анам - Прекешова Ақжан Дәулетқызы 1933 жылы Бөген ауылдық округінің Қамау қыстағында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1994 жылы желтоқсан айының 22 жұлдызында 61 жасында дүниеден өтті. Мен сол кезде 29 –да едім.

«Ана – отбасының беркесі» - деген нақыл сөзді жиі естимін. Осы нақыл сөз ойға оралғанда әрқашан шешем көз алдыма келеді.

Шешеміз әкем Прекешов Әби екеуі 1952 жылы шаңырақ көтерген. Шешем өте еңбекқор, шалт қозғалатын, шынайы таза кіршіксіз жан болды. Барлық ақыл-ойын, күш-жігерін, мейірім-шапағатын өзі өмірге әкелген балаларының тәрбиесіне жұмсады. Сонымен қатар, үйдің барлық шаруашылығын өзі атқарып жүретін. Әкем екеуі дүниеге 9-ұл қыз әкелген. Алғашқы ұлдары бірден шетінеп кеткен, 2-ші ұлдары 3-ай шамасында шетінеген. Әрине, әке-шешем

Бұл жағдайға қатты қапаланғанмен перзент көру үмітінен қол үзбеді. Алладан шын ниетімен сұраса қабыл етеді демекші араға жылдар салып қыздары Гүлжан, Ұлболсын, Нұрлан, Нұрхан, Жұман, Жұмабек және кенжелері Әділбек дүниеге келген. Қазір барлығы өз алдына шаңырақ құрған, балалы-шағалы. Алланың жазуына еш амал жоқ екен, 2006 жылы ауыр сырқаттың салдарынан Жұмабек бауырымыз дүниеден өтті.

Шешемнің әкесі – Дәулет нағашы атам, шешесі – Төлебике дүниеге 3-ұл: Жалғас, Асан, Теңізбай және, 2-қыз: Күнқияш, Ақжан дүниеге әкеліп тәрбиелеп өсірген. Менің шешем Жалғас нағашы ағамнан кейін екіншісі. Қазір бұл нағашыларымыздың барлығы дүниеден өтті. Тек ғана нағашыжеңгем – Жамила (Жалғас нағашы ағамның жұбайы) және Пәтен (Теңізбай нағашымның жұбайы) бар. Шешем марқұм бауырларын қаншалықты жақсы көрсе, әкем де қайнағасы мен балдыздарын өте жақсы көретін. Олармен өзінің бауырлары сияқты жақсы араласып сыйласты. Біз барлық нағашыларымызбен көрші тұрдық. Бүгінгі таңда марқұм нағашыларымның бала-шағалары өсіп-өніп Қазақстанның әр түкпірінде бақытты өмір сүріп жатырса, біршамалары Бөгенде үлкен үйдің ошағын өшірмей жүріп жатыр. Шешеміздің бауырларынан қалған ұрпақтармен әрқашан қоян-қолтық араласып, анамыз бен әкеміз салып кеткен жақсы ара-қатынасты жалғастырудамыз.

Анам өзінің дүниеге келген балаларының сабақты жақсы оқуына көп көңіл бөлетін. Әрқашан балаларының қай-қайсысына да бірінші кезекте сабақты оқыңдар деп қадағалайтын. Ал үйдің барлық шаруасын, яғни малға қарау, тамақ пісіру, үй жинау, отын шабу, шөп (пішен) ору т.с.с. үйдің бітпейтін күйбең тіршілігінің барлығына өзі араласып, атқаратын. Сол шаруаларға бізді де баулып отыратын. Оған қоса марқұм әкейдің күні бойы мектепте жұмыста

екенін ескеріп, азанғы шәйін, түскі және кешкі асын сағатқа және сабақ кестесіне қарап отырып, дайындап отыратын.

Анам отанына, туған туысқанға және көрші қолаңға өте жағымды болды. Бізге үлкенді үлкен деп сыйлап, кішіге қамқоршы болуды үйретті. Біз ер балалар бесеуміз қатармыз, яғни Нұрлан, Нұрхан, Жұман, Жұмабек, Әділбек ал, екі апамыз Гүлжан мен Ұлболсын үлкен. Екеуі бірінен соң бірі мектеп бітіріп білім қуып үлкен қалаға кетті. Гүлжан апам Алматыдағы шет тілдері институтын ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша, Ұлболсын апам Қызылордаға педучилищеге оқуға түсіп кетті.

Сол кезде анаға деген жанашырлық болса керек, бұған дейін апаларының атқарған қыздарға тәнті жұмыстарды біз атқардық. Ол кезде иінағашпен су тасу, сыпыртқымен үй жинау т.с.с. жұмыстарды қыз балалар атқаратын.

Иығыма “иінағаш” салып, 1-1,2 шақырым жерде орналасқан «еспеден» (сондай тұщы су алатын жер құдықтар болатын) су әкелуге бағытталғанымда, анам маған «ұялып тұрсың ба өзім бара салайын» деп әрқашан айтатын сәттері көз алдымда. «Жоқ апа неден ұялайын, өзім әкелем» деп жүгіре баратынмын. Бұл шешемнің балаға деген мейірімділігі болса, баланың анаға деген шынайы ниеті еді.

Әкейдің көптеген шәкірттері мен оқушылары қалдырған естеліктерде біздің әкейді келбетіне бұйра шашы жарасқан, жүрісіне киген киімі жарасқан, байсалды мінезі мен салмақты жүрісін естеріне алады. Әрине, бұның артында менің ардақты анам марқұм Ақжан тұр деп ойлаймын. Тірі болғанда анамыз биыл 90 жасқа келер еді.

ӘТТЕГЕН-АЙ...

1994 жылдың басына таман шешем ауруға шалдыққаны туралы хабар естідім, жақсылыққа жорып аурудың қатерлі екеніне онша көңіл бөлмедім. Ол кезде біздің баламыз, тұңғышымыз – Елнұр 2 жаста, Жаңатас қаласында тұрамыз. Қазақстан көлеміндегі алпауыт Қазфосфат компаниясының энергетика саласында жетекші маман болып, ыстық-суығына күйіп жүрген кез болатын. Ол заманда ұялы телефон т.б. байланыс құралдары жоқ, Бөгеннен анда-санда хат арқылы бір алыстан хабар алып қаламыз. Гүлжан жұбайым балалар бақшасында тәрбиеші, Елнұр бала бақшасында, мен сол күйбілжің тіршілікпен жүре бердім. Ой біреу ақ, - жазда еңбек демалысында шығамын, сол кезде шешемді Қызылордаға емделуге алып - барам деген сияқты. Ауылға да сондай хабар айттым.

Шамасы маусым айы болуы керек, әйелімді, баламды алып, ол кезде жұбайым Гүлжан қызымыз Эльвираға жүкті кезі, поезға мініп , қайынжұртым – Оралға тартып кеттік. Неге екенін білмеймін, іште үрей пайда болып, Орал облысының Ақсай қаласына келгеннен кейін тағат таппай мазасызданып, кейін қарай елге, Бөгенге анама жетуге асықтым. Ақылдасып келіп, баламменен жүкті әйелімді Ақсайға тастап, шамамен 7-күннен кейін поезбенен Арал стансасына дейін әрі қарай Бөгенге автобуспен жетіп келдім. Сөйтсем, әкем шешемді Қызылордаға онкология ауруханасына көрінуге апарып, Қызылордада тұратын Әлмұрат құдамыздың үйіне, Ұлбосын апама тапсырып, енді қайтып келген беті екен.

Әкей ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін, бірақ көңілсіз қатқыл үнмен, ау бала кешіктің-ғой деді, маған тесіле қарап. Сасқалақтап «ұялған тек тұрмайды дегендей», - папа мұнша асығыс деп ойламадым дедім, күлмілжіп төмен

қарап. Бұндай ауру қалай асығыс болмайды деп әкей төмен қарады. Сол кезде төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей болды, шешемнің ауруының соншалықты қатерлі екенін сонда ғана түсіндім.

Өттеген-ай неге ертерек келмедім, мүмкіндігім болды-ғой деп іштей тынып, өзімді табалап үнсіз отырып қалдым.

Шамалы үнсіздіктен кейін әкем, шешемнің ауруы өте қатерлі екенін айтып баяндай бастады. Біраз уақыт болды, жанұямызбен ас жеуге отырғанда шешең өздерің жей беріңдер мен кейінірек жеймін деп ас ішіп отырған жерден шығып кететін, - сөйтсем жаман ауруға шалдыққанын айта-алмай жүр екен деп, әкем көз жасын бір сығып қойып әңгімесін аяқтады. Мен сол күні көзімнің жасын көрсетпеуге тырысып баққанымменен екі көзім жасқа толып отырып тыңдадым.

Кешке көрші тұратын туған нағашы жеңгем - Жамила апама сәлем берейін деп кірдім. Аман саулықтан кейін Жамила апам, «Нұрханжан-ау, апаң (шешемді апа дейтінбіз) сені әбден күтті ғой, келіп қалады - деп қарайлаумен болды дегенде - жерге кіріп кете жаздадым. Түнгі шала-шырпы ұйқыдан кейін таңертең ерте тұрып автобуспен Аралға әрі қарай поезбен ертеңіне Қызылордаға жеттім. Жаз айы, Ұлболсын апамның үйінде шарбаққа көрпе жайып апам мен Жәудір құдағи (Ұлболсынның әпкемнің енесі) екеуі әңгімелесіп отыр екен. Бір жылға жақын көріспеген шешеммен құшақтасып амандасып, қауқылдасып шәй іштік. Шешем едәуір сылынып қалыпты, тамақ ішпеген-соң оңай-ма. Аздап шәй ішіп отырды және сүт қана ішіп тұрғанын айтты шешем. Уақыт жоғалтпайын деп сол жерде бақсыға көрініп жүр екен, бақсы шәй, бал оқып берген көрінеді. Орталық “онкологиялық” ауруханаға анализдер тапсырып қойған екен. Ертеңіне апамды алып ауруханаға бардық, онколог дәрігер емделу керек - деді де қойды.

Апам емдеу бөлмесінен шыққаннан кейін дәрігердің өзімен бөлек қалып, жолығып сөйлестім. Өткізіп алғансыңдар деп кесіп айтты. Өздеріңіз шешіңіздер, ота жасауға келісім берсеңіздер жасаймыз, бірақ айығып кетуіне кепілдік бере алмаймыз деді. Отбасымызбен ақылдасайық деген менің ұсынысыма анам жауап дайындап қойған екен: Жалғастан артық емеспін, Алла алса алып кетер, ота жасатқызбаймын деп кесіп айтты. Жалғас туған ағасы, ертеректе осындай дерттен қайтыс болған болатын. Бес-алты күннен кейін шешемнің уақытша ем қабылдап және бақсыға толық көрінсін деп Қызылордаға тастап, Жаңатас қаласына кетіп қалдым.

Алматы қаласында Ғабит Үмбеталиев деген емші шығыпты, қатерлі ісік ауруларды емдейді екен деген жақсы хабар келді ауылдан. Бірге сабақ берген Жұлдыз апайымыз сол емшіден ем алып жақсы болып кетіпті деген хабар келді. Дереу сұрастыра бастадым. Толық мекен-жайын алдым. Алматыда тұратын туған құдам – Пернебай атақты емші-дәрігерді табуға атсалысты. Шамамен тамыз айында Жұмабек бауырым апамды үйге Жаңатасқа алып келді. Ертеңіне дереу Алматыға поезбенен аттандым. Алматыға келісімен Ғ.Үмбеталиев дәрігердің үйін тауып алдым, Панфилов көшесінде тұрады екен, орташа бойлы сымбатты келген жігіт. Дәрігер менен егжей-тегжей сұрап, шешеме Қызылорда ауруханасынан берілген сараптамаларды қарап шықты. Дәрігердің талабы бойынша үлкен журналын алып, ішіне мен шешемді өз еркіммен әкелдім, ем дарымаса наразылық білдірмеймін деп өз қолыммен жазып бердім. Маған 1-2 сағаттың ішінде кішкене “бутылкаға” құйылған дәріні қолыма ұстатып, - анаңа күніне 1-шәй қасық беріп тұр, бір аптаға жетеді деді. Сол кезде кеудемде бір қуаныш пайда болды, шешемді қатерлі аурудан жазып алатындай қуанышта болдым. Бірақ

қуанышым 2-аптаға созылды. Дәріні 2 рет алдырдым, бірақ айтарлықтай нәтиже байқалмады. Анам да сезген болу керек, ауылға қайтайын деген сөзді айта берді.

Кейін ойлап қарасам кеудемде әл барда елге жетіп алайын деген ойы сияқты болды, тек біздің көңілімізді жықпас үшін ашып айтпады – ау, марқұм.

Ол кезде менен кіші – Жұман, Жұмабек, Әділбек үйленбеген бойдақ болатын. Балаларымның қызығын көргім келеді, тіпті үшеуі бірден үйленсе де тойларын жасап, міндетімнен құтылар едім деп қайта-қайта қайталап отырды.

Марқұм Жұмабекініме мыңда бір рахмет, осы шешеміздің сұранысынан кейін көп ұзамай қараша айының 11-нде үйге Құралай атты келінімізді түсірді. Анамыз өте қатты қуанғаны және асыққаны соншама, жаңа құдама есік ашып барамын, жақын танысамын деп ұсыныс айтты. Сөйтіп бас-аяғы 10-12 күнде Қызылорда облысы, Қазалы ауданына қарасты Жанқожа батыр ауылында тұратын Жаңабай атты құдамызбен барып танысып, мыңжылдық құда болдық. Шешеме өте қатты ұнады, өсіп-өнген, көп балалы және үйінде қарты бар (ол кезде Жаңабай құданың анасы бар болатын) жақсы жанұя екен деп, шешемнің көңілі толып қуанышпен айтып отырғанын байқадым, бұл қараша айы еді.

Көп ұзамай желтоқсанның ортасында ойламаған жерден Қызылордадан Бозғұлтан нағашым (Жалғас нағашымның баласы) телефонмен үйге қоңырау шалды. Нұрхан барлығы жақсы-ғой, барлығы дұрыс-қой, бірақ жаңа жылға қарай ауылға бір соғып кетсеңдерші, Ақжан апамның көңілін сұрап деді.

Кеудеде тағатсыздық пайда болды, күні-түні ой, неге жаңа жылға қарай? Үрей мен қорқыныш кеудемді билеп, үлкен әпкем Гүлжанмен ақылдасып, 20 желтоқсан күні

анамыздың қәлін сұрауға Бөгенге қарай пойызға мініп тартып кеттік. Ертеңіне Қамбаш стансасына поездан түсіп, әрі қарай автобуспен сағат 12-лер шамасында Бөгенге келіп түсіп үйге қарай беттегенімізде, есік алды топырлаған адам. Үрей мен үміт кеудемізді билеген Гүлжан әпкеміз екеуміз жүрісіміз өнбей келеміз. Әпкемнің, «Нұрхан есіктің алдында неге адам көп, неге адам көп» деп қайталаған сұрағына не дерімді білмей үнсіздіктемін, себебі жамандыққа жоруға қимай келемін. Бір топ адамның ішінен Қараман нағашым шығып бізге қарай екі көзі жасқа толып беттеген кезде, анамның дүниеден өткеніне көзім жетіп, жерге отыра кетіп еңіреп жыладым. Тағы да әттеген ай! Тым болмаса неге ертерек келіп анашыммен қоштаспадым деп - өзімді табаладым. Сол күні түнде шешем қайтыс болған екен.

ҚАЙРАН БАУЫРЫМ, ЖҰМАБЕК...

Осы орайда марқұм бауырым Жұмабек туралы тоқталып өтуді жөн көрдім. Жұмабек үйде ұлдардың төртіншісі болды. 1970 жылы дүниеге келді. Жастайынан өте зерек, алғыр болды. Мектепті де өте жақсы оқыды. Әдеби кітаптарды өте көп оқитын еді. Достарының, құрдастарының арасында өте сыйлы екені әрқашан байқалып тұратын.

Отбасымыздағы менен, Жұманнан және Әділбектен айырмашылығы, 10-жылдық мектеп бітірісімен, мен жоғарғы оқу орнына оқимын деп, өзіне аса сенімді болды.

Жұмабекті оқуға түсуге алып барғандағы бір қызық жағдай есіме түсіп кетті. 1987 жыл болса керек, Жұмабек жоғарғы оқу орнына түсіп оқимын деп Жаңатас қаласына келді. Мен Жаңатас қаласындағы ҚазПТИ филиалының “кешкі факультетінде” оқитынмын. Жұмабек «жоқ, мен очно оқимын» деп кесіп айтты. Сонан інімді ерітіп алып Қаратау қаласына келіп, құжаттарын

тапсырдық. Әдеттегідей экзамендер басталып кетті. Кезек математика пәнінің экзаменіне келді. Абитуренттердің барлығын тексеріп, кітап, дәптерлерін туыстарына қалдыртып шетінен кіргізіп жатыр. Кезекші мұғалімдер жас абитуренттерге ішке алып кіріп ұсталсаңдар шығарып жібереді, 2 қояды деп қайта-қайта ескертеді.

Барлық абитуренттер ішке кіріп кетті, көптеген ата-аналар ішінде мен де бармын, далада көшеде әңгіме дүкен құрып отырмыз. Бар жоғы шамамен бір-бір жарым сағаттай уақыт өтті. Бір ата-аналар енді балалар шыға бастайтын шығар десе, бір ата-ана ой жоқ қазір шықса “шпаргалкамен” ұсталғандарды қуып шығуы мүмкін деді. Сол сәтте іштен Жұмабек жүгіріп шықса бола ма. Жүрегім аузыма келіп тығылды, болды қуып жіберген деп ойладым. Орнымнан ұшып түрегеліп қарсы жүгіріп келіп не болды деген сұрақ еріксіз үреймен қойдым. Сонда Жұмабек ыржың етіп жымыып, «тапсырдым, жоқ дегенде 4 болмаса 5 деп оң қолымен бір сермеді. Бір жағынан үрей әлде қалай болады деп, бір жағынан қуаныш сенімділігіне қарап бауырымның, екі күннен кейін нәтижесін келіп көрдік – 4 деген баға алыпты.

Сөйтіп Жұмабек В.И.Ленин атындағы КазПТИ, Қарату филиалының студенті болып шыға келді. Кейін бес жылда оқуын бітіріп, мамандығы бойынша еңбек етті, нанын жеді.

ҮМІТ ПЕН ӨКІНІШ

Шамамен 2004 жылдары Жұмабек өкпе ауруын жұқтырып алдым деп хабарласты. Онша елемедік, ой жас қой жазылады деген сенімділік болды. Біршама уақыт Қызылорданың ауруханасында жатып шықты. Сонан кейін Көкшетау қаласына “реабилитацияға” барып келді. Қуанып қалдық реңі кіріп қалғандай болды.

2005 жылы ауру онша түпкілікті кетпей жүр деп хабарласты. Сосын бір ұсыныс айттым, Жаңатасқа шақырдық. Қасына үлкен ұлы - Назарбекті ерітіп келіп, біршама жатып шұбат ішіп демалтқан болдық. Бірақ қатерлі өкпе аурудың жазылмай жүргенін хабарлады. Сонан тәуекелге бел буып, жағдайды Алматыда тұратын Пернебай құдаммен хабарласып, Алматы қаласының Жетісу ауданына қарасты ауруханаға апарып жатқыздым. Қолымыздан келгенше қосымша қазақша халық емін де жасаттық. Мақсат біреу-ақ, емдеп шығару. Жаңатастан қатынап жағдайын біліп тұрдық, бірақ әпкесі Гүлжан екеуміз келіп көңілін сұрап, мен бөлімше бастығы дәрігерге кіргенде, дәрігердің айтқан сөзі менің көңіліме бір күдік туғызғандай болды. Ініміздің жағдайы қалай дәрігер деген сұрағыма – Алланың қолында-ғой, біз тек себепшіміз ғой деп жауап берді. Сөйтсем маған аурудың өтіп кеткенін айта-алмай тұрған екен, мен оны кейін түсіндім.

2006 жылдың қараша айында еңбек демалысын алып, Оралға қарай поезға отырдым, жоспарым, Оралдан Бөгенге келіп Әкемнің жағдайын сұрап сәлем беру, сосын Жұмабек інімнің қалін сұрау.

Оралда бір жұмадай уақыт болып, Бөгенге келдім, әкем бір қалыпта екен, қуанып қалдым. Жұмабектің қалін сұрауға асығып бара жатқанымды ағам Нұрлан мен жеңгем Гаухарға айттым. Папама ештеңке білдіртпедім, Жұмабектің ауруы қатерлі екенін айтпадым. Жеңгем Гаухар, Төремнің (жеңгем қайнысын солай атайтын) көңілін сұрамағаныма көп болды, мен де барып қайтайын деді. Екеуміз жолға шығып кешке қарай Қызылордаға жеттік. Дереве Жұмабектің үйіне келдік, бауырымның өте нашарлап қалғанын көрдім, қайта-қайта далаға шығып кетіп көз жасымды сығып алғаннан басқа еш нәрсе істей алмадым.

Жұмабек кіреберісте оң жақтағы кіші бөлмеде жатыр екен, әжетханаға шығудың өзіне қиналып тұрғанын байқап, қасына

жатайын деп төсек салдырып едім. Шіркін, бауыр деген қандай, жоқ жолдан шаршап келдіңіз ғой Нұреке, үлкен бөлмеге жатып демалыңыз деп өтінді. Бір жағынан сен нашарлап жатырсың деп айтуға көңілін қимай, бөлек жаттым. Әйтеуір әрең дегенде шала ұйқымен таңды атырдым. Таңертеңнен бастап не істеймін деген ой мен ары-бері кіріп-шығып жүрдім. Жұмабектің қасына келіп әңгіме айтқан болдым. Сонда, дым тамақ жемей жатырсың ғой деген сұрағыма- тәбет жоқ, базарда қалған-құтқан қауын жоқ па екен деп айтып қалды. Қауынды тауып әкелуге болатын еді, бірақ бұның барлығы бекер айтылып тұрғанын ішімнен сезіп тұрып, ай қарашаның ортасынан ауып кетті ғой базарда не қалды дейсің дедім. Ұлболсын апам келді, учаскелік дәрігерді шақырып қараттық. Дәрігер Жұмабек пен келінге естіртпей біраз шаршап- нашарлап қалыпты деді.

ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУУ

Ақылдасып келіп, Жұмабекке ұсыныс бермекші болдым, ауылға барып біршама демалып қайтуға. Бірақ Жұмабек бауырым бұл ұсынысты бірден бұрып өзі айтты. Осы ауылға барып, ауылдың ауасына біршама демалсам қалай болады екен деп. Дереу іске кірістік. Әділ жездеміздің досы - Жаңабай машинасын дайындады, Шамит, Ғасырбек, т.б. достары шығарып салды. Досы Адай өзінің жеңіл машинасымен Бөгенге дейін бірге жүріп отырды, бұл нағыз жанашыр достың ісі екенін түсіндім. Бұл 17 қараша болатын, далада аяз, ұшқындаған қар, жол алыс, бес жүз шақырымдай, дегенменен тәуекелге бел буып жолға шығып кеттік. Менің сұрауыммен нағашы жездем – Нұрмағанбет те біздің көңілімізді аулап Бөгенге бірге келді. Таң ата 4-тер шамасында үйге келдік. Айтайын дегенім әке жүрегі деген барлығын сезеді екен. Екі мәрте инсулыт алған, сол кезде көп нәрсені ұмытып қалатын әкей тағаттанып ұйықтамай

жатыр екен. Үйге кіріп Жұмабекті пештің жанына жатқызғаннан кейін, көрші бөлмеде жатқан әкейге, Жұмабек демалып алсын жолдан шаршап келді дегенімде, жоқ, барайын деп ұшып түрегелді, сол кезде маған менің әкем дін аман ауруы жоқ адамдай болып көрінді. Жатқан төсегінен ұшып тұрып, шалт жүріспен келесі бөлмеге кіріп Жұмабектің қасына келіп бетінен сүйіп, «ақұдай Алла жар болсын, Алла жар болсын» деп екі рет анық қайталады. Ол кезде әкей көп сөздерді есіне түсіре алмай, ұмытып қалатын, бірақ бұл жолы анық таза айтты.


Ертеңіне мен Ұлболсын апа, Нұрмағанбет жездем (марқұм, кейін көп ұзамай қайтыс болды), Жаңабаймен бірге Қызылорда қаласына келдік. Демалып алып ертеңіне Қызылордадан шығып кешке Жаңатасқа жеттім. Үйге кіріп келгеннен кейін (кешкісін болатын) 1-сағаттан астам уақыттан кейін ауылдан Жұмабек бауырың дүниеден өтті деген хабар келді. Бұл 21 қараша 2006 жыл - біздің отбасымыз үшін өте ауыр қаралы күн болды.

Жұмабек өте аз өмір сүрсе де Аллаға шүкір артында із қалдырды. Ұлдары өте тәрбиелі, келініміз - Құралай инабатты. Кластас, ауылдас, жоғарғы оқу орнында бірге оқып, бірге жүрген достарының барлығы араласып тұрады. Бұл өз ортасында сыйлы болғанының белгісі деп білемін. Сегіз қырлы бір сырлы болды. Домбыра, гитара тартып өлең айтатын, спорттың қай түрі болса да икемді болатын, әсіресе волейбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, биллярд ойындарын өте шебер ойнайтын. Осы орайда ойыма бір сәт есіме түсіп кетті. Бір күні Қаратау қаласында оқып жүргенде кезінде Алматыға жарысқа кетіп бара жатырмын деп хабарласты. Волейболдан ба деп сұрап қалдым, себебі волейболдан институттың құрама командасының мүшесі болатын. Жоқ, тоғызқұмалақтан бара жатырмын деп жауап берді. Сонда мен сасқанымнан, апырмай ау, Жұмабек біздің елде жоқ ойынды қайдан үйренгенсің деп таң қалдым. Сонда маған: мен институтта студенттер арасында

тоғызқұмалақтан чемпионмын ғой деп жымыып күліп, ия осы жерге келгесін үйрендім деді.

Анамыз туралы жазған естелігімде айтқандай Жұмабек пен Құралай келініміз 1994 жылы қараша айында үйленді. Екеуі дүниеге екі ұл әкелді. Қазір үлкен ұлымыз Назарбек бізге Жібек атты келін әкеліп екі немереміз бар. Екінші ұлы Нұрасыл Алматы қаласында атасы мен анасы және ағасы Назарбектің ізін қуып “Шет тілі” университетінде 2- курста жоғарғы білім алуда. Құралай келініміз Қызылорда қаласының Тасбөгет елді мекенінде ініміздің отын тұтатып сөндірмей немерелерін тәрбиелеуде. Сол жердегі мектепте ағылшын тілінің маманы және кәсіподақ төрағасы болып қызмет жасауда. Құралай келінге мың да бір рахмет!

Бауырымыз Жұмабек нағыз жанып тұрған кезінде 36 жасында дүниеден өтіп кетті. Әрине бұл өмірде әттеген-ай деген сәттер, өкінішке орай болады екен ғой. Ендігі жерде артында қалған ұлдары мен жұбайы аман-есен болсын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.



Әкемнің әңгімелері

БАСЫМДЫ ҚАУІПКЕ ТІККЕН СӘТТЕР

Қосуақ ауылдық қыстағында одан кейін Бөген орталығында 7-сынып білім алған соң мені жауапты жұмысқа қойды. Ол кезде маман жетіспейді, сауаты бар адамдар санаулы-ақ болатын. Біздің ағамның (Әкейдің туған ағасы Прекешов Дүйсен көкемді «біздің ағам» деп айтатын), колхозда ферма басқарып тұрған кезі. Мені “учетчик” етіп тағайындап, қырманға түскен астықты халыққа “пай” ретінде бөліп беруді тапсырды. Мен сол кезде 15-16 жастағы бала болатынмын. Бұл 30-шы жылдардың аяғы, халықты аштық жайлаған шақ. Арал өңірінің халқы, теңіз бен айналадағы көлдерден балық аулап, шамасы жеткендер бақша егіп күн көріп жатқан шақ, халық жұпыны болатын. Қырманда жиналған астықтың көлемі өте аз болушы еді. Дегенменен сол астықты (бидай болса керек) халыққа жан басына “нормамен” белгілеп (адам басына қанша пұт келетінін айтқан, бірақ есімде қалмапты) бізге тізіммен таратуды тапсырады.

Жағдайы жоқ, асыраушысы жоқ, жетім жесірлер, аш адамдар қолдарына “тостақтарын” ұстап, келіп есіктен сығалап тұрады (көптеген ауылдардың, бөлімшелердің аттарын айтушы еді, өкінішке орай есімде сақтамадым), олардың барлығы сол “Бөген” округінің маңайындағы тұрғындар. Сонау Сталин заманында астықтың халыққа тең бөлінуіне өкімет тарапынан өте қатаң бақылау жасалады. Арыз түссе - тек қамау, соттау. Оны Дүйсен ағам да маған әр кезде ескертіп отыратын. Дұрыс жазып жатырсың ба, ертең қудалауға ұшырамаймыз ба, тағы басқа үрейлі сұрақтарды маған жиі қоятын. Соған қарамастан қосымша көмек астық сұрап, кешке дейін есіктің алдын іштері бұралып торып жүрген ашқұрсақтардың тостағын құр қайтарған емеспін деп, басын шайқап әңгімесін аяқтайтын. Ойпырмай,

сол Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған кезінде сондай істерге барғанымның негізгі себебі анау қарны аш, қабырғасы қайысып жүрген адамдарды көргендегі жанашырлық сезім болса, екінші жағы сол жастықтың да арқасы болды-ау деп ойлаймын, - деп отыратын. Қазір жақсылап ойланып, сол 1938-1942 жылдарды есіме түсірсем, шын мәнінде өз тағдырымды, жанұямызды және жалғыз ағамды қауіпке тігіп, көзсіз батырлық жасаған екенмін деп, төмен қарап отырып мұңайып, бір жағынан сол істеген “игі” істеріне өзі риза болғандай еске алып отыратын марқұм әкем.

ҮРЕЙ МЕН ҮМІТ

1942 жылдың көктемі, Бөген қыстағынан менің жалғыз өзіме Арал аудандық әскери комисариатынан шақыру қағазы келді. Марқұм Дүйсен ағам жақсы еді ғой, туған әкемдей болды, ең сенімді айғыр атын жақсылап баптап, ертоқымын ерттеп мені аудан орталығы – Аралға аттандырды. Шақыру қағазының талабы бойынша екі күннің ішінде аудандық әскери комисариатта болуым керек екен. Ең қатты уайымдаған марқұм – Жәмила шешем болды, жалғыз ұлды армияға жіберу оңай ма? «Апа, уайымдама, мені тек комиссияға тексеруден өткізуге шақырып жатыр, қайтып келемін»- деп, барынша сендіргендей болдым. Жол ұзақ, жолда “Көктем” қыстағы маңында тоқтап, жамағайын туыс ағайдың үйіне келіп түстім (атын есіме түсіре алмадым, туыстардың болжамына қарағанда – Шора деген кісінің қыстағы көрінеді), ол туралы біздің ағам Дүйсен ескертіп айтқан еді. Армияға шақырып жатырған соң ба, әлде ағама деген құрметі ме үйдегі жеңгей барын дастарханға қойып, бәйек болып жатыр. Ағай болса аман-саулықты

сұрап болған соң, менің ат-көлігімді жайлап баптауға кірісті. Әңгімесінен байқағаным Дүйсен ағамды өте қатты құрметтеп, сыйлайды екен. Дүйсен ағамның сол төңірекке беделді екенін, ақылды және сыйлы екенін түсіндім, Шай-пай ішіп, демалып алған соң Көктем қыстағынан Арал стансасына қарай тартып кеттім. Сұрастырып жүріп әскери комиссариат бөлімін таптым. Аудандық әскери комиссариатта тексеріп, тізімге алды. Әскерге жарамды болып шықтым. Әскери комиссариаттағылар екі күннен кейін осы жерге жиналып, дайын болуымызды, үшінші күні майданға кететінімізді хабарлап, бір құжаттарға қол қойғызып алды. Өзімізбен бірге алып шығатын заттар мен құжаттардың тізімін қоса берді.

Сол кезде денені еріксіз үрей биледі. Қатты қобалжу болды. Себебі бұл кезде туған ағам – Жұбаназар армиядан қызмет етіп жүрген жерінен демалысқа келіп, қайтадан соғысқа кеткен болатын. Ешқандай хат – хабар ала алмай отбасымызбен уайым-қайғымен жүрген болатынбыз. Мен де, Дүйсен ағам мен шешем – Жамила жалғыз қалатын болды деген үлкен үрей тұрды. Үмітім, нартәуекел, көппен бірге соғысқа барып, жауды жеңіп қайтсақ деген ой да болды. Қалай болғанда да екі күннің ішінде “Бөген” қыстағына барып шешемнен туған туысқандарыммен қош айтысып қайтуды ұйғарып, дереу ауылға қайттым. Тек жолға ат-дорбама жем салып алуға ғана уақыт болды. Себебі ол кезде телефон деген жоқ, тек телеграмма арқылы хабарласуға болатын еді, - деп мұңайып отырушы еді марқұм Әкем.

Екі тәуліктен бері мініліп ұзақ жол жүріп келген аттың шаршағанына қарамай, қамшылап отырып қайтадан “Көктем” қыстағына келіп жеттім. Сол жамағайын ағайдың үйіне қайта келіп түсіп, уақытымның аз екенін, не болғанда да Бөгенге барып қоштасып қайтуым керек екенін

баяндадым. Сол кездегі адамдардың пейілінің кеңдігі сонша – Әби атың шаршап қалыпты, Бөгенге дейін әлі біршама жол бар, сондықтан сен 1-2 сағат шәй-пәй ішіп әлденіп ал, ал мен болсам саған басқа ат дайындайын деп кесіп айтты. Атың әбден шаршап болдыртыпты, сен Бөгенге барып кейін қайтып келгенше атыңды баптап дайындап қоямын деді. Шынында да екі күн бойы жолда жүрген, оның үстіне уақыттың тығыздығына байланысты қайтарда қамшылап шауып келген айғыр атымның пора-пора болып тері ағып, су -су болып тұрған болатын.

Міне баяғының адамдары қандай парасатты кең болған деп, - Әкей бір көкірегін көтеріп қойды. - Себебі мен кейін білдім, сол маған мінгізген жалғыз ат лаждап жанұясын асырап отырған көлігі екен. Шамамен екі сағаттан кейін шәй-пәй ишіп болған соң жамағайын ағамның дайындап ерттеп қойған атына мініп алып Бөгенге тартып кеттім. Үйге қайтып келгенімде, менен сұрамастан шешем дауыс шығарып жылап қоя берді. Ана байғұс іштей барлығын сезіп отыр екен ғой. Жалғызымды жібермеймін деп, ертеңгісін мен кері аттанғанға дейін түнімен жылап шықты.

Дүйсен ағам болса іштей тынып, сабырлық танытты. Сол кезде маған әке орнына әке болып жүрген, ағам – Дүйсен бар жоғы 43 жаста екен. Менің ізіме ерген інілерім біздің ағаның ұлдары Нұрғазы мен Кеңес бар жоғы 6-8 жасар болатын және олар ешқандай соғыс қорқынышын сезінбеген болар деп, - Әкей әңгімесін әрі қарай жалғастырды. Шешем мен Дүйсен ағам ертеңіне біршама жамағайын жекжаттарды шақырып (әкей жиналғандардың аты-жөнін айтып отыратын, өкінішке орай еш жерде жазба қалмапты) “құдайы жолы” жасап, аруақтарға құран бағыштап мені сапарға аттандырды.

Сол күні атқа қамшы басып отырып түс ауа “Көктем” қыстағына келіп құлады. Келсем жамағайын ағам мен

жеңгем тамақтарын дайындап тағат таппай күтіп отыр екен. Мен келген бойда ағам атқа жармасып, сәл де болса бой жазып демалып ал, мен сенің көлігіңді дайындай берейін. Өзім де келіп қалады-ау деп күтіп отыр едім деп, қалбалақтап жүгіре бастады. Жеңгемнің де шәй-тамағы дайын екен. Сонда да ағам «әй кемпір тездет, Әби жолдан шаршап келе жатыр, әлі жүретін жолы ұзақ»- деп дауыстап ескертіп қойды. Өне-міне дегенше шәй-тамақ ішілді, біршама әңгіме айтылды, бірақ бойымдағы үрей мен үміт ойдан бір сәтте кететін емес. Ағам мен жеңгей асты-үстіме түсіп менің көңілімді аулағысы келетін сияқты. Уақытты жоғалтпастан жолға шығып кеттім. Астымдағы атым бір жарым тәулік тыныққан, сенімді желітіп отырып кеш бата Арал стансасына (қазіргі Арал қаласы) жетіп қалдым. Ертеңіне әскери комиссариатқа келсем, өзім сияқты жастар, арасында егде жігіттер де бар екен жиналып қалыпты. Біз сол күні кешке қарай шамамен 200-ге жуық жауынгерлер майданға эшалонмен аттанып кеттік. Үш тәулікке жақын жол жүріп Ресейдің Волгоград облысына қарасты – Дубовка деген қалаға алып келді. Сол жерде біз 3-ай бойы атқыштар полкінде дайындықтан өттік. Сонан кейін қалмақ даласындағы майданға кіріп кеттік деп,- Әкей басын бір шайқап қойып, өзінің әдеті бойынша сол қолыменен қалың мұртын екі жаққа сипалап біршама үнсіздікте отырды.

ҚАН МАЙДАНДА

Әкей негізі әңгімешіл адам болғанымен соғыс кезіндегі қауіпті де қатерлі сәттерді (айтуды) әңгімелеуді онша ұнатпайтын, неге екенін білмеймін маған, - есіне алғысы келмейтін сияқты болып көрінетін.

Арал аудандық әскери комиссариатының бұйрығымен 1942 жылы 6 маусымда қатардағы әскери қызмет қатарына қабылданды. Қара шаңырақта сақталған деректерге және сақталған әскери билетке сүйенсек: Ол 1942 жылдың маусым айынан 1943 жылдың сәуір айына дейін №103 Гвардиясының, атқыштар полкінде, атқыш; 1943 жылдың сәуір айынан 1944 жылдың қыркүйек айы аралығында №28 “Стрелковый полкта” стрелок; 1944 жылдың қыркүйек айынан 1945 жылдың желтоқсан айына дейін №219 “шекара полкінде” “вожат собак” қызметінде; 1945 жылдың желтоқсан айы мен 1946 жылдың маусым айы аралығында №87 “Стрелковый полк МВД” “вожат собак”, 1946 жылдың маусым айы мен 1947 жылдың ақпан айы аралығында – Склад главного управления военного снабжения МВД СССР “вожат собак”, 1947 жылдың ақпан айынан, 1949 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта “Центральный военный склад” №300 МВД СССР “стрелок” қызметін атқарған.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Әкей тек “Қан майдан” соғыстың кезінде ғана емес, соғыс біткеннен кейін де 4 жыл қатарынан ең жауапты қызметтерде: “СССР-дің ішкі істер (МВД) Бас басқармасының” қоймасын, СССР-дің Қауіпсіздік басқармасының (МГБ СССР) “Орталық әскери” қоймаларын күзету қызметтерін бастан аяқ атқарып өткен.

Бір таңқаларлық қызықты әңгімесі есте қалды. Әкей: «адам өзі ажал келмесе өлмейді» деген рас екен мен 1942-1945 жылдар аралығында екі рет “Госпитальға”

түстім біріншісі 1943 жыл болу керек неміс фашистерінің беті қайта қоймаған шақ, сұмдық айқастың кезінде тура менің жанымнан 15-20 метр шамасында немістердің снаряды жарылды. Жатып, бұғып үлгергенім сол, қарасам бетімнен қан сорғалап ағып барады, не болғанын түсінбеймін. Қасымдағы жауынгерлерім алғашқы көмек көрсетіп мед.санчастқа алып келді. Сол жерде шешім қабылдап госпитальдан бір ақ шықтым. Сөйтсем жарылған снарядтың “жарқыншағы” ұртымды жыртып, жақ сүйегімді жанай өтіп кеткен. Астапралла Алла деп, Әкей басын шайқап отырды. Бір ай шамасында жарақатым жазылып қайтадан полкке алып кетті.

Екінші рет тағы да құдай сақтады, ол жобаменен 1944 жыл (Әкей нақты айын, жылын айтып отырды, өкінішке қарай есте сақтамадым), фашистердің беті қайтып шегініп кетіп бара жатқан кезі болатын. Бұл Украина елін азат ету кездегі операциялар болатын. Шегініп бара жатқан неміс-фашистерді атқылау барысымызда кенеттен аяғымды ала-алмай сүрінгендей болып құладым. Қарасам сол аяғымнан қан сорғалауда. Дереву қасымдағы бойға (шабуылға) шығып бара жатқан әскерлер тоқтап, санитарды шақырды. Сол жерде аяғымды таңып “МедСанЧастқа” зембілмен жеткізді. Маман медсестралар аяғымды қарап, «оқ тиген, дереву ота жасау керек» деген шешімге келген болуы керек мені жақын жерден “Госпитальға” жеткізді. Қай қалада екенін Әкей айтқан, өкінішке орай қаланың аты есімде қалмапты.

Көп ұзамай Госпитальға жеткізіп, сол жерде дереву ота жасады. Ертеңіне ота жасаған емхана қызметкері қасыма келіп, біраз үндемей отырып басын шайқады. Маған тесіле тіке қарап отырып, «Солдат ты в рубашке родился» - деп қолында қысып отырған пистолет оғын маған ұстатты да , «бұл саған естелік» - деді. Сөйтсем жанағы пистолет

оғы сол аяғымның сан-етіне тиіп, жамбас сүйекке барып тірелген екен. Жамбас сүйек шытынаған, бірақ аман сынбаған болып шықты.

Үш ай госпитальда жатып қайтадан жарам жазылған соң майданға аттандым. Міне ажал келмесе адам өлмейді деген осы екен деп, Әкей әңгімесін аяқтады. Кейіннен, күн бұлттанғанда, даладағы ауа-райы күрт суығанда Әкей осы оқ тиген аяғының сыздап мазалайтынын жиі айтып жүрді, марқұм.

Осы орайда Әкейдің біздер ұрпақтары үшін құны шексіз әскери мемлекеттік ордендері мен медальдары туралы тоқталып кеткім келеді. Оны кітаптың суреттер топтамасынан көре аласыздар.

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Әкей сөзінің арасында біршама білімім болғанының кей кездері зияны-да болды деп айтып қалған сәттер болды. Мысалы, соғыс біткеннен кейін қатардағы солдаттардың көбісін қайтарды, ал әкей болса Германияда, содан кейін сол кездегі СССР-дің астанасы Москваның жанындағы Реутова деген қалада 1949 жылыға дейін әскер қатарында қызмет етіп, уақытысымен елге қайта алмағанын айтқаны екен. Германияда соғыстан кейін СССР-ға шығарылған неше түрлі заттарды күзетіп, сол заттардың құжаттарының толтырылуына, толықартылуын қадағалаумен айналысқан. Реутова қаласында қарулы күштердің Орталық қоймасын күзеттік дейтін. Ауылды қатты аңсап қайта алмай жүрген кезінде – орыстың офицері Оденцов деген подполковниктің мейірімі түскенін айтады. Рядовой Прекешов осы сен соғыс біткелі еліңе бардың ба - деп сұрайды. Жоқ деп жауап берген маған қарап, дереу дайындал - еліңе демалысқа

бір айға барып кел - деп бұйрық берді дейді. Сөйтіп сол офицердің арқасында 1947 жылы көктем айында елге демалысқа келіп ел-жұртымен қауышып кеткенін айтады. Сарғайып күткен шешесі Жамила әжеміз баласы аман-есен келіп көріскенге дейін баласының тірі екеніне сенбеген. 1948 жылдың аяғында әкейдің шешесінің қатты науқастанып жатқаны туралы телеграмма келеді. Бұл кезде орыс офицерлері әкейді үлкен айлық береміз, осы жерде қал, өз пәтерің болады, қызметіңді көтереміз деп азғырып жүрген кезі екен. Жалғыз шешесінің ауыр халін ескеріп, 1949 жылы ақпан айында жауынгерлік ерлік істерімен елге оралады. 1950 жылы анасы Прекешова Жамила 78-жасқа қараған шағында дүниеден озды.

ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ

Менің Қызылорда педагогикалық училищесіне түсуімнің өзі бір қызық жағдай болды. 1949 жылы елге кіріп, мауқымды басып болғаннан кейін, оқимын деген талаппен Қызылорда педагогикалық училищесінің қабылдау комиссиясына келдім. Құжат қабылдап отырған орыс әйел адамы екен. Мен мұздай болып әскери киім киіп алғанмын, менен құжаттарымды беруді бұйырды. Мен қалтамнан шығарып әскери билетімді бердім “Документ” деп қатқыл дауыспен қайтадан қайталап әшкінің астымен маған шүйлікті. Мен әскери билеттен басқа ешқандай құжатым жоқ екенін тағы қайталадым. Сол кезде жаңағы әйел менің әскери билетімді есікке қарай лақтырып жіберген кезде есіктің табалдырығына бір-ақ барды. Сол кезде сырт жақтан есік ашылып майор шенді бір орыс офицері кіріп келді де тұрып қалды. Мен жалма-жан барып әскери билетімді көтере беріп «честь» бердім. Сол кезде мені тоқтатып майор

менен жөн сұрады. Қай жерде, қандай әскери бөлімде, қандай әскери марапаттарым бар екенін сұрап болған соң, неше кластық білімің бар деді. Мен мүлт етпей 7 класты толық бітіргенімді, тіпті соғыстың алдында бастауыш кластарға сабақ бергенімді баяндадым. Сол кезде ол қолымнан ұстап жетектеп келіп, қабылдау комиссиясында отырған орыс әйеліне мені бірден екінші курсқа оқуға қабылдауға бұйрық берді. Кейін белгілі болғандай ол офицер сол педучилищенің директоры болып шықты деп, - әкей жымыйып күлді.

Әкей 1949-1950 жылдары осы Қызылорда педогогикалық училищесін бітіріп, ауылға келіп бірінші Қызылжар ауылында, кейін Бөгенде ұстаздық қызметін бастаған, кейін Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін сырттай бітіріп алған.

Міне ағайын, әкейдің өз аузынан естіген әңгімелерінен есте қалғанын сіздерге ұсынып отырмын.

**Баласы Нұрхан ПРЕКЕШОВ,
Жаңатас қаласы.**

ЖАҚСЫМЕНЕН ӨТКІЗГЕН ЖАРТЫ САҒАТ...

Ағаштың көзі қара көміріндей,
Мылтықтың бойы түзу теміріндей.
Өткізген жақсыменен жарты сағат,

Жаманның өтіп кеткен өміріндей,-деп келетін өлең жолдарындай Әби ағаймен жүздесіп сұхбаттасқан бірер күн өміріме рухани азық, адами байлық секілді. Сол бір аз ғана сұхбатында болғаным мені оның бүкіл бастан өткен өміріне қатысты адамдай етті. Көңілде сайраған, өмірге серік тәлімді сөздері жадымда әлі жүр. «Адамның басы - Алланың добы» демей ме. Егер Алла бір құлын жарылқағысы келсе жақсыменен сапарлас не дәм тұздас етіп қояды екен. Болмаса мен қайда, Әби ағай туып, өскен өлке мен жүрген ортасы қайда. Әби ағай айдынды Аралдың төсінен шықса мен Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы, Құмкент ауылының тумасымен. «Екі арада ел қайда, елеу қайданың» кері емес пе. Бірақ тәңір айтса машырықтағы мен мақұрықтағы бас қосады деген осы ғой.

Құдайдың құдіреті дегенге қараңызшы. Мен орта мектепті бітірген соң оқу-білім, жұмыс іздеп жан-жаққа кетіп жатқан жастармен бірге 1984 жылы Жамбыл облысының Жаңатас қаласына табан тіредім. Осындағы тау-кен өңдеу кешенінде еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шықтым. Айтпағым бұл емес, айтпағым осы «Қаратау» ТКӨК бас энергетигі Прекешов Нұрхан ініммен жолығып қалғаным. Сонда Нұрхан биыл әкесі Әби ағайдың 100 жасқа толатынын, соған арнап үлкен ас беретінін және әкесі жайлы кітап шығармақ екенін айтты. Сонда мен «О-о-о, Әби ағай ма? Мен өзгелер секілді ол кісі жайлы естелік айтуға анау айтқандай орным жоқ шығар. Бірақ, жақсыменен жүздескен уақытымды өмір бойғы ғұмырымдай санаймын.

Сондықтан мен бір пікір жазайын» деп ұсыныс еттім. Өйткені Қызылорда облысы, Бөген ауылының тұрғыны болған, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз Әби Прекешов көкемізбен Жаңатаста кездесуді маған Алла нәсіп еткен болатын. Бұл ұмытпасам 1994 - 1996 жылдары болуы керек.

Адаммен адамның жүздесуінің барлығы себептен емес пе. Әби ағаймен кездесуімнің мәйегі мынада жатыр. Досым әрі құрдасым Бақтияр есімді жігіт Алматының политехникалық институтын бітіріп, Гүлжан есімді қызбен отау құрды. Жаңатаста олармен өте жақсы, отбасымызбен араласып тұрдық. Гүлжанның қайраттылығы, мәдениеттілігі, көпшілдігі, ортада өзін ұстай білуімен барлығымызға ұнайтын. Міне, сол Гүлжан осы Әби ағайдың қызы еді.

1990 жылдары Бахтиярдың қайнысы, Гүлжанның туған інісі Нұрхан жұмыс бабымен Жаңатасқа келді. Жоғарғы оқу орнын бітірді. Кейін біліктілігі мен еңбекқорлығы арқасында комбинаттың алдыңғы қатарлы басшылығына дейін көтерілді. Өлі де қызмет етуде.

Нұрхан да әпкесі Гүлжан сияқты жақсы қасиеттерге ие екен. Біздің отбасының «осындай ұл-қыздарды қандай ата-ана тәрбиеледі» екен деген қызығушылығымыз бар еді. Жаздың жайма-шуақ күндерінің бірінде, Гүлжан мен Нұрханның ата-анасы келді, дегенді естіп сәлем беруге жұбайым Тұрсынкүл екеуіміз Бақтиярдың үйіне бардық. Сөйтіп Әби көкемізбен осы Бахтияр мен Гүлжанның шаңырағында кездесіп, таныстым. Дәмдес-тұздас болдым. Ол кісінің қызықты әңгімелерін тыңдадым. Өзін қарапайым, сыпайы ұстайтын, тарихи әңгімелерді майын тамыза айтатындығымен есімде қалған еді. Ертесінде қазан көтеріп Әби көке мен Ақжан апаны үйге шақырдық.

Жаздың салқын самал кешінде сыртта, үлкен сәкінің үстінде, ұзақ – сонар, үлгі аларлық қызықты әңгімелеріне

қанықтық. Дастархан басында мағыналы батасын бергені де күні кешегідей көз алдымда.

Иә, елге белгілі білімді, еңбекқор, ұл-қыздарды тәрбиелеп өсірген, отбастарының ұйытқысы болып отырған ардақты Әби көкеміз бен Ақжан апамызбен осылай танысқан едік. Ол күндер мәңгі есімізде қалары анық.

Еліміздегі әрбір отбасы, ұл-қыздарының тәрбиесіне осы Әби көкеміз бен Ақжан апамыздай көңіл бөліп, тәрбиесін берсе, еліміз әлдеқашан өркениетті елдің қатарына енер ме ед деп ойлап қоямын. «Қырықтың бірі - қыдыр» деген, осындай кісілердің батасының әсері болу керек, құдайға шүкір, әулетіміз өніп-өсіп, балаларымыз тәрбиелі болды. Сөз соңында Әби көкенің ұрпақтарының жасап жатқан игі істеріне тек сәттілік тілеймін.

Әби көке, Ақжан апа жатқан жерлеріңіз жайлы, жандарыңыз жәннәтты болсын!

**Серік САДИЕВ,
Жаңатас қаласы**

Баспасөз беттерінен

Өмір жайлы
білгің келсе
қартқа бар...

ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

«Басқа халықтардан кем болмау үшін біз білімді, бай, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға - оқу, бай болуға - кәсіп, күшті болуға – бірлік керек!»

Ахмет Байтұрсынұлы.

Сұрапыл Ұлы отан соғысына қатысып еліне Жеңіс туын желбіретіп оралған, сөйтіп ел-жұртының қуанышы мен қайғысын қатар көтере жүріп болашақ ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, бар саналы ғұмырын жас ұрпақты білім нәрімен азықтандырған ұстаздардың өмір жолдары өнегесімен өрнекті. Елінің, жерінің амандығы, азаттығы жолында жанын, қанын аямай, күресіп ұрпағына бүгінгідей нұрлы күнді сыйлап кеткен Әби Прекешов әкеміздің ерлігі, еңбегі алдында мәңгілік қарыздар екенімізді ұмытпау - перзенттік парызымыз.

Біздің архивімізде сақталған ардагер ұстаз Әби Пірекешовтің көзінің тірісінде қалдырған қолжазбасында: «Мен 1923 жылы 10 ауыл деп аталатын Бөген ауылына қарасты «Қосуақ» елді мекенінде туылдым. Бәйімбет балалары Пірекеш, Жәлеке, Ораз үш ағайынды жігіттер болған. Прекештен Дүйсен, Жұбаназар және мен, кенже ұл Әби туылғанмын. Әкем Прекеш сол маңайға аты мәшһүр Нұржан ишанның тұстасы болған. Үйіміз сол «Қосуақтағы» ишанның мешітінен әудем жер ғана қашықтықта болды. Әкем мен анам: «Мешітке қарап дәретке отырмандар, кешкілік бейсеубет мешітке бармандар», - деп құлағымызға құйып отыратын. Сол Нұржан ишан ата 1922 жылы марқұм болған соң да мешіті Кеңес мектебі болып, 1930 жылы сол мектеп табалдырығын аттағанымда алғашқы мұғаліміміз Елекбаев, содан соң Әбиболла Исаев, Нұраддин

Сисекешов, Қылышбай Көмекбаевтар дәріс берді. Мектебіміз кесектен салынған үш бөлмелі бұрынғы Нұржан Ишан атаның мешіті болатын. Өлі есімде, сонда біз мешіт ішінде оқып отырғанымызда мешіттің есіктері өзінен-өзі тарс-тұрс етіп, ашылып-жабылып тұратын. Құрдастарым Ибрайымның Өшпесі, Тәжібектің Елікейі, Тұрғамбайдың Зауқымы, Жұмахметтің Сейітмағамбеті, Тәжімбеттің Шарапаты, Сапардың Қосмағамбеті, Насырдың Сүйінәлісі Оразымбетің Жұмқалы. Сол кезде мұғалімдеріміз: қорықпаңдар бұлардың ешкімге де залалы жоқ. Келіп-кетіп жатқан Нұржан Ишан атаның пірлері ғой, - дей-тұғын. Төрт класс бітірген соң 1935-36 жылдары Бөген ауылының орталығындағы мектепте бесінші класты жалғастырып, 1939-40 оқу жылдары жеті жылдық Бөген мектебінің ең алғашқы түлектері атанды. Сондағы дәріс берген оқытушылар Смағұл Құдайбергенов, Төлеш Дәрменов, Жеткерген Қанатбаев, Алданазар Баймағамбетов, Құлекен Шамқұлов, Зоя Владимирқызы Ким, Гут Шмидт ұстаздары болды. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, 1949 жылы аман-есен оралады. Жеңіспен оралған ұстаз Қызылордадағы педучилищені, одан соң пединститутты сырттай тәмамдап, Бөген орта мектебінде 39 жыл ұстаздық қызмет атқарады. Ұстаздық еңбек жолында талай шәкірттің әдебиет әлеміне қанат қағуына себепші болған да сол ұстаздың талабы мен берген тәлімі десек артық айтпаған болар едік.

Сол естелік әңгімесінде: 1950 жылы Бөгеннен 20-30 шақырымдағы сол кезде «Қызылжар» деп аталатын колхозға Қызылордадағы педагогикалық техникумды бітіріп келісімен мұғалім болып бардым. Соңынан ол жер Балғабай аталып кетті. Сол колхоздың «Тұшы» көлі жағында қорым болды.

Соның ішінде ерекше қам кесектен шығыс үлгісімен айбатты салынған бейіт бар еді. Бір күні анам Тілеуқұлқызы Жәмила, руы Күліктің Жұмағұлы: «Шырағым ол бейт Жолшы бабаңның баласы осы елде киелі ұста болған Балғабай атаңның үй

тамы. Көзі қарақты біреуді ертіп барып, құран бағыштатсаң Келешегіңе сеп болады» деді. Содан Нұржан Ишан баласы Рахманбердінің Жәлладинін ертіп Балғабай бабаның рухына құран бағыштатып, садақамды бердім. Сонда бізбен бірге зияраттап барған бір қария: «Осы бейіт салынғанда мен 8-9 жасар бала едім. Сонда көргенім, Бұхарада он үш жыл оқып, ишан дәрежесін алып келген жиырма жастардағы

Нұржан ағам екі иығына екі месті іліп, а-н-а-а-а у-у дарияның сағасынан су тасып, батпақ илеп, кесек басып, қасына мүриттерін алып, осы бейітті шығыс үлгісімен салып шықты», деді.

МАЙДАНГЕР КҮНДЕЛІГІ

Сағыныштан әбден сарғайған, үмітке құндақталып, от пен оқтың арасындағы рюкзакта жүріп қажалған ескі күнделікті нағашым маған жетпісінші жылдардың басында жоғары оқу орнында оқып жүріп, ауылға демалысқа келгенімде көрсеткен.

1942 жылы біз небәрі 18 жаста едік. Арал әскери комиссариатынан ауылдас қатар-құрдастарым Қалыбайдың Елікейі, Ыбрайымның Өшпесі, Жұмахметтің Сейітмағамбеті, Тұрғамбайдың Зауқымы екі жүзден астам жауынгерлер боп эшалонға мініп, тартып кеттік. Дубовкада атқыштар полкінде әскери дайындықтан өттік. Әншейіндегі соғыстың түтінін де иіскемеген ауыл бозбаласы енді сол әскери жаттығу кезінде өзін үздіктер қатарында көрсетіп жаумен қалай шайқасудың амал-тәсілдерін озық меңгереді. Сөйтіп, қалмақ даласындағы [соғысқа түсіп, одан соң Украина, Белоруссия, Венгрия, Польша және Германияны азат етуге қатысқан. Неміс фашист басқыншыларымен болған сол қанды жорықтарда «Отан соғысы» орденімен «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдерімен наградталады.

Әби аға байсалды, өте ұстамды адам еді. Күлімсіреп қойып сөйлейтін. Жұбайы Ақжан апаның ақ болыский самаурынынан шәй ішіп отырып айтқан мына әңгімесі әлі есімде:

«Ол кезде бәріміз жас едік. Майдан шебінің қыр-сырын жете түсіне білмесек те, жастықтың жалынымен отқа да суға да түсетінбіз. Жүректе еш қорқыныш, үрей болмайтын. Жарақат алып дала госпиталында емделіп, қайтадан полкқа қосылатынбыз. Бірге жүргендердің бірі жарақат алып, бірі көз жұмып жатады.

Иә, Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Бізден құрбан болған жауынгерлердің саны 12 миллион адамға таяу, ал қаза тапқандардың 13,7 миллионы бейбіт тұрғындар болатын. Көп айтыла бермейтін мына бір деректерге назар аударалықшы. Себебі, әлі күнге өлгендердің есебін толық ала алмай жатырмыз. Бір ғана мысал. Соғыс тарихында Днепр өзенінің оң жағалауында тас қамал болып бекіген жаудың көзін жою үшін қаншама уақыт кеткенін білесіздер. Міне, сол шабуылда күн сайын біздің 27 мың 300 сарбаз құрбан болып отырған. Ал 1943 жылдан бастап фашистер көп қырыла бастады. 1923 жылы туған біздің жауынгерлердің 3 пайызы ғана соғыстан аман-есен оралған. Міне, соғыс зардабы осындай қайғы-қасірет әкелді, - деген еді майдангер ұстаз мұңайып отырып.

1945 жылы ақпан айында Берлин түбінде соғысқа қайта кірдік. Соғыс бұрынғыдай емес. Жауыздардың үрейі ұшып қалған кез екен. "Ура, за Родину, за Сталина!" деп жүргенде 1945 жылы 7 мамырда ертеңгі сағат 10-дағы соңғы хабарда: "Неміс басқыншылары жеңілді, біз жеңдік! деген сөздерді естігенде уралаған айқай, күлген, жылаған, қуанышты дауыстар дәл бүгінгідей әлі есімде", - деп сыр шертеді жауынгер күнделігінің алғашқы беттері.

Осындай жан түршігерлік қиындықтың арасында жүріп, жеңіске жетсек, елімізге аман есен оралсақ деп армандайтынбыз. Сұм ажалмен бетпе- бет жүріп, Рейхстагқа

ту тігіп, жеңіске жеттік. Жеңіспен аман-есен еліме, туған жеріме жеткен қуанышымда шек болған жоқ. Туған жерімнің топырағын сүйіп Аллаға мың да шүкіршілік еттім, - деп көзіне жас алып отырып әңгімесін айтқан болатын.

Соғыс даласынан 1949 жылы елге оралған соң Қызылорда педагогикалық училищесін, содан мұғалім болып жүріп Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін ойдағыдай бітіріп шығады. Сөйтіп, солдат гимнастеркасын киген студент, жоғары оқу орнын ойдағыдай бітіріп, қырық жыл қатарынан ұстаздық қызмет атқарып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатты.

Сабақ бере жүріп, мектеп кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін қатар алып жүрді. Сол кездегі өзімен иықтасып қатар еңбек еткен мұғалімдер: Магиануар Загидуллина, Әлимұрат Нұрекешов, Жалғас Құрманов, Тағыберген Өтепов, Ысқақ Есжанов, Ырысалды Өксікбаева, Мәриямкүл Сағынтаева, Қапи Сәңкібаев, Сейділда Ысқақов, Қожағазы Нұралиев, Тілеужан Жәнелов, Әділхан Әбдікәрімов, Тастыбай Әбдиевтер еді. Шәкірттері Салмырза Ешниязов, Света Шекеева, Алмагүл Үмбетова, Айгүл Сермаханова, Рахила Байниязова, Қазына Боранбаева, Бақыт Жолдасбаевтар үздіктер қатарында болды. «Өте байсалды, ұқыпты, өз ісінің шебері еді» -деп әлі күнге дейін мақтан етеді.

Педагогикалық институтты үздік тәмамдаған жоғары білімді, өте мәдениетті, майданнан кейінгі бар ғұмырын ұстаздыққа арнап 1950-1986 жылдарға дейін № 20 Бөген орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болған. Әби ағайдың ұлағатты ұстаздығымен қоса ұсталығы және саз аспабында шебер орындаушылығы да бар еді. Домбыра тартатын, мектеп көркемөнерпаздар үйірмелерімен бірге аудан орталығындағы концерттерге қатысып қайтатын.

Әби Прекешов пен жұбайы Ақжан Құрманқызы Бөген ауылының үлгілі отбасы болды. Жеті ұл-қыз өсіріп, ұлдарын

ұяға, қыздарын қияға қондырды. Бүгінгі күні әрқайсысы елге үлгі - өнеге көрсетіп жүрген мақтан етерлік отбасыларға айналды. Тұңғыш қыздары Гүлжан – әке жолын қуып Алматы шет тілдер институтын бітіріп, ағылшын тілі мұғалімі атанса, отағасы Бахтияр – Алматы политехникалық институтын бітірген тау-кен инженері, екеуі 3 балаларынан 8 немере сүйіп отыр. Ұлболсыны М.Мәметова училищесін бітірген библиограф болса, отағасы Әділ - құрылысшы 4 балалы, 3 немерелі. Бөгендегі қарашаңырақтың түтінін түтетіп отырған Нұрланы Алматы политехникалық институтының автоматика, телемеханика маманы, жұбайы Гауһар - Қызылорда кооператив техникумын бітірген маман, 5 ұл-қыздан 4 немере сүйіп отыр. Жаңатас қаласындағы Нұрханы – тау автоматизациясы инженері, зайыбы Гүлжан - Жамбыл педагогикалық училищесінің мектепке дейінгі маманы, 3 бала тәрбиелеп отыр. Жұмасы - жүргізуші, жұбайы Шаттық Бөген мектебінің мұғалімі. Жұмабек - құрылыс инженері, зайыбы Құралай ағылшын тілі маманы 2 балалы. Әділбек – Қаратау политехникумын тәмамдаған электрик, жұбайы Жазира - Жамбыл педагогикалық колледжінің түлегі, мектепке дейінгі оқыту маманы екі балалы. Қарап отырсақ, Әби Пірекешовтің өнегемен өрілген ұрпақтары білім нәрімен сусындаған баянды мамандық иелері екен.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» - деп айтқан. Өйткені, жай ғана сабақ, - құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп, оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың жүрегінен орын алады.

Мінекей, ұлағат иесі, майдангер ұстаз Әби Прекешовтің әрбір сабағы оқушыларының жан азығына айналып, келешектеріне алтын көпірдің негізін қалап кетті.

**Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.**

*Республикалық «Сыр Дидары» газеті.
№32 30 тамыз 2019 жыл.*

ҮШ ҰЛЫ КҮШ

(ұстазым Әби Пірекешовтің рухына)

Үш ұлы күш, үш ұлы күш бар деуші еді,
Әби ағай өмір заңын зерделеп.
Сол үшеудің білдім, екен жоқ шегі,
Биігіне шыға алмадым өрмелеп.

Үшеуі де екен алып құбылыс,
Айтары анық, бағдары үлкен, жолы шың,
Болмысынан көрінетін бір ұлы іс,
Айтады екен ұлы ұстазым сол үшін.

Әби ағай, сыныпқа кеп кіргенде,
Оқушылар қуанушы еді жүрекпен.
Сынып іші бұйығатын бір демде,
Артық қимыл болмаушы еді дір еткен.

Бұйра шашын қайтарып сап артына,
Бар ынтамен бастаушы еді сабағын.
Білім келіп бас игендей қартына,
Барлық бала бағушы еді қабағын.

Қан майданнан келсе дағы от кешіп,
Мұқалмаушы ед, сынбаушы еді оны айтып.



Әр баланы қолдаушы еді Ер десіп,
Көрген емес біреуін де мұңайтып.

Хисса, дастан, әңгіменің кені еді,
Бір ағытса балбыратар ғаламды.
Көз алдыңа әкелгенде көнені,
Сол заманға апарушы еді адамды.

Сабақ бітіп, соғылса да қоңырау,
Тырп етпейтін, оны тыңдап оқушы.
Мына әңгіме бара жатыр қызып-ау,
Үзілісті кім бар екен созушы.

Деп бір бала айтып қалды лажсыз,
Тыңдай алмай бұл дастанның аяғын.
Қанжар болмас - деді ағай қынапсыз
Жанарында өтіп сансыз ой ағын.

Дәл осылай құштарлықпен қарағай,
Ең ұлы күш ӨМІР алғаш, соңғы да.
Одан кейін АТА-АНА, ҰСТАЗ толағай,
Сөзін тыңда, тәлімін ал, орғыма.

Үшінші күш білім кенін құятын,
Ұлы ҰСТАССЫЗ емес адам құбылыс.
Тектілікті осылардан жиятын,
Ей, шәкіртім Сіз де соның бірісіз.

Деп терезеден алысқа ағай көз тастап,
Бергендей ед ойдың бастау, қуатын.
Сол қағида биіктерге жол бастап,
Баспаалдаққа айналды әркез шығатын.

Ағыбай ОРЫНБАЕВ
шәкірті, ҚР «Ақпарат саласының үздігі»

ӘДЕБИЕТПЕН ӘЛДИЛЕГЕН ШӘКІРТІН...

...Сонау теңіз қолтығындағы Бөген ауылының биікте орналасқан екі қабатты ақ шаңқан мектебі алыстан көзге бірден шалынады... Отыз-қырық жылды кері шегіндіріп осы мектептің ішіне енсем көз алдымда қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне қарай баппен аяндап, бұйра толқынды шашын кері қайтарып, қолтығында әдебиет кітабы бар ой үстінде бір ұстаз келе жатар еді. Ол біздің сүйікті ағайымыз Әби Пірекешов болатын.

Класқа кірген соң ойлы көзімен күлімсіреп, орындарынан дүркірей тұрып сәлем берген шәкірттерге райлана бас изеп, өз орындығына отырар еді. Журналды ашып, үйге берілген тапсырманы «кәне кім айтады?» деп ешкім үндемеген соң, кімнің бағасы жоқ сонан сабақ сұрайық, - деп бастайтын.

Дене шынықтыру сабағынан шаршап келгендіктен бе екен, әлде алтыншы сабақ болғасын ба, бәріміз маужырап отырмыз. Мүлгіген тыныштықты қайта-қайта жыбырлап, кітабын одан соң сөмкесін жерге түсіріп алған кластасымыз бұзды. Жыбырлақ, тыныш отырмайтын балаларды ең алдымен бір түзеп алатын, - ағайдың әдеті.

- Астыңнан су шығып жатыр ма? Сабақ басталғаннан бір тағат болмады-ғой, айналайын. Әлі отырсың, кітабың қайда, дәптер, қаламың бар ма?

Ұстамдылықты Әби ағай шәкірттерден барынша талап ететін.

Балалардан сабақ сұрап болғасын «ал, енді келесі сабақты бастайық» деп толқынды шашын бір қайырып қоятын.

Сосын ағай Әуезов туралы рахаттана сөйлеп кетеді.

– «Әуезов - екінші Абай» деген ұғым Абайды қайталау деген сөз емес. «Ат тұяғын тай басар» дегендей, М.Әуезов – Абайдың ізін басушы емес, өнер жолын жалғастырушы, Абай мен Мұхтардың шығармашылық туыстығын, екі алыптың өзара

ұқсастығын, міне дәл осы ерекшеліктен іздеген жөн»-деп бізге пәлсапа оқып кететін.

Әдебиеттегі «мықтылар» туралы сөйлегенде арқаланып, шабыттанушы еді. Ол өз шәкірттерін әлдебір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, әлдеқайда алысқа, биікке көтеріп әкететін. Өр шәкірт әдебиет әлеміне еніп, аспандай кең әсемдік әлемінде самғап кете баратын.

-Балалар, Бальзакты оқымай француз тұрмысын, Толстойды оқымай орыс өмірін, Тагорды оқымай үнді тіршілігін білем деу ағат. Сол секілді Әуезовты оқымай қазақты, қазақтың салт-дәстүрін білем деу орынсыз. Осыны естеріңе сақтап жүріңдер. «Абай жолын» оқыңдар,-деп жиі айтатын.

Сөздің қолдануына қатты мән беретін ағай бірде бір оқушыны тақтаға шығарды да, «екі иінінен дем алып» деген тұрақты тіркеске сөйлем құра - деді. Ол ойланбастан «Самат екі иінінен дем алып қораға кірді» деп сөйлем құрады. Бәріміз ду күлдік. Ағай күлмеді, қабағын сәл түйіп алды да, былай деді.

- Балалар күлген жақсы, бірақ орнымен күлу шарт. Мына оқушының құрған сөйлеміне күлгеннен гөрі қынжылған дұрысырақ шығар. Өздерің ауыл балалары бола тұра, «екі иінінен дем алып» деген сөздің неге қолданатынын білмесеңдер – дей беріп еді бір оқушы «ағай мен айтайын» деп қолын көтерді. Айт, айт –деді ағай. «Самаурын қайнаған кезде екі иінінен дем алып тұр демей ме!

–Дұрыс, дұрыс.

- Ауыл – қазақтың тіл өнерінің қайнары, тіл- өнердің ең күдіреттісі. Ауылда туып, ауылда өскен сендердің артықшылықтарың осы. Осы артықшылықты алдағы өмірлеріңе пайдалана білулерің керек, - дейтін. Және оны өзінің оқушыларды ұйытып сабақ түсіндіре білуімен көрсетіп беретін. Әби ағай әңгіме айтудың хас шебері еді. Оның әуезді қоңыр үні оқушының жан-дүниесін әп дегеннен-ақ баурап ала жөнелетін. Тіпті, оқушылар келесі сабақтың қоңырауының

соғылғанына қарамастан кластан шықпай тыңдап, жалғастыра түсіңізші ағай деп отырып алатын кездер де болатын. Келесі сабақтың мұғалімі қайта-қайта есікті ашып, «ау, Әбеке» дегенде ғана барып, «ал, балалар сабақты келесіде жалғастырамыз» деп жиналып, шығып бара жататын. Оқушылар болса қызық жеріне келгенде үзіліп қалатын кинодай «ой, ағай..» деп үздігіп орындарынан тұрса, кейбіреулері сабақтан шыққан соң мектеп кітапханасына барып, ағай айтқан тақырыпқа қатысты кітаптар тауып алып оқып жүруші еді. Міне, ұстаз шеберлігі деген осы болса керек.

Әби Пірекешов ағай тек халықтың ауыз әдебиетімен сусындаған нағыз әдебиетші ғана емес нағыз тіл жанашыры еді. Тіл тағдыры туралы аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда мақалалары жарияланып тұратын. Сондай басылымдардың бірі Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ғылыми-көпшілік «Зерде» журналына жазған қазақ тіліне мәртебе беру жөніндегі мақаласына бөлім меңгерушісі Марат Тоқашбаев «Сіздің пікіріңіз – көпшіліктің пікірі. Жұртты пікірталасқа шақыру үшін арнайы жазылған материал оқырмандарымыздың белсенділігін көтерді» деп алғысын білдірген.

«Жігітке жеті өнерде аз» - дейді халқымыз. Әби ағай қолөнерге де біртабан жақын болатын. Үй шаруашылығына қажетті бұйымдарды өзі жасай береді екен. Бір хадисте: «Алла өз «маңдай тер, адал еңбегімен күн көретін құлын жақсы көреді» делінген. Демек, Раббымыз еңбекқор, жұмыскер, қолынан іс келетін епті мүминдерді әрі жақсы көреді, әрі оларға қошемет жасайды деген сөз. Бұл тұрғыда ағайдың он саусағынан өнері тамған қолөнер шебері екенін айта кеткіміз келеді.

Сондай-ақ, ыңылдап ән айтып, домбыра да шертетін болған. Мұғалімдер арасындағы мәдени іс-шараларда, аудандық байқауларға да қатысып, жүлделі орындарды иеленіп отырған. Әби ағай дәріс берген шәкірттерінің есімдері ел арасында

құрметпен аталады. Олар да өз кәсібін қалтқысыз сүйген жандар.

«Ұстазды алтын діңгекке теңер едім» деп ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыны мен қызығы бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Осы жолда біз үлгі тұтатын ұлағат иесі, тағылымы мол, өмірінің өзі өнегеге айналып кеткен, қырықжыл жас ұрпақты әдебиетпен әлдилеген Пірекешов Әби ағай есімін әркезде де мақтан етеміз.

Бұл күнде ағайымыз ортамызда жоқ болса да, оның жарқын бейнесі шәкірттер жадында, есімі ел аузында.

Бағдагүл ОРАЗӘЛИЕВА
Қызылорда қаласы.

*«Сарысу» аудандық газеті.
7 мамыр 2020 жыл.*

МАЙДАНГЕРЛЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сан миллиондаған адамдардың өмірін қиған, жастық шақтарын ұрлаған, талай аналарға қасірет шеккізген, тарихта екінші дүниежүзілік соғыс деген атпен қалған Ұлы Отан соғысындағы жеңіске де 75 жыл толып отыр. Сол соғыста қаза тапқандарға бас ие отырып, соғысқа қатысып, елге аман-есен оралған санаулы адамдардың бірі, өзімнің әкем жайлы еске алғанды жөн деп санадым.

Әкем, Пірекешов Әби 1923 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген ауылына қарасты «Қосуақ» елді мекенінде (№10 ауылында) дүниеге келген. Қосуақ елді мекенінде 4 кластық білім алғаннан кейін 1938-40 жылдары Бөген ауылының орталығындағы мектепте 7 класты бітіріп, мектептің ең

алғашқы түлектерінің бірі болды. 1941 жылғы маусым айында неміс басқыншылары елімізге опасыздықпен шабуыл жасап әкей оқуын әрі қарай жалғасытыра алмайды. Өзінің майдангер күнделігінде: «1942 жылы біз небәрі 18 жаста едік. Арал әскери комиссариатынан ауылдағы құрдастарым Қалабайдың Елкейі, Ыбырайымның Өшпесі, Жұмахметтің Сейітмағанбеті, Тұрғанбайдың Зауқымы екі жүзден астам жауынгер боп эшалонға мініп, майданға аттанып кеттік. Дубовка дейтін жерде атқыштар полкінде арнайы әскери дайындықтан өттік. Әншейінде соғыстың түтінін де иіскемеген ауылдың бозбаласы енді сол әскери жаттығу кезінде өзін үздіктер қатарында көрсетіп, жаумен қалай шайқасудың амал-тәсілдерін озық меңгердік. Сөйтіп, Қалмақ елі даласындағы соғысқа түсіп, одан соң Украина, Белоруссия, Венгрия, Польша және Германияны азат етуге қатыстым», -деп жазған. Неміс фашист басқыншыларымен болған сол қанды жорықтардағы көрсеткен жанқиярлық ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Қазақстанның Құрметті журналисі әрі жиен туысы, шәкірті болған Амангелді Суханберлиев республикалық ғылыми-көпшілік, рухани – танымдық «Нұр Жан» журналының 2019 жылғы № 9 санында жариялаған естелігінде: «Сұрапыл Ұлы Отан соғысына қатысып, еліне жеңіс туын желбіретіп оралған, сөйтіп ел-жұрттың қуанышы мен қайғысын қатар көтере жүріп, болашақ ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, бар саналы ғұмырын жас ұрпақты білім нәрімен азықтандырған ұстаздардың өмір жолдары өнегесімен өрнекті. Елінің, жерінің амандығы, азаттығы жолында жанын, қанын аямай күресіп, ұрпағына бүгінгідей нұрлы күнді сыйлап кеткен Әби Прекешовтің ерлігі, еңбегі алдында мәңгілік қарыздар екенімізді ұмытпау – перзенттік парызымыз. Ұлағат иесі, майдангер ұстаздың әрбір сабағы оқушыларының жан азығына айналып, көпшілігіне

алтын көпірдің негізін қалап кетті,-дейді.

Әкем Әби Прекешов пен анамыз Дәулетқызы Ақжан Бөген ауылының және Арал ауданының үлгілі отбасысы болды. Жеті ұл-қыз өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Бүгінгі күні әрқайсысы елге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген мақтан етерлік отбасыларына айналды. Марқұм байсалды, өте ұстамды, мәдениетті болатын. Ұл-қыздарын әрқашан білімді болуға, адал еңбекпен өмір сүруге тәрбиеледі. Бір әңгімесі әлі есімде: «Ол кезде бәріміз жас едік. Майдан шебінің қырсырын жете түсіне білмесек те, жастықтың жалынымен отқа да, суға да түскенбіз. Жүректе еш қорқыныш, үрей болмайтын. Жарақат алып, дала госпиталінде емделіп, қайтадан полкқа қосылатынбыз. Бірге жүрген жауынгерлердің бірі жарақат алып, бірі көз жұмып жатады. Көп айтыла бермейтін мына бір деректерге қазір назар аударайын. Себебі әлі күнге дейін соғыста өлгендердің есебін толық ала алмай жатырмыз. Бір ғана мысал, соғыс тарихында Днепр өзенінің оң жағалауында тас қамал болып бекінген жаудың көзін жою үшін қаншама уақыт кеткенін білесіздер. Міне, сол шабуылда күн сайын 27300 сарбаз құрбан болып отырды. Сонда қаншама боздақтар ажал құшты десеңізші. Ал соғыс бел ортасынан ауғаннан кейін фашистерден шығын көбейе бастады. 1923 жылы туған біздің құрдас жауынгерлердің 3 пайызы ғана соғыстан аман-есен оралған. Міне, соғыс зардабы осындай қайғы-қасірет әкелді», - деген еді майдангер-ұстаз мұңайып отырып.

«1945 жылы ақпан айында Берлин түбінде соғысқа кірдік. Соғыс бұрынғыдай емес. Жауыздардың үрейі ұшып қалған кез болатын. «Ура! За родину, за Сталина!»- деп атой салып жүргенде, 1945 жылы 7-ші мамыр күні ертеңгі сағат ондағы соңғы хабарда: «Неміс басқыншылары жеңілді, біз жеңдік!» деген сөздерді естігенде уралап айқайлап, күлген, жылаған, қуанышты дауыстар дәл бүгінгідей әлі көз алдымда», - деп сыр шертеді жауынгер күнделігінің соңғы беттері.

Осындай жан түршігерлік қиындықтың арасында жүріп, жеңіске жетсек, елімізге аман-есен оралсақ деп армандайтынбыз. Сұм ажалмен бетпе-бет жүріп, Рейхстагқа ту тігіп, жеңіске жеттік. Жеңіспен аман-есен еліме, туған жеріме жеткенде, қуанышымда шек болған жоқ. Туған жерімнің топырағын сүйіп «Аллаға мың да шүкіршілік, игілік еттім», -деп көзіне жас алып отырып, әңгімесін айтқан болатын.

Соғыста екі рет жеңіл жарақат алған болатын, денесіндегі және аяғындағы жарақат орындарына қарап: - «Бұл маған соғыстың салған таңбасы» деп күрсінетін.

1945-1949 жылдары Москва Маңындағы Реутов қаласында, әскери қоймада «сауатты жауынгер» ретінде қойма меңгерушісі қызметін атқарған. Әкей қазақтың қара баласы болса да, орысша өте сауатты болатын. Сол үшін де кейін әскери қызметке қалдырылған. Соғыста бірге болған жауынгер досы Александр Курбановпен өмірінің соңына дейін хабарласып, қатынасып тұрды. Бір-біріне хат жазу және сыйлыққа «посылка» салудан жалыққан емес. Ол кісі Тамбов облысы, Кутузов қаласында тұратын. 1972 жылы қызы Гүлжанды және ұлы Нұрланды ерітіп қонаққа да барып келді. Кейін Саша ағайдың үлкен ұлы Николайдан майдангер досының дүниеден озғанын естігенде, әкем егіле қайғырды.

1949 жылы соғыс даласынан елге оралғаннан соң Қызылорда педагогикалық училищесін, содан мұғалім болып жүріп, Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «Қазақ тілі және әдебиет» факультеті бойынша ойдағыдай бітіріп, 40 жыл қатарынан ұстаздық қызмет атқарып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатты. Әкей: «Ұстаз болу – өте қиын да, мәртебелі жұмыс. Қиын болатыны сол өте білімді, мәдениетті, кеңпейілді, ақылды болу керек. Баланы тәрбиелеп, білім беру үшін, баланың күнделікті үлгерімі емес, оның толық психологиясын зерттеп білу керек. Баланың үлкен-кішілігіне қарамай, өзіңмен тең ұстап, тіл табысып, сөйлей білу керек.

Балаға ата-ана қалай жаны ашып, жақсы көретін болса, ұстаз да солай кішіпейілділік пен тәрбие беруі керек», -деп, кейінгі ізбасарларына ақыл, кеңесін айтып отыратын.

Тағы бір шәкірті, тілші Бағдагүл Оразалиева: «Әби Прекешов ағай тек халықтың ауыз әдебиетімен сусындаған нағыз әдебиетші ғана емес, нағыз тіл жанашыры еді. Тіл тағдыры туралы аудандық, облыстық, республикалық басылымдарында мақалалары жарияланып тұратын. Сондай басылымдардың бірі Қазақстан (ЛКСМ) орталық комитетінің ғылыми-көпшілік «Зерде» журналына жазған қазақ тіліне мәртебе беру жөніндегі мақаласына бөлім меңгерушісі Марат Тоқашбаев: «Сіздің пікіріңіз – көпшіліктің пікірі. Жұртты пікірталасқа шақыру үшін арнайы жазылған материалдар оқымандарыңыздың белсенділігін көтереді. Қазір тілге статус беру мәселесі қаралып жатқаны белгілі. Осыған орай, редакцияға түскен күллі хаттар және сіздің хатыңыз өз жұмысында әрі қарай пайдалану үшін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің жанындағы Ұлттық және ұлтаралық қарым-қатынастар жөніндегі орталыққа жіберілді»-деп арнайы «Алғыс хат» жіберген.

Осындай игі істердің бірі әлі есімде. Бала кезімде әкейдің қазақтың әйгілі жазушысы – Асқар Тоқмағамбетовке, Арал халқының тыныс-тіршілігі туралы ақпарат-мақалалар жазып жіберетін еді. Кейін ойласам, сонда Аралдың тағдырына алаңдайды екен ғой. Сонымен қатар Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, жазушы Зейнулла Шүкіров туралы жазған дүниелерін де білуші едім. Ол кісі туралы әрқашан аудандық және облыстық газеттерде мақала-очерктерін жариялап жүретін және жазушының отбасымен, жеке өзімен жиі араласып, шығармашылық бірлікте болды. Жазылған қолтаңбалары ауылдағы үлкен шаңырақта сақтаулы.

Әке-шешеміз шаңырақ құрып 40 жыл өмірдің қызығы мен шыжығын бірге кешті. 1994 жылы анамыз Дәулетқызы Ақжан 61 жасында дүниеден өтсе, әкем Прекешұлы Әби 2008

жылы 85 жасында дүниеден озды. Бүгінгі таңда осы өнегелі отбасынан тараған ұл-қыздарының үшеуі жанұясымен бірге Сарысу ауданы, Жаңатас қаласында тұрып жатыр. Тұңғыш қыздары Гүлжан Исаева әке жолын қуып, ұзақ жыл мұғалімдік қызметін атқарып, зейнетке шықса, ұлы, осы жолдардың авторы Прекешов Нұрхан және шаңырақтың кенжесі Әділбек «Қазфосфат» ЖШС «Қаратау» тау-кен кешенінде еңбек етіп келеміз.

Кез келген адамның өмір жолында ата-ананың алатын орыны ерекше ғой және баланың ата-ана алдындағы борышы түгел өтелмек еместігі аян. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында, соғыс ардагері, әкем Әби Прекешов жайлы жазған осы естелігімді сол борыштарымның бірі болар деп есептеймін.

**Нұрхан Прекешов, ұлы
Қаратау» ТКӨК бас энергетигі,
Жаңатас қаласының тұрғыны.**

*«ТОЛҚЫН» ГАЗЕТИ.
28 сәуір 2020 жыл*

АТА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Жеңіс күні біздің отбасымыз үшін тағылымы мол, ерекше мейрам. Себебі менің атам – Әби Прекешовтің Ұлы Отан соғысына қатысып, елдің тыныштығы мен жеңісі үшін күрескен күнін тойлайтын күн. Иә, сұрапыл Ұлы Отан соғысына қатысып, еліне Жеңіс туын желбіретіп оралған, сөйтіп ел-жұртының қуанышы мен қайғысын қатар көтере жүріп, болашақ ұрпақты оқытып, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеу жолына арнаған

атамыз Әби Прекешовтің ерлігі мен еңбегі алдында мәңгілік қарыздар екенімізді ұмытпау – перзенттік парызымыз.

Әби Прекешов 1923 жылы «10 ауыл» деп аталатын Бөген ауылына қарасты «Қосуақ» елді мекенінде дүниеге келген. 1930 жылы Қосуақтағы Нұржан ишан ата мешіті (1922 жылы ол кісі қайтыс болған кезде) «Кеңес» мектебі болып сонда дәріс алған. Алғашқы мұғалімдері – Елекбаев, Әбиболла Исаев, Нұраддин Сисекешов, Қылышбай Көмекбаев дәріс берді. 1939-1940 оқу жылдары жетіжылдық Бөген мектебінің ең алғашқы түлектері атанды. Сол жылдары дәріс берген оқытушылары Смағұл Құдайбергенов, Төлеш Дәрменов, Жеткерген Қанатбаев, Алданазар Баймағамбетов, Құлекен Шамқұлов, Зоя Владимирқызы Ким, Гут Шмид болды.

1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылады. Атам әңгімесінде: «1942 жылы біз небәрі 18 жаста едік. Арал әскери комиссариатынан ауылдас қатар құрдастарым, барлығы 200-ден астам жауынгерлер болып, эшелонмен тартып кеттік. Дубовкада атқыштар полкінде әскери дайындықтан өттік», – деген еді.

Атамыз қалмақ даласындағы соғысқа түсіп, одан соң Украина, Белоруссия, Венгрия, Польша және Германияны азат етуге қатысқан. Фашист басқыншыларымен болған сол қанды жорықтарда «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдармен наградталады.

Атам өте қарапайым, әңгімешіл адам болатын. Күлімсіреп, әңгімесін бастап кеткен сәтте-ақ таусылмаса екен деп тамсанып тыңдаушы едім.

Бір әңгімесінде «Иә, Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, бізден құрбан болған жауынгерлердің саны 12 миллион адамға таяу, ал қаза тапқандардың 13,7 миллионы бейбіт тұрғындар болатын. Мына деректерге назар аударатын болсақ, себебі әлі күнге өлгендердің есебін толық ала алмай жатырмыз. Бір ғана мысал, соғыс тарихында Днепр өзенінің оң жағалауында тас қамал болып бекінген жаудың көзін жою үшін қаншама

уақыт кеткенін білесіздер. Міне, сондай шабуылда күн сайын біздің 27 мың 300 сарбаз құрбан болып отырған. Алайда 1943 жылдан бастап фашистер көп қырыла бастады. 1923 жылы туған біздің жауынгерлердің 3 пайызы ғана соғыстан аман-есен елге оралған. Міне, соғыс зардабы осындай қайғы-қасірет әкелді», – деген еді атам күрсініп.

Атам соғыс даласынан 1949 жылы елге оралған соң, Қызылорда педагогикалық училищесін бітірді, содан балаларға дәріс бере жүріп, Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» факультетін бітіріп, қырық жыл қатарынан ұстаздық қызмет атқарды.

Сабақ бере жүріп, мектеп кәсіподақ ұйымының төрағасы болды. Сол кездегі өзімен иықтасып, қатар еңбек еткен мұғалімдер – Магиануар Загидуллина, Әлимұрат Нұрекешов, Жалғас Құрманов, Тағыберген Өтепов, Ысқақ Есжанов, Ырысалды Өксікбаева, Мәриямкүл Сағынтаева, Қапи Сәңкібаев, Сейділдә Ысқақов, Қожағазы Нұралиев, Тілеужан Жәнелов, Әділхан Әбдікәрімов, Тастыбай Әбдиев, ал шәкірттері – Салмырза Ешниязов, Света Шекеева, Алмагүл Үмбетова, Айгүл Сермаханова, Рахила Байниязова, Қазына Боранбаева, Бақыт Жолдасбаевтар үздіктер қатарында болды. Ұстаздарын «Өте байсалды, ұқыпты, өз ісінің шебері еді», – деп әлі күнге дейін мақтанышпен айтып жүреді.

Атам достықты қатты қадірлейтін жан. Достар бір-бірін сатпау керек деп үнемі айтып отыратын. Мына бір әңгімесін естуден жалықпайтынмын. Соғыс кезінде Сашка (Александр) атты жолдасы болған. Екеуі өте жақсы дос болыпты. Бірақ соғыс аяқталғаннан кейін бір-бірінен көз жазып қалады, содан атам досын іздеу «операциясын» бастайды. Ақыры карталарды қарап отырып, Тамбовь деген жердің Котовский қаласынан досын тауып алады. 1972 жылы тұңғышы Гүлжан мен ұлы Нұрланды ертіп досын іздеп барғанын, оншақты күн орыс жерін армансыз аралап қайтқанын қуанып айтып отыратын. Досының жұбайы Аняның дәмді тамағын, қонқонақжайлығын,

досының ақкөңілділігін мақтап отыратын. Сол кездері атамның ауылдастары саяхаттың бос әурешілігін айтып, барма дегендері де болыпты, бірақ досына деген сағыныш атамды орыс жеріне апарған екен. Көп жылдар бойы досы дәмді тосаптарын посылкамен салып тұрса, атамыз теңіздің балығын кептіріп, Ресейге қарай жіберіп отырыпты.

Міне, осы әңгімені естіген кезде еліміздегі ұлттар жарасымдығы, достығы ерте кезде-ақ атам отбасынан бастау алған екен ғой деп ойлап қоямын. Үлкен қызы Гүлжан тәтеміз әлі күнге дейін орыс достарымен хат алысып отырғанын, алғашқы балмұздақтың дәмінің ерекшелігін, сыйлыққа әперген жасыл көйлек пен босоношканы ұзақ жылдар кигенін ерекше мақтанышпен еске алып отырады. Ол кезде небәрі 7 класта оқитын жас қыз үшін бұл саяхат ертегі іспетті еді.

Соғыс зардабы алыстаған сайын, сол қиын кезеңнің зардабын шеккен ардагерлеріміз де бұл өмірде жоқ. Мектеп ұжымы жыл сайын мереке қарсаңында соғыс ардагерлерінің отбасына құттықтау хаттар жіберіп, жауынгерлер ұрпағына амандық тілеп отырады. 9 мамыр күні әрбір соғыс ардагерінің ұрпағы мектеп оқушыларымен кездесіп, өздерінің әкелері, аталары туралы көрген, естіген естеліктерімен бөліседі. Мектебіміздің ұзақ жылдар басшысы болып жұмыс жасаған Әділхан Әбдікәрімов ағайымыз атам туралы, әріптес соғыс ардагерлері жайлы жыл сайын Жеңіс күні шәкірттерге әңгімелеп беруден жалыққан емес. -«Мен жұмыс жасаған кезде ұжымда үш соғыс ардагері болатын. Олар: Жұмағұлов Садық, Прекешов Әби, Нұрекешов Әлимұрат еді. Ол кісілерге ұжым болып зор ықылас танытатынбыз. Ұжымымыздың үлкені Әби ағай болды. Біз ол кісілердің соғыс жылдарындағы естеліктерін тыңдауға құмартатынбыз, олар да өздерінің басынан өткен оқиғаларын әдемілеп жеткізетін. Сол әңгімеден кейін, тіпті ол кісілерді жақсы көріп, құрметімізді аямайтынбыз. Арамыз өте алшақ болса да, мені іздеріне ертіп жүретін. Әрбір істерін өзіме үлгі, ту ететінмін. Әсіресе Әби ағай әңгіме айтқанда ұйып

тыңдайтынбыз. Мен ғана емес, ауыл болып тыңдаушы едік. Ортаға әңгіме айта білетін, сөзі тұрақты, ел үлгі аларлық жан болатын», – деп аяқтайтын әңгімесін.

Иә, сондай әкенің немересі Ерхан Әбиев те атасы туралы көп естіп өсті. Әсіресе ол үшін 9 мамырдың орны ерекше болатын. Өйткені сол күні атасы туралы жақсы сөздерді көп еститін, онан сайын достарының алдында беделі өсіп қалатын. Өзі де мектебіміздің үлгілі оқушысы ретінде құрмет тақтасында тұрады. Биыл атасы туралы «Менің атам – майдангер» тақырыбында жазған шығармасы ауданда және облыста өткен эсселер байқауында бірінші орынға ие болып, аудандық «Толқын» газетінде жарық көрді.

Жыл сайын Жеңіс күнін мектеп оқушылары тағатсыздана күтеді. Олар мереке қарсаңында ауылымыздың ортасында бой көтерген «Боздақтар» ескерткішіне барып, қарауылдық күзетте тұрады, жанына ағаш егіп, үнемі қамқорлық жасап отырады. Сол күндері мектеп залында соғыс ардагерлеріне арналып дайындалған слайдтар көрсетіледі, оқушылар Жеңіс сарбаздарына өлең шумақтарын арнап, альбомдар жасап, құрмет көрсетеді. Кеш соңы жылда мектебіміздің ардагер ұстазы, ақын, сазгер Тастыбай Әбдиев ағайымыздың «Болмасын соғыс!» әнімен қорытындыланып отырылады. Мектеп шәкірттері әрбір игі іс-шараларды өздерінің азаматтық борышы санайды, ерліктерін ұмытпайды.

Иә, мен де «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында жабдықталған мектебіміздегі ардагерлер тақтасының жанынан өтіп бара жатып, атамның бейнесіне, Жеңіс сарбаздарына құрметпен бас иіп өтуді өзіме зор бақыт санаймын.

Шаттық БАТАМАНОВА,

**3. Шүкіров атындағы №20 орта мектебінің қосымша
білім беру педагогі**

Құдалардың естелігі

Сыйластықтың үлгісі

ҚҰДАЛЫҒЫМЫЗ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ

Менің әке-шешем қазіргі Түркістан облысы Созақ ауданының Құмкент совхозында тұратын. 1978 жылы менің інім Исаев Бахтияр Алматыда оқып жүрген Қызылорда облысы, Арал ауданының Бөген ауылының тумасы Прекешова Гүлжан деген қызды ауылға келін етіп алып келді. Ол уақытта қызды қолдан ұзату дәстүрі ұмытыла бастаған еді. Содан кешірімге әкем Қуандық қасына екі ағайынын алып Бөгенге жолға шығады. Пойызбен, көлікпен Бөгенге де жетіп, ауылға кірген соң құда Прекешов Әбидің үйін сұрастырып табады. Осындай да осындай біз құда болып, ат арытып Шымкенттен келіп тұрмыз дейді. Ол кісілер біраз уақытқа дейін мүмкін емес деп Алматыда жоғарғы оқу орнында оқып жүрген студент қыздарының тұрмысқа шығып кеткеніне сенбей, біразға дейін үйіне кіргізбей қойыпты.

Содан біраз уақыт өткеннен кейін ауыл ақсақалдары мен туған ағасы Дүйсен ақсақалдың айтқан басуына тоқтап, төрге шығарып құда болдық деп шәй, ас-суларын беріпті. Құда Әби ағай да соғыста болған екен. Тұрмыс құрып жатқан алғашқы баласы болғасын ба, көп жылап қоймаған соң менің әкем, - Әби құда, мен де қан майданды бастан кештім, екеуіміз соғыста немістің екі оғына ұшырасақ бұл балалар бізге жоқ еді ғой. Ал, міне елге жеңіспен оралып осыншама балалы-шағалы болдық, балалар өсіп бірін-бірі өздері тауып жатыр,- деп айтқан әкемнің бір сөзіне тоқтаған екен.

Сол құдалық құдайға шүкір, қазір де жалғасуда. Біз Алматы қаласында тұрамыз. Шамамен 1983 жыл болу керек. Әби құда елден осында келіп ем алып жатыр деп естідік. Ол кісіні үйге әкеліп қонақ еттік. Менің жолдасым

Абай екеуі дастархан басында көп әңгіме айтты. Есімде қалған бір оқиға Дүйсен деген ағалары болған екен, кезінде революциядан кейін болуы керек Аралдың 14 вагон балығын Ресейдің аш халқына арнайы В.И.Лениннің жолдаған сұраныс хатына байланысты Қазақстан халқының атынан жөнелткен екен.

Біздер ол кезде жаспыз. Бізге батасын беріп дастарханға құран оқып отырды. Өте қарапайым, ұстамды, байсалды кісі еді. Ол кісіден тараған балалар да қазір өсіп-өніп бір қауым ел болды.

Әби құданың жатқан жері жайлы болсын! Артында қалған ұрпақтары аман-есен болсын!

**Абай ОТЫНШИЕВ,
Саида (Исаева) ОТЫНШИЕВА.
Алматы қаласы.**

ҚҰДАНЫҢ ХАТЫ

Аты, тоны сай кісі,
Жиын, тойға барысар,
Ұлы, қызы бар кісі,
Құдалыққа барысар,-деген қазақ мәтеліне,
Әдебиетші құдаңыз,
Болып жатса сыпайы

Жазысып хат алысар, - деп қосып қояр ем. Өйткені менің құдам Әбекең екеуміздің арамыздағы ұлы құрмет жапқан шапан, мінген ат пен жеген аста емес. Жазысқан жайдары хаттарда. Данадан хат қалады демекші құдамның жазған хаттарындағы даналық сөздер, көркем әдебиет менің санамда сайрап қала берді. Қазақ қой «Құда болғанша, құлы мен биін сұрас, Құда болған соң, құл да болса

сыйлас» дейді. Бір бірімізге сый құрметіміз патшаға жасаған пақырдың сыйынан да жоғары болды деп айта аламын.

Қазақта «құданы құдай қосады» деген бар ғой. Құдай қосып Әби әулетімен құдандалы болғанымызға 40 жылға жуықтапты міне. Сонан бері құдамның жақсылығы, әңгімешілдігі, шежірешілдігі, басқа да жақсы қасиеттері есімнен шыққан емес. Әбекең көзден кетсе де көңілден кеткен емес. Өйткені оның сырбаз болмысы мен сырға толы әңгімелері әлі есте. Сондай әңгімесінің бірін айтайын.

«Не қатты, не мұра, не тәтті?» деген әңгімесі. Осы әңгімені әр жерде айтамын да, құдамның Алла мерейін үстем ет деп дұға жасаймын. Ол әңгімесі былай:

Бір топ қария әңгімелесіп отырып, «Не қатты, не тәтті, не мұра?» – деген сауалға жауап таба алмай дал болып отырса керек. Көпшіліктің бұл бас қосуында біреу тұрып: «Тас қатты, бал тәтті, бала - мұра» деп өз ойын білдіріпті. Екіншісі: «Темір қатты, қант тәтті, байлық мұра» депті.

Ал бұлардың пікірімен келіспеген үшінші қария: «тас уатылмас па, темір созылмас па, қант пен балдың дәмі жойылмас па, байлық жұтап, бала өлмес пе?» - деп жиналғандарды өзіне қаратып: «Дүниеде жан тәтті, жоқтық қатты, тауып айтқан аталы сөз - мұра» деген тоқтам жасапты. Сонда ұтырлы сөзді өзгелер де бір ауыздан мақұлдаған екен дейді.

Енді бір естен кетпейтін мысалы мынау. «Хиуа елшісіне жауап» деп аталады. Ондағы оқиға желісі былай болыпты мыс.

Хиуаның ханы Бабажан Жанқожа батырға көп сыйлықты қант-шайымен қосып, елші арқылы жіберіпті. Елшілердің әкелген қант-шайын батыр бабамыз қазанға қайнатып, итке құйдырған көрінеді. Ит шайды не қылсын, сонда Жанқожа Хиуаның елшісіне «Сендердің әкелген дүниелеріңді біздердің итіміз де ішпейді» десе керек.

Е, құдамның мұндай әңгімелері өте көп қой. Айтпақшы мен құдалығымның қалай екенін айтып, таныстырмай жатып Әбекеңнің көз алымдағы әңгімешілдігіне көшіп кетіппін ғой. Қызым Құралай мен Әби құданың ұлы Жұмабек 1994 жылы отау құрды. Арада болған кәде-кәумет, салт-дәстүрден кейін Әби құдаммен хат алысып, хабарласып тұрдық.

Бір хатында амандық-саулық сұрасқан соң «Жаңабайжан, қалай қарайсың Жұмабек пен Құралайды бөлек шығарсам деп едім, соған сенің пікіріңді білгім келеді» депті. Басқа адам болса олай сұрап жазбас еді. Бірақ Әбекең өзінің көпті көргендігін, құдасына деген құрметін білдіріп, менің алдымнан өткісі келіпті. «Құдағи құрдасыңдай болсын, Құдаң шын досыңдай болсын» демекші бұл достық пейілі емес пе. Мұндайда «Біреу болса – құда, екеу болса – ұя» дейді. Құданың үйі бір ұямыз, бөлек шықса қызымыз бір ұя, өз үйің болса да ұяң ғой.

Мен де жауап жаздым «Қызым бізден кетіп, сіздің отбасыңызға жетті, ендігі шаруаны ретке келтіре беріңіз, сіз қалай дұрыс деп шешсеңіз солай болуға тиіс, сол отбасының ұйытқысы, көшбасшысы өзіңізсіз» дедім. Сөйтіп, арада көп уақыт өтпей, екі жақты келісіммен балаларды Қызылорда қаласына бөлек шығарды. «Ағайынның қызығы – алыс-беріс, Құдалықтың қызығы – барыс-келіс» демекші содан кейін жас шаңыраққа той жасап, бізді шақырды. Бардық, келдік, көрдік. Мен құдекеңнің тағы да таудай-таудай әңгімелерін арқалап қайттым.

Көп уақытқа дейін Әбекеңмен хат жазысып отырдық, құдадан келетін хатты асыға күтетін болдым. Себебі құдам хатты өте сауатты, сөзге бай, шешен тілмен жазатын, хатты оқып отырып кітап оқып, кино көріп отырғандай сезінетінмін. Әсіресе қолтаңбасы тайға таңба басқандай әдемі, көркем еді.

Бай мен бай құда болса,

Ортасында жорға жүреді.

Жарлы мен жарлы құда болса,

Ортасында дорба жүреді.

Бай мен кедей құда болса,

Өзара зорға-зорға жүреді,-дейді қазақ. Ал біздің құдалықтың арасында мұндай түсінік болған жоқ. Дорба да, жорға да сөз емес еді. Біздің арамыздан ғибратты әңгімелер, сары алтындай сыйластықтар қатынады. Біздің арамызағы дорбалар сынның емес, үлкен ықыластың дорбалары еді.

Адамның дегені емес, Алланың қалағаны болады ғой. Тағдыр жазып 2006 жылы науқастанып жүріп Жұмабек өмірден өтті. Ол кезде Әбекең инсульт алып, науқастанып қалған кезі еді. Баласының қазасы құдама оңай болмады, ол кісі үшін балаларының әрқайсысының орны бір төбе еді. Сөйтіп жүріп екі жылдан соң, яғни 2008 жылы Әбекең де өмірден өтті. Әбекеңнің де, Жұмабектің де артында ұрпақтары қалды, шүкір арттары жақсы болды, балалары өсіп-өніп, көбейіп жатыр. Әби құдамның 100 жылдығына орай балалары бірігіп, ұйымдасып ас бергелі жатыр екен қабыл болсын!

Құда болғанша хал-жайын сұрас, Құда болған соң, қолда барымен сыйлас демекші сыйласып өткен мың жылдық құдамның бір әңгімесімен естелігімді аяқтасам деймін.

Әйтекенің ұлы бабасы Ораз Әмір Темірдің ұстазы болған. Әмір Темірге 17 жасында Ораз бата берген, көреген деген. Бірде Әмір: Үргеніш, Жизақ, Самарқан үшеуінің қайсысын астана етем дегенде, Ораз: жаздың ыстық кезінде үш қаладан үш қой алдыр, соны сойдырып, 10 күн ілдіріп қой, - дейді.

Әмір осы айтқанды істейді. Сонда Үргеніш пен Жизақтан әкелген қой аптапқа шыдамаған, Самарқан қойы бұзылмапты. Сөйтіп Самарқан астана болыпты. Бұл

құдамнан тыңдаған әңгімелер. «Артында баласы қалғанның көзі өлмейді, артында сөзі қалғанның өзі өлмейді» - дейді дана қазақ. Сол секілді құдам біз үшін мәңгі тірі.

**құдасы Жаңабай ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
Қазалы.**

ҚҰДА ҚАЛДЫРҒАН ІЗ

1991 жылдың қысында ең кіші балдызым Гүлжан Жаңатас қаласына бажам Нұрханға тұрмысқа шықты. 16 мартта Батыс қазақстан облысынан бір топ туыстар жиналып үйлену тойларына Жаңатас қаласына бардық. Біздер содан бастап Прекешовтардың әулетімен құда-құдағи болып қоян-қолтық жақсы араласып кеттік. Құдамыз Әби, құдағайымыз Ақжан өте қарапайым, сыпайы, елге сыйлы, халыққа қалаулы тамаша білімді адамдар екен. Бір көргеннен ұнап қалды.

Сол жылы бір - біріміге құдалыққа барып әрі қарай бүгінгі күнге дейін араласудамыз. Көп кездеспесек те үлкен жиындарда әрқашан бірге қатынасып келеміз және құдаммен әрқашан хат арқылы байланысып тұрдық. Бір байқағаным ұлағатты ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Әби құда әңгімені жік-жігімен асықпай, бабымен айтатын адам болатын. Әрбір әңгімесінің үлкен тәрбиелік мәні бар екені байқалып тұратын. Ұл-қыздарына, келіндеріне керемет тәрбие берді. Менің балдызым Гүлжанға қамқорлығы соншалық, өзінің қызындай қарап тәрбиеледі. Оны менің 2018 жылы дүниеден өткен енем, яғни Гүлжан балдызымның анасы Раиса да әрқашан мақтанышпен айтып отыратын. Әңгімесін тыңдап отырған кезде мұртын әдемілеп сипап, кара бұйра шашын қолымен сыбап отыратын өз әкеме де

ұқсататын едім. Менің құдам мен құдағиым кейінгі ұрпаққа өнеге көрсетіп, бала шағасына жақсы тәрбие беріп, өнегелі із қалдырып кеткен адамдар екеніне куәмін. Бүгінде бұл кісілердің дүниеге әкелген ұрпақтары Қазақстанның жер-жерінде осы өнегелі өмірді әрі қарай жалғастыруда. Мен де өз бала-шағама осы бағытта құдам сияқты тәрбие берудемін.

Биыл 2023 жылы мамыр айында құдамыз Әбидің 100 жасқа толуына және құдағиымыз Ақжанның 90 жасқа толуына байланысты бажам Нұрхан мен балдызым Гүлжан бауырларымен бірге үлкен ас беруді жоспарлауда.

Беретін астарыңыз қабыл болсын, бәріңізде аман-есен сау болыңыздар,

Ұрпақтарыңыз көбейіп өсе берсін, Алла тағаланың рахымында, пайғамбарымыздың шапағатында болыңыздар.

**Исмағұлов Амірхан,
Исмағұлова Бакиза.
Орал облысы, Ақсай қаласы.**

ӘБИ АҒАЙ, ӘБИ ҚҰДА...

Біздер бір ауылдың адамдарымыз. Үйлеріміз де жақын тұрды. Мен, шынымды айтсам мектепте қатырып оқыған да жоқпын. Оқысам қабілетім ешкімнен кем емес. Бірақ, еркелік па тентектік па... Бүгінде бір таң қалатыным, барлық сабақтан ілбіп-салынып жүргенде Әби ағайымыздың сабағынан 4-ке кеткенім. Ұстаздық құдірет деген осы-ау, ә! Оқушыға сабақ түсіндіруі, оқушымен сөйлесуі бөлек еді. Басқа сабақты қатырмасам да қазақ тілі мен әдебиетке тартылып тұратынмын. Тартылдырып тұратын десем де

болады.

Өмір бір орында тұра ма. Мен де үйленіп, үйлі-баранды болдым. Ұл ер жетті, қыз бой жетті. Сол Әби ағайыммен ақыры «Құйрық, бауыр жегізген» құда болдым. Менің қызым Жазира оның кіші ұлы Әділбекке тұрмысқа шықты. Баяғы ағай енді иық тірескен құда болды деп ойлап қаларсыз. Бірақ мүлде олай емес. Қанша жерден қыз бергеннің назы бар десек те Әби ағай мен үшін ағай. Бір әріп үйреткен ұстазға қырық жыл құрмет демей ме аталарымыз. Ал, тұтас бір пәнді жүрегімізге құйған ұстазға қанша жыл құрмет болуы керек сонда? Өмірбақи өтелмес парыз емес пе? Сондықтан ағайды қай кездеде құрмет төрімде ұстап, сый-құрметімді жасап келдім, әлі де әруағына мың тағзым етемін. Мен түгілі ол кісіні бүкіл ел сыйлайды. Ауылдың қадірменді ақсақалы болды. Көп адамнан ерекшелігі әңгіме айтудың шебері еді ол кісі. Жылаған бала да о кісінің әңгімесіне ұйып қалады десем артық болмас. Мына бір әңгімесі есімде:

Ертеректе бір кісіні жерлеп жатса керек. Өтіп бара жатқан бір жолаушы ақсақал жанындағы баланы жұмсап «бұл шын өлік пе, өтірік өлік пе?» сұрап кел деген екен. Баланың көңілінде ештеңе жоқ, атаның айтқанын айна-қатесіз жеткізеді. Бұған ашуланған сүйекшілер оны сабап жіберіпті. Бала атасына жылап келеді. Істің мәнін түсінбеген сүйекшілерге ақсақалдың өзі барады да, бала қойған сұрақты қайталайды. Жерлеп жатқан жамағат «мынау алжыған шал шығар, жаңағы бала да осы сауалды қойған еді», - деп таңырқайды. Сонда қария: - Шырақтарым, марқұмның артында ұрпағы бар ма? – депті. Бар. Ұлы да, қызы да бар. Онда өтірік өлік екен деп жүре беріпті. Мұны естіген сондағы ел сауалдың мәнісін енді түсініпті.

Ұрпағы қалған марқұмның есімі де, еңбегі де өшпейтінін, сондықтан өтірік өлік екенін ұққан екен. Әрине сөзді тікелей қабылдамау керек мұндайда. Ұрпағы бар адамның көзі

тірі, артында жақсылығы мен сөзі қалған адамның өзі тірі демей ме. Сол секілді ағайдың тек артында жақсы ұрпағы ғана емес, тағылымды әңгімелері, биік болмысы қалды. Демек өзі тірі деген сөз. Ұлықтай болып артында қалған ұрпағымен көзі аман дейміз.

Иә, жақсы ұрпақ ата-анаға алтын тәжді екі өмірде де кигізеді демей ме? Сол секілді ағайдың тәрбиесін алған балалары бүгінде елдің алғысына бөленуде. Ал, баланың алған алғысы дүниеден өткен ата-анаға нұр болып құйылады екен. Сол секілді ұрпақтарыңыздың игі істері қабіріңізге нұр болып құйылып, нұрыңыздың үстіне нұр шалқыта берсін!

Орман ШАЙМАҒАМБЕТОВ, құдасы
Бөген ауылы

Әріптестер мен
шәкірттер естелігі

Ұстазым менің,
ұстазым...

БАЛА ЗЕРДЕСІНІҢ БАҒБАНЫ

Ұстаздың мықтылығын оқушыларының көзқарасынан байқауға болады. Оқушы өтірік айтпайды. Қалай бар, солай жеткізеді. Мектепте ағаймен бірге қызметтес болдық. Сонда оқушылардың аузынан Әби ағайларының сабақ берудегі шеберлігін жиі еститінбіз. «Әби ағайдың сабағында ертегі тыңдағандай боламыз» дейтін қай оқушы да.

Сөз сөйлеу кез келген адамның қолынан келгенімен әңгіме айта білу, тыңдаушысының зердесіне құйып тастау екінің бірінің маңдайына жазылған қасиет емес. Дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері, көркем тіл, үнді құбылту, образға ену тағы да басқа талаптары баршылық. Әби ағамыз, міне сол талаптарды терең де жан-жақты меңгерген, шынайы ұстаз еді. Шынайы дейтінім, баланы бала дегенмен ол адамның мінез-құлқын тап басып, біліп, байқап отырады. Ұстазды ұнатпаса оның сабағын да сабақ барысындағы әңгімесін де құлықсыз тыңдайды. Ал, Әби ағайда олай емес.

Ол кісі сабырлы, жайлы, ешбір балаға дауыс көтермейді, артық-ауыс сөз айтпайды, мінезін қабағымен ұқтырады, бала да соған беймделген. Міне, бұл нағыз ұстаздың бойындағы қасиет.

Және бір ұстаздық шеберлігі – ол кітаптағы сабақты кітап күйінше айтып шектелмейді, өз жүрегінен шығарады. Мысалы, Сырдың атақты шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуов Фердаусидің «Шаһнамасын» қазақшаға аударғанда оны қазақтық форматта жазып шыққанын білесіздер. Мұқым қазаққа түсінікті болуы үшін, міне, Әби ағайымыз да бүкіл шәкіртке түсінікті болуы үшін, сабағы әр баланың жүрегіне жету үшін қай жазушының әңгімелерін, роман, повестерін немесе батырлық жырларды айтса да өз жан-жүрегінің сүзігісінен шығарып барып, бар болмысымен беріле отырып, баяғы қазақтың жырау, жыршыларындай кейіпкердің образына кіріп, шәкірт жүрегіне

кәусар бұлақтай құйып жеткізетін. Бір сөзбен айтқанда бала зердесінің бағбаны еді ағай.

Ал, әріптес ретінде айтатын болсам, адамгершілігі өте мол адам еді ғой. Ол кісімен сөйлескенде, өз ағаммен сөйлескендей болушы едім.

Мен биыл 91 жасқа қарай қадам бастым. Көп нәрсені ұмытып та қалдым, шырақтарым. Биыл аға жүз жасқа толады екен. Иманды болсын! Ұрпақтарына берген астарың қабыл болсын деймін.

Бақыт ДӘУРЕНБЕКОВА,
қарт ұстаз
Қызылорда қаласы

КӨРКЕМ МІНЕЗ ИЕСІ

Мен 1965 жылы институтты бітіріп келген соң Бөген орта мектебіне мұғалім болып жұмысқа қабылдандым. Мектеп ұжымы мені жас маман ретінде жақсы қабылдады. Сол уақытта, осы мектепте көптеген мұғалімдер болды. Оның ішінде басқа мұғалімдерден шоқтығы биік тұратын, Ұлы отан соғысының ардагері Прекешов Әби ақсақал маған ерекше көрінген еді. Ол кісі қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінен сабақ береді екен. Ол кісінің адамменен байланысы керемет болатын. Бірден етене араласып кеттік. Өзі сондай салмақты, кішіпейіл, сондай ойлы, сөйлеген сөзі адамға ұнамды мұғалімдердің бірегейі екен.

Әби ағаның - Әбекеңнің бала тәрбиесі жөніндегі, сабақты беру тәсілдері жайлы айтатын әңгімелерін тыңдап, тәлім, тәжірибе алдық. Сондықтан ол кісі бәрімізге ұстаз дер едік. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби ұстаз жайында: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін

жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Өнер-білімге құштар, ас қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» дейді. Міне, Әби аға осындай болатын.

Мектептегі жасы үлкені Әбекең болды. Сол уақытта көрнекіліктерді пайдалану арқылы өтетін ашық сабақтар көп болатын. Басқа мұғалімдермен салыстырып қарағанда Әби аға осындай ашық сабақтарды жиі өткізетін еді. Осы сабақтарды өткізуде өзінің белсенділігі өте жоғары. Балаларға, қайткенде білім берем, тәрбие берем деген ойда жүретін біздің Әбекең. Бір жағы мен сияқты жас мұғалімдер көрсін, үйренсін дейтін болуы керек. Бізге «ашық сабақтан қалмаңдар» деп ескертіп жүретін еді. Қазір ой елегінен өткізіп отырсам соның бәрі өзінен кейінгілерге берген тәжірибелік сабақтары екен ғой.

Әбекең екеуміздің арамыз 18 жас, ол 1923-ші жылғы мен 1941-ші жылғымын. Жас аралығына қарамастан құрдас адамдардай бәріміз бірге жүріп, бірге қыдыратынбыз, емін-еркін сөйлесіп, қалжыңдасып жүретін едік. Шіркін-ай деймін де, соның өзі бір-бірімізге деген құрмет, сыйластықтың белгісі екен ғой. Ол кезеңдерде мектеп мұғалімдерінің арасында шақырыспа көп болатын. Мектеп бітіріп, қолына аттестат алған балалардың ата-анасы қонаққа шақыратын, біз сол үйге баратын едік. Ол уақытта Бөген орта мектебінің директоры Жұмағылов Садық ағамыз болатын. Сәкең Әби ағадан екі жас кіші, 1925-ші жылғы болатын. Басқосуларда, дастархан басында бата қайырғанда, сөз сөйленген кезде Әбекең өз жолын үнемі Садық ағаға ұсынатын. Мұндағы айтпағым Әбекеңнің кішіпейілдігі, көрегенділігі деп білетінмін. Ол сондай көркем мінезді жан еді.

Барша өмірін исламның негіздеріне сай қалыптастыра білген дана халқымыз «Ұлық болсаң, кішік бол» деп тура сөз айтқан.

Расында кішіпейілділік – мұсылманның мақтаулы қасиеті болса, ағайдың да мақтаулы қасиетінің бірі осы болмысы болатын.

Имам Муслимнің хадистер жинағында адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мынадай сөзі жетеді: «... Алла кешірімшіл пендесін ардақты етіп, кішіпейіл құлының мәртебесін жоғары етеді» деген екен. Осындай ізгі қасиетті Алла тағала да Құран Кәрімде хас құлдардың сипаты ретінде былай баяндайды: «Рахманның хас құлдары жер бетінде сыпайлықтың шегінен аспайтын жандар. Оларға жөн білмес надандар тіл қатқанда (наданмен надан болмай) оларға Аман болындар деп өз жөнімен кете береді» (Фурқан сүресі 63 аят). Бұл біздің ағаның алтын болмысы емес пе еді. Қазақтың тұтас болмысы Құранға бейімделген деген осы ғой. Құраннан болған сауаптар артыңыздан жетсе екен.

Биылғы жылы марқұм Әби ағамыз жүз жасқа толар еді. Осы айтулы күнді ұрпақтары үлкен ас беріп атап өтуді ниет жасап отыр екен. Ниеттері қабыл, мұраттары асыл болсын!

**Әділхан ӘБДІКӘРІМОВ,
Білім саласының қайраткері,
әріптес інісі, ардагер ұстаз.
Бөген ауылы**

АСЫЛ БОЛМЫСТЫ АРДАҚТЫ ЖАН

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан болады» дегенді айтады. Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновты тыңдасақ, «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен көбірек білім алып шықпақшы», деп тұжырым жасаса, жазушы Мұхтар

Әуезов: «Ұстаз – ұлы есім» деп, ұстазға ең жоғары баға береді. Ұстаз тұрғысында сөз қозғамаған адам жоқ десек болғандай. Оның ішінде әлемдік деңгейдегі белгілі тұлғалар да бар. Жан Жак Руссо: «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деп ұстаздық етудің машақатын осылайша түсіндіреді. Міне, сол мектептің алтын тіреуі Әби аға болатын. Ол кісі мектептің ғана емес ауылдың құрметті азаматы еді.

Әби аға өзінің қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен, сыпайылығымен ауылдастарының құрметіне бөленген жан болды. Мен Астраханнан оқу бітіріп, келгеннен кейін, Арал ауданы Бөген поселкесіне жұмысқа орналастым. Сол кезде бастап ағамен қызметтес болдым. Бұл кісі байсалды, салмақты, білімді, ұлағатты ұстаз үлгісін әу бастан-ақ бойымызға сіңірді. Біз сияқты жаңа келген жас мұғалімдерге ақылын айтып, ұстаздықтың қыр-сырын түсіндіріп, үнемі көмек беретін. Мектепте бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы болды. Жас мұғалімдер мектеп директорының алдына жеке шаруаларымен кіруге бата алмайтын. Осындай кездерде, мұғалімдер Әби ағаларына келіп, жағдайларын айтып, көмек сұрайтын. Әбекең мектеп директоры Садық Жұмағұловпен сөйлесіп, мұғалімдердің жеке шаруаларының оң шешімін табуына көмектесетін. Көп уақыт біздің мектептің кәсіподақ төрағасы міндетін өзінің негізгі міндетіне қоса атқарды. Әрқашан әділ шешім қабылдап, қамқоршы бола білетін.

Әби ағаның бойынан таза қазақылықты көретінбіз. Тарихты, қазақи салт-дәстүрді, белгілі батырлар мен билердің, алаш ардагерлерінің өмір жолдарын әңгімелеп айтқанда, аңтарылып қалатынбыз. Өзі әдебиетші болғандықтан сөзі майда, әңгімесі тыңдаған адамға өте жайлы естіліп, тыңдаған үстіне тыңдай бергің келетін. Осындай бір әңгімесі есіме түсіп отыр.

Әбекең Көкшетаудың санаториясында демалып жатқан кезде жоғарғы мемлекеттік қызмет істеген бір жігітпен танысыпты. Әңгімелері жарасып, аға-інілі болып, қарым-қатынаста болған.

Бір күні әлгі жігіт келіп, Әбекеңе жақын жерде жайлауда анам тұрады, кіші інімнің қолында. Ертең демалыс сол жаққа барып қайтайық депті. Аға келісе кетеді. Ертеңіне жиналып, екеуі інісінің жайлаудағы үйіне келеді. Үйде қарт анасы бар екен, сол күтіп алады. Сәлемдесіп болған соң, жаңағы жігіт: "Апа, қадірлі қонағың келгенде берем деген бір асың бар еді ғой. Сол қадірлі қонағың міне"-деп Әбекеңді көрсетіпті. Олай болса жақсы деп, қалтадағы ұнның ішінен жылқының етін алып, қазанға салыпты. Әңгімелесіп отырып уақыттың қалай өткенін білмей қалыппыз дейді аға. Бір уақытта иісі мұрынды жаратын, буы бұрқыраған, ет те келіпті. Сол еттің дәмі әлі аузымнан кетпейді дейтін. Сол жігітпен хат жазысып, ағалы-інілі болып, жақсы байланыста болған екен. Ал, әлгі інісі Әбекеңнің кішіпейілділігі үшін құрметтеймін дейді екен.

Ағаның бойындағы қарапайымдылық, кішіпейілділік барлық іс-әрекетінен байқалып тұратын. Қимыл-қозғалысын, өзін-өзі ұстауын, мінез-құлқын, тәртібін, сөзін, киген киімін аңдап қарасақ болғаны оның ішіндегі жақсы қасиеттері аңғарылып тұратын. Бұдан бөлек, о кісінің өзге адамдарды сыйлауы, олармен қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылығы, жастарды басқалардан ерекшеленуге әрекеттенбеуге шақыруы бәрі-бірі Әби ағамның өз болмысындағы асыл қасиеттері еді.

Сондайқұрметкебөленгенардақтыағамызбүгіндеортамызда жоқ. Тек Әби ағаның алтын асықтай ұл-қыздары еліміздің түкпір-түкпірінде адал қызмет етуде. Қарашаңырақтағы Нұрлан деген баласы әке аманатын адал атқарып жүрген Бөген ауылының белгілі азаматы. Алла қаласа биыл Әби ағайымыз жүз жасқа толады екен. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Пауадин БҰХАРБАЕВ,
Білім саласының үздігі,
әріптес інісі, ардагер ұстаз.
Байқоңыр қаласы



Әкеміз Әби мен анамыз Ақжан




**Шешейдің әкесі - Дәулет, анасы -
Төлебике**



**Әкейдің анасы -
Жамила**



Әкейдің ағасы Дүйсен, жеңгесі Төлеш



Дүйсен қызы Қарлыға



**Әкейдің інілері Нұрғазы,
Кенес, келіні Сара**




Әкей майданда, 1945 жыл.



Әкей майданда, 1943 ж.



**Әкейдің
әскерден
елге оралу
сәті,
1948 ж.**



**Әкей
мұғалімдік
еңбек
жолында**



Әкей алғашқы оқушыларымен



Әкей мектеп қызметкерлерімен



Әкей оқушыларымен



Әкей оқушыларымен



Әкей мұғалімдер кеңесінде. Әріптестері: Ж.Садық – мектеп директоры, Ж.Тілеужан, Ө.Тағыберген, Ә.Тастыбай және т.б.



Әкей әріптестерімен



Әкей оқушыларымен



Мектеп ұжымы. Көркем-өнерпаздар байқауы, 1969 жыл.



Әкей оқушыларымен



Әкей оқушылармен кітапханада



Әкей балабақша қызметкерлерімен



Әкей мектеп қызметкерлерімен




**Мектеп ұжымы.
Өнер-байқауына қатысу сәт, 1970 жылдар.**



**Әкей мектеп ұжымымен,
ауыл ақсақалдары және ағасы П.Дүйсенмен**



**Әкей зейнеткер.
Мектепте жиналыста**



Әкей зейнетте. Жеңіс күніне - 55 жыл, 2000 жыл.



**Інісі - Кеңес, келіндері - Бибсия, Сара, Майраш, құдалар.
Алматы, Медеу. 1985 жыл.**



**Жеңіске - 60 жыл. Әкей жеңгесі Төлеш, інісі Жайлаубай,
келіні Сара және әулеттегі інілері-келіндерімен. 2005 жыл.**



Әке шешеміз жанұясымен, Ұл қыздары - Гүлжан, Ұлбосын, Нұрлан, Нұрхан, Жұман, 1968 жыл.



Жеңістің - 60 жылдығы. Әкей құдаларымен тойлауда




Әке-шешеміз. Ұлы Нұрлан, алғашқы немерелері Сәндібек. 1990 ж.



Әкей немерелерімен. Фархат, Сәндібек, Жәнібек, Ельнұр, Эльвира, Назарбек, Наурызбек, Әлішер. 1998 жыл.



**Ұлы Нұрханның үйлену тойы.
Құдалар, туыстар, достар. Жаңатас, 1991 жыл.**



**Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне тағзым ету. Баласы Нұрхан,
үлкен келіні - Гаухар, немерелері Жәнібек, Наурызбек.
Түркістан, 1998 жыл.**



Әкей ұл - қыздары, келіндері, немерелерімен. 1998 жыл.



**Әкей ұлы Нұрлан, келіні Гаухар,
немересі Гүлжамалмен. 2001 жыл.**



**Жұмабек пен Құралайдың отбасында.
Назарбек пен Жібектің үйлену тойында, 2020 жыл.**



Әкей 75 жаста. Ұл-қыздары, күйеу баласы, келіндері, немерелерімен



Әкей 84 жаста.



Інісі Жайлаубай мен келіні Сараның жанұясы



Гүлжан мен Бахтиярдың жанұясы



Әділ мен Ұлбосынның жанұясы






Нұрлан мен Гаухардың жанұясы



Нұрхан мен Гульжанның жанұясы



Жұман мен Шаттықтың жанұясы



**Жұмабек пен Құралайдың жанұясы.
Немересі Элмира**



Немересі Нұрасыл



Әділбек пен Жазираның жанұясы



89 В-099975

8

ВОЕННЫЙ БИЛЕТ

НТ № 0600065

Фамилия Прекшегов

Имя А.Б.

Отчество _____

Число, месяц и год рождения 12 октября 1923

Личная подпись владельца [Signature]


Выдан Кролевским

районным военным комиссариатом
Калининградской области (республики)

21 Марта 1983 г.

ВОЕННЫЙ КОМИССАР

М. П. [Signature]
Калин
(Подпись, печать)



Прекшегов
А.Б.

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,
ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ,
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ
ПОВЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА
В БЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941 — 1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
11 марта 1985 г.
НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ


ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
II степени

Секретарь Президиума
Верховного Совета СССР [Signature]

№ ордена 186578

г № 679708

Орден ОТЕЧЕСТВЕННОЙ Войны II-степени ордена



1946 жыл шілде айы - Медаль за победу над Германией в военной отечественной войне 1941-1945г. от имени Президиум Верховного совета СССР



“Медаль «за ОТВАГУ”.



Кенес одағының Маршалы Г.К. Жуков медалі



Медаль 1948жыл.
“Совет армиясы мен флотына 20-жыл”



“Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 20-жыл”



Украина мемлекетін фашистерден азат етуге қатысуына байланысты, және 60- жылдың мерей тойдың тойлануына байланысты медаль.

**Трицать лет
победы в великой
отечественной
войне 1941-1945г.**



**Ұлы Отан Соғысы
жеңісіне 40-жыл**



**Ұлы Отан
Соғысындағы
Жеңіс -60 жыл.**





КСРО Қарулы
Күштеріне -70 жыл.



1983 жыл “Еңбек
ардагер” медалі



“Ұлы Отан Соғысының Жеңісіне 55 жыл” белгісі



Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 50-жылдығы

60- лет
Вооруженных Сил
СССР 8 июня 1979
год.



Астананың 10 жылдығы
медалі



Жоғары білім төсбелгісі




Тегеріс Қазақстан жері Ақыл-Тіл сабағын мерекесі – Тіл-Өлең айтысында мерекесінің 35 жылдығына арнап жергілікті жиілікте ұйымдастырылды дегенді білеміз.

Сіздің және Сіздердің ұстаздарыңыздың Ақыл-Тіл мерекесіне қатысуыңыз өте маңызды және қажетті. Бірақ бұл мерекенің өткізілуі үшін біздің қолымызды қолдайыңыз. Сіздердің білімді ұстаздарыңыздың қолдауымен біздің мерекеміз өткізіледі.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

Мамыр айының мерекесіне арнап жергілікті жиілікте ұйымдастырылды дегенді білеміз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.



41 45 Мамыр

Қызылорда облысының білім беру департаменті


Қызылорда облысының білім беру департаментінің директоры

М. ШЕРМАҒАНБЕТ

К. ЕРМАҒАНБЕТОВА

Қызылорда облысының білім беру департаментінің директоры

Мамыр айының мерекесіне арнап жергілікті жиілікте ұйымдастырылды дегенді білеміз.




Мамыр айының мерекесіне арнап жергілікті жиілікте ұйымдастырылды дегенді білеміз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.



ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

Мамыр айының мерекесіне арнап жергілікті жиілікте ұйымдастырылды дегенді білеміз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

Арқандық мерекесінің маңызын білгеннен кейін, біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз. Біздің мерекемізді ұйымдастыруға қолымызды қолдайыңыз.

ҰСТАЗДЫҚТА ҮЛГІ, ӘКЕЛІКТЕ ӨНЕГЕ, ҚОҒАМДА ТҰЛҒА БОЛДЫ

Өзі қасиетті үш мекен болады дейді. Біріншісі Мекке мен Мәдине, екіншісі Мекке мен Мәдинедей болған ата-ана, қос қолтығыңнан сүйеп жетілдірген туған жерің, ал үшіншісі ең алғаш білім алған ордаң, білім берген ұстазыңның табаны тиген жер дейді. Сол секілді менің туған жерім мен алғаш білім алған, ұстаз көрген алтын ордам ол Бөген ауылы.

Иа, мен, туған жерім Бөгендегі З.Шүкіров атындағы №20 орта мектебінің алғашқы табалдырығын 1971 жылы аттап, 1977 жыл аралығында 6 жыл білім алсам да туған жерімнің топырағы мен төбесінің тәмсілі бөлек, теңізінің бір тамшы суының татымы басқа. Ұлы Абайдың «Адамның адамшылығы ең алдымен жақсы ұстаздан» деген дана сөзін туған жерімде алғашқы білім нәрімен сусындатқан ұстаздарыммен байланыстырамын осындайда. Бұл қос жұмағымның жұптасқан жері емес пе.

Мысалы мен үшін мектепке алғаш келгенімде күлімдеп қарсы алып, қолыма қалам ұстатып жазуды үйреткен, қасиетті Әліппені оқытып сауатымды ашқан Сұлушаш апайымның (жаны жаннатта болсын) орны бөлек. Оның жылы сөзі, қамқор көңілі, аялы алақаны, талапшыл мінезі ешуақытта санамнан өшпейді. Бастауыш кластан өтіп, орта буын класқа аттаған қадамым Әби ағайыммен (жүзі пейіште шалқысын) байланысты.

Әби ағайымыз «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен сабақ бере жүріп, біздің класс жетекшіміз болды. Бұл тәрбие мен тәлімнің, білім мен біліктің ұшстасатын уақыты еді. Өйткені біз өткелең шақта тұрдық. Бастауыштан бастап «Білім ал, жақсы оқы» деген сөздерді Сұлушаш апайымыздан естіп келсек, енді, Әби ағайымыздан «Жақсы ұстазды өзіңе үлгі тұт, қоғамда, ортаңда үлкен азамат бол, адам бол» деген сөздерді естіп, есейдік. Ағайдың бойындағы қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншілігі мен шәкірттеріне деген

мейірімділігі егіз ұғымдай қатар жүретіндей көрінетін маған. Ұлы Отан соғысының сұрапыл ортасынан келсе де жүзінен еш қаталдықты көрмейтінбіз. Мүмкін соғыста көрген қатігездік пен жауыздықты шәкірттеріне мінезімен көрсеткісі келмеген де шығар. Ұстаздың ұстаздығы да осында жатқан шығар, бәлкім. «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын ол - ұстазым Аристотель», -деп Александр Македонский айтқандай бұл ұстаздардың алдынан шыққандар қазір үлкен белестерден аттап өткендер.

Адам баласы алғаш білім алған ұстаздары қандай болса, кейінгі алған білімдерінде де сондай ұстаздарға жолығып, білімнің сара жолында болатын сияқтысың. Сол біліммен еңбек жолыңды бастағанда да сондай ортаға түсіп, сол орта сені дара жолға салып, үлкен белестерге жетелейтіні анық екен. Бұл менің өмірлік тәжірибем десем болады. Сондықтан туған жерімнен алған алғашқы білімім – қазіргі жетістіктерімнің бастамасы деп білемін. Қазіргі ортада шәкірттеріме үлкен өмірге жол сілтей отыра, азамат болып қалыптасуыма тән қасиеттерін берген Әби ағайымды үлгі ретінде айтып отырамын.

Ағай мектепте ғана емес, қоғамда, ортада, ауыл мен аудандада үлкен құрметке бөленген жан. Үлкен мені кішіге қадірмендігі мен ағайынгершілігі басым болатын. Бұл жайында елдің берген бағасы анық. Бірақ мен сол құрметтің артында жұбайының тұрғанын айтқым келеді. Ол үйдегі анамыз сырбаз да, мейірімді, ағайынға жаны ашитұған асыл жан – Ақжан апамыз болатын. Егер сол кісінің қолдауы, еңбекқорлығы болмаса Ағайдың ел алдындағы беделіне нұқсан болған болар еді. Мұндайда қазақ «Алғаны жақсы жігіттің, айдарынан жел есер» деп артындағы шептің тектілігін тілге тиек етеді. Ал, дінімізде бұл жайында көптеген мысалдар келтірілген. Айталық Омар ибн Хаттаб (р.а.) риуаят етуінше Алла елшісі: «Иманды әйел – қайырлы іс жасамайтын 1000 еркектен де қайырлы» деген. Себебі, ізгі әйел шаңырақтың керегесі іспетті» дейді.

Құранда «Ал ізгі әйелдер – Аллаға толық мойынұсынатын және ерлерінің алдындағы міндеттерін қалтықсыз орындайтын, сондай-ақ Алла олардың құқығын қалай қорғаған болса, олар да дәл солай ерлері қастарында болмаған кезде де ерлерінің құқығын аяқасты етпей лайықты түрде сақтай білетін жандар» деп келетін жері бар екен. Бұл ағайдың жұбайының ізгі ұстанымы емес пе еді.

Имам әл-Мунауи: «Кез келген әйел кісінің бойынан сабырлық, тақуалық, қанағатшыл сынды көркем сипаттар табылса, онда ол жұмақ иелерінің қатарынан болады. Алайда, әйелдердің арасында мұндай қасиеттермен ерекшеленетіндер өте аз. Себебі, салиқалы әйел – ақ дақтары бар шәу қарға сияқты өте сирек кездеседі» деп осындай аналарды меңзегені анық. Бұл Әби ағайдың жарына берілген елдің бағасы. Халық солай деген соң біз де анамызға алтын адам деп қараймыз.

Және, ағай да отбасында асыл әке бола білген жан. Ғұлама Адий деген кісінің мынандай бір сөзі бар: «Базардан жеміс-жидек алып үйіне әкелген адам садақа сауабын алады. Әкелген жемісті ұл балаларынан бұрын қыз балаларына берсін! Әйелдерді, қыздарды қуантқан адам Алладан қорқып жылағандардың сауабын алады. Ал Алладан қорқып жылағандардың денесі тозаққа харам болады» деп қызды қадірлеуді әсиет еткен екен. Сол секілді ағай да өз қыздарымен қоса өзгелердің де қыздарын қадір тұтатын. Қыз бала отырған жерде бәсең сөйлеңдер деп сыныптас ұлдарға ұдайы айтатын.

Міне, біздің ағай осындай бір алтын адам еді. Ұстаздық десе ұстаздықта үлгі, әке десе әкелікте өнеге, қоғам десе қоғамда тұлға болды. Оның әңгіме айтып отырған болмысы өте бөлек болатын. Ел сөзін бір бөлген емес. Осының барлығын бір басына тәңір өзі сый етті емес пе.

«Ұстаз – ұлттың тірегі». «Ұстазға көрсетілген құрмет – ұлтқа көрсетілген құрмет» деп білемін. «Шәкіртіне білімін, тәрбиесін адалынан берген ұстаздың жаны жаннатта» деген Алла тағала.

Біз бүгін 100 жасқа толғалы отырған ұстазымызды еске ала отырып, елдің баласына берген білімі мен тәрбиесі ұрпағының алдынан жақсылық болып шығатынына сенімдімін.

**ИЛЬЯСОВ Алмас Төребайұлы,
Қаратау қаласы.
Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері**

СОНДАЙ КІШІПЕЙІЛ ЕДІ-АУ...

Әбекең мәдениетті, сыпайы, білімді, қарапайым, қабақ шытпайтын сабырлы кісі болатын. Мектепте ұжымына сыйлы, ауыл тұрғындарына қадірлі ағамыз еді. Ұлы Отан соғысының қатысушысы, ардагер ұстаздан кішіпейілділікті, сыпайылықты үйрендік десек те болады. Иа, ол кісі сондай кішіпейіл еді-ау.

Әбекеңнің аса ардақты болуының негізгі себебі осы кішіпейілділігі болса, құрметті болуы адамгершілігінің жоғарылығынан болатын. Кішіпейілділік болған жерде адам баласында тәкәппарлық пен менменсіну сияқты жаман қасиеттер болмайды. Ал, адамгершілік деген нағыз адалдық деген сөз емес пе. Мұндайда дана халқымыз «Жемісті ағаш иіліп тұрады» деп, кішіпейіл адамды жемісті ағашпен сипаттайды. Солай, Әбекең нағыз жеміс төгіп кеткен алтын діңгекті ағаш еді.

Әбекеңдей адамдардың бүгінде азайуынан «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» - деген халқымыздың қасиетті ұстанымы алыстап бара жатыр ма деп ойлаймыз кейде. Рухани құндылықтары таяз, моральдық принциптері жұқарған батыс елдеріне еліктеушілік халқымызды жақсы құндылықтардан, «жақсы адам болу» деген түсініктен ажыратып, еліміздің іргесін

ыдыратып жатқандай. Шіркін Әбекеңдер осы кезде болғанда ғой. Дүйім елге үлгі болып, шарапаты шашылар еді ау дейсің.

Алла Елшісі (с.ғ.с.) өзінің ұлы миссиясы туралы: «Расында, мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберілдім» – деп түсіндірген. Пайғамбарымыз бен сахабаларымыз билік етіп тұрған кезеңдерде де олар адамдармен қарапайымдылықтың шекарасынан аспай қарым-қатынас жасаған. Осылайша олар өздері айтқан дана сөздерге амал етулері арқылы бізге таптырмас үлгі бола алды. Ал, Әбекең Кеңес заманында жүріп те осы сүннетті ұстанды емес пе. Кішіпейіл болу – Алла тағаланың бізге өсиет еткен ұлы құндылығы. Сол құндылықты ел болып сақтап қалуды Алла тағала баршамызға нәсіп етсін. Ол үшін осы ағамыздай азаматтарды көбірек насихаттау, солар жайлы көбірек айтып, жазуымыз керек деп есептеймін.

Туысқандық жақындымыз болған соң әлде нағыз адами болмысы көз алдымда қалған соң шешемнің апасының баласы, туған бөлеміз болып келетін Әбекеңді көп жерде айтып отырамын. Оның қызықты әңгімелері де еміс-еміс есте қалыпты.

Ауылда мектептің қасында үлкен төбе болды. Марқұм болған Қожағазы ағай, Тасмағамбет ағай, Жұмағали ағай, Әби ағайлар жиналып, сол төбенің басында әңгіме-дүкен құратын. Әбекең әңгімешіл кісі еді, армия, соғыс туралы, оқыған кітаптарындағы оқиғаларды майын тамызып айтып отыратын. Біз бала кезімізде сол кісілердің әңгімелерін тыңдап өстік.

Бір қызық оқиға болып еді, соны айтып берейін. 1985 жылы мен мектепке жұмысқа тұрдым. Сол жылы, 9 мамырда мен, Әби ағайдың нағашысы Ермағанбетов Сағындық, Әбілмәжин аға, үшеуіміз балыққа бардық. Үшеуіміз үш қап сазан алдық. Біз балығымызды үйімізге алып кеттік. Сағындық келіп қалған Әби ағай мен Сәдуов Әбжамиді мерекелік дастархан жайып күтіп алып жатқан. Ол заманда міндетті түрде мерекелік тілектер айтылатын. Кеңес үкіметінің кезі болса да, ауылда қазақи

салт-дәстүр бар болатын. Жезде мен балдыздың, нағашы мен жиеннің де арасында қалжың жүретін. Өңгіменің қызу кезінде далаға шыққан Әбекеңді Сағындықтар іздей қоймайды. Аулада біраз уақыт тұрған Әбекең, нағашысы іздемегесін қайтып кетеді. Бірақ, бос кетпейді. Балықтың үстіне шинель жабылған екен, шинельді киіп, нағашысының бір қап сазанын арқалай кетеді. Балығын іздеген Сағындық біраз уақыт іздеп әуре болады, бірақ, соңынан Әбекеңнің «жиендік» жасағанын түсініп, санын бір-ақ соғады...

Бүгінде осы оқиғаны ислам құндылықтары тұрғысынан қарайтын болсақ, күлкі, шаттық, әзіл-қалжың – адам тіршілігінің ажырамас бөлшектері екен. Онсыз өмірдің өзін елестету мүмкін емес. Асыл дініміз Ислам да біреуге күлкі мен қуаныш сыйлауды садақаға балайды.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) да сахабаларының көңілін көтеріп, қуаныш сыйлау үшін қалжыңдайтын болған. Демек жанындағыларға шаттық сыйлау мақсатында айтылған әзіл де Алла Елшісінің (с.а.у.) сүннеті болмақ. Жөнімен айтылған қалжың әлбетте қуаныш сыйлайды. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қиындатпай, жеңілдетіңдер, кеудеден қақпай, қуаныш сыйландар» дейді.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) жұмсақ мінезін аша түсетін, біреудің кемшілігін емес, керісінше, мәртебесін көтеретін көптеген әзіл оқиғалары келтірілген. Анас ибн Мәліктің (оған Алла разы болсын) құлағының үлкендігін мақтан етуді меңзеп, оны Алла Елшісі (с.а.у.): «Уа, екі құлақтың иесі» деп атағаны бар. Мінекей, жымия жүріп әзілге жақындығы Алла елшісінің сүндеті еді. Енді міне, сол адамзаттың алтын тәжі Мұхаммед с.ғ.с сізге, Әби ағай, шапағатшы болсын деп артыңыздан дұға етіп отырмыз.

Ал, енді, мына құран оқытып, ас бергелі жатқан Әби ағайдың балаларына көп-көп рахмет. Аллаға шүкір, Әбекеңнің ұлдары бар, қыздары бар. Бәрі бір-бір шаңырақ болды, олардан

немере-шөберелері бар. Барлығының да тату-тәтті, аман-есен болып, өсіп-өне берулеріне шын жүректен тілектеспін.

**Ысқақ ҚОРЕНОВ,
Бөген ауылы.**

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ҰЛЫЛЫҚ ДӘНІН СЕПКЕН

... Ұстаз. Оңашада өткен кездер ойға оралып, еріксіз естеліктерге жетелей жөнелді. Көз алдыма мағыналы өмір сүрген жүрекке жылы бейненің, жаны жайсаң тұлғамен арақұра араласқан сәтті кездер жылжып өтіп жатты. Ұстаз бейнесі - шәкірті үшін адамгершіліктің жоғарғы үлгісі. Тәлім алған аяулы жандар жүрек түбінде сақталып қалады екен. Абай атамыз:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға,–деп бұл қызметтің маңыздылығын көрсеткен болатын. Жан-жағына жарық сеуіп, жол сілтейтін шамшырақ болып жүрген ұстаздарсыз шынайы һәм ақиқат білім алу мүмкін емес. Сондықтан ұстаз тұлғасы, ұстаз бейнесі әрдайым биік болуы тиіс. Ендеше сол биіктікті қалай жырласам екен?

Ойларымды қағаз бетіне түсіргенде екі бағытты басшылыққа алайын. Алғашқысы, тәлім-тәрбие және болашаққа бағыт-бағдар алған шәкірттік кезең деп қарастырып көрсем. Әрине, бұдан Әби ағайымның болмысын толық аша алмаспын, бірақ құрметімді осылай жеткізсем.

...Бөген аулы сыртындағы аэродромда Аралға баруға самолет күтіп отырған жолаушылар отырмыз. Жазғы каникул кезі-ау. Өзіме қарай беттеген Әби ағайды көріп қысыла әрең

сәлемдестім. Сонда ағай жайдары жүзімен маған мейірлене қарап:

- Шалдың баласы, жазатының бар екен ғой, аудандық газетке өлеңдерің басылыпты, талабың оң болсын, біз де қуанып жатырмыз, хабарласып тұрсайшы,- дегені. Мен дым түсінбей, үндемей қала бардым. Қаладан оралып, ауылдық кітапханадан газет тігінділерін ақтара іздей бастадым. Бір топ өлеңдердің астында Б. Тәжімбетов, Қазалы қаласының ақыны деп жарияланған, яғни Балтабай ақын. Бұл жөнінде ағайға батылым жетіп айта алмадым. Әби аға ол кезде сабақ бермесе де мектептегі барлық шәкіртеріне деген тілектестік, қамқорлығын сездім. Жоғарғы кластарға көшкенде жарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаздың бейнесін көріп, алдында тәлім алдық. Өзінің бар күшін, қуатын бала тәрбиесіне арнаған, қасиет қонған мамандықтың қадірменді иесі атанған - Әби ұстаз алдында отырдық.

...Әдебиет сабағын бүкіл класс асыға күтетінбіз. Қоңырау соғылып, есіктен маң-маң жүріспен, маңдайы жарқырап, бұйра шашын артқа қайырған ағай сыныпқа енгенде бәріміз қуанушы ек. Бізге басын изеп, жымия күліп мұғалімдер столына беттейтін еді. Журналды қойып, терезеге жақындай барып шашын сілкіп, бір ұшын ширатып, қоңыр, майда даусымен сабақты бастап кететін.

Класта жаппай үнсіздік, қиялға берілген оқушылар әңгіменің қалай аяқталғандығын сезбей қалатынбыз. Ұстазымыздың киім кию үлгісі, жүрісі, сөйлеу мәнерін, баланың мінез-құлқына қарамай шапағатпен жанына кіре білетіндігін көріп өстік.

Екіншісі, менің № 20 Бөген орта мектебіне келіп еңбекке араласуым. Ұжымға араласып, жеткіншектерге білім беру жолында да аға буын ағайлардың көмектері ұшан теңіз. Өйткені олар жатсынбай орталарына тарта білді. Бірде Әби ағай:

- Болатжан, баяныңды тартып, добыңды теуіп жүре бересің бе, әдебиетке жаның жақын, институтқа түспейсің бе,- деді.

Сол қамшы болды ма, Қызылорда педагогикалық оқу орнын тамамдадым. Міне, бұл шәкіртіне сабақтағы емес, өмірдегі ұстаздығы емес пе?

Осы ұстаздардың сапында біздің мектептің алтын діңгектері Алимұрат, Әби, Садық, Айнадин, Тағыберген, Тілеужан, Әбжами, Қожағазы, Жұмағали, Жеткер, Қапи, Әділхан, Жетес, Тастыбай т.б. ағайлар тұрды. Мен олардың қолдарына су құйып, ет турап беріп, шәкірттік қызмет еткеніме ризамын.

Жастық шағында соғыс майданында ел қорғап, өмір жолы үлгі тұтарлық өнеге- үлкен тәлімгер, әр шәкіртінің жүрегіне ерекше жылулық нұрын сепкен ұлағатты ұстаз Әби ағаның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

**Болатбек ТӘЖІМБЕТОВ,
Ақтөбе қаласы.**

ҰЛАҒАТ ҰЯСЫ

Әби ағай деген есім аталғанда көз алдымнан тізбектеліп көп нәрселер өте береді. Ақ шағыл құмға көмкерілген Бөген ауылы, Түбек, Теңіз, алтын ұя-мектеп өн бойыңды шымырлатып, тәтті бір сезімге бөлейді.

Бөген ауылы шағын болса да бірнеше бөліктерге бөлінген. Біз Түбек жағында тұрдық. Керемет балалық шағымыз осы Түбекте өтті. Ұлағат ұясы десем де болады. Өйткені бұл түбекте Әби ағай, Жалғас ағай, Сейділда ағай, Әлімұрат ағай, Айнадин ағай, Зейнолла Шүкіровтың әкесі Әнәпия атаның үйі тұрды. Кешке қарай Бөгеннің ақ шағыл құмында керемет көрініс басталады. Түбектің балалары, жоғарыдағы ұстаздар, үлкен кіші жиналып, құмға аунап жатып, балалар ойнап, ұлағатты кісілердің әңгімесін тыңдап, рахат күйге бөленуші едік.

Ұстаздарымыздың әңгімесі бір шежіре. Әңгіме Әби ағай

туралы болғандықтан, ағай туралы есімде қалған естеліктерді айту парызым деп санаймын. Әби ағайдың жұбайы - Жалғас ағайдың қарындасы Ақжан апа. Әжем айтып отыратын Әби мен Ақжан көпке дейін бөпелі болмай, Әби айтушы еді «бір соқыр қыз берсе болады» деп. Сөйтіп жүргенде құдай беріп, балалы - шағалы болды ғой – деп. Алладан тілегі қабыл болып Гүлжан қызы өмірге келген екен. Гүлжанды біз Майкөл дейтінбіз. Кішкентайында сабырлы, салмақты, байыпты болып көрінетін. Одан соң Ұлбосын өмірге келді. Біз Ұлбошқа дейтінбіз. Шамасы ұл тілеп жатыр ғой. Тілегін Алла беріп, Нұрлан өмірге келді. Сол жыл 1963 жыл - Қоян жылы болатын. Түбектің әрбір үйінде Әлимұрат ағайдың - егіз баласы, Мәлика-апайдың қызы, Айнадин ағайдың - ұлы , біздің - Лиман өмірге келді. Бір-бірімізбен ойнап жүріп бөпелерімізді айтып мақтанатынбыз .

Нұрланнан кейін де Алланың қалауымен балалар өмірге келіп жатты. Ақ үй, Алтын орда деп ерекшелеп жататын үйлерден де биік болып көрінетін, теңіз жағасындағы Алтын ұямыз – Зейнолла Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебі еді. Осы мектепте өткен оқушылық кезіміз өте қызық еді. Мектепке баруға асығып тұрушы едік. Біздің ұстаздарымыз сан қырлы, сан сырлы керемет жандар еді. Біздер 1954-55 – жылдары дүниеге келген, 1972жылдың түлектеріміз. Әби ағай бізге 8,9,10 – сыныптарда әдебиет пәнінен дәріс берді. Ағайдың сабағын асыға күтуші едік. Себебі, ағайдың бітім-болмысы, жүріс-тұрысы , сөйлеген сөзі жанымызды баурап, сабақ өте қызықты өтуші еді. Түстен кейін факультативтік сабаққа да асығып жетуші едік. Табиғатынан таза ұстаз, педагог болып туған жандар бізге сабақ берген екен. Қандай бақыттымыз. Оның бәрін кейін біліп жатырмыз ғой. Ағайдың әрбір қимылы, көзқарасы, жаныңа жайлы сөзі – тұнып тұрған тәрбие екен. Диктант, мазмұндама, шығарма жаздырады. Әсіресе, шығарма жазудың қыр- сырын, тақырыпқа сай эпиграф таңдау дегендерді ағай санамызға құйып, дағдыға айналдырған еді.

Біз қатар 3 класс оқыдық. Ағай үш класқа да сабақ берді. Дәптер тексеру деген - бір үлкен жұмыс. Оны кейін білдік. Ағай әр кластың жақсы оқушылары - Рахила, Раушан, Марал, Әсемкүл, Бағымкүл, маған : - мына дәптерді тексеріп келе қойшы- деп береді. Біз мәз болып қуанамыз. Өзімізді бір сәт мұғалім сияқты сезінетінбіз. Кейін ойлансам, біріншіден ағайға көмек, екіншіден бізге сынақ, үшіншіден болашаққа бағыт-бағдар екен ғой.

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлы мұғалім - шабыттандырады, - дейді ғой. Біздің Әби ағай бізді шабыттандыратын - Ұлы ұстаз екен.

Мектебімізде іс-шаралар көп өтетін. Әсіресе, «кітап оқушылар конференциясы» осы ағайлардың басшылығымен керемет өтуші еді. Ұстаз боламын деген мақсат арман қала - Алматыға алып келіп, Қазақтың үлкен білім ордасы болып саналатын ҚазГУ – дің филология факультетінің студенті етті. Адамға негізгі тәрбиені де, білімді де мектеп береді екен. Бес жыл оқыған студенттік өмірімде өзімнің сүйікті ұстаздарымнан алған тәлім-тәрбием мен білімім әрдайым алдымнан шығып тұратын.

Мен 1972 жылы бітіргенмен 1973 жылы оқуға тустім. Бір жылдан кейін 1974 жылы мектеп бітіріп, Әби ағайдың үлкен қызы Гүлжан шет тілдер институтының ағылшын факультетіне оқуға түсті. Гүлжанға Әби ағай: - Қазына ҚазГУ-де оқиды. Екеуің бірге жүріңдер. Бір-біріңмен хабарласып тұрыңдар,- деген ғой. Бұл ағайдың маған Гүлжанға қарап тұрсын деген үлкен сенімі болса, екіншіден әр нәрсені әріден ойлатын әкелік қамқорлығы еді. Әке аманатын, тапсырмасын бұлжытпай орындаған Гүлжан бос уақыттарын үнемі менімен өткізетін. Туған сіңілімнен де артық болды десем болады. Талай жиындарда Қазына апасымен баруды әдетке айналдыратын.

1978 жылы оқуды бітіріп, мен Бөгенге кеттім.

Менің кластасым Тілектеспен бірге оқитын Бақтияр деген Шымкенттің жігіті үнемі келіп жүретін. Өзі пысық, сымбатты жігіт еді. Сөйтсем, менің Гүлжаныма қырындап жүр екен. Сол жігіт алып кетіпті. Сол жылдардан кейін 2019 жылы мектебіміздің 100 жылдық тойында Гүлжанды бір-ақ көрдім. Бақтиярымен бірге ұлды ұяға, қызды қияға қондырған бақытты ата мен әже болыпты. 2021 жылы Алматыға жолым түсіп, Бақтияр мен Гүлжанның үйінде Тілектес кластасым жұбайымен бірге қонақта болып, бақытты отбасының куәсі болдық.

Сонымен бір кезде армандаған мақсатымызға жетіп, Әби ағайдың жолын қуған ұстаз болып, алтын ұя мектебімізге Рахила, Марал, Бағымкүл, Болатбек бір топ кластастар ұстаз болып оралдық. Осылайша алғашқы ұстаздық жолымды өзімнің сүйікті мектебімнен бастау болашақ жақсы ұстаз болуыма баға жетпес құнды қадам болғанын әлі күнге дейін ерекше сезіммен айтамын.

Мектепте қайнаған жұмыс. Осы мектепті кезінде медальмен бітіріп, кейін осы мектепте еңбек жолын бастаған Қанатбаев Жеткерген аға: - талай мектепте жұмыс жасадым, бірақ Бөген орта мектебіндей керемет мектепті көрмедім- деген еді. Ұстаз ұлағаты деген осы шығар. Бір күні Әби ағай ұзақ уақыт болмайтын болып, 10-кластың әдебиетін беруді уақытша маған тапсырды. Өзіме кезінде әдебиеттен сабақ берген ағайымның орнына енді мен барамын. Қалай болар екен!? Сонда мектептің оқу ісінің меңгерушісі Қапи ағайдың: - Көкем, өз пәніңнен бірінші рет сабақ берейін деп тұрсың, сабағыңды жоғары деңгейдегі дайындықпен өтуің керек. Жақсы, не жаман ұстаз болуың осы сабағыңа байланысты екенін ұмытпа” - дегені. Бұл Әби ағайыңның атына сын келтірме деп тұрғандай. Жақсы дайындалуым қажет деп қатты ойландым, қалай болар екен деп уайымдадым. Ертеңіне үш оныншы класқа сабағымды өтіп шықтым. Оқушыларымның жүзі балбұл жанып, сабақтан

кейін де маған деген ыстық ықыластарын білдірді. Ұлы ұстаз Әби ағайымның орнын алмастыра алғанымға, сол деңгейде сабақ беру мүмкіндігім ашылғанына қуандым. Бұл мен үшін зор жетістік, болашағыма үлкен даңғыл жол еді.

Осылай бір жыл уақыт та өте шықты. Жазғы мектеп бітіру емтиханы басталды. Шығарма жаздыру, оны тексеру деген жұмыстарда ассистент болдым. Бұл да Әби ағайдан үйренген бір ісім еді. Әби ағайымызды айта отырып, №20 З.Шүкіров атындағы алтын ұя мектебімізді ұлағат ұясына айналдырған ұлағатты ұстаздарымды да мақтанышпен еске аламын. Осы бір жыл мен үшін бүкіл ұстаздық жолымның мәніне, бағдаршамына айналды. Кейін отбасылық жағдайыммен Қызылорда қаласындағы №1, №173, №253 мектептерде ұстаздық жолымды жалғастырдым. Ғұлама ұстаздар Бақытжан Бекішов, Жамал Қожаназаровалардың алдында сынақтардан сүрінбей өтіп, үлкен сенімге ие болдым. Сол үшін де әуелі Аллаға, сосын ұстаздарымның алдында басымды иемін.

Бірге бітірген мектеп оқушыларының әрбірі Әби ағай жайлы тамсана айтар еді. Десе де, 1972 жылғы түлектердің атынан 10Б сыныбының старостасы болған Сайлау Маханбедиев былай дейді:

- Бізді ол кезде мұғалім қазір маған не айтып қалады деген ойлар әрдайым мазалап тұратын. Ұстаздарымыздың ішінде Әби ағайымыз ешкімге ұқсамайтын ерекше ұстаз еді. Сабақ оқытудағы сөз байлығы, әрбір тақырыпты қазақи болмыспен сабақтастырып, сабақ сұрауда оқушыны пікірталасқа, әңгімеге тартуы - балалардың қызығушылығын оятып отыратын еді. Сол кезде ағай 50-лер шамасында екен. Бізге үлкен адамдай көрінетін. Әби ағайдың әркез күлімсіреп, көңілді жүруі, оқушылармен жастарша әзілдесе кетуі оқушылардың өзін еркін сезінуіне оң әсерін тигізетін. Бірде сыныптасым Ержан Нұрғалиевтан ағай сабақ сұрады. Жалпы Ержанның сабақ оқуға ынтасы болмағанымен, күлкілі әңгімелерді айтып жүруге

бейімділігі бар болатын. Ағайдың негізгі материалға қосымша ретінде айтқан кейбір қызықты сөздерін ойында ұстап қалған Ержан соларды қайталай берді. Ағай оның кітапты ашпағанын білсе де, күлкіге айналдырып: «оқыған екенсің, бірақ ойыңды өте қысқа жеткіздің. Әдебиеттен сабақ айтқанда кеңірек, алыстан, анау Балдайдың үй жағынан айналып келу керек еді,» - дегені есімде қалыпты. Балдай біздің сыныптасымыз. Үйі ауылдың шетінде, мектептен алыс орналасқан. Біз ду күліп жатырмыз.

Әби ағайдың тақырып бойынша шығарма алып, оны талдаған кезде айтқан бір сөзі әлі күнге дейін есімде және оны өмірден кездестіріп те жүрмін. Ағай: «адам өз ойын толық жеткізіп беруде екі топқа бөлінеді. Бірі – қолына қалам алса болды, еркін көсіліп, ойындағысын көркемдеп жазып шебер жеткізуге бейім, бірақ соны айтып беруде шорқақ болады. Екіншісі – сөз бастаса тоқтамай, жүйе-жүесімен жеткізеді, соны жазып беруге келгенде екі сөздің басын құрай алмайды», деген Әби ағайдың ерекше сөзін еске аламын.

1972 жылғы мектеп түлектерінің атынан:

Қазына БОРАНБАЕВА
ҚР Білім беру ісінің үздігі.
Сайлау МАХАНБЕДИЕВ
сынып старостасы

БІЗ АҒАЙДЫ ЕШУАҚЫТТА ҰМЫТПАЙМЫЗ

Мен Әби ағайды бір ерекше бір құрметпен еске аламын. Мен түгіл тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым сондай бір ізетпен еске алған. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылай хан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқожаны, Жамбыл – Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. Олар сол ұстаздарынан өмірге негізгі керектілерін алды, өмірлеріне арқау етті. Сол сияқты мен де Әбидей ағайымыздан болашақ өміріме керекті ұлағаттар жинадым.

Әби ағай десе, көз алдыма қара торы шашы бір жағына толқынданып қайырылған байсалды тұлға елестей кетеді. Орташа бойлы, үнемі жимиып күліп жүретін. Бізге 8-сыныптан бастап дәріс берді. Даусын көтермей, биязы сөйлеп, бір орнында қаққан қазықтай болып тұрып сабақ түсіндіретін. Қазақ тілі мен әдебиет пәні біз үшін ең керемет сабақ еді. Оқушыларға еш уақытта дауыс көтеріп сөйлемейтін, ол кісінің жүріс-тұрысынан, дауыс эмоциясынан-ақ оқушылар үнемі жиналыңқырап, өздерін ретке келтіріп отыратын. Әсіресе, қазақ тілі сабағында оқушылардың жазу колиграфиясын қатты қадағалайтын. Біз үнемі ол кісінің тақтаға жазған жазуындағы әрбір әріптің салыну элементтеріне мән беріп қарайтынбыз. Біздің жазуымыз осындай болса екен деп қызығатынбыз. Сабақ түсіндіргенде оқушыларды көңілдендіріп, арасында ретті жерінде күлдіріп отыратын. Әсіресе, шығарма жазған кезде, оның жоспарына, шығарманың жоспары сәйкес жазылуын, одан ауытқып кетпеуін назар салатын. Жоспар бөлек, жазылған шығарма бөлек болса, онда ол кісі ондай жазылған шығармаға қанағаттанбайтын. Жазылған шығармаға сәйкес эпиграф болуын талап ететін, ол шығарманың мазмұнын толықтырып, әр беріп тұратын. Осындай талапшыл ұстаздың алдынан дәріс

алып, мектеп бітіргенімізді де білмей қалдық.

Мектеп бітіргеннен кейін осы кісінің ізін жалғастырып, біз де қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалім болуды таңдап, пединститутқа түстік. Сыныпта бірге оқыған Қазына да Алматының ҚазГУ-нің филология факультетін бітірді. Оқу бітіргеннен кейін өзіміз оқыған №20 -шы Бөген орта мектебіне қайта оралып, бітірген мамандығымыз бойынша жұмыс істей бастадық. Мектепте жұмыста жүргенде жас маман болғандықтан, ағайдың бізге үйретері әлде де көп болды. Әсіресе 10-сыныптар қазақ тілімен әдебиет пәнінен емтихан тапсырған кезде, олардың тапсыратын бір пәні әдебиеттен шығарма жазу болды. Осы кезде емтихан комиссия мүшесінде болып, оқушылардан емтихан алдық. Шығарма жазу 6-сағатқа созылатын. Соның жоспарын құру, шығарманың жазылу беті, оған қойылатын бағалар туралы айтып түсіндіріп беретін. Мектепте ғұлама жазушылардың атаулы күндеріне байланысты өткізілетін кештің ұйытқысы болатын. Ашық сабақ, апталық, сахналық кештер, сыныптан тыс жұмыстарды өткізуде басшылық жасайтын. Оқушылардың кітапханамен байланыс жасауына қатты көңіл бөлетін. Өйткені, кітап - адамның рухани азығы, кітап-білім қазынасы. Кітапханамен байланыс жасай отырып оқушылардың әдеби кітаптарды оқуын қадағалап, оқыған кітаптар бойынша кітапханашымен бірлесе отырып, кеш өткізетінбіз. Әсіресе, кештің тартымды өткізілуіне қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Құрманәлиева Гүлнар белсенді ат салысып ерекше көзге түсетін. Сахналық көріністе олардың депорациялануы, безендірілуіне өте көңіл бөлетін. Әр сыныпқа байланысты сыныптан тыс оқитын кітаптарды таңдап оқуға кітапханашы Күнзираш үнемі бағып бағдар беріп отыратын.

Ағай сабақты көрнекі құралдарды, методикалық түрлі әдістерді пайдаланатын. Ағаймен қызметтес болған кезде осындай үйренеріміз көп болды. Әби ағай қазақ тілі мен

әдебиет пәнінің майталман мұғалімі болды. Зейнетке шығып, ардагер ұстаз, ауылдың ақылман ақсақалына айналды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бірнеше немеренің атасы болды. Балалары жоғарғы оқу орнын бітіріп, өз мамандықтарының иесі болып қызмет жасауда. Адам ұрпағымен мың жасайды деген ол кісінің игі істерін кейінгі ұрпақтары жалғастыруда. Ол кісі бұл пәниден өткенмен, оның берген тәлім тәрбиесі, салиқалы сөздері, білімі еш уақытта ескірмей есте қалып сақталып келеді.

Иә, ұстазының алғысын алмаса, алған ілімінің берекесін көре алмайтындығына сенген халық емеспіз бе. Тіпті ұстазды қатты құрметтегені сонша – есігін қағудың өзін әдепсіздікке балап, сыртта тұрып, шыққанын күткен елденбіз. Шәкірт ұстазына ғана емес, оның жақындарына да құрметпен қараған халық ұрпағымыз. Ұстазының үй жағына аяқ созып жатудың өзін тәрбиесіздік деп білгендерденбіз. Ұстазы өмірден озған жағдайда, ата-анасына дұға еткеніндей, оны да қайырлы, игі дұғасына қосқан жандарданбыз. Сондықтан ұлы ұстазымды Алла мейір шапағатыңа алғайсың.

Біз оны еш уақытта ұмытпаймыз.

**Марал ТІЛЕУЖАНОВА,
шәкірті, ҚР Білім беру ісінің
үздігі**

ЖАҚСЫНЫҢ ЖОЛЫ

Сырдың көк теңізге құяр сағасында қатар қонған екі ауыл бар. Бұл дария мен теңізді тел емген ежелгі Бөген мен Қаратереңнің өзгелерден ерекшелігі жұрттың назарына іліккен. Бөгеннен жиырмаға тарта ақын, жазушы, журналистер шыққан десе, көршілерімізді көк аспанға көз тіреген ұшқыштар ауылы деп атайды. Қалам ұстағандарға табиғат берген талантпен бірге,

«бұлақ көрсең көзін аш» дегендей әдебиетші ұстаздардың арқасы десек қателеспейміз. Қазақтың қайсар қаламгері Зейнолла Шүкіровтың туған топырағында туып-өскен, жағада бірге жүзіп, құшақтап қырға шығарған аға-інілері тегін бола ма? Әдебиет пәнінің мұғалімдері Әби Прекешов, Жалғас Құрманов дәл осындай ағайлар еді. Олар сабақты шәкірттерінің санасына сіңіріп, құлағына құйып жіберетін. Әлі есімде, сабақты түсіндіргенде «Зейнешханның қорасы оқтай тұзу» дегенде мектеппен іргесіндегі көкеміздің күнде көріп жүрген қорасы көз алдымызға келе қоятын. Немесе, Көнебөгеннен оқушылар таситын автокөлігінің жүргізушісі Сержанды «Аяқ-қолы балғадай шофер» деп суреттегенде, батыр денелі ағамыз елестеп, қозғалақтап қалатынбыз. Көрдіңіз бе, мынадай түсіндірулерден кейін оқуға қыры жоқ шәкірттердің өзі көздері жанып кететін. Осындай тума талант ұстаздардан дәріс алған ондаған бөгендік балалардың қиялына қанат бітіп, бүгінде көркем сөздің көрігін қыздырып жүргені бекем емес-ау деймін. Сондай мың бұлақтың көзін ашып, үлкен өмірге қадам бастырған білім нәрімен сусындатқан ұстаздың бірі – Әби Прекешов болатын.

Ағамыз 1923 жылы Бөген ауылының Қосуақ елді мекенінде дүниеге келген. «Мектебіміз Нұржан ишанның үш бөлмелі мешітінде еді, сонда бастауышты бітіріп, Бөгенде жеті жылдықты аяқтадық, – деп еске алған екен. Прекеш ақсақалдың үлкені Дүйсен ел басқару ісіне жастайынан араласқан белгілі азамат еді. Сонау 1921 жылы Повольже бойындағы аштыққа байланысты 14 вагон балық жөнелтуге белсене араласқан ол кейін колхоздастыру кезінде көшбасшы болды. Көп жыл ұжымшар басқарып, партия ұйымының хатшысы болған. Ауылдың бірлігі мен тірлігіне елеулі үлес қосқан, ел ішінде төбе бидей төрелік айтқан абыз ақсақал еді.

Текті әулеттен тәлім-тәрбие алған Әби ағамыз ат жалын тартып азамат болғанда соғыс басталып кетті. 1942 жылы

19 жасында майданға аттанды. Алдымен «Дубовка» деген жерде әскери даярлықтан өтеді. Содан қазан айында Қалмақ даласында болған соғысқа қатысады. Тарихта бұл жерде қиян-кескі шайқас болғаны белгілі. Ал 1943-1945 жылдары Украина, Белоруссия, Венгрия, Польша жерлерін азат етуге қатысып, жеңісті Германиядан қарсы алған. Жауынгер ағамыз туған жерге 1949 жылы ғана оралды. «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», тағы басқа медальдармен, «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Елге келген соң Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетін сырттай оқып бітірді. Ол көп жылдар бойы З.Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінде ұстаздық етті. Әби ағайдың шәкірттері бүгінде елге белгілі қаламгерлер, әдебиетшілер мен ғалымдар екенін атап өткен жөн.

Саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған майдангер сабырлы да салмақты мінезімен елге беделді ауылдағы ақылшы ағасы, абыз ақсақалы еді. Көненің көзіндей, бидің өзіндей Әби аға отырған жерде елдің өткен-кеткені әңгіме болып, талай шежірелі сырлар, игі жақсылардың ғибраты айтылатын.

Ғасырдан астам тарихы бар ауыл мектебінің тарихын жинақтаушылар ағамыздан өткен заманның деректерін тәптіштеп жазып алғанын білеміз. Ол сонау дүрбелең жылдардың демін сезініп, от пен оқтан аман келген, туған жерінде туын тігіп, өнегелі ұрпақ өсірген қазыналы қария еді.

Жалпы ұстаздар – өз пәндерінің табиғатына сәйкес ерекше есте қалатын сияқты. Бастауышта білім беретін Әнуар Загидулина апай сондай балажан еді. Ауыл мектебінің химигі Шәйкен Нәкешов институтта сабақ беретін оқытушыдан артық болмаса кем емес еді. Қапи мен Тілеужан ағайлардың тәрбие мен тәртіптің тезі есіп тұратын. Әби ағамыз әдебиет пен өлкенің тарихын, шежіресін сабағында әдемі кіріктіріп, шәкірттерінің зерделі болып өсуіне тәрбиелейтін. Әлі есімде,

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын өткенде кербез ақын мен сұлу табиғатты шабыттана, әсерлі түсіндерер еді. Кейін Көкшені көргенде бала кезгі ағай әңгімелерінің әсері көз алдымызға келді. Өлкеміздің жер-су аттарының тарихын да сол кісіден естіген едік. Ауылда «Орманбет төбе» деген үлкен төбе бар. Жаугершілік заманда қарауыл болғандай биік еді. Ертеректе археологтар қазған болуы керек етегінде сүйектер мен көмір, тас шашылып жататын. Бұл туралы ел аузында «Он мың ноғай өткен жер, Орманбет хан өлген жер» деген аңыз да бар. Ал Көнебөген мен Қамау елді мекендерінің арасындағы екі адамның құшағына симайтын көне екі жидені сол Орманбеттен қалған деген аңыз-әфсана бар-тын. Міне, осындай-осындай бағзы замандардан жеткен әңгімелерді біздер Әби ағайдан естіген едік. Туған жердің тарихы, топырағының тылсымын өткен мен бүгіннің өрнегін жалғаған, шежірелі кеуде, құйма құлақ сырбаз ұстаздар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жете бермек.

Жеңіс күні сол Орманбет төбенің етегіне барып оқушылармен алау жағылатын. Майдангер ұстаздар жорық жолдары жайлы естеліктерін айтатын. Ал жауынгер Әби Прекешов өзінің майдандас досымен кейін қатысып тұрғанын қызы Гүлжанның естелігінен біліп жатырмыз. Шайқаста шыңдалған достық бейбіт күнде жарасымды жалғасын тапқан. Жазғы демалыс күндері ағай қызы Гүлжанмен Украинадағы досына сапар шегеді екен. Аралдың ысталған, қақталған қаяздары мен ақбалықтарын майын тамызып досының үйіне базарлыққа апаратын көрінеді. Сөйтіп, жасыл желекті жерлерде екі-үш апта мейман болып, қанды көйлек достарын еске алып, марқайып қайтады екен. Досы да Аралға бірнеше мәрте келіп, Бөгеннің құмына аунап, теңізге демалып кеткен көрінеді. Әуеден жауған оттан, қардай бораған оқтан аман қалған екі достың сыры өз алдына бір әңгіме. Жеңісті жақындатқан қос майдангердің шынайы достығы жас ұрпаққа үлгі-өнеге емес пе?!

Әбекең апамыз Ақжан екеуі бәйтеректей үлкен әулеттің

алтын діңгегі болып, немере-шөбере сүйіп, салиқалы ғұмыр кешті. Бүгінде олар туған жердің топырағында мәңгі тыныстап жатыр. Ұл-қыздары мұғалім, инженер, жүргізуші секілді бір-бір мамандықтың иесі атанып, өз шаңырақтарын шаттыққа бөлеп отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген халық даналығы. Жақсының жолы, мағыналы, өнегелі өмірі салиқалы ұрпақтарымен жалғасын табуда. Майдангер, ұлағатты ұстаз Әби Прекешовтің биыл туғанына жүз жыл толар еді, ал жақсының жолы ғасырдан да ұзақ болатыны белгілі.

**Жұматәли ӘБДІРАМАН,
Қазақ журналистикасының
қайраткері.**

ҰСТАЗ ТІЛЕГІ

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы –деп ақын Ғафу Қайырбеков жырлағандай ұстаздың шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, жан жылулығы - жүрекпен жазылған бір дастан десек қателеспейміз. Шәкірт жүрегіне өмір дастанын жазып келе жатқан біздің Бөген осындай талап үдесінен шыға білген бақытты ауыл. Ұстаздары ұлы ғалымдай, шәкірттері жанған жалындай болып келе жатқан ауыл болса, сол ұстаздардың төрінде тұғыры биік тұлға - Әби ағай тұр дер едім.

Сондай асылдың бірі болған ардақты ұстазымыз Әби ағай, міне биыл 100 жасқа толады екен. Яғни, ғасырына туатын ғаламат жан ғасыр жасын толтырып жатыр. Бұл шәкірт үшін асқаралы таудың басында нұройнағаны емеспе? Бабаларымыз ілім үйретуші ұстаздың орны жоғары бағалаған. Ілім үйрету - ең сауапты әрі қадірлі іс болып есептелген. Қасиетті Құранда: «Айтшы, білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» («Зүмәр»

сүресі, 9-аят), - делініп, көзі ашық, білімді адамның тұғыры қашанда биік тұратындығы айтылса, хадистерде де ілім үйретушіні әрдайым сыйлап, құрметтеу керектігі ескертілген. Ұстаздарымды ойласам осы қасиетті сөз тіліме келе қалады.

Иә, қайран сол күндер десеңші. Атақты ақын З. Шүкіров атындағы №20-шы Бөген орта мектебінің 1972 жылғы түлектері сол бір сағыныш күндерді ешқашан ұмытпақ емес. Мектепта 10-а, 10-б, 10-в сыныптары болдық. Мен 10-в сыныбынан, сынып жетекшісі, әрі тәрбиеші ағайымыз математика пәнінің мұғалімі Әділхан Әбдікәрімов болатын. 10-В сыныбында Аққұлақ, Қорашалаң, Аманөткел ауылының балалары оқды. Интернатта жатамыз. Тамақ тегін, кітапхана тегін, бәрі бар, әкең-шешең барлық жағдайды жасап тұр. Барлығы риза. Қанағатшыл едік. Әрбір пәннің өз ерекшелігі, өз қызығы бар. Сонда да әдебиет сабағын асыға күтеміз. Ағай келе жатады. Үстінде қоңыр жасыл костюм, байсалды жүріс, бұйра шашын, шырайлы жүзімен ойлы көзқарасымен бір шолып өткенде класс іші ерекше күйге енетін еді. Қолында 10 в деген журнал, дәптерлер бар, бізді көріп, күлімсірей бастайды. Қазақтың маңдайына біткен біртуар жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда еңбегі орасан зор еді.

М. Әуезовтың Абай жолы романындағы Абай өмірінің балалық, жастық шағын баяндағаны әлі есімде. Сабақтан соң кітапханаға барып, сол жайлы ізденіп оқитын едік. Жазушының романдарынан үзінді баяндаған кезде, кейіпкері болып сол оқиғада өзіміз болғандай болып тыңдаушы ек. Сөйтіп отырғанда қоңырау соғылады. Жалғасын табу үшін ағайды келер сабақта асыға күтіп жүруші едік.

Бір күні С.Сефулиннің «Сырсандық» деген өлеңін жаттау, мазмұнынан ашық тәрбиелік мәнді талдау керек деген тапсырма берілді. Өлеңі мынау:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара сырласым.
Сым пернені басып қара,

Басып қара жырласын.

Осы бір шумақтан не ұғамыз деген сұраққа пікір, ой қосамыз. Адамның өзіндік сыры болады, оны бөлісетін адамы болады. Сөзді кез келген адамға айтпау керек. Түсінігі дұрыс емес адамға айтсаң сыр жайылып кетеді, кейін өкініш қалады дегендей ой түйінделді. Осы пікіріме қуанған ағайым «Әдебиет деген - адамтану ғылымы» деген болатын.

Осындай ұлы ұстаздан бағыт-бағдар алған соң ба мектеп бітіргеннен кейін мен де ұстаздық жолды таңдадым. Әуелі бастауыш сыныпқа 10 жыл дәріс беріп, кейін қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 40 жылдай ұстаздық еттім. Қызылорда қаласындағы №179 орта мектебінде ұстаз болумен бірге оқушыларды олимпиадаға дайындап республикалық жарысқа қатысып, орын алып та жүрдім. Бұл Әби ағай салған сара жолдың жалғасы еді.

Оқуға түсер кезде алғашқы емтиханда шығарма жаздым. Тақырыбы: «Кітап - білім бұлағы» болды. Емтихан алушыға ұнаған болуым керек. Менің шығармамды атады да, - мектепте қазақ тілі менен әдебиеттен кім сабақ берді деді бір кезде.

Мен: - Прекешов Әби ағай дедім ұстазымды мақтан тұтып. Кейін ұстаз болып, ағаймен әңгімелескен кезде осы көріністі айтып едім. Ағайдың жүзі балбұл жанып, көңілі көтеріліп қалды. Ағай маған мектепті оқып жүрген кезімде 5-6-7-класстың дәптерлерін мазмұндама шығарма жазғандарды тексеріп көрші дейтін. Тексеріп қараймын, бірақ баға қоймаймыз, тек қатесін жөндейміз, не өзіне жөндетеміз.

Кейін ағайға:

- Сіз бізді мектепті оқып жүргенде осы пәннен сабақ беретіндей дайындаған екенсіз – дедім.

Ағай болса:

- Сол кезден-ақ әдебиетке қабілетінді сезгенмін, әдебиетке барса деп тілегенмін - деді. Ай, адам алдын болжап білетін ұстазым-ай. Біздің мектеп оқушыларының көпшілігінің тіл байлықтары мол, сөзін мақалдап сөйлейтін, шығармашылыққа

бейім түлектер болды. Соның бәрі Әби ағайымыздай ұстаздардың еңбегі. Ұстазымыздың ұлағатты жолы шәкірттер үшін өнеге. Халқымыз ондай жандар туралы:

Ғалымының хаты өлмейді,
Жақсының аты өлмейді – деген.

Ұстазым, жаның жәннәтта болсын, жатқан жерің жайлы болсын, топырағың торқа болсын. «Надандардың арасындағы ғалым - өлілердің арасындағы тірі секілді» (Кәшфул-хафа, әл-Ажлуни) демекші сіз біз үшін мәңгі тірісіз.

**Бағымкүл ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,
ҚР Білім ісінің озық қызметкері.
Қызылорда қаласы**

БЕЙНЕСІ ӘР ЖҮРЕКТЕ САҚТАУЛЫ

Бөген орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Прекешов Әби ағаймен жақын таныстығым ол кісінің 1968 жылы, мен оқитын 5 «б» кластың класс жетекшісі болып қабылдап алуынан басталды. Осы жылдан бастап мектеп бітіргенше класымыз Әби ағайдың жетекшілігінде болды. Ағайымыз тек қана жақсы жақтарымен есімізде қалды. Ол кісі бізді ұрсып, қорқытып-үркітіп тәрбиелеген жоқ, бәрімізді өз баласындай көретін. Ақжарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді ағайымыз өз ісіне берілген, еңбекқор, білімді, мейірімді жан еді. Өз бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңірді. Шәкіртіне деген ренішін де ешқандай зәбірсіз көзқарасымен, сөздерімен жеткізе білетін. Әби ағай әрқайсымызға жеке адам, тұлға ретінде қарайтын. Әр баламен мінез-құлқына, жалпы жағдайына байланысты жеке-жеке сөйлесетін. Біздің кластан мектепті отыз бала бітіріп шықса, жылдар бойы тәлім берген ағайымыздың аяулы бейнесі әр шәкірттің көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақтаулы.

Мен ілгеріде, мұғалімдер күніне байланысты, марқұм болған ағайларымды еске алып, «Сағынып жүрмін» деген тақырыппен аудандық «Толқын» газетінде жарияланған, жүрегімнен шыққан лебізімде:

«Оныншы сыныпты бітірерімде «Бахыт өзінің ойын көпшілікке еркін жеткізе алады, болашақ дәрігер болуды қалайды» деп өз қолымен мінездеме жазып берген, «Құдай бар ма, жоқ па?» деген балалық сұрағымызға, «Құдай жоқ деп оқытыңдар деп жатыр ғой, бірақ, құдай қаласа, Алланы мойындататын уақыт келеді әлі» деп есік жаққа ұрлана қараған, сынып жетекшіміз болған, көркем мінезді, жүрісіне ісі сай, бойына киімі сай, шашын әдемілеп қайыратын Әби ағайды сағындым» деп жазыппын.

Ұстаз – баланы адам қылып тәрбиелеп, жүрегіне болашаққа мақсат қоя білуге сенім ұялататын зор тұлға. Әби ағайдай ұстазы бар адам әр кез бақытты деп ойлаймын. Ағайдың мінездемесінде жазып берген «Жолдасбаев болашақта дәрігер болуды қалайды» деген дуалы сөзінен болды ма, ол кезде оқуға түсу жай қарашаға қиын болса да, ізінен қалмай жүріп, Ақтөбедегі мемлекеттік медицина институтына түсіп, тәмамдадым. Дәрігер болып отыз алты жыл елге қызмет істеген екенмін. Әби ағайдың осындай жетістікке жеткен шәкірттері баршылық.

Оның бер жағында, ағайымның Нұрлан есімді баласы, менің Гаухар есімді қарындасыма үйленіп, құда болдық. Мен қарындасымның Әби ағай мен Ақжан құдағайымыздың тәрбиесіне түскеніне іштей қуандым. Бұрын шәкірті ғана болсам, бұдан кейін қарым-қатынасымыз жаңа деңгейге көшті. Туысқандық қарым-қатынаста да Әби ағай салиқалы ойларымен, жақсы әңгімелерімен, кеңестерімен, өмірлік тәжірибесімен ақылшы болып, біздерді де өзінің бауырына тарта білді. Мен ауылда жұмыс істеп жүрген жылдарымда ағайға үнемі барып тұратынмын, ол кісі бір жағынан біздің отанға

жиен болып келетіндіктен әзіліміз де жарасатын. Қазір қара шаңырақтағы Нұрлан мен Гаухар қарындасымның немерелі болып, сол отанның үлкен ата-әжесі болып отырғанына дән ризамын.

Әби ағай Ұлы Отан соғысының қатысушысы, ардагер ұстаз болса да өте қарапайым кісі еді. Жетінші-сегізінші кластарда оқып жүргенде «Ұлан» журналына соғысқа қатысқан азаматтар туралы мақалаға конкурс жарияланып, соған қатыспақшы болып ағайға бірталай сұрақтар қойғанымда, «Бахыт-ау, біз көппен бірге соғыстық қой, біздің ауылда анадай-анадай, үлкен-үлкен ерлік көрсеткен орден медальдары бар соғыс ардагерлері бар ғой, соларды жазсайшы» деп маған кеңес бергені есімде. Ағайдың өзі туралы жазғанды қаламағандығын, ол кезде түсінбесем де, қазір қарапайымдылығының, кішіпейілділігінің көрінісі деп түсінемін.

Биыл тірі болғанда Әби ағай 100-ге толады екен. Аяулы ұстазымызды, ардақты ағамызды құрметпен еске ала отырып, көре алмай кеткен қызығын, алла тағала, ұрпақтарына, немере-шөберелеріне берсін деп тілеймін.

**Бахыт ЖОЛДАСБАЕВ,
Бөген ауылы**

НҰРЛЫ АҚЫЛ ИЕСІ

*«Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде,
күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.»*

Серке Қожамқұлов.

Біреу туған жеріңді мақтаса, тап бір өзіңді мақтағандай төбең көкке жетеді. Өйткені, ол - шыр етіп жарық дүниеге келгенде алғаш рет жауырының тиген, кіндік қаның тамған

жер... Сондықтан туған жердің тұғыры әркез биік. Арал - әр уақытта ары таза, жаны жомарт, ісі нық, сөзіне берік, ынтымағы жарасқан жандардың мекені болып көрінеді маған.

«Тартыппын теңіз саған мен,

Дауылым берсе маған дем.

Өзімнің жұмсақ көңілімдей,

Көк пүліш кілем жағаң кең»-деп жырлаған Аралдың мақтанышы, қайсар мінезді ақын З.Шүкіровтен бастап қасиетті топырақ талай дара тұлғаларды өмірге әкелді. Сол даралар сапына парасаттылық пен білімнің шамшырағы болған Ұстаз - Прекешов Әби ағайды қосқым келеді.

Мен ұстаздан жолы болған адаммын: мектепте де, университетте де, еңбек жолымда да... Олар менің болашаққа деген мақсаттарыма ықпал етті, өмір жолымды айшықтады, мәңгі бағдарларын берді. Соның ішінде бала шақта үлгі болған ұстаздардың орны бөлек. Соның бірі де бірегейі Әби ағай.

Прекешов Әби ағай бізге (1969 жылғыларға) 6-7-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Қоңырқай, жылы жүзді, қашанда толқынды шашы сәнмен қайырылып тұратын сымбатты ұстазымның сабағына үнемі дайындалып келуге, сабақта белсенді болуға тырысатынымын. Асықпайтын жүрісі ақырын, байыппен сөйлейтін, сабырлы, сырбаз, ешқашан ашу шақырмайтын. Сабақ түсіндіргендегі қоңыр үні, оқушыны қызықтыратын білімі, баламен тіл табыса білетін жүрегінің жұмсақтығы оның Ұстаздық бейнесін аша түсетін.

Әлі күнге дейін есімде, бірде мынадай қызық жағдай болды. Ағайдың сабағында қалыптасқан үрдіс болатын. Ол: сабақ түсіндірген кезінде маңызды ақпараттарды, ережеге қатысты мысалдарды ағаймен бірге бәріміз қайталап айтатынбыз. Сол күні мен, неге екенін білмеймін, біресе сөмкемді ашып, біресе кітабымды парақтап, көп қозғалып кеттім. Бәрі ағайдың айтқан ережеге қатысты мысалын қайталауда. Көппен бірге мен де қайталадым: «Ол сабақтың үстінде тыныш отырған жоқ.»

Сөйлемді айтып болғаннан кейін, бәрін енді түсініп, ағайға жалт қарадым. Ағай мейірімді жүзімен: «Иә, сен сабақтың үстінде тыныш отырған жоқсың.» - деді жымыып. Мен өз қылығыма ұялдым.

Қазір мен ұстазымның жолын қуып, осы жауапты мамандық иесі болдым. Кішкентай жүректерге үлкен армандарды жасауды үйретіп жүрмін. Осы оқиғаны есіме алғанда ұстазымның жағдаят кезіндегі шеберлігіне тәнтімін. Бір ғана есімдіктің (Ол - сен) орнын ауыстыру арқылы, ешқандай артық әрекетсіз, жылылықпен менің көңілімді сабаққа аударды.

Ағайдың сабақ түсіндіруінің арқасында менің әдебиетке қызығушылығым артты. Шығармадағы образдар әлемін танытып, құндылықтарға баулыды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болуыма да әсерін тигізді. Ұстазымнан үйренерім көп болды. Кейін туған жеріме мұғалім болып келгенімде, зейнетке шыққан ағайым маған қолдау жасады, қиындық болған кезде ақылын айтып, жол көрсетті. Бұрынғы шәкірт пен Ұстаз диалогы мұғалім мен Ұстаздың әңгімесіне ауысты. Сондықтан жақсы мұғалім тек білім берумен шектелмейді, шәкіртіне қашанда жақын, тілекші.

Архивтерімді қарап отырып, осыдан 24 жыл бұрынғы жазбамды тауып алдым. Онда:

«Бұл альбом 36 жыл бұрын қиын да ардақты ұстаздық жолға арнаған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері, қазір құрметті демалыстағы зейнеткер Прекешов Әбиге арналады. (Альбом мектебіміздің 80 жылдығы қарсаңында дайындалынды. Дайындаған: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сермаханова Айгүл) деп Ұстаздың өнегелі өмір жолы, отбасылық бақыты туралы деректер енгізіппін.

Әлемге мәшһүр Бөген деген ауылдың ойып алар орны бар бір тұлғасы болса, ол – Әби ағай дер едім. Талай жүректерге білім беріп, арман сыйлаған ұстаздығынан бөлек елді аузына

қаратқан дуалы сөзі, ғибратқа толы әсерлі әңгімелерін бүгінде сағына іздейтініміз жасырын емес. Кейін зейнетке шыққанда ауылдағы белгілі төбе басында жанына үлкен-кішіні жинап беріле әңгіме айтып отыратын. Сол жиналғандарға «Ағай қандай хисса, дастандарды, аңыздар мен тарихтарды айтып жатыр екен?» деп қызыға қараушы едім.

Ел алдында ұйытып, баурап әңгіме айту өнері – ол нағыз өнердің шыңы. Оған табиғи болмыс, жағымды дауыс ырғағы, сөз саптау тағы, тағы көптеген критерилер кіретіні белгілі. Міне, соның бәрі біздің аяулы ұстазымыз – Әби ағайдың бойында тоғысқан еді. Ұстазымның сол бір қуалай соққан қоңыр желдей, таза да тартымды үні оқушы күнімнен құлағымда сазды әуендей естіледі.

Әрбір жанның ұмытпайтын есімі - Ұстазының ұлық есімі. Ыстық жүрек пен нұрлы ақыл иесі болған ұстазымды ұмытпаймын және құрметтеймін.

Айгүл СЕРМАХАНОВА,
Арал қаласы

БІЗ ОНЫ САҒЫНАМЫЗ

Анығында «ұстаз» деген кім? Ұстаз - шәкіртін өмірге баулушы, оған өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін егуші, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, өзінің тәжірибесімен бөлісетін жанашыры әрі ақылшысы. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы. Міне,, сондай асыл жанның бірі марқұм, Прекешов Әби ағай болды.

Ағай біздің класқа сынып жетекшісі әрі қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінен сабақ берді. Ағайдың мінезі бірқалыпты, миығынан күліп қойып жүруші еді. Қатты дауыс көтергенін естіген емеспін. Сондықтан болар, ағайдың сабақ бергеніне қатты қызығатынымын, қазақ тілі мен әдебиетінен беретін мұғалім боламын деп армандадым. Кітапханаға келген әдеби кітаптарды жастығымның астына жастанып жүріп оқушы едім. Содан болар, тіл байлығым жетік, шығарма жазғанда тек еркін тақырыптарға көсіліп, ылғи да 4 пен 5 деген баға алып жүрдім. 10 сыныпты бітіретін қорытынды емтиханда да шығарманы еркін тақырыпқа жазып, нәтижесінде 5 деген баға алғанмын.

Сенен әдебиетші шығады деген ағайымның қолдауымен мектеп бітірген соң арман қуып, Алматының Қазақ мемлекеттік университетінің (КазГУ) қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне құжаттарымды тапсырдым. Баяғыша, өзіме сенімді, еркін өскен ауылдың баласымын, емтиханда шығарманы тағы да еркін тақырыпқа жазып, үш деген баға алып қалдым. Содан, мыңдаған баланың ішінен еркін тақырыпқа жазып, үш алу деген үлкен жетістік екенін қайдан білейін, сенім артқан ағайымнан ұялып, бір жағынан намыстанып, келесі емтиханды тапсырудан бас тартып, құжаттарымды алып елге қайтқаным ғой. Сөйтсем менде оқуға түсуге мүмкіндік болған екен. Бұл бәлкім балалық шығар, бәлкім намыс болар, әлде ағайдың алдында ұятты болдым деген түрім ба, білмеймін. Әйтеуір ағайдың бетіне қарай алмайтындай болдым сол кезде. Өйткені мен ұстазымды қатты құрметтеуші ем. Әлі де құрмет тұтамын, мақтан етемін. Ағайдың аты аталған жерде оқушы секілді орнымнан атып тұрғым келеді.

Имам Ағзам Әбу Ханифа: «Арамызды жеті көше болғанына қарамастан, ұстазым Хаммадтың үй жағына әдепсіздік болмасын деп ешқашан аяғымды созып жатып көрген емеспін. Қанша жылдан бері әр намаздарымнан кейін ата-анаммен қоса ұстазымды да қайырлы дұғама қосып келемін», - деп, өзін ілімге баулыған, әдеп пен тәрбие үйреткен ұстазына өмір

бойы қалтқысыз құрмет жасап, үнемі жақсылық тілеп өткендігін айтқан.

Имам Шафиғи бір малшыны көргенде, ізетпен орнынан түрегеледі. Қасындағылар: «Малшыға сонша құрмет көрсеткеніңіз қалай?», - деп сұрағанда, «Бұл кісі кезінде қанша кітапты қарап таба алмаған бір мәселенің жауабын маған үйретіп еді, сондықтан бір рет те болса ұстаздық жасаған кісіге құрмет көрсетуді өзіме міндет деп білемін», - деп жауап берген. Осы екі имамның құрметінен кем емес менің де құрметім.

Әби ағайдың қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болған талай шәкірттері бар екеніне сенімдімін. Ағайдың үлкен қызы да, құрбымыз Гүлжан, әкесінің ізін қуып мұғалім болды. Зейнеттік жасқа шыққанша тұрған жерінде, ағылшын пәнінің мұғалімі болып, колледжде сабақ берді.

«Адам қайтыс болғанда, амал дәптері жабылады. Мына үш кісінің ғана сауабы жалғаса береді: артынан дұға жолдайтын игі ұрпақ қалдырған, ел игілігіне жарайтын дүние салдырған, артына ілім қалдырған адам» (Сүнән, Ибн Мажә), - деп, ілім үйретушінің сауабы екі дүниеде де тоқтаусыз екендігін білдіріп, ғалымдарды сыйлауға, ұстаздарға құрметпен қарауға шақырған. Имам айтқандай берген біліміңіздің нұрына жұмақта шалқыңыз, Әби ағайым!

Күлзия БАЛҚЫБАЕВА,
Арал қаласы

ҰСТАЗДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

Жастықтың бұла күші бойда тұрғанда адам барлық жетістікке өзі қол жеткізгендей сезімде болып, кеудеге бір тәкаппар ой келетіні белгілі. Кейін ақыл тоқтатып, жан-жағыңа қарап, өткеніңді еске түсіре бастағанда, сенің өмір жолыңда бүкіл адамдық қасиетті бойға сіңіруіңе, білікті маман болып

қалыптасуыңа ата-анаң, бауырларыңнан бөлек өз ізін салған талай жақсы жандардың болғанын білесің. Олар - сөз жоқ, өзім оқып, білім алған және алғашқы мұғалімдік қызметімді бастаған көп жылдық тарихы бар Бөген орта мектебім және ондағы ұстаздарым. Қанша шәкіртке білім мен тәрбие беріп, қанаттарын қатайтып түлеткен, болашағына жарқын өмірдің дәнін сепкен жаны жайсаң, білімді де білікті ұстаздарға шәкірттерінің айтар алғысы, көрсетер құрметі шексіз.

Сол ұстаздардың ішінде сырбаз мінез иесі, үлгі тұтар ұстазым әрі әріптесім Әби Прекешов ағайымның орны ерекше. Әби ағай өзінің бойындағы адамгершілік қасиетімен, ерекше болмысымен, асықпайтын сабырлылығымен есте қалыпты. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) мақтаған адам бойындағы асыл қасиеттің бірі – сабырлылық, ұстамдылық болса ақын Жүсіп Баласағұн «Құтты Білік» атты еңбегінде:

«Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!

Күйіп-пісіп, өзіңді отқа құлатпа.

Қай істе де жоғалтпағын сабырды

Ұстамдылық үйірет мал бағыңды» деп біздің ағай үшін сөзден маржан тізгендей етіпті. Расындай ағай сондай сабырлы, байсалды жан болатын. Сабыр бүкіл жақсылықтардың кілті. Дүниеге келгеннен бастап барлық жетістіктерге сабырмен ғана қол жеткізіледі. Баланың есеюі, ілім алуы, жетілуі сабыр етуге байланысты. Жақсы адам болу, жақсы мұсылман болу сабырмен жүзеге асады дейтінді үлкендер. Дініміздің ұлылары да: «Сабыр бүкіл жақсылықтардың, ал шүкір бүкіл берекелердің кілті. Кімнің бойында осы қасиеттер табылса, ең биік рухани мәртебелерге қауышады.» деп пікір білдірген. Мінекей қараңызшы, біздің ағайдың басқа болмысын жинап қойғанның өзінде бір ғана сабырлы болмысын үлкен әңгіме етуге, жақсы бір үлгі жасауға тұрарлық.

Ағай бізге төменгі сыныптарда сабақ берді. Ағайдың толқынды шашы мен бет-бейнесіне қарап, әдебиет кабинетінде суреттері ілулі тұратын ақын-жазушылар арасынан жазушы Әлжаппар

Әбішевке ұқсататынбыз. Ағай кітап-дәптерін газеттің арасына салып, қолтығына қысып жүретін, бірақ сол кітапқа сабақта бір назар салмайтын, сабақ біткенде сол күйінде алып шығып бара жататын. Ағайдың әдебиет сабағында сынып іші тып-тыныш болып, тек мұғалімнің қоңыр, биязы даусы ғана естіліп тұратын. Ағай дауыс көтеріп, тыныштыққа шақырмайтын, әр жазушының өмірі мен шығармалары туралы айтылған әңгімелерімен қызықтыратын. Біз оны ұйыптыңдайтынбыз, кейде бала қиялмен шарықтап, сол шығарманың ішінде жүргендей сезінетінбіз. Сабақты түсіндіргенде сыныпты баяу аралай жүріп, сабырлы қалпынан таймай, әр сөзіне мән беріп сөйлейтін әдебиетте әр шығармадан берілген үзіндінің "соңы қалай болар екен?-"деп күтіп отырған бізге қысқашалап мазмұнын айтып беретін. Содан біз кітапханадан сол шығарманы тауып оқуға ұмтылатынбыз. Мұнысы ұстаздың көрсетіп берген жолы емес пе? Өйткені нағыз мұғалім баланы ізденуге талпындырады дейді.

Менің әдебиетті жақсы көріп, кітапты көп оқуыма да сол әсер еткен шығар. Кейін жоғары сыныпта сабақ берген Құрманов Жалғас ағай менің әдебиет пәніне деген қызығушылығым мен бейімділігімді байқап, осы мамандықты қалауыма бағыт берген болатын.

Әби ағай оқушыларды бағалағанда, "бестік" бағаны көп қоя бермейтін. Бірде ағай менің қазақ тілінен жазған жазба жұмысыма еш қатесі болмаса да " төрт" деген баға қойыпты, ал бір қатесі болса да бір оқушыға "бес" қойыпты. Балалық қызғаныш па, әлде әділ бағаламады деген мұғалімге реніш туды ма, білмеймін, көзіме дөңгеленіп жас келе қалды. Оны байқаған ағай маған күлімсіреп тұрып: " Рас, сенде қате жоқ, бірақ қарашы, бір-екі жерде әріпті бояп жазғансың. Көрдің бе, төрт болғанда да "семіз төрт" қойғанымды. "Бес" деген сөз болып па, тәйірі. Келесіде таза жазсын, жауапкершілігі артсын, дегенім ғой,"- деді. Осыдан кейін боямай, таза, көркем жазатын болдым.

Мен жоғары оқу орнын бітіріп, өз мектебіме келгенде,

мектепте өзімнің ұстаздарым Әби, Қожағазы (Нұралиев) ағайлармен бірге қызметтес болдым. Олардан менің үйренерім көп болды, сондықтан мен қатты қуандым. Ол кезде Жалғас ағай дүниеден өтіп кеткен еді. Екі ағай да қуанып жатыр: "Бәрекезде, талабың оң болсын! Марал (Тілеужанова) екеуің біздің жүгімізді жеңілдететін болдыңдар"-, деп демеушілік еткен еді-ау жарықтық.

Мектептің қайнаған өмірі, түрлі конкурстар, бірлестіктің іс-шаралары, кабинет жабдықтау жұмыстары бар. Осының бәрін ағайлар "біз үлкейдік"деп отырмай өздері атқарып жүретін. Оларды бізге қолға алған уақытта да ол кісілер "Бізден қандай көмек керек, ұялмай бізге айта беріңіздер,-деп, ылғи да бізге болысып жүретін. Біздің жетістігімізге бірге қуанып, білместігімізді кешіріп, өз баласындай көретін. Алғашқы сабақты қалай өткізу, оқушыларды қалай бағалау керектігінің, дәптер тексеру, жазба жұмысын жазу ережелерін сол ұстаздарымнан үйрендім. Жазба жұмысына қойылатын бағаның бекітілген өз ережесі бар екенін көргенде, баяғы оқиға есіме түсіп, өз-өзімнен ұялғанмын. Сол ереже қай мектепке барып жұмыс істесем де жадымда жатталып тұрды әрі оқушы білімін әділ бағалауға үлкен көмегін тигізді.

Қайран ағайымның сыпайылығы болар, еш уақытта ашуланғанын, артық сөз айтқанын көрмеппін, кеңседе айтылып жатқан әңгімелерге кеңк-кеңк етіп бір күліп алып, үнемі дәптер тексеріп отыратын. Біздің мектепте оқушы үлгеріміне, әр пәннен алған бағаларына үнемі талдау жасалады. Бірде бірлестік отырысында Қожағазы ағай мен Әби ағай менің оқушы сабағына қойған бағаларымның төмен екенін айтып: "Әбеке-ау, бұл не болғаны?-дегені. Мен де үн жоқ. Рас, "екі"деген бағаны ойланбай қоя беріппін. Ал Әби ағайда "бес" аз, сол баяғы "семіз төрт" пен "семіз үштер". Сонда Әби ағай әзілдеп: "Ау, бәріне бірдей "бес" қоя берсек, ауылда кім қалады, әке-шешесін бағатын да балдар керек қой,-деді де, - негізі балаға бағаны көтермелеп қойғаннан гөрі тартыңқырап қойған дұрыс, санасы,

намысы бар бала өзі-ақ ертең жақсы нәтижеге жетеді", - деп бір астарлы ойдың ұшын жеткізген еді. Кейін түсініп жатырмын ғой, ол сөздің астарында не жатқанын, "жалған баға қойып, баланы босқа үміттендіргенше, өз шамасына қарап бағалайық, білімді адам бәрібір бір жерді жарып шығады" дегені екен.

Біздің пән мұғалімдеріне ең қиын кезең оқушылардың мектеп бітіру емтиханында жазатын шығармасын тексеру болатын. Шығармаға қойылатын талап бойынша ең кем дегенде алты бет жазу керек. Сол кезде бір дәптерді толтырып жазатын да оқушылар болатын. Жүз шақты шығарма жұмысын екі күн ішінде күні-түні, уақытпен санаспай тексеретінбіз. Бір шығарманы төрт мұғалім бірімізден кейін біріміз тексеріп шығамыз. Сондай кезде Марал екеуіміз: "Ағай, сіз тексерген шығарманы тексермей-ақ қояйық, сізден қате кетпейді ғой,-"дейтінбіз. Сонда ағай:" Айналайын қыздарым-ау, қате деген ұры ғой, ол сенің атақ-абыройыңа, кәрі-жасыңа қарамайды, ертең қате шығып жатса, өзімнен кіші жас бала (завучты айтқаны): "Әбеке, сіз қайда қарадыңыз?", десе, не деймін дейтін. Ағайдың осы "Қате деген ұры" деген сөзін мәтелге айналдырып алып, қанша жерде қолдандым десеңші.

Әби ағай ұстаз ғана емес, отбасында үлгі аларлық әке де болды. Өзі қандай қарапайым болса, балалары да кішіпейіл, ибалы еді. Қызы Гүлжан, Ұлбосындармен мектепте қатарлас оқысам, кейінгі балаларына сабақ бердім. Бәрі де білімді, тәрбиелі болып, өмірден өз орындарын тапты, ел танитын азамат болды. "Ұстаз - ұлық емес, ұлы қызмет" деген екен халық батыры Б.Момышұлы. Әби ағай саналы ғұмырында сол ұлы қызметімен халықтың қаншама баласына білім беріп, ізіне шәкірт ертті, көп жылғы еңбегінің зейнетін көрді. Сол биязы, салмақты сырбаз мінезінен таймай жастарға ақ батасын беріп, жол көрсетер, аузы дуалы ауыл ақсақалы болып, ел құрметіне бөленді.

"Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс тұрысымен, жайдары мінезімен, жақсы мағынада оқушысына қатты әсер етеді"-деген

екен жазушы М Ғабдуллин. Сондай ұстаздардың үлгі-өнегесін өз өміріме арқау еткен мен де ел таныған жақсы ұстаз болдым, үлкен жетістіктерге жеттім, құрметке бөлендім. Бәріне өзім жеткен сияқты болдым, бірақ менің ұстаздық өмір жолымның парақтарында ұлағатты ұстазым әрі әріптесім Әби ағайдың қолтаңбасы да бар екені анық еді.

**Гүлнара ҚҰРМАНАЛИЕВА,
шәкірті әрі әріптесі,
ҚР «Білім беру ісінің» үздігі**

ӘР ӘҢГІМЕСІ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ЕДІ

*Естілердің айтқан сөздерін ескеріп
жүрген кісі, өзі де есті болады.
Абай*

Талай тарихи оқиғалардың куәсі болған, ақшағыл құмдардың ортасынан бой көтерген №20 Бөген орта мектебінде қырық жылдан аса дәріс беріп, оқушыларды білімімен, біліктілігімен өзіне баурай білген, сан ұрпақтың бойына ізгілік пен рухани тәлім берген ұстаздардың бірі – Прекешов Әби ағай болатын. Иә, әрбір мұғалімнің өзіне тән мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, айналасымен қарым-қатынасы, әдіс-тәсілдері болатыны белгілі. Менің есімде, ағай бізден бір сынып жоғары оқитын оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Арасында біздің сыныпқа мұғалім болмаған кезде дәріс беретін.

Сырбаз күйде класқа кіріп, миығынан жымыйып, салмақты түрде сабақты бастап кетуші еді. Түсіндіру барысында сұлу сөзден өрнек жасап көркемдеп, көз алдыға болып жатқан оқиғаның кейіпкерін тірі жандай елестететін.

Біз оныншы сыныпты бітіріп, арман қуып, оқуға түстік. Мұғалім

мамандығын меңгеріп 1978 жылы, 1- қыркүйекте өзім бітірген мектебіме бастауыш сынып мұғалімі болып қызметке түстім. Мен сөйтіп, өзіме дәріс берген аяулы ұстаздарыммен әріптес болып шыға келдім. Қазіргі таңда сол ұстаздарымыздың түгелге жуығы марқұм болған. Жатқан жерлері жайлы топырақтары торқа болғай!

Үш жылдан соң тұрмыс құрып, сол ауылға келін болып түстім. Бір қызығы Әби ағайдың үйімен мен келін боп түскен үй туыс болып шықты да қайнағам болды. Әрі біздер ағаймен көрші тұрдық. Көп ұзамай ағай зейнеткерлікке шықты. Зейнетке шықса да, денсаулығы мықты, сөйлеген сөзі нық болды. Әрбір айтқан сөзін салмақтап, ойланып сөйлейтін адам еді. Өте сабырлы болатын. Балажан, мейірімді кісі еді. Бәрімізге «балам» деп сөйлейтін.

Ағайдың зайыбы Ақжан апа өте жақсы адам блатын. Өмірден ерте озды. Азғантай уақыт бірге болсақ та, ол кісінің бойынан адалдықты, шыншылдықты, әділдікті, тазалықты үйрендік. Және тіке айтатын турашылдығы мен мейірімділікті де үлгі еттік.

Біз тұратын төбе биіктеу болатын. Сол жерге кешке көршілер жиналатын. Ағай бірінші барып отыратын. Бірте-бірте адам қарасы көбейіп, қызу әңгіме басталады. Әңгімені айтушы Әби ағай. Қалғандары тыңдаушы. Арасында сұрақ қоюшылар да болады. Марқұм әңгімені майын тамызып айтатын және тыңдаушылары да мықты болғандықтан барлығы зейін қойып тыңдайтынбыз. Айнала ойнап жүрген балалар да, айналсоқтап, құлақтарын түріп, ары ұзамай сол жерден табылатын. Сол күнделікті дағдыға айналды. Жаз бойы кешке кімді іздесең сол жерден табылады. Ағайдың әңгімесінен әрбір адам ғибрат алары сөзсіз. Ағайдың құлақта қалған әңгімелері көп-ақ. Соның бірін баян етейін.

Баяғыда бір ханның тамаққа тәбеті болмай одан емделудің жолын таппай басы қатыпты. Әкесімен ақылдасқан екен:

«Еміңді елден іздеп көр» дейді. Содан жас хан атқа мініп жолға шығады. Біраз белестерден өтеді. Бір жерге келгенде ақ тер, көк тері шығып кетпен шауып, егін егіп жатқан бір шаруаға кездеседі.

- Хан ием, жол болсын – дейді шаруа сәлем беріп.

- Ауырып жүрмін, хан тағына отырғалы тамаққа тәбетім жоқ.

Соны емдейтін дәрі іздеп келемін.

- Ондай дәрі менде бар.

- Ендеше басқа жаққа сандалып жүремін бе, сол дәріңді маған бер – дейді хан.

- Жарайды, бірақ дәрім үйде қалып қойып еді – дейді. Кедей қолындағы кетпенін тастамай.

- Егер бүгін мына салманы істеп бітірмесем жаз бойы егінім сусыз қалады ғой.

- Сен үйге барып дәріні әкелгенше салманы мен жасай берейін, - деп хан атынан түсіп жерді кетпендеуге кіріседі.

- Кедей үйіне кетеді, хан азаннан қара кешке дейін тынбай жер қазады. Қолы ойылып, жүзінен тер шұбырып, сілесі қатқан кезде кедей де келеді.

- Қане, дәрің? – дейді алақанын жайып.

- Тақсыр, қанша аламын десең де өз қолыңмен барып алшы, мен дәрінің мөлшерін білмей қайтып келдім. Хан кедейге ілесіп қара қосқа келеді. Есік алдында әйелі қазан қайнатып, жүгері көже жасап жатыр екен. Әлі суып үлгірмеген жүгері көженің тұсынан өтіп бара жатады да хан тұрып қалып:

- Дәріден бұрын бір тостаған жүгері көжесін ішуге бола ма? – дейді.

- Хан әуелі бір тостаған, сонан соң екі, тағы үш тостаған ішіп, тастай қатып ұйықтап қалады. Ертеңіне төсегінен тұрып кедейге:

- Ал енді дәріңді бер, - дейді.

- Хан ием, сіздің дәріңіз мынау – деп ханның алдына кетпенді әкеліп қояды, -деп кеңкілдеп күлетін. Еңбек бәрін жеңбек ғой -

деп жастарға бір назар тастап та алатын. Міне, сондай әңгіме-дүкен өрбітетін төбені кейін «Әби ата» ауылы деп атап кетті.

Ағайдан дәріс алған оқушылар еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етіп, барлығы да қазір құрметті демалыста. Олар елін сүйген мұғалімдер, жазушылар, ақындар, журналистер, жанұяда бақытты ата-аналар. Көп ортасынан ойып орын алатын, әрбір сөзінен имандылық пен адамгершіліктің жылы лебі есіп тұратын сол Әби ағайдың ұл-қыздары да ауылдағы өте тәрбиелі оқушылар болып жетіліп, мектептің озат оқушылары қатарынан болған. Қазір барлығы да отбасылы, ұрпақ тәрбиелеп отырған үлгілі ата-ана. Немересі Динара ата жолын қуып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдаса, Ерханы мектебімізді «Алтын белгіге» бітіріп, мектептің және ауылдың атын асқақтатып, ел жұртын қуанышқа бөледі. Аңсар болса, 9-сыныпты үздік бітіріп, «Алтын белгіге» талаптанып жүр. Ат тұяғын тай басар деген осы.

Шаңырақта отырған ұлы Нұрлан мен келіні Гауһар немере сүйіп отырған үлгілі отбасы.

Ағайдың біз білмейтін қырлары әлі де көп шығар. Мен өзім көрген-білгенімді шамам келгенше айтып өттім. Қалғанын басқалардың еншісіне қалдырдым. Әкеміздей болған аяулы да ардақты асыл ұстаз, жатқан жерің жайлы топырағың торқа, жаның жаннатта болғай!

Мариямкүл ҚОЖАНОВА,
шәкірті, зейнеткер ұстаз,
Бөген ауылы

МЕЙІРІМІ БАСЫМ, ҰЛЫ ҰСТАЗ

Құран Кәрімде Алла Тағаланың құлдарына (пендесіне) деген мейірімі мен рақымы туралы аяттардың көптеп келуі Алланың адамзатқа деген сүйіспеншілігі - дейді үлкендер. Ұлы Жаратушымыз мұндай мейірімді бізден де күтеді. Адамзат баласына сүйіспеншілік танытуды, мейірім мен рақым көрсетуді талап етеді. Мен сол мейірімділікті ата-анамнан соң Бөген ауылындағы Әби ағай бастаған ұстаздардан көрдім.

Әңгіме түсінікті болуы үшін бәрін басынан бастап айтайыншы. Мен Қарашалаң сегізжылдық мектебінен соң, 1980-82 жылдары Бөген орта мектебінде 9-10 класты оқып бітірдім. Қазір ойлап отырсам өмірге енді ғана көзқарасы қалыптасып келе жатқан жас баланы өзінің үйреншікті ортасынан еріксіз жұлып алып, басқа ортаға салып жіберу, баланың психологиясына кері әсерін тигізеді екен. Жаңа ортада бұрынғы қарым-қатынас ережелері бұзылып, жаңа байланыс орнатуға тура келеді. Дәрігерше айтқанда, миыңдағы бұрынғы үйреншікті нерв-синаптикалық байланыстар бұзылып, жаңа байланыстар түзуге тура келеді. Туған ауылыңды, туған үйіңді, бұрынғы ортаңды сағынасың, бұл өз кезегінде өміріңнің сапасының төмендеуіне әкеп соқтырады, сабақ үлгерімің төмендейді, адамдардың, әсіресе ересектердің қолдауына мәжбүр боласың. Осы кезде біздің ішкі күйзелістерімізді біліп, бізді ағалық та, әкелік те, ұстаздық та қамқорлығына алған осы мектептің ұстаздары десем артық айтпағандық болар. Солардың бірі де, бірегейі – Әби Прекешов ағайым еді.

Маған мейірлене қарап, сеніммен сөйлеп, шуақты шырайымен мектеп алдында қарсы алғаны әлі есімде. Қалай балам, сіңісіп жатсың ба деп сұрағанда мектеп алдында әкем тұрғандай сезінген ем. Құран Кәрімде сахабалардың мейірімі мен рақымы тұрғысында «Мұхаммед – Алланың пайғамбары. Оның жанындағылар болса, кәпірлерге өте қатал, ал өз араларында өте мейірімді,-деп дәріптелген. Әй, Алла, Құранның

осы аяттарынан болған сауапты ағайыма жеткізе көрші. Біздің қолымыздан Құран сауабын жеткер деуден өзге не келеді.

Қайран ағай-ай, бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп едіңіз ғой. Жастық шағы ауыр кезеңдермен тұстас, сұрапыл соғыста ажалмен бетпе-бет келіп, талай өмірқиыншылықтарынан шыңдалғандықтан болар, өте сабырлы, салмақты, жылы жүзді, отты жанарынан мейірім шуағы төгілген жан еді. Ағай өзінің жүріс-тұрысына, шаш үлгісіне, айтқан сөздеріне асқан ыждаһаттылықпен мән беріп қарайтын. Неге екенін білмеймін, әншейінде жыбырлап байыз таппайтын «тентектер»де ағайдың сабағында тыныш, ұйып отыратын еді. Ал біз негізгі ақпаратты сезім мүшелерімізбен, соның ішінде 80 пайызын көзіміз арқылы қабылдаймыз ғой.

Сол кездің өзінде саясат араласқан, Кеңестік бұрмаланған әдебиетті емес, жалпы көркем әдебиетті жақсы көретінмін. Ал, қазақылық тұнған көркем әдибиет біздің ағайдың кеудесінде көмбедей болып жатушы еді.

Жалпы адамның адамдық тұлғасының қалыптасуына әдебиеттің тигізер әсері орасан зор дер едім. Мен де мұғалімнің баласымын. Мен осы өмірде қандай да бір жетістікке жетсем, оған тікелей папамның ғана емес, үйдегі сол папамның жинаған кітаптарының да көп септігі тиді-ау деп ойлаймын. Біздің үйде кітап көп болатын, оның бір себебі мерекелерде негізінен папама кітап сыйлайтын еді. Әбдіжәмил Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясын, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын, «Алтын Орда» романын, «Ғашықтарын», «Айқасын», Өзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат қызық мол жылдарын», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Ілияс Жансүгіровтың «Ұлпан», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» тағысын тағыларды, Жюль Верннің «Он бес жасар капитан», Фенимор Купердің «Могиканның соңғы тұяғы», Майн Ридтің «Бассыз салт атты», Владимир Обручевтің «Жұмбақ жер» деген кітаптарын, сонымен қатар папам үзбей жазылатын «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында жарық көретін романдар

мен повесттердің қызығына түсіп кеткенде тіпті кейде қалай таң атқанын байқамай қалатынымын.

Жалпы Әби ағай айтатындай кітап адам баласының қиялын шарықтатады, биік мақсатқа жетелейді. Қазір байқап отырсам, жақсы кітап оқысаң бір ғұлама жанмен сұқбаттасқандай боласың, ой-өрісің кеңейеді, өмірге көзқарасың дұрысталады. Қазіргі кезде мотивация айтатын және жазатындар көп, олардың барлығы да жақсы ой ойлау керек екенін айтады. Сол жақсы ой ойлаудың төте жолы – жақсы кітап оқу дер едім. Себебі адамның миы ешқашан да бос болмайды, бір мәселені ойлаудан босай сала, сен қаласаң да, қаламасаң да басқа ойлар мазалай бастайды. Ғалымдардың есептеуі бойынша адамның басына күніге 60-70 мың ой келеді екен. Деструктивті ойлар негізінен көбісі бос уақытта келеді, сондай бос уақыттарыңды кітап оқуға жұмсасаң, миың жақсы ойлармен қамтамасыз етіледі дейтінді ағай.

Көптеген адамдар бала кезінде өзінің әкесіне не шешесіне, яғни ата-аналарына ұқсағысы келіп жатады. Ал мен өзім оқыған кітаптарымдағы кейіпкерлерге ұқсағым келді. Олар туралы мен кейін ұмытып та қалған болармын, дегенмен бұл оқығандарым менің миымның қатпарларында сақталғанын қазір біліп жүрмін. Ағайым «Мұның барлығын кейін түсінесің» деуші еді. Айтқаны айдай келді. Бұдан соң ағайды көреген дейін бе, әлде көп білетін данышпан дейін бе?

Адамның табиғатында өзінен артық жаратылысты сыйлау, оған тәнті болу бар. Сондықтан біз жетістік иелерін сыйлаймыз, оларға құрмет көрсетеміз, оларға қызығамыз, оларға ұқсағымыз келеді. Ал өзімізден төмендерді құрметтемейміз, ондай болғымыз келмейді. Біз мектепте білім алған кезеңде, социалистік мемлекетте, оның ішінде ауылда мұғалімдер жалпы тұрмыс жағынан да, мәдениетте де алдыңғы сапта болатын, біз сол үшін оларды сыйлайтын, үлгі тұтатын болған шығармыз.

Әби ағайдың өр тұлғасы мен өнегелі тәрбиесі біздің болашағымыздың бастауына әсер еткені анық. Сондықтан

болар, менің санамда ағайдың түр-тұлғасы, өзін ұстау мәнері, сабырлы да салмақты әрі мейірімді мінезі сақталып қалыпты.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде Алла Тағала өзінің рақымын жүзге бөлгенін, тоқсан тоғыз бөлігін өзіне қалдырып, қалған бір бөлігін әлемге (жер бетіне) түсіріп, оны адам, жын және хайуанат сияқты жанды мақлұқаттарға бөліп бергенін білдіреді. Бірақ біреуге аз, біреуге көп, тіпті біреуге басымырақ беріледі екен. Міне, сондай мейірімі басымырақ жан менің ағайым еді. Енді Алла сол мейірімнің құрметіне сізді мейіріміне алсын, қадірменді ұстазым.

**Молдағали СЕЙТАЛИЕВ,
ҚР ДСМ «Қазақ Республикалық
лепрозории» ММ басшысы.
ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі»,
«Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері.**

ӘРІ ҰСТАЗЫМ, КӨРШІМ, ӘРІ НАҒАШЫМ

Биылғы жылы мерейлі жүз жасқа толып отырған Прекешов Әби ағай туралы естелік жазуды шәкірттік борышым деп білемін. Біз білетін Әби ағай өте жақсы адам болды. Бөген орта мектебінде біздің класқа жетекші болған. Қазақ-тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Ағай класқа есіктен кіріп келе жатқанда қара бұйра шашын алақанымен уыстап қайырып қоятын. Жүзі жылы, мейірімді, класқа кіргенде күліп кіретін. Өз пәнін ынта-шынтасымен жақсы көретін және оқушыларға да өте жақсы, тәптіштеп түсіндіретін. Ол кісінің сабағында оқушылар тып-тыныш отыратын. Сабақты да жақсы қабылдайтын. Әби ағайдың туыстық жағынан маған жақындығы бар. Менің шешемнің ағасы еді. Нағашы ретінде сыйлап, құрметтейтін едік.

Мынадай оқиға есімде қалыпты. Кейде сабақтан орта баға алып қалған кезде ағайларға ренжіп, үйге келгенде «нағашыларым сараң ,Айнадин деген нағашым бағаға сараң маған үштен басқа баға қоймайды»- деп апама арыз айтатынмын. Бірде нағашы ағайым үйімізге келіп қалады. Апам бас салып «әй неге жақсы баға қоймайсың? Сендерді біреу аңдып тұра ма? Менің қызыма 5 қойыңдар»-деп. Сонда ол кісілер: «апа-ау, баланы одан сайын дайындалсын, жақсы оқысын деп жетектейміз ғой. Жарайды жақсы оқыса тәуір баға қоямын»-деп құтылатын. Ағай кеткен соң апам өзімізді де пысықтап, «сабақтарыңа жақсылап дайындалып жүріңдер» дейтін.

Біздің үй Әби ағайдың үйімен көрші тұрдық. «Ағайыннан көрші жақын» демекші туысқан адамдардай аралас-құралас болдық. Ағай барлық көршілеріне қамқор, тығыз араласушылардан еді. «Жақсы болсаң көршіңмен, кем қалмайсың еншіңнен» деп, жақсылықтың қайырымы тек жақсылыққа жеткізетінін меңзейтін.

Үлкендермен әке-шешеміз, балаларымен біздер өте тату тұрдық. 1975 жылы менің әкем қайтыс болды. Біз балалар жас қалдық. Әлі есімде Әби нағашым екі күннің бірінде үйімізге келіп, жағдайымызды сұрап, қажет болса қолғабысын беріп тұратын. Көрші ақысы жөнінде пайғамбарымыз Мұхаммед (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген өсиеттер айтқан. «Уа, Расулалла! Менің екі көршім бар, соның қайсысына сыйлық берейін?» – деп сұрағанда, «Есігі ең жақын орналасқанына» – деп жауап берген. Жақсылық жасауға ең жақын көрші лайықты. Оның салмақты себебі бар. Әдетте кісі қабырғалас немесе жақын көршісінің үйінде не болып жатқанынан хабардар. Келімді-кетімді адамның бәрін көреді. Қандай да бір қиындыққа тап болғанда қасынан табылатын да сол көршісі. Сондықтан ондай көрші жақсылық жасауға әбден лайық. «Алыстағы ағайыннан жақындағы көрші артық» деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Міне, Әби ағай сондай көрші

еді. Біздерге жақсы оқындар, тәртіпті болындар, жақсы азамат болындар деп игі тілегін айтатыны күні кешегідей есімде қалыпты.

Үйдің жанында Әби ағайдың ағасы Дүйсен көкенең үйі болатын. Ол үймен де туыстай болып кеттік қой. Барлығымыз бір үйдің адамындай сыйласып, араласып тұрдық. Ауылға, Қазақстанға белгілі ақын-жазушылар келсе көбінесе Әби ағайдың үйіне түсетін еді. Ауылдағы үлкен кісілерді шақыртып әңгіме дүкен құратын. Әби ағай мен Айнадин нағашым екеуі Зейнулла Шүкіровты атқа мінгізіп, табиғатқа шығарып қыдыртып жүретін.

Міне әрі ұстазым әрі нағашым және көршім болған Әби ағай мен үшін әлі мейірленіп ұрпақтарына назар салатындай. Ұстаз Алла алдында беделді жан дейді ғой. Сол беделді Алла беріп, көршіміздің қақысы үшін жанын жәннәтта ете көр.

Ибагүл ТІЛЕУІМБЕТОВА
Қамыстыбас стансасы

МЕЙІРІМ БҰЛАҒЫ

«Су анасы бұлақ» - дегендей, білім анасы- мектеп десек, еш артық айтқандық емес. Жылдар ішінде талай өзгерістер орын алып жатады, бірақ, бір ғана нәрсе өзгермейді. Ол ұстаз бен шәкірт деген қос ұғым. Ұстаз бар мамандықты тәрбиелейтін абзал жан. Сондықтан мен үшін, барлық шәкірттер үшін қадірлі, қасиетті ұстазға құрметпен бас иеміз.

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, бар саналы ғұмырын жас ұрпаққа біліммен тәрбие беруге жұмсаған, Арал теңізі жағасында орналасқан, Бөген орта мектебінде ұзақ жылдар еңбек еткен, ұлағатты ұстазымыз Прекешов Әби ағайдан дәріс алдық. Әби ағай бесінші кластан, оныншы класқа дейін класс жетекші болды. Әби ағай сары алтындай сабырлы, ілтипатты

жан еді. Салмақты сөйлейтін. Қазақ тілі, әдебиет сабағын қызыға тыңдайтынбыз. Ұстаз ретінде бір оқушыға қатты айқайлап, дауыс көтермейтін. Интернатта жатқан, үйлерін сағынған балалардың басынан сипап, мейіріммен қарайтын. Басқасы басқа, мен ағайды осы бір қамқорлығы үшін қатты құрметтеймін. Өйткені ол интернатта жатқан балаларға өте жақын болатын. Олардың жағдайын біліп, көңіл күйлерін сұрап барушы еді. Кейде олардың көңілдерін көтеру үшін әзілдеп, қалжыңдасып отыратын. Оны бұрын түсінген жоқ едік.

Ағайдың ақыл-кеңестері байыппен айтқан сөздері әлі есімде. Орта бойлы, қараторының әдемісі, толқынды бұйра шашы қимыл қозғалысына дейін әлі көз алдымда. «Алыстағы ағайыннан, жақындағы көрші артық»- деп атам қазақ бекер айтпаған. Біз көрші болдық. Көрші-қолаңға да өте жайлы, қамқоршы болды. Әжемді «шешей, шешей»- деп алдынан кесе өтпейтін.

Омар деген патша (Алла оған разы болсын) Алла Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Маған Жебірейіл періште көрші ақысы туралы көп өсиет айтқандығы сонша, мен көршім мұрагеріме айналатын шығар деп ойладым» – деген болатын депті ғой. Ағай нағыз өз мүлкінен көршісіне де мұра қалдырарлықтай жан болатын. Ал Құранда – «Аллаға құлшылық қылыңдар. Оған ешқандай да серік қоспаңдар. Ата-аналарың мен жақындарыңа, жетімдер мен міскіндерге, туысқан көршілерге, туыс емес көршілерге жақсылық жасаңдар», – делінген. Міне, осындай дін мүсіндеген жан еді-ау.

Өмірлік жолдасы Ақжан апа да тегін адам емес. Жанына жалаудай жан серігі болды. Екеуі өнегелі өмір сүріп, үлгілі ұрпақтар өсірді. Балаларына жақсы тәрбие берді. Әжемнің бір айтқаны есімде: «Әби мен Ақжан көпке дейін балалы болмай жүреді, үлкен қызы Гүлжанды күндіз-түні Аллаға жалбарынып тілеп алған. Ақжан біздің жиеніміз» дейтін. Ағай мен Ақжан апам

Гүлжанды еркелетіп Майкөл дейді. Бізде Майкөл дейтінбіз. Гүлжанмен бір класта оқыдым, бірге өстік. Жаз болса баланың ойынға тоймайтын әдеті ғой. Тау-тау болып үйіліп жатқан құм. Тап-таза. Күн батып қараңғы түскенше ойнайтынбыз.

Ауылдың шетінде «Еспе»- деп аталатын, құмның астынан шығып жатқан су бар. Ол су ерекше, мөлдір су болатын. Соған Гүлжан тағы басқа көрші қыздар болып, екі шелегімізді иінағашқа іліп алып барамыз. Кезек көп болады. Құмды бақырашпен аршып, суды өндіріп аламыз. Ең қызықты шақ балалық шақ екен ғой.

Гүлжан қазір Алматыда тұрады. Жоғарғы білімді. Шет тілі пәні мұғалімі болып қызмет атқарды. Жолдасы Бақтияр да жоғарғы білімді. Өз саласының білікті маманы. Энергетика саласында басшы қызмет атқарады. Қазір екеуіде зейнеткер. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өнегелі отбасы.

Әби ағай мен Ақжан ападан тараған ұрпақтары, елге танымал азаматтар мен азаматшалар. Бәрі де жоғары білімді. Әрқайсысы бір бір шаңырақ иесі.

Ата-аналарын құрметтеп, еске алып жатқан ұрпақтары, істерің оң болсын! Әби ағай мен Ақжан апамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Ағайдан дәріс алған шәкірттері біздер, еліміздің түкпір- түкпірінде абыройлы еңбек етіп, қазір зейнеткер ата-әжелерміз.

Біз үшін мейірім бұлағына айналған Пірекешов Әби ағайды әр кезде, үнемі еске алып отырамыз. Бұл біздің шәкірттік парызымыз.

Қанзира БОРАНБАЕВА,
шәкірті

АСҚАҚ АРМАНДАРҒА ЖЕТЕЛЕГЕН ҰСТАЗЫМ

Әби ағай десе – Әби ағай еді. Ол ұстаз, ол ардақты ақсақал, ол соғыс майданынан оралған солдат, ол тау тұлға. Ұстаз таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-ана тәрізді. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Иа, ұстаз ретінде қалай мадақтасам да жарасатындай.

Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарып жүрген жұмыс – ұстаздыкі. Біліммен баулып, биікке ұшытраттын оқушыларының оқуда озат, өмірде патриот болуы ұстаздың ұстанымына байланысты. Мамандық көп. Бірақ мамандықтың түрлі болғаны маңызды емес, қанша мамандық болса да сізді маман қылатын тағы да ұстаз. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, Президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға қақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету – сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да - Әбидей ағайымыздың еңбегі барын есте шығармаймыз.

Иа, біз Бөген орта мектебін 1982 жылы бітіріп кеткенімізге міне, 41 жылға бара жатыр екен. Осыншама жылдың әр сәтінде жетістік болса, ұстаздарым, сіздердің арқаларыңыз. Қаншама мектебімізді бітірген түлектер еліміздің әр түкпір-түкпірінде оқып, еңбек етуде. Біздің сыныбымыздан бітірген оқушылар да алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарына түсіп,

әркім өз мамандықтарымен жұмыс істеп жүр. Мен де Тараз шаһарына жол тартып, оқуымды бітіріп, Жамбыл облысының білім басқармасынан оқу-әдістемелік комитетінің қызметкері болып 20 жылға жуық жұмыс істедім. Жұмыс барысында кездесетін анықтама, баяндама, мұғалімдердің жұмыстарын талдау кезінде менің мектептегі алған тәлімімнің арқасы, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен алған білімім көп көмектесті. Оның барлығы Әби ағай сіздің арқаңыз. Бұл менің ұстазымыз алдындағы есебім дерсіздер.

Орыс ойшылы Анатолий Луначарский айтпақшы, «ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтатушы адам». Ал қазақтан шыққан қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов «мұғалім – мектептің жаны» деп бағалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады.

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті Құранда да жазылған.

Міне, сондай ұлы ұстазым, Әби ағайдың өте қарапайымдылығы, білімділігі, мұғалім ретінде кәсібилігіне әр өткен сабақтары дәлел болатын. Сабақ басталғаннан 45 минут уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей қалатын едік. Қазақ әдебиетінен мысалы, С. Торайғыровтың “Қамар сұлу” романындағы Қамардың, С. Мұқановтың “Ботагөз”

романындағы Ботагөздің кейіпіне айналатын едік. Бұл деген ағайдың асқан шебер мұғалім болғандығын көрсетеді. Әр сөздің кереметтігін ұғындыра отырып, өз ойыңды шығарма жазғанда қалай өрбітуге болатындығына көп көңіл бөлетін. Қазір ойлап қарасам, оқушыларға әр пәннен функционалды сауаттылыққа үйрету керек деген талап қойылады. Оны сол кезде-ақ Әби ағай өмірге әкеліпті-ау.

Ағайдың мейрімділігі, қарапайымдылығы, білімділігі, мұғалім ретіндегі кәсібилігі осы күнге дейін әр оқушының көз алдында мәңгі қалды деп ойлаймын.

Асқақарманға жетелейтін, зор талапқа бағыттап отырған ұстаздар еңбегі әр-уақытта бағаланары сөзсіз. Әби ағайымыздың 100 жасқа толуына байланысты Бөген аулында өтетін үлкен еске алу іс-шарасы өз деңгейінде болатынына сенемін, себебі ағайдың ауылдастары мен шәкірттерінің ағайға деген құрметінің арқасында жұмыла жүріп өткізетіні белгілі. Ағайдың жатқан жері жайлы, жұмақта болсын.

Алтынгүл МОЛДАЖАНҚЫЗЫ
Астана қаласы

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Адамның адам боп қалыптасуында мектеп-кемесінің маңызы зор. Білім –теңізінің шексіздігіне бойлап, еркін құлаштауды үйрететін капитан –ұстаз еңбегі өлшеусіз екені ақиқат. Осынау Ұстаз атты ұлық есімнің атын айқындап, ұлағатын паш еткен ұстаз келбеті - әр шәкірттің жүрегінде.

Менің балалық шағымның алып тұлғалары - осы ұлы қызмет иелері болатын. Елдің кемел болашағына сапалы білім ,саналы тәрбиелеуде тер төккен ұстаздарымның көшін бастаған ардагер ұстаз - Прекешов Әби ағай. Дара болмысы

ер-азаматтың асқақ жігерін оятып, рухын көтеретін. Сабырлы мінезі, жағымды сөзі барша шәкіртті ұйытатын. Өз ісінің шебері, нағыз маман еді. Әр сабағына ізденіспен, жаңалықпен келетін. Аз сөйлеп, көп іс тындыратын нағыз ер деп айтатын ұстаз болды.

Мектепті бітіріп, араға жылдар салып, мектепке мұғалімдік қызметке орналастым. Бұл 1984 жылы еді. Мектепке келген кезде Әби ағай зейнетке шықса да, ұстаздық қызметін атқарып жүр екен. Жас маман ретінде Әби ағайды тәлімгер, тәжірибелі маман ретінде үлгі тұттым. Ол кісі де менен еш көмегін аяған жоқ. Әрдайым жол сілтеп, бағыт-бағдар беріп жүретін. Мені өзіне жақын тұтты. Өзін сыйлата білетін сыйлы жан еді. Жұмыс аяғында маған шашын қысқартып алатын. Шашы бұйра, толқын секілді жұмсақ болатын. Мінезінің сондай жайсаң екенін бірден білуге болады. Ағалық ақылын, қол көмегін ұсынып жүретін. Ұстаздық қырын танып, өзімнің ерекше құрметімді арнаған ұстаз Әби ағайды әріптестік қырынан да жақсы тани алдым. Арасында әзілдесіп те алатын қасиеті бар. Сөз өнерінің майын ішкен талантты жан еді. «Қазыналы қария - ақылы асқан дария» деген ғой, дана халқымыз. Міне, Әби ағай нағыз қазына еді. Шежіреден шертіп, тарихқа шегініп, ертегі-дастандардың көркін қыздыратын. Қызметтес болып жүріп, көп нәрсені үйрендім. Қызмет бабымен ел басқарып, әкімдік қызметке тағайындалғандығым да – осындай ел ағаларының ақыл кеңестерінің жемісі. Әрдайым ел сыйлайтын ардагер ұстаз Әби ағайды ерекше құметтейтінмін. Ағалардың өзі өмірден өткенмен, сөзі жадымда сақтаулы. Айтқан ақылы әлі күнге есімде. Ел басқарып жүргенде де, ағайдың жақсы сөздері ойыма оралады. Сөздерінің құны жоғалмағандығы да болар. Әкімдік қызметте жүріп, ауылды 4 мөлтек ауданға бөліп, әр ауылды сыйлы ел ағаларының басқаруына ұсындым. Осы ауылдың бір мөлтек ауданына Әби ағайдың есімін бердім. Үнемі ауыл үшін жанашырлық танытып жүрген ел ағасына бұл

ерекше құрметім деп білемін.

Өнегелі өмірімен жастарға үлгі бола білген аға буынды құрмет тұту — парыз. Ағайдың артында ізі қалды. Балалары мен қыздары ел өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр. Қазіргі таңда ағайдың атындағы мөлтек ауданды баласы Прекешов Нұрлан басқарып келеді. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеумен өткізген ардагер ұстазымның есімі сан мың шәкірттердің, замандастарының, ауылдастарының жүрегінде сақталатыны сөзсіз.

Ағалық үлгісін көрсеткен Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаздың рухы пейіште шалқысын! «Адам ұрпағымен мың жасайды», - демекші, ұрпақтары ғұмырлы болсын!

**Шөмен АНДАЗБАЕВ,
Бөген ауылдық округінің әкімі.**

ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ, ТҰРҒАН ҮЛГІ

Хан Абылай қасындағы төрт батырымен жау қолына түседі. Қалмақ ханы кірер есіктегі кілемді алып тастап, ханды төрт батырымен шақырады. Хан илікпей тізе бүкпейді. Төсенішсіз жерге отырмай іркілсе керек. Сонда қасындағы төрт батырдың біреуі тұтқын болса да шапанын шешіп, Абылайдың алдына жаяды. Енді біреуі жүрелеп барып, екі қолын жерге тіреп, орындық бола қалады. Абылай таққа отырғандай әлгі батырдың арқасына отыра кетеді. Қалмақ ханы осы сәтте:

«Төсенішсіз жерге отырмадың, ол қасындағы батыр басына қауіп төніп тұрса да алдыңа шапанын шешіп жайды. Енді бірі таққа айналып мәртебенді көтерді. Сен тұтқын болсаң да тақта отырған хан болдың менің алдымда. Елге қадірлі екенсің, Абылай, сені төрт батырыңмен еліңе ат мінгізіп, шапан жауып қайтарайын» - деп қошеметтепті. Әби көкемнің осы бір айтқан

әңгімесі құлағымда қалып қойыпты.

Ой, дүние ай десеңші. Әбиді әкемдей көріп көке деп, жұбайы Ақжан ананы әже деп қолдарында өстім ғой. Ағайын-туыстан да жақын көрші болдық. Әби көкем сабырлы, сыпайы әңгімені әдемі айтатын еді. Екінші дүние жүзілік Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер ғой. Сондықтан салқынқандылығы да бар еді. Бала кезімізде ол кісінің әңгімесі бізге қызық болатын. Соғыс туралы әңгімелері бір бөлек. Сонымен бірге Әби көкем әлгінде айтқандай ата-бабалар туралы әңгімелерін айтқан кезде сол кезде ақсақалдардың өзі ұйып тыңдайтын еді. Сондайда кейбір ақсақалдар Мәшһүр Жүсіп Мұсаның үйіне келіп: Қолқа салып келген құда емеспін, тай сұрап келетін тамыр, бата сатқан саудагер, қой сұрап келетін қожа, мата сатқан сарт емеспін. Шорманның Мұстафасының орны деп келдім. Маған ат-дүние керек емес, әкең Мұсаның қара сөздерінен бер! – деген екен, сол секілді Әбеке-ау, жақсы сөздеріңнен айт, елге бергенің болсын деп отыратын. Сондай күннің бірінде көкем мына бір әңгімені айтып еді.

Тұрлыбек деген төртқара кісінің Нұрила деген ақылды қызы болыпты. Сол үйге елдің жайсаңдары қонаққа келіпті. Олар Көпен, Жетес би, Қарақұл аталар еді. Үйіне келген қонақтарға төсек салып, әңгіме айта отырыңыздар, мен астың мәзірін жасайын – деп сыртқа шығып, қайтып келсе үшеуі үш жаққа қарап жатыр екен. Ау, аталар әңгімелерің қайда? – десе, олар тыңдайтын құлақ жоқ депті. Сіздерге мынадай сауал қойғым келіп тұр – депті Нұрила.

Төрт түліктің ішінде қандай мал жақсы? Баланың ішінде қыз жақсы ма, әлде ұл жақсы ма?

Көпен атамыз: «Төрт түлікте қой жақсы, айналанды қи етер, бала ішінде қыз жақсы, өрісінді кең етер» - депті.

Жетес би атамыз: «Малда жылқы жақсы, қашығынды жақын етер, балада қыз жақсы, дұшпаныңды дос етер» - дейді.

Қарақұл атамыз: «Төрт түлікте түйе жақсы, ол даланың

кемесі, балада ұл жақсы, ол отаудың иесі», - деген екен.

Риза болған қыз «Ал, аталар, мен екі бәйгеден озып келдім, үшінші бәйгеге аттанайын деп тұрмын» - деген екен. Сол кезде Жетес би: бірінші бәйгеден келгенің жарық дүниеге келгенің, екінші бәйгеден келгенің бой жеткенің, үшінші бәйгеге аттанайын деп тұрғаның, тұрмыс құрайын деп тұрғаны ғой «Талабың оң болсын» - деген екен. Еске түсіріп отырсаң көкемнің әңгімелері өте көп.

Айтпақшы менің жеті атамды Әби көкем үйреткен еді. Ол былай болған. Алтыншы әлде жетінші класс оқитын кезім. Әдеттегідей құм төбенің басына ақсақалдар жиналып өткен-кеткенді әңгімелеп отыратын. Сол арада ауылдағы екі жігіттің төбелесіп, бірін-бірі сотқа беріп жатқандығы туралы айтылды. Ақсақалдардың бірі «оларға не болған, рулас ағайын емес па?» деді. Сонда Әби көкем қазіргі жастар руын, жеті аталарын білмейтін халге жетті. Осындай отырғанда жастарға үйретіп отыру керек,-деді де анадай жерде жүрген мені шақырып алып, руымды, жеті атамды сұрады. Мен білген жоқпын. Сол жерде маған руымды, жеті атамды айтып берді. Содан мектеп бітіріп Жамбыл қаласына оқуға түстім. Жатақханада бірге жатқан жолдас жігіт демалыс күні үйіне бірге баруымды сұрады. Мен келістім. Қазіргі Таразға жақын жерде тұрады екен. Автобуспен бардық. Үйінде жасы үлкен әкесі бар екен. Мектепте тарихтан сабақ беріп, сол жылы зейнетке шығыпты. Менен қайдансың, руың кім, жеті атаңды білесің ба -деп жөн сұрады ол кісі. Мен айта алмадым. Содан ол кісі маған сыртта жүрген соң бәрін білу керек деп салмақты тапсырма берді. Мен ұялып, ендігі келгенде біліп келемін деп уәде бердім. Бірінші семестрде каникулда ауылға келген бетте Әби көкеме барып, болған жағдайды айттым. Ол кісі маған асықпай отырып руымызды, жеті атамды жаздырып берген еді. Әби көкемнің сол жаздырғаны есімде қалыпты. Біздің жас кезімізде оған онша мән бермейтін едік. Қазіргі жастар біледі, әр үйде шежіре

бар.

Әби көкем сондай тұнған шежіре, тұрған үлгі еді. Алла жатқан жерін жайлы, топырағын торқа етсін. Артында қалған ұрпақтары көкем қалдырып кеткен ізгі жолды осылай жалғай берсін, әмин.

**Шәкірат СЕЙТЕКЕНОВ,
Қазалы.**

МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК, ПАРАСАТ БОЛМЫС

...Біз Көнебөгеннен Бөгенге қатынап оқыдық. Біз деп отырғаным - бір сыныпта бірге оқыған Бүркітбай, Кенжетай, Абзал, Қали, Мақсұт, Күләш сынды балалық достарым. Екі ара бес шақырымдай. Кезінде көлдің ұлтаны болған жер енді суы тартылып, ақшағыл құм үстемдік құрған. Бір қызығы, жел апталап соқса, сол төбе-төбе құмдарды бір жерден екінші жерге көшіріп тастайтын. "Кеше ғана осы екі орта шалқып жатқан су еді, екі ауыл бір-біріне қайықпен қатынайтын, енді мынау, құм басқан дала деп күрсінген қарттардың әңгімесін тыңдайтын едік. Олар мына Қамау деген ауыл көлге сұғына орналасқандықтан солай аталған, суға қамалып отырған соң "Қамау» аталыпты дейтінді.

Үдере көшіп кеткен Қамаудың орнындағы ескі жұрт қана сол күндердің елесіндей болып жатты. Тапталып, әлі де ыза теуіп жатқан кейбір жерлердің жеңілдігі болмаса, негізінен екі ара ілгері басқан аяғынды кейін тартатын сусымалы құм. Соған қарамастан Бөгенге бару үшін әдейі көлік іздейтін ағайын сирек еді. Көнебөгеннің көнбіс жұрты жаяулап-жалпылап, екі ортаны сүрлеу қылған. Бір жақсысы, Бөгенге қатынап оқитын оқушыларды арнайы автобус тасыды. Бірақ оның да бұзылып, тұрып қалатын кездері бар. Ондайда оқушылар жаяулардың

қатарын көбейтетін. Қазір ойлап отырсам, сол алақандай ауылдың өзіне тән тәрбие үлгісімен (қандай шаруаны да жұмыла атқаратын ынтымақ-бірлігі, қазақы салттың қаймағының бұзылмауы) бірге екі ауылдың ортасындағы жаяу "марафон" біз үшін айрықша шыңдалу мектебі болғандай. Өмір жолымызда кездескен жандардың да балаң санамыздың сәмбі талдай жарасымды қалыптасуында үлкен үлесі бар.

Алғаш сауатымызды ашып, әдемі жазуға машықтандырған Бақым Өмірсерікұлы, оқушыларды сабаққа тасумен қатар, олардың тәрбиесімен де айналысқан Өзберген аға, кеңдігімен, жайлы мінезімен көнебөгендіктерге жаққан Мәкентай. Көнебөгеннен ұшқан ұрпақ үшін үшеуінің де орны алабөтен. Өмір жолында, өмір мектебінде кездескен ұстаздар олар. Жалпы біз ұстаздан жолы болған ұрпақпыз. Көнебөгеннің жалғыз қабат жатаған мектебінен кейін Бөгендегі еңселі білім шаңырағы біз үшін зәулім ғимараттай еді. Алыстан менмұндалап көрінетін ақшаңқан мектеп сыртқы келбетімен де, білімді, білікті ұстаздар ұжымымен де айрықша. Тіпті мен оқыған сол жылдары (1976 - 1982жж.) білім сапасы жағынан Бөген орта мектебі аудан бойынша алдыңғы қатарда тұрды. Сайдың тасындай сол оқытушылардың қай-қайсысы да шәкірттердің білімі мен тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосты.

Дегенмен мен үшін, болашақ журналист үшін Әби Прекешовтің тұлғасы бөлек болды. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген ұстаздың білімі терең, дәріс беру әдістемесі де өзгеше еді. Небір қиын балалардың өзі Әби ағайдың сабағында тыныш еді. Ол кісінің әрбір сабағын асыға күтетінбіз. Мына бір көрініс тайға таңба басқандай жадымда жатталып қапты. Қоңырау соғылысымен ағай толқынды қара шашын саусағымен әнтек қана шиырып, жымыған күйде ерекше бір ізетпен бас изеп кіріп келеді. Жүзінен төгілген мейірім шуағы өзіне ынтыға қараған оқушылар жүрегін баурап әкеткен. Әби ағайдың сабағын асыға күтетініміз де бекер емес. Әр сабақтың басында ағай небір қызықты әңгімелердің тиегін ағытады. Бұл жолы да

солай. - Ағай, әңгіме айтыңызшы. Ағай, әңгіме айтыңызшы. - Мен әңгіме айтсам, сабақты кім оқиды? - дейді ағай күлімсіреп. - Ағай, әңгіме айтыңызшы. - Өй, сендер-ақ әңгімеге тоймайды екенсіңдер. Жарайды, тыңдаңдар ендеше. Әлгі шу сап тиылып, бөлмеде ұстаздың жағымды қоңыр даусы ғана естіледі. - Соғыс бітіп, елге аман-есен оралдым. Бірі әкесінен, бірі баласынан, бірі бауырынан айрылып, қайғы жұтқан жұрт енді-енді ес жиып, еңсе тіктеп жатқан кез. Қан майданның жүректерге салған жарасы жазыла қоймаса да, "жеңіс" деген жалғыз сөз қайғының қара түнегін серпіп тастағандай еді. Мен болсам жиырма бестің үстіндегі қылшылдаған жігітпін. Ауылдағы ата-анаммен, ағайынмен аз-кем мауқымды басқан соң мұғалім болсам деген арманымды арқалап, Қызылордаға аттандым. Ойым - педучилищеге құжат тапсыру. Келген соң емтихан қабылдау бөлмесіндегі орыс әйелге әскери билетімді көрсете бердім. Менде одан басқа құжат жоқ еді. Ол ашуға булығып билетті алып лақтырып жіберді. Кірер есіктің алдына барып жалп ете қалған жауынгерлік құжатымды жерден көтеріп жатқанымда ішке бір орыс кісі келіп кірді де менен жөн сұрады. Сөйтсем, бұл кісі осы училищенің директоры екен. Кабинетіне шақырып, табан астында 2-курстың студенті етіп қабылдады. Ол кезде соғысқа қатысқан адамдарға деген құрмет ерекше еді ғой. Сөйтіп, директордың кабинетінен студент болғанымна сенер-сенбесімді білмей шықтым. Кеудемді кернеген қуаныштан Қызылорданың кең көшесіне сыймай келемін. Құдай тілеуімді беріп, әп-сәтте студент болып шыға келдім. Ағай осы жерден әңгімесін тоқтатты. - Енді сабағымызға кірісейік, жарай ма? - деді жұмсақ ғана жымыып әсерлі әңгіменің құшағынан әлі шығып үлгермеген бізге.

Қазір ойласам, Әби ағайдың әрбір оқушының жүрегіне жол таба білуінің сыры да осында екен. Мейірімі мен әңгімешілдігі. Қанша баланың көкірегінде көркем әдебиетке деген іңкәрлік шырағын жақты. Бейімбеттің, Әуезовтің шығармаларын майын тамыза әңгімелегенде оқушы атаулы өзге дүниені ұмытып,

әдебиеттің сырлы әлеміне еніп кететін. Ұстаздың сөз саптауы, дауыс ырғағы қандай! Әңгіменің өзегін өз жүрегінің сүзгісінен өткізіп, жан-тәнімен жеткізетін. Алдымызда құдды алып Әуезовтің өзі тұрғандай. "Ұстаз болу - өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау" деп қалай дәл айтылған деп ойлайсың. Әби ағайдың сабақ айтқан шәкіртін қоштап, қолпаштауы да қызық еді. Бірде сыныптағы үздік оқушылардың бірі Әлия әлдебір көркем шығарманың мазмұнын баяндап тұрған. Ұйып тыңдаған ұстаз әңгіме айтылып біткенде "дұп-дұрыс" деп үстелді жұдырығымен қойып қалды. Мұндайды күтпесе керек, Әлия селк ете түсті. Бөлмені оқушылардың ду еткен күлкісі көміп кетті. Міне, Әби ұстаз алдындағы шәкіртінің кішкентай жетістігінің өзіне осылай шынайы, балаша қуана білетін. Содан да болар, ағайдың сабағында үзіліске қоңырау соғылмаса екен деп отыратынбыз.

Әби ұстаздың оқушыларға ренжуі де өзгеше. Бірде ол кісі сабаққа кіргенде біздің шуымыз басыла қоймады. Ағай еш дауыс көтермеді. Тек әдеттегі мейірімді жанары әп-сәтте салқын тартып, қалың қастары түйіліп, есіктен енген бойда терезенің алдында далаға қарап ұзағырақ тұрып қалды. Бөлмені үнсіздік жайлады. Ағайды ренжітіп алғанымызды түсініп, ол кісінің көңілін қалай табарымызды білмей қиналды. Қыздар жағы ұлдарға ұрысып, ағайдың қабағындағы кірбінді жазуға тырысып жатты. Соғыста ерлік атаулының үлгісін көрсетіп қайтқан батыр ұстаз өзінің осы үнсіз қалпымен де бізге үлкен тағылым берген еді сонда. Дауыс көтермей-ақ бізге көп нәрсені ұғындырған. Үлкен жүректі, баладай аңғал, даладай дархан ұстаздың ғана қолынан келетін мінез. Мейірім және парасаттылық. Әби Прекешұлын абырой биігіне көтерген, ел ішіндегі, шәкірт алдындағы тұлғасын зорайтқан қос қасиет. Бұл - атадан берілген тектілік жібінің үзілмегендігінің айғағы.

Болатбек ҚОЖАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Алматы қаласы.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Ұстаздар арасында озығысыз,
Біздерге аямаған тәліміңді.
Сізден алған білімім ұшан теңіз,
Ұрпаққа жалғастырам білгенімді.
Қалам ап кейде жазам, ұйқас шумақ,
Үйреткен өзіңізсіз, берген сабақ.
Ден қойып, ықыласпен тыңдаған соң,
Нәтиже шығардым дейім ой саралап.
Болған соң әдебиетке жақынырақ,
Қара сөз, сөз саптаймын кейде құрап.
Білемін сіз көрсеткен сара жолдың,

Адаспай соқпағына түстім қалап, - деп Сыр бойының Арал ауданына қарасты Бөген ауылындағы З.Шүкіров атындағы орта мектептің ұлы ұстазы болған, өзім үлгі тұтып, идеалыма айналған Прекешов Әби ағайымызға жыр жолын арнап едім. Өйткені ол ұлттың ұстазы бола білген жан.

Иа, ағайымыз бізге 6 сыныптан 10-шы сыныпқа дейін қазақ тілі және әдебиет пәнінен сабақ берді. Осы уақыт ішінде ағайдан алған біліміміз, білгеніміз көп болды. Сабақ барысында бар ықыласымен, жетемізге жеткізіп, ақылын да айтып қойып, көптеген мысалдарды келтіріп өтетін. Міне, соның барлығын 45 минутқа сыйғызып үлгеретін.

Ата-бабамыз қан тазалығына, тектілікке қатаң қараған. «Жеті ата» заңдылығын сақтаған деп ұлдарға ұл тәрбиесі мен әке ролін көп айтатын. Қазақтар ұлдарын он үш жасында отау иесі деп дайындаған. Адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік сияқты қасиеттер үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер» дейді дана халқымыз. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас деген қазақ халқында нақыл сөзі бар. Ата-анасына көмектескісі келсе, қолын қақпау керек. Алдымен әкені сенімді дос ретінде санайтын болсын. Үлгі тұтатын әке болсаңыз, бала сізге адал дос, қолдаушы болады. Ұл бала

ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітім, мінез-құлықты бойына қайдан сіңіреді? Қыздардың – анасына, ұлдардың – әкеге еліктейтіні анық. Ұл бала әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ұл бала әкесін үлгі тұтады. Әкенің мінез-құлқына қарап өседі. Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса: оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой деп мақтайды.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз», демек, алдымен жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдік-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді. Қазақта ұлдар әкесі немесе атасының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне баса назар аударған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі дей отырып, баласын оқытып, жақсы көріп, баласына ат қою, баласын дені сау етіп өсіру, баласын үйлендіру – ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қандай ата-ана болсын баласының дұрыс адам болғанын, өзінен артық болғанын, өзінің, атқамінер, үйдің түтінін түтетер ұлының тәрбиелі болғанын қалайды дейтінді.

Кейінгі 9-10 сыныптарда мамандық таңдауға да, біраз ақыл көмегін көрсете білді. Ағайдың бізге үйретуден жалықпайтындығы, мол ғибратты ақыл кеңесі, біздерге өмірлік азық болды деп айта аламын. Ағайымыздың сол уақыттардағы, біздерге деген еңбегінің өтеуін мың сан рахметпен жеткізе алмас ем.

Ағай зейнет жасына шыққаннан кейін де ауыл ағасы, ауыл ақсақалы болып, елге, жерге, ағайынға деген ақыл кеңесін аямады. Сол жақсылығының арқасында, бабаларымыз айтып кеткендей: «Жақсының аты өлмейді, Ақынның хаты өлмейді». -демекші бүгінгі таңда Бөген ауылын төрт мөлтекке бөліп, ағайдың тұрған үй маңын, ауыл жағын Әби ауылы деп те атап

кеткен.

Қазіргі таңда ағайымыздың ұл-қыздары құдайға шүкір өз орындарын тапқан. Ауылдағы қара шанырақта Нұрлан ағамыз Гауһар кластасымыз ұл-қыздарымен, немерелерін өсіруде. Ағайдың ошағының түтінін түзу шығарып, ағай берген тәлім-тәрбиеге дақ түсірмей, ағайын-туысқа, ауылға қадірлі өмір сүріп жатыр. Ағайдың өзі айтып жүретін ұлы Жұман да сол Бөген ауылында еңбек етуде. Басқада ұл-қыздары Қызылорда, Жамбыл, Алматыда үйлі баранды. Біздің кластасымыз Нұрханы да ұлды-қызды, немерелі болып Жанатас қаласындағы «Қазфосфат» ЖШС «Қаратау» ТКӨК -інде бас энергетик болып жұмыс жасап жатыр. Бір шақырылымда Сарысу аудандық маслихатының депутаты болып сайланды. Еңбегі елеулі, біршама медаль, ордендердің иесі. Міне осылай Әби ағай мен Ақжан шешеміздің от басында берген тәрбиесі, пайғамбарымыздың сүннетімен жүргендігін айқындап тұрғандай.

Біздер 20-25 оқушы Бөген ауылынан 6 шақырымдай қашықтықта тұратын Көнебөген ауылынан қатынап оқыдық. Ол кезде автобус таситын. Бөген ауылындағы аялдама, мектепке жақын болғандықтан, ағайдың үйінің қасы болатын. Сол күндерде қыстың аязында, жел күндерде тонып қалмадыңдар ма деп, ағайдың қосағы Ақжан шешеміз шоққа піскен қазқи таба нанды біздерге бөліп тарататын. Жұма күндері ыстық шелпектер беретін. Біз қабыл болсын десіп алып жейтін едік. Бұл анамыздың дінді берік ұстануы еді. Қалай дейсіз бе, былай. «Әли Имран» сүресінің 92-аятында «Сүйген нәрселеріңді Алла жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де Алла (Т.) оны толық біледі», – делінген. Міне, осы хадисті түсінген анамыз ата-баба жолымен құрма болмаса да шелпек пісіріп садақа берген екен ау.

«Жамандар жақсымын деп айқайлайды,

Жақсылар жақсымын деп айта алмайды», деген өлен жолдарын тап біздің ағайға арналғандай. Ол кісіде мақтану, масаттану деген болмаған, бір мінезді, салмақты еді. Сөз соңында мына шумақтармен аяқтағым келеді.

Ұстаз боп еткен еңбек ағайымыз,
Шәкіртке берген білім амалыңыз,
Бір сіздей ұстазымыз арқасында,
Еңбек қып, қызметте жүр балдарыңыз.
Әр сөзіңіз адам бол, адал бол- деп,
Баулыдыңыз сіз бізді, қыран құстай,
Әкемді Үреке деп қадірлеуші ең,
Бір аллам паналатсын жұмағына.
Алдыңыз жарық болсын қадірлі ұстаз,
Артында ұрпақтарын өссін мыңдап,
Қол жайып «Фатиха» -оқып, біз тілейміз.
Әруағы ұстазымның жүргей қолдап.

**Бүркітбай ДҮЙСЕНБАЕВ,
1982 жылы Бөген орта мектебін
бітірген түлектер атынан.**

АҒАЙДЫҢ БАТАСЫ

Менің туып-өскен жерім Бөгеннен көшіп кеткеніме де елу жылдан астам уақыт өтіпті-ау. Не деген зырлаған уақыт. Әлі күнге дейін мен туған ауылымды сағынамын. Ал, өзімді Әби ағайымның ақ батасын алған қызбын деймін. Дінімізде ата-анасынан, елден және ұстазынан бата алған адамның жолы болады деген сенім бар. Сол себепті «Батаменен ел көгерер, жауынменен жер көгерер» дейді. Сондықтанда бүгінгі жетістігім ата-анамның және Әби ағайымның ақ батасы деп есептеймін.

Басынан бастайын. Бұл батаның берілу себебі былай болған. Мен сегізінші класты Бөгендегі мектепті бітірген соң, маған орта білім куәлігі берілді. Көп нәрсе есімде қалмапты, қалай оқығаным да есімде жоқ. Кластастарым жақсы оқитындардың қатарында, кластың белсенді оқушыларының бірі едің -дейді әйтеуір. Куәлігімді қарап отырсам, кілең беске оқыппын. Содан

болса керек ұстаздарым маған жақсы көзқараста болатын. Сөйтіп сегізді бітірдім. Ата-анам Шымкент қаласына көшетін болған соң осындай қадамдар жасалды. Өйткені 1970 жылы ата-анам Шымкент қаласынан үй сатып алған, ағаларым мен әпкелерім сол үйде тұрып, қалада жоғары оқу орындарын бітірді, алды мамандықтары бойынша жұмыс істеп жатты. 1972 жылы әкем Альмаханов Сұлтан жасы келіп зейнеткерлікке шықты. Сосын сіңілім Күнжамал, інім Ермағанбет үшеуміз оқудан босап, жазғы демалысқа шыққанда отбасымызбен Шымкент қаласына көшіп кеттік.

Көшіп бара жатқан кезде ата-анам ауылдастар мен мұғалімдерді шақырып, қоштасу шәйін берді. Ол заманда сегізінші класты бітіру деген орта білім алу деген сөз ғой. Көп балалар-қыздар сегізден кейін құжаттарын техникумға тапсырып, оқуға түсіп, тез есейіп кететін. Менің де өмірімнің жана сатысы сол сегізден кейін басталғалы тұрған болатын. Сонымен айырылысу көжесі беріліп жатыр. Ауылдастарын кім қисын. Бірақ ел болып сәттілік тілеп, дастархан басында отыр. Үлкен аста келіп, қойдын басы менің класс жетекшім болған Әби ағайға тартылыпты. Менің әке-шешемнің менің ағайыма деген ырзашылығы болар, ол кісінің мектеп кабырғасындағы маған жасаған қамқорлығының бағасы болар, елдің қадірлегендігінен болар әйтеуір қалай екенін білмеймін бас ағайдың алдына барыпты. Сол жерде Әби ағай мені дастархан басына шақырып, ырымдап қойдың бір құлағын маған беріп, балам құйма құлақ бол, ілім жина, білім арқала, абырой мен беделдің биігіне шық деп тілегін тілеп, одан соң шын ықыласымен батасын берген болатын.

Өмір-жасың ұзақ болсын,
Маңайың аққан бұлақ болсын,
Әр күнің қызық, шуақты болсын,
Ой-санаң биік, тұрақты болсын,
Жомарттың қолын берсін,

Жортқыштың жолын берсін,
Қыздың қылығын берсін,
Судың тұнығын берсін,
Даланың кеңдігін берсін,
Батырдың ерлігін берсін,
Ақынның өрлігін берсін.

Ол кездері мен катты ұялшақ болатынымын, ағайдан ұялып дастархан басына әрен барғанмын. Кейін Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы №32-ші мектепте оқуымды жалғастырдым, сабақты өте жақсы оқыдым, үлгілі оқушы болдым, мұғалімдердің ырзашылығын алдым. Қалалық кластастарым әлі күнге Акжамал әдебиет, тарих сабақтарында жауап бергенде бәріміз тып-тыныш бола калып, сені ұйып тыңдайтынбыз, әдемі әрі ерекше сөйлейтінсің, сені тыңдағанды жақсы көретінбіз дейді. Бұл менің ауылдағы Әби ағайымның сінірген еңбегінің нәтижесі деймін ішімнен. Ұстазымның шын ниетімен берген батасы менің өмір жолымда үлкен рөл атқарды деп айта аламын.

Ой, шіркін-ай, бала шағымыз, ағай, апайларға еркелеп, олардан сескөніп, сабақ үшін үрейленіп жүретін сол күндер жұмақтай сәттер екен-ай. Әби ағай класымызда, ер адам болғасын ба, оқушыларына, оның арасында оқушы қыздарға әкеміздей қамқоршы болып жүруші еді. Салмақты қоныр дауысымен байсалды асықпай сөйлейтін, ешқашан дауыс көтермейтін, тентектік жасап жатсақ, отырғызып қойып, байыппен түсіндіретін. Қыздар жағы көбінесе ағайымызға еркелеп сөйлеп, еркелеп жүретінбіз. Еркелігімізді көтере білетін. Ұлдар, қыздар кейде «ағай, экскурсияға барайық» дейтінбіз. Экскурсиямыз ауылдан сыртқары шығып, табиғат аясында лирикалық көңіл-күйді ояту, оқып жүрген сабағымыз бойынша тақырыптарды тереңірек меңгеру деп жоспарлайды ағай. Ал біз, сабақты меңгерудің орнына құртқашаштың көк гүлдерін теріп, жуа казып, сағыз іздеп, қарагени іздеп кететінбіз.

Бір шепті, тамырын казып, онын да жуасын жеп дегендей балалықтың бал бақытына оранып жүреді екенбіз ғой. Сондай кездерде акырын ғана, жәй дауысымен бізді тәртіпке шақырып, қасына жинап алып, әнгімесін жалғастыратын.

Ұстаз — жас ұрпақты, жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін ұлы тұлға болса, Әби ағай соның үлгісі.

Биыл Әби ағайымның туған жылынан бері жүз жыл болыпты. Менің анаммен екеуі бір жасты екен, біз де биыл қаңтар айында, артында қалған көздері, анамызды еске алып, құран бағыштаған едік. Марқұм ұстазым Әби ағайды да еске ала отырып, тілейтінім - иманы жолдасы болсын, жаны жәннаттың төрінде шалқысын, соңында қалған ұрпақтарына Аллатағалам ұзақ мәнді ғұмыр берсін! Аруағы ұрпақтарын желеп-жебеп жүрсін!

**Ақжамал АЛЬМАХАНОВА,
Сағынышпен еске алушы көп оқушысының бірі**

ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ҰСТАЗ АДАМ

Бөген орта мектебінің 1976 -1977 жылғы мектеп бітіруші түлегімін. Біз сол Бөген орта мектебінде білім алып жан – жаққа арман қуып аттандық. Сол алған білімнің арқасында өмір жолымызды бастадық. «Бір адамның бір адамнан парқы бар, ол айырма білімінен жарқырар», - деп Жүсіп Баласағұн айтқандай білім деген бақшаның білікті бағбаны болған Прекешов Әби ағайымыздың жас ұрпақты сабырлы мінезімен салмақты сөзімен тәрбиелеп, берген ақыл кеңестеріне баға жетпес. Жаратылысынан ұстаз болып туғандай кісі еді. Қолдарынан түлеп ұшқан орта мектепті бітірген «құйма құлақ» түлектері зеректігін өмір көшінде де танытып, дайын «отбасын

асыраушы» жауапкершілікті сезінген азамат болып шықты. Ойлап қарасам, ағайымыз біліммен қатар отбасылық өмірге де тәрбиелей білген екен. Оған есейе келе көзіміз жетті ғой.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей көп шәкірттерінің бірі жолдасым Балжанов Ерболаттың бойындағы ұстамдылықпен тәрбиелікті ұстазымыз Әби ағайға әкеп тіредім. Ағайдың дауыс көтеріп ұрысқанын көрмедім. кешіккен балаға да «төрге шыға ғой» деп мейіріммен қарайтын. Ерболаттың бойында қандай жақсы қасиеттер болса, Әби ағайдың тәрбиесі деп ойлаймын. Ерболат та «Әби ағай әрі ұстазым әрі әкедей қамқор болды», деп өзіне үлгі тұтып сағынышпен еске алып отырады. Міне бұл да ұрпаққа қалдырған ұлағатты мұра емес пе?

Ағай мектепке қарай асықпай біздің төбеден шығатын. Баппен басып, тап-тұйнақтай болып әдемі жүріспен келе жатқанда қызыға қарап сәлем беретінбіз. Сырбаздығы өз алдына миығынан күліп, жылы шыраймен сәлемемізді алып амандасатын. Бала кезімде де, есейген шағымда да әкеме жиі келіп, әзілдесіп, әңгіме дүкен құратын. Қазір ойласам әңгімені де тыңдалатын жерде айтады екен ғой. Ағайымыз зейнет жасында жүргенде де бізге отбасылы болсақ та ақыл –кеңесін тәрбиелік әңгімесін айтып отырушы еді. Ұстаз ағайымызды кейінгі ұрпаққа айтуды өзіміздің ұстазға деген құрметіміз, шәкірттік сағынышымыз, ұстаз алдындағы парызымыз деп ойладым.

**Марияш БОРАНБАЕВА,
Қызылорда қаласы**

БИКТЕН ЖАРҚЫРАЙДЫ

Қасиетті Арал теңізі жағалауындағы, топырағы жаһұт, суы кәусар мекенде дүниеге келу, өмір сүру екінің бірінің маңдайына беріле бермес бақыт ғой. Адамдарының көңілі дарқан, талай тарихта ізі қалған нарларды дүниеге келтірген, қаламұштары мұқалмаған, қиял қанаттары талмаған, көңілдеріндегі, көкейлеріндегі жырларын айтып тауыса алмаған талай тарланбоз өтті бұл жерден. Тектілікті ту еткен осы туған жеріме бас иемін.

Ауыл десе балалық шағымыз, мектепте оқып жүрген кезіміз, әке шешеміз, ауылдың үлкен кісілері, ұстаздарымыз есімізге түседі ғой. Зулап бара жатқан өмір десеңші-ай. Кеше ғана мектепте жүрген сияқты едік, енді міне зейнеткерлікке де жетіп отырмыз, десе де мұндай бақты берген Аллаға шүкір дейміз!

Біздің мектепте ұстаздық еткен ағай, апайларды тек жақсылықпен еске аламыз, өйткені бәрі жақсы адамдар, бәрі ерекше жандар болды ғой. Сол ерекше ұстазымыздың бірі - Әби ағай еді-ау. Ағайдың толқындай бұйраланған шашы, әдемі жүзі, мейірімді көзі, қара торы жүзі бәрі анық көз алдымда. Киімі де жып-жинақы болып, көбіне қара костюм шалбарды киіп, қолтығында сынып журналы мен кітаптарын қысып алып түп-түзу кетіп бара жататын. Кейде жоғары сыныптар оқитын екінші қабаттан төмен түсіп келе жататын. Көз алдымда осы суреттер қалыпты. Сонда тұра қалып амандасып, өткізіп жібереміз, ол кісі әзілін айтып, күлдіріп еркелетіп бара жатушы еді. Марқұм ағам Әділбайға және Гүлжанның кластастарына сабақ берді, сіңілім Алмагүлдің класс жетекшісі болды. Бірақ маған ағай сабақ бермеген екен, сонда да ағайдың жылы жүзі, мейірімді тұлғасы маған тек ұстаздық биіктен жарқын болып көрінетін.

Жалғас ағай Қожағазы ағайдың орнына сабақ беріп, сонда ағай: "Әби ағайларың бар, біз бар соғыс кезінде мектепте

сабақ беретін адам жоқ болды. Сондықтан мектеп бітіре сала мұғалім болып балаларға сабақ бердік деп " деген еді. Қандай мықты, білімді болған ағайлар! Одан кейін соғысқа кеткен. Өмір жолдары жас кездерінде қандай қиын болса да мойымаған жандар ғой олар. Кейін отбасылы болдым. Менің атам ағайдың жиені еді. Сондықтан үлкен апаларына сәлем беріп ағай үйге апам екеуі келіп кететін.

Соңғы келгенінде Ақжан апам науқастанып жүр екен, білдірмеді, кейін білдім, сырбаз, сабырлы кісі ғой, соңғы көруіміз екен сонда. Әби ағай аңқылдап әңгімесін, әзілін айтып, жан-жағына шуағын, жылылығын шашып отыратын. Ауылға 2007 жылы мектеп бітіргенімізге 30 жыл толу құрметіне жиналғанымызда ағайдың отбасына барып сәлем бердік. Ағай 84 ке келген кезі ғой, денсаулығы сыр бере бастаған екен. Сүйегі мықты кісілер ғой. Сөйтіп, ағаймен де соңғы.дидарласыппыз!

Үйден шыққан соң сыныптастар ағайдың әңгімелерін жарыса айта бастады. Сонда бір сыныптасым ағайдан мынандай әңгіме естіп едім - деп мына әңгімені өрбіткен болатын.

Бір пақыр кісі жолда арып-ашып келе жатса, жолда кішкене ғана сандық жатыр екен. Қуанып кеткен адам мына сандықта ділда не алтын бар шығар деп сандықты ашып қалады. Ашса ішінде кішкене ғана жылан жатыр екен. Жылан сандықтан шыға сала күркіреп айдаһарға айналды. Мен тыныш жатыр едім, енді сені жеймін дейді.

Жолаушы кісі: «Мен қайдан білейін, ішінде ділда не алтын бар шығар деп ашым едім» - дейді. Сөйтіп ажал аузында тұрғанда отыз аттылы кісілер келеді. Олар пақырды арашалағысы келіп, олардың да күші келмей, кете береді.

Енді сені жеймін деп тұрғанда Алланың құдіретімен жерден жарты адам шыға келді. Жарты адам неғып тұрсыңдар? - дейді. Сонда пақыр кісі мына сандықты жолшыбай тауып алып, аузын ашсам, мына кішкене жылан еді, айдаһарға айналып, мені жемекші енді - дейді.

Сонда жарты адам: айдаһарға қарап, сен мына сандықтан шыққаның өтірік, сен бұл кішкентай ғана сандықта тыныш жатыр едім дегенге кім сенеді - дейді. Айдаһар екеуі ерегісе бастайды. Айдаһар мен осы сандыққа сиямын десе жарты адам оны ерегістіріп «сен бұл сандыққа симайсың» - депті. Сонымен айдаһар қатуланып, күркіреп келіп, кішірейіп, сандықтың ішіне жата қалғанда, жарты адам сандықтың аузын жаба салады. Сонда жарты адам тұрып, пақырға: «Сен білесің бе? Сен өлейін деп жатқан адамға жарты күлше наныңды беріп, аман алып қалып қайырымдылық жасадың. Сол қайырымдылық жасаған жарты күлшең мен едім. Сені өлімнен аман алып қалдым. Бағанағы келген отыз атты, ол отыз күн тұтқан оразаң еді, қолынан еш нәрсе келмеді. Ал, бес атты кісі кісілер, бес уақыт намазың еді, олардың қолынан еш нәрсе келмеді. Сені аман сақтаған қайырымдылық жасаған жарты күлше наның» деген екен. Мұндай қызық әңгімеге кім елітпейді. Алайда, адамның дегені болған ба. Ағай сол күннен кейін көп ұзамай мәңгіге жүгін жинап кетті.

Жүрегімізге жылылық, жақындық ұялатқан ұлағатты ұстазымыз, Әби ағайдың жаны жәннатта болсын! Артында қалған ұрпағы, бала-шағасы аман болып ағай мен апамыздың жақсылығын жалғастыра берсін!

Өмірімде орны ерекше, сағынышпен, қуанышпен үнемі еске алатын Әби ағайымыздың 100 жас толуына байланысты естелік кітабы құтты болсын! Аман болыңыздар !

**Мақпал ҮМБЕТОВА,
келіні әрі оқушысы**

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Әби әкеміз бізге 1973 жылдан мектеп бітіргенше ұстаздық етті. Қазақ-тілі мен әдебиеттен дәріс берді. Ол кісіні мен көке дейтінмін. Көкеміз бізге өте жақын аталас болатын. Ол көкеміздің сабағы басталғанша асығып отыратын едік. Себебі көкеміздің сабақ түсіндіруі, оқушымен қарым-қатынасы және оқушыны өзіне әдемі әңгімемен баурып тартатыны ғажап еді. Тіл байлығы өте мол, түсіндірген сабағын миымызға, санамызға сіңіріп, құйып жіберетін. Кейбір ашық сабағында ертегі әңгімені айтқанда, қаншама оқушы селт етпей 45 минут бойы тыңдаушы едік. Бірде біздің бір сабырсыздығымызға сын айта келіп, ертеде бір кісі, дана ғұламаға барып: "Маған ұстаз болып, сабырлыққа үйретіңізші?",-дейді. ғұлама: "Кешір, мен ұстаз бола алмаспын, себебі сабырлықтың өзі жақсы "Ұстаз", мен өзім оған шәкіртпін",-деген екен. Біз періште емес және хайуан да емеспіз. Ал, қазақ «сабырдың түбі - сары алтын» дейді. Егер кім сабырлы бола білсе, сол оқушы бәрімізден де артық деген болатын. Қараңызшы, қандай тәрбие, қандай теңеу десеңші. Ең бастысы ағай діннен ілімі болғандай. Қараңызшы: Алла Тағала Құран Кәрімде сабыр турасында жетпістен астам жерде насихаттайды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінде де сабыр жайлы көптеп айтылған. Бәрімізге мәлім, Құрандағы «Алла сабырлылармен бірге» деген аят пен «Сабыр – діннің жартысы» деген хадистің адам баласының жүрегіне әсер етпеуі мүмкін емес. Сабырлық тек адам баласына ғана тән. Өйткені періштелерде және хайуандарда сабыр болмайды. Періштелерде сабыр болмауының себебі: оларда нәпсі болмайды және олар Алла Тағаланың әмірлерін ғана бұлжытпай орындайды. Ал хайуандарда ақыл болмағандықтан олар ойланып, толғанбайды, яғни сабырды қажет етпейді. Сол себепті сабыр бір жағынан адамға берілген емтихан болса, екінші жағынан адамның күнделікті әдетке

айналған күнеларды тастауы, нәпсісіне өте ауыр келеді. Сол себепті адам баласы сабырға өте мұқтаж. Адам баласы істеген жақсылығының жемісін дереу көргісі келеді. Өкінішке орай, оны аз уақыт ішінде көрудің мүмкіндігі шамалы. Қалайша біз көктемде екен егініміздің жемісін уақыты келмей жей алмайтын болсақ, сабырдың жемісі де солай. Дүниеде бұл жемісін бермесе, ақыретте өз жемісін берері анық. Құран Кәрімнің «Шура» сүресінің 43-ші аятында: «Әрине, кім сабыр етіп, кешірімді болса, дау жоқ, істердің маңыздысы осы», - делінген. Осы хадис пен Құран аятын жай ғана сөзбен сол кезде бізге жеткізген екен-ау.

Ағайдың өзі өте байсалды, сабырлы істі ақылмен шешетін байыпты адам еді. Мен өз басым әкеден ерте қалдым. Алдымда ағаларым болғанмен сол көкеме барып, ақылдасып, сол көкеміздің айтқан ақылымен жүріп отырдым. Үлкен жиын, тойда, отырыста көне қазақы әңгімелерді айтқанда ұйып тыңдап қалатын едік. Бір әңгімесінің өзі бір таңға дейін кететін. Ұлы Отан соғысының нағыз от кешкен жауынгері ғой. Арал ауданына, оның ішінде Бөген ауылында ардақты, сыйлы ақсақал болатын. Бөген елді-мекені 4 мөлтек ауылға бөлінген. Соның 1-ауылы әлі күнге Әби ауылы болып аталады. Бірде өз басынан кешкен оқиғасын маған айтып, пайдалы кеңес берді.

Менің келіншегім Сағираш өкпесімен ауырып емханаға түсті. Бөгенге келгенде әкемізге сәлем беріп тұрамын. Бір барғанымда қарағым келін қалай, не ем істеп жатыр деп сұрады. Мен дәрігердің қарауында, соның емін алып жатыр дедім. Содан маған сен дәрігерді қой. Мен саған ем айтайын, соны істе,- деді. Көкеміз жас кезінде туберкулезбен қатты ауырған екен. Сонан емделмеген дәрігер қалмаған. Ең соңында Москваға барып емделіп, онан да болмай көңіл-күйі кетіп келе жатып поездда бір профессормен купелес болады. Сол профессор ем айтып, сонан тәуір болдым,- деді. Ол ем мынау, ауылға бар да, туған ешкі болса соның сүтін желінінен

сауған бойында шикілей іш депті. Пісірсең ем болмайды. Күші қайтып қалады деген екен. Сонан көкеміз елге келіп ешкінің сүтін ішіп, ауруынан сауығып кеткен екен.

Міне шырағым сонан кейін ауырғаным жоқ, жасым 80-ге келді деді. Сонан мен де көкемнің айтқанын қылып келіншегіме сол емді жасадым. Ол да тәуір болып, қазір 60-қа келіп отыр. Бұл көкеміздің тек бір ғана ұрпаққа берер рухани азығы. Ал, ғибратты әңгімелерін айтсам, ол тіпті көп. Кейде сәлем бере барғанда, қасына қонып қалатын едік, әрине әңгімесін тыңдау үшін. Соның бірін айта кетейін.

Баяғыда бір аңшы қаз атып алыпты да, үйіне қайтып келе жатып ойланыпты. "Үйде қаз, үйрек бар ғой, осыны мына байға тарту етейін - деп байдың үйіне соғыпты. Мынаны сізге байлады деп байға берсе, байекең тыныш тұрмай:

- Онда мына қазды теңдей бөл, менің әйелім, екі қызым, екі ұлым бар. Тең бөлсең ат мінгізем - депті. Сонда аңшы қаздың басын кесіп алып:

"Елдің басы өзіңіз, бас сіздікі.- депті. Мойнын кесіп алып "әйел мойын, сіз бен елді жалғаушы" - деп мойынын байдың әйеліне беріпті. Екі қанатын кесіп алып "қыз жат жұрттық, ұшады да кетеді, екі қанаты екі қызыңыздікі" - деп қанатын қыздарына беріпті. Екі аяғын кесіп алып "Екі ұлыңыз сіздің арттағы ізіңіз" - деп екі ұлына беріп, қаздың денесін қолына алып: мынау кеудесі, бұл біздер, қара халық" - деп денесін өзі алыпты. Бай ырза болып астына ат мінгізіп жіберіпті.

Осы оқиғаны естіген бір басқа аңшы, бес үйрек атып алып байдың босағасына байлапты. Сонда бай:

- Мына бес үйректі теңдей бөл, бөле алсаң астыңа ат - депті. Анау бір бір үйректен берсе жетпей қалып, жарты үйректен берейін десе асып кетіп, әбден миы қатыпты. Қысқасы бөле алмапты. Сонда бай тұрып: - Өткендегі аңшыны шақырып келіңдер, сол бөліп берсін –депті. Аңшыны алдырыпты.

Аңшы келіп бір үйректі алып байға ұстатып: - Мына үйректен

сіз әйелің екеуіңіз үшеу болдыңыздар, мына бір үйрекпен екі қызыңыз үшеу болды, ал мына бір үйрекпен екі ұлыңыз үшеу болды, мына қалған екі үйрекпен мен үшеу болдым - деп екі үйректі үйіне алып кетіпті - деп ағай жымыйа күлетін.

Құдайға шүкір бүгінде Әби көкеміздің ұл-қыздары, немерелері көкеміздің атағына сай ауыл, аудан, облыс, республика көлемінде белгілі азамат-азамтшаларға айналып, ауызбіршілігі мен ынтымағы мол, абырой мен құрметке бөленген сыйлы ұрпақтар болып отыр.

Әби көкеміздің жаны жанатта, топырағы торқа болсын. Көкеміз мәңгі есімізде сақталады.

**Төрбек ДІЛЖАНОВ,
естелік жазушы баласы, шәкірті
Бөген ауылы.**

Бауырлар естелігі

Жүрегіміздесің,
жан аға...

НАҒАШЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙДЫ...

Қазақта «қымыздың жақсысы – сабасынан, киіз үйдің жақсысы – ағашынан, жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген тәмсіл бар. Менің асыл нағашым Прекешов Әби аға да бұл өмірден лайықты орнын алып кеткен адам ретінде есімде мәңгі қалды. Нағашыма қандай мақтау айтсам да жарасады және ол кісі сол мақтауға лайық болды. Сол үшін мен нағашыммен мақтанамын.

Ардақты Пайғамбарымыздың өзі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) нағашысымен мақтанған. Көзі тірісінде жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың бірі Сағд ибн Әбу Уаққасқа (Алла ол кісіге разы болсын) қатысты «Міне, менің нағашы ағам – Сағд. Осындай нағашыға ие кім бар екен?» деген. Адамзаттың ардақтысы адамзатқа ортақ, оларға екі дүниенің бақытын ұсынатын жолды алып келді. Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) нағашысын мақтан тұтып тұрса, нағашы жұртты құрметтеу, нағашымен мақтану айып емес. Кейде ер бала өз әулетінің тегін тарататын тұлға ретінде қабылданғандықтан, нағашы жұртына жиі баруы, оларды жиі айтуы да дұрыс көзқарас таппай жатады. Біз қазақ халқы баяғыдан-ақ туысымыздың көптігімен, соларға арқа сүйеумен өзімізді бақытты сезінетін халықпыз. Сондықтан баланың үш жұртының ішіндегі нағашы жұртымен де араласуына дәнекер болатын сөздер мен әдеттерді көбейткеніміз әлдеқайда жақсы. Оны менің нағашым ұдайы айтып жүретін.

Менің анам Әби ағаның немере қарындасы болған соң біздің үйге үлкен нағашы болып саналатын. Өзгелер мені Айнадин Зәмеш десе Әби аға Зәм деп қысқартып, еркелетіп атаушы еді. Нағашыларым Дүйсен, Нұрғазы, Әби ағай, Кеңес нағашыларымды мақтан тұтамын, өзіме үлгі етемін. Ол кісілердің ақылын тыңдадым, тәрбиесін көрдім. Олардың

жиендеріне деген ыстық ықыласын сезіндім. Сондықтан отбасымда оқылған құранда нағашыларымды қалдырмай олардың есімдерін еске алу әдетімізге айналған.

Ал, енді Әби ағаймен қызметтес қырыма көшейін. Мен ол кісімен 1955 жылдан бастап зейнеткерлік демалысқа шыққанынша Бөген орта мектебінде қызметтес болдым. Ағай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін. Менің балаларым Әби ағай сабақты өте жақсы түсіндіреді деп айтып келетін еді. Өзім де ағайдың жүріс-тұрысының өте байсалды, сөйлеген сөзі, киген киімдері өзіне жарасып тұратынына қызығушы едім. Көпшілік алдында сөйлеген кезінде шашын ширатып отырып сөйлейтін әдемі әдеті көз алдымда. Мектептегі мұғалімдер, әріптестері сол кісідей болсақ деп еліктейтін және ағаймен бірге әріптес болғандарын мақтан тұтатын.

Әби аға ұстаздық қызметпен бірге қоғамдық жұмыстарда да белсенді болды. Мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде жемісті еңбек етті. Мектептегі мәдени-көпшілік жұмыстардың ен ортасында жүрді. Мен партия ұйымының секретары болып қоғамдық жұмыс атқардым. Кәсіподақ ұйымымен бірлесіп ай сайын жиналыс өткізетінбіз. Ол жиналыстарда мектептің ішкі тәртібі, мектептегі психологиялық ахуал, пән сабақтарының берілуі, оқушылардың үлгерімі, тәртібі, тазалығы т.б. жұмыстар туралы мәселелер қаралып, тиісті қаулылар қабылдаймыз. Жиналыстың хаттамасын жазуда, басқа да құжаттарды дайындауда ағайдың қазақ тілінен дәріс беретінінің пайдасын көп көрдік. Сол кісіден жазу тәртібі, талабы дегенді үйрендік десек те болады.

Мен кітапханашы болып жұмыс атқардым. Түрлі тақырыптарда диспут, кештер өткіземіз. Сол шаралардың барлығында дерлік Әби аға қатысып келелі сөз сөйлейтін. Оқушыларға соғыста бастан кешкен оқиғаларын тәптіштеп айтып беретін. Оқушылардың қойған сұрақтарына ыждақатпен жауап беретін.

Әби ағаның алғашқы некелі әйелі құрсақ көтермеді. Ұлы отан соғысынан келгеннен кейін менің сыныптасым әрі құрбым Ақжанға үйленді. Әби ағаның перзентке зар болып жылаған көз жасын Алла көріп Ақжаннан бірнеше перзент сүйді. Оларды өсірді, оқытты, үйлендірді. Қазір олардың әрқайсысы бір-бір отбасы болып, әртүрлі салаларда еңбек етіп, ұрпақ өсіріп отыр.

Ағаның маңғазданып жиналыста әдемі сөйлейтіні, миығынан күлімсірейтіні, сабақ бергенде дауыс көтермейтіндігі, сабақ түсіндіргенде бар баланың басына құя түсіндіретіндігі, жайдары мінезі, асып-сасып сөйлемейтіндігі, ашуға берілмейтіндігі бір төбе. Бір басында адами қасиеттердің барлығы бар еді. Өзілді өз орнымен айтып, тыңдап отырған адамдарды қыран-топан күлкіге қарық қылатын. Оны өте жағымды болмыс деп есептеймін. Себебі Имам Ғазали хазреттері былай деген: Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) да қалжыңдасатын, «Мен де қалжыңдаймын, бірақ шындықты айтамын» дейтін еді. Ағайдың әр қалжыңының артында шындық жатушы еді. Мұндайда «Қалжыңы шындық болған адамға Алла тағала ол үшін жауапкершілік жүктемейді.» деген хадисті де қолданғым келеді.

Міне, ағай осындай керемет жан болатын. Жақсы адам еді дегенді Алла мейіріміне алады емес пе? Ағаның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Өсірген ұрпақтарын Алла аман етсін!

Зәмзә ДИДАРОВА,
жиен қарындасы

ӘБИ АҒАМ – АСҚАР ТАУЫМ

Әби ағамыз үш ағайынды болған. Үлкені Дүйсен менің әкем, одан кейін Жұбаназар деген ағамыз. Ол кісі Ұлы отан соғысына аттанып, хабарсыз кеткен. Кейін естіп білгеніміздей генерал Власовтың армиясында болған. Қазір Бөген ауылындағы орталық алаңда ескерткіш мемориал тақтада аты-жөні жазулы тұр.

Мен 1956 жылы бірінші сыныпты Көнебөген елді мекенінде оқыдым, екінші сыныпты қазіргі Зейнолла Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінде бастадым. Әби ағаның үйінде жаттым. Әби ағамды «папа» дейтінмін. Содан бастап кейін өзінің ұл-қыздары және менен кейінгі іні-қарындастары, тіпті келіндеріне дейін папа деп атайтын болды. 1958 жылы Кеңес ағам Қызылорданың ауылшаруашылық техникумын бітірді де, арнайы жолдамамен Қарағанды облысының бір ауданына жіберген болатын. Мен 3-ші сыныптан бастап сол ағамның қолында оқып, 1961 жылғы қаңтар айына дейін сол ағамның үйінде болдым. Яғни, 5-ші сыныптың бірінші жартыжылдығын сол жақта оқып, екінші жартысын қазіргі Бөген орта мектебінде жалғастырдым. Сөйтіп 1966 жылы Бөгендегі мектептен онжылдық білім алып шықтым. Сынып жетекшіміз Сейтекенов Айнадин ағай болатын.

Мен Әби ағаның үйінде болғанымда өте жас, ойын баласы едім. Ол кезде үлкен кісілердің мәнді де, мағыналы әңгімелеріне аса құлақ түрмейтін кезіміз. Кейін ес біліп, етек жинап, ақыл тоқтатқаннан кейін үлкен кісілердің ұлағатты сөздерін, салиқалы да өзекті әңгімелерін тыңдай бастадық. Папамыз өзінің мамандығына байланысты әңгімені өрбітетін. Әңгімені жүйе-жүйесімен қызықтырып айтатын еді. Өйткені ол кісінің сөз сөйлеу мәнері, сөздік қоры, тіл байлығы өте жоғары болатын және өте сыпайы сөйлейтін.

Папаның үлкен ағасы, көкем Дүйсенге деген құрметін,

сыйластығын сөзбен жеткізуге мүмкін емес, ешқашан бір-біріне қатқыл сөйлескенін көрген емеспін. Тіпті, әке мен баласы сияқты қарым-қатынаста болды десем, артық айтпаймын. Папаның үлкен ретінде інілеріне көрсететін ізеттілігі өз алдына бір бөлек әңгіме. Міне, сол уақытта біздің әулетте қалыптасқан өнегелі бауырмалдық тәлім-тәрбие біздің бала шаға-немерелермен жалғасуда.

Мен ертеректе Арал қаласының тұрғыны болған – Садуақас деген кісіден мынадай әңгіме естігенім бар еді. Ол кісі де қазір бақилық болған. Марқұм Бөген ауылына ағайынның бас қосу дастарханына барады. Сондағы көріп, естігенін былай баяндаған еді. Ағайынның шақырғанын қабыл алып қонақтардың бірі болып сол дастарханға мен де бардым. Бірден үлкендер отырған бөлмеге жайғастырды. Үлкен бөлмеде ауыл адамдары, ақсақалдар, қарттар шәй ішіп отыр екен. Төрде Әби ақсақал бір әңгіме бастады. Содан шәй үстінде бастаған Әбекеңнің әңгімесі, шай дәмі жиналды әлі таусылар емес, айтып жатыр. Әңгіменің әсерлігі сонша ешкім далаға шықпай бәрі ұйып тыңдап отырды. Содан үлкен дәм ет желініп бата қайырғаннан кейін барып әңгіме де аяқталды, шамасы үш сағаттай айтты-ау деймін. Әңгімені құлағыма құйып алған мен ауылға (Аралқұмға) келгесін бір үлкен отырыста айтып бердім. Бірақ мен бас-аяғы 15-20 минутта аяқтаппын. Бұл дегеніміз менің сөздік қорымның таяз екенін, әңгіме айту мәнерін білмейтіндігімді, Әбекең құсап сөздің майын тамызып айтуға сауатымның таяз әрі жетпейтіндігін білдіреді.

Әби аға сонымен қатар өте кішіпейіл, мәдениетті үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен, қарайтын адам еді. Өз ортасында ұлағатты сөзімен өнегелі ісімен сыйлы болды. Отбасында адал жар, жеті баланың асқар таудай тірегі, сүйеніші, берекелі-мерекелі дастарханның ұйытқысы бола білді. Өзінің көзі тірісінде ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырды. Құдаларының бір қатары ауылда болса, екіншілері Арал,

Қазалы аудандарында, келесі құдалары Орал, Шымкент облысында болды.

Біздің папамыз 1942 жылы әскерге шақырылып Ұлы Отан соғысынан 1949 жылы аман-есен елге келген батыр. Соғыста жүріп екі рет жараланып әскери госпитальда емделген. Елге келгесін Қызылорда педучилишесінде білім алған, одан кейін пединститутқа түсіп оны қазақ тілі мамандығы бойынша бітіріп, қазіргі З. Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінде зейнетке шыққанша ұстаздық қызмет атқарған. Соғыста болған кездерінде және ұстаздық қызметте жүргенінде ауданның, облыстың және республикалық дәрежедегі бірнеше грамоталар, медальдар мен ордендер алған. Одан бөлек соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кездерде алған марапаттары өз алдына бір төбе.

Мен мектеп бітіргеннен кейін елден (Бөгеннен) жырақта болдым. Себебі мамандығым теміржолшы болды. Сондада болса есейіп, үйленіп, балалы болып кейін құда-құдағилы болдық. Сонда кезіндегі ағамның айтқан ақыл-кеңесі, парасатты да пайымды, мәдениетті нақыл сөздерін өмірімізге пайдаландық әрі пайдаланып та келеміз.

Соғыстан елге аман-есен оралғаннан кейін қазіргі алтын асықтай ұлдары мен күміс қасықтай қыздарының алтын құрсақты анасы Даулет қызы Ақжанға үйленеді. Одан бес ұл, екі қыз өмірге келген. Олардан қазір марқұм Жұмабек інімізден басқалары әр шаңырақтың отағасы мен ата-анасы болып папаның немере шөберелерін бағып-қағып отырған жайлары бар. Орнында бар оңалар дегендей Жұмабек ініміздің де шаңырағын Құралай келініміз шайқалтпай, ұйытып ұстап отыр. Немере мен шөбере жаңаөспірім гүлдей болып келеді.

Қай жылы екені есімде жоқ, папа бізді 9-мамыр Жеңіс мерекесіне байланысты Бөгенге тойға шақырды. Мен ол тойға өз семьямды және Қармақшыда тұратын екі құдамды ала бардым. Оның біреуі менің үлкен келінім Ақжанаттың әкесі

Өмірбек құда, екіншісі менің үлкен қызым Салтанаттың атасы Майданбай құда болатын. Бұлардың екеуі де бақилық болған, имандары жолдас болсын.

1998 жылы апрель айында менің үлкен балам Тұрақбай үйленгенде папа келген болатын, сонда барлық қонақтарға, біздерге және үйленген жастарға игі тілегін айтып, батасын берген еді. Папаның үлкен қызы Гүлжан Алматыдан жоғарғы оқу орнын шет-тілі мамандығы бойынша бітіріп Шымкент облысы Созақ ауданының Құмкент ауылына келін болып түсті. Күйеу баланың есімі Бақтияр. Қазақтың салт-дәстүрімен папа бастаған туысқан болып (Папа, Ақжан апа, Нұрғазы, Кеңес ағалар мен және ұмыттым бір кішкентай бала бар) құдалық жолмен бардық. Әрі қарындасымның жасауын, көрпе-төсегін жетіздік. Қалааралық поезбен Жаңатасқа дейін, онан арғы жағына автокөліктермен Құмкентке апардық. Құмкенттегі құданың атын ұмыттым. Жеке бағы (бау-бақша) бар екен, оның ішінде Қазақстан аумағында өсетін барлық жеміс-жидек, ағаштары егілген және барлығы да жеміс беріп тұрды. Біздер теңіздің жағасында туып-өскен, бұндай бақты (бау-бақшаны) көрмегендіктен таңсық болды. Әрі курортқа барып демалып қайтқандай әсерде болдық.

Бір жылдары (1984 жыл болуы керек) жаз айында менің әкем Дүйсен көкем қатты науқастанып, Алматыдағы емханада емделіп жатты. Соған көңілін сұрауға папа және тағы басқа ағайындар барады. Барып ағасының жағдайын білгеннен кейін, сол жақтағы таныс ағайындар әкемді қаланы көрсету үшін көшеге алып шығады. Сол күні орталық стадионында атақты “Қайрат” командасымен тағы бір команда ойнайды екен. Бәрі ойласып соған билет алып кіреді. Стадионда отырса алдыңғы қатарда еңгезердей бір орыс жігіті бір қолында пирожки, екінші қолында (кефир) бутылкадағы айранды ішіп-жеп отырады. Бір кезде ойынның қызған шағы болса керек, әлде гол соға алмай жатыр ма? Әлгі орыс жігіті “Вася” давай-давай деп екі қолын

жан-жаққа сермеп айқайлағанда бөтелкедегі айраны төменде отырған адамдардың үстіне төгіліп кетеді ғой. Бірақ оған мән беріп елеп жатқан ешкім жоқ. Барлығы да ойынның қызығына берілген екен. Кейін қасымдағылардан сұрасам олар ойынға берілген жанкүйерлер ғой (болельщиктер) депті. Ауылға келгесін сол көргендерін айтып «мен сондай болельщиктерді көрдім» деп күлдірген еді. Қазір сол Бөген ауылында папаның қарашаңырағын ұстап отырған Нұрлан атты үлкен ұлы бар. Нұрланның қолында екі келін мен құдай берген бірнеше немерелері, яғни папаның шөберелері өсіп жатыр.

Сөз соңында Әби ағамның 100 жылдық тойы құтты болсын, артында қалған ұрпақтары аман-есен болып, ешуақытта жаманшылық көрмесін деген тілегімді білдіремін. Ағаның өзін және оның ұрпақтарын білетін, танитын жамағат сіздер аман болыңыздар!

Жайлаубай ДҮЙСЕНОВ,
інісі

ҚАЗЫНАЛЫ, КЕН КЕУДЕ

Менің арғы ата-бабам Бөген топырағында туып, өскен. Арғы атам Тілеуқұлдың балалары Рахмет, Жұмахмет, қызы Жәмила апамыз. Рахмет атамның балалары Енсеппай, Базарайкүл, Жұмакүл апаларым өмірден өтіп кетті, Жаңдары жәннатта болсын! Базарайкүл апамды бәріңіз білесіздер, Шарапат атаның жұбайы, балалары Ысқақ пен Смайыл - туған жиеніміз. Нағашы әжелері, бізді бағып өсірген әжем Қағаз мектепте қарауыл, еден жуушы болып жұмыс істеді. Енсеппай әкем, бауырларым ағам Балапан, апам Роза өмірден өтті, шүкір артында қалған ұрпақтары өсуде. Жәмила апамыздың ұлы Әби ағай әкемнің туған жиені. Қазақта жиен ел болмайды

деген мақалға жалғап «жиен ел болады - малы болса, желке ас болады - майы» болса дейді. Бұл мақалды тікелей мағынада қабылдамау керек.

«Жиен ел болады - малы болса» - дейді. Бұл жерде кәдімгі төрт түлік мал емес. Оның кеудесінде рухани байлығы болса деген сөз. Менің әкем Әби ағайды солай бағалайтын. Әбидің кеудесі толған кен ғой, сондықтан ол ретсіз қылжақтық жасамайды, ел боларлық азамат. Желкеге біткен майды да солай теңеген. Сондықтан Әби аға бар қазақтың рухани туысы әрі ол ұстаз ғой деуші еді.

Иа, Әби ағай кішіпейіл, қарапайым, бауырмал болды. Кейін біз Қызылорда қаласы Тасбөгет кентіне көшіп кеттік. Сонда ағай ауылдан келсе бізді үйге іздеп келетін. Әжем бар ол кезде. Сол кісімен әңгімесін айтып, шәй ішіп, мәре-сәре болып, мәз болып қалатынбыз. Пединститутта сырттай оқып жүргенде Қожағазы ағай екеуі сессияға келіп, біздің үйде жатып еді. Ауылдың адамдарының жүрген жерлері бір береке ғой. Серік аға тие берсін, ол кезде фельдшер ауылда. Ол кісі де кейде бірге келетін ағаймен. Әби ағай әңгімені жақсы айтады ғой, оған Қожағазы ағай қосылған соң, "ірі әдебиетшілер" сол кісілердің аузына қарап отырамыз. Ол кездегі адамдардың көңілі не деген керемет, сол кісілерге қарап отырып көңілің тоқ болады ғой шіркін!

Бірде мынандай бір ғибратты әңгіме айтып отырды. Көп жасаған қарияның немересі сыртта ойнап жүрсе Байлық келіп: атаңды шақыр Байлық келіп тұр, сыртқа шықсын деп айт - дейді. Бала жүгіріп барып:

-Ата Байлық келіп шақырып тұр десе, атасы: «осы жасқа келгенше басыма байлық қонған жоқ, әрі ауырып жатырмын. Ауру адамға не керегі бар оның. Сондықтан шықпаймын» - дейді.

Немересі тағы ойнап жүрсе Бақыт келіп атаңды шақыр. Сыртқа шықсын деген хабарды атасына айтса, атасы: «осы

жасқа келгенше Бақыт қонған жоқ шықпаймын» - депті. Тағы ойнап жүрсе Денсаулық келіп атаңды шақыр десе, атасы Денсаулық келсе шығайын деп сыртқа шықса шарбағының ауласында Денсаулық отыр екен дейді. Бір жағында Бақыт, екінші жағында Байлық. Қазақта: «Денің сау болса Байлық та келер, Бақыт та қонар» деген сөзі бар. Сондықтан деніміз сау болсын десіп отыр екен. Осы әңгіме есімде қалыпты.

Ағай Ақжан апам екеуі құндақтаулы баласымен Алматыдан келе жатырмыз деп келді бір күні. Ойын баласымын ғой, даладан үйге кірсем алманың иісі бұрқ ете қалды. Бұрындары үлкен кәрзеңке (чемодан) болатын еді ғой, сондай кәрзеңке толы Алматының апорт алмасы тұр. Мұндай байлықты көріппін ба бұрын-соңды. Сонда қатты қуанып ем.

Жастау кезінде, соғыстың салдары болу керек ағай өкпе ауруымен науқастанып қалып, көңіл күйі болмай Қызылордаға емделуге келіп жүрді. Үйге соққанда, дәрігерлер "ешкінің сүтін іше беріңіз" деп айтты дегені есімде. Өуелі бір Алла, екінші сол дәрігер нұсқауын қатаң орындап, жақсы сауығып кетті. Біз үй ішімізбен қатты қуандық. Артында қалған ұл-қыздары Әби ағай мен Ақжан апамыздың қадір қасиетін, кішіпейілділігін қарапайымдылығын, бауырмалдылығын бойына жинаған. Қуанышымызға да, қайғымызға да ортақтасып жатады. Аллаға мың да бір шүкір! Бәрі кеше сияқты еді, міне өтіп жатқан өмір, Әби ағайымыз 100 жасқа толыпты-ау.

Қайтыс болған адамның артынан баратын ең бірінші жақсылық - оның бұл дүниеде, көзі тірісінде жасаған ізгі амалдары - дейді дінімізде. Әби ағайымыздың ел жұртқа жасаған жақсылығы көп қой шүкір, енді солар сауап таразысында салмақ басса екен. Бұл дүние - ақыреттің егістігі. Уақытша дүниеде не ексең, Ақыретте соның жемісін жейсің дейді. Алла, ағайға елдің берген батасын жеміс ете гөр. Игі мінезін, берген білімін, жақсы амалдарын жолдас етіп, пейіште нұрын шалқыта көр.

Иманды, салиқалы баланың жасаған ізгі амалдары да ата-анасына сауап болып жазылады. Себебі, жаны жайсаң, ізгі ұрпақ тәрбиелеп өсіруде оның еңбегі орасан болғаны ақиқат. Ең күштісі, бұдан баланың сауабы титтей де болса, кеміп қалмайды. Сауап екеуіне де (яғни балаға да, ата-анаға да) бірге жазылады деп жатады. Сол секілді артыңызда қалған салихалы ұрпақты Алла адастырмай, осындай ізі амалдар ете беруіне жазсын.

Аманкелді РАХМЕТОВ,
нағашы інісі

ҰРПАҚҚА ҰЛАСҚАН СЫЙЛАСТЫҚ

Әдепкі кезде Прекешовтер отбасымен іргелес көрші болып, өте жақсы араласып отырдық. Кейінен 1952 жылы Әби менің туған қайынсіңілім, яғни менің жұбайымның туған қарындасы Ақжанға үйленді. Соныменен бір туысқан адамдай, біреуі аға, біреуі іні болып қатысып кеттік. Сүйтіп жүргенде Құдайдың берген балаларын көріп, оларды жақсылап тәрбиеледі. Жанұясында Әби бір өзі жұмыс істесе де біздің қызымыз екеуі сол тапқан азғантай табысты жеткізіп, барлығына білім алуға жағдай жасап, ұлды ұяға қызды қияға қондырып әке-шешелік борыштарын адал атқарды.

Соныменен олардың бойжеткен қыздары жан-жаққа тұрмыс құрып, ержеткен ұлдарының бәрі үйленіп, отау болып. әрқайсысы өз жемістерін өзі алып, қыздарын қияға ұлдарын ұяға қондырып жатыр. Қолында үлкен ұлы Нұрланмен қалды, Әби. Соның немерелерінің өле-өлгенінше қызығын көріп ортасында әдемі ақсақал болып, әдемі ата болып, әдемі әже болып, біздің қызымыз да жаман болған жоқ екеуі қызықтарын бірге көрді. Біздің уақытымыз тар заман, келімі тарлау уақыт

қой, дегенменен соның бәрін де жеңіп, өзінің аталық борышын, аналық борышын атқарып, ойдағыдай қызмет жасап еңбек етті.

Әби ақсақал атанды, ауылда ел сыйлаған ақсақал болды, халқына қалаулы, еліне елеулі ардагер болды. Сонымен бәріміз де оны ағамыздай көретінбіз, бірге жүрген жерде күйеу демейтін едік, сыйлайтын едік. Әрқашан төрден орын беретін едік, өзі де сыйлайтындай-ақ арда азамат еді ғой. Сол азаматтық борышын атқарып өзінің құтты орнында отырды. Біз де жаман емеспіз енді, сол бірге қатар тәрбиелеген балаларымыздың қызығын көріп отырмыз.

Бір бірімізге сыйластықтың соншалықты жоғары болғаны қайын сіңілім екеуміз бір - біріміздің атымызды өле өлгенше атамай кеттік. Ал, Әбиге еркелеп анау-мынау әңгімені қалжыңдап айтқанымызда, ой, Жәке-ай деп, - бәрін көтеріп отыратын. Әби сол күйі өмірінің соңына дейін отанының, елінің ақылман ақсақалы болып кетті. Сол біздің қызымыз бен күйеу баламыздың берген үлкен тәрбиелерінің арқасы болар, әлі-күнге дейін Әби мен қайынсіңілімнен тараған балалар біреуі жеңеше деп, біреуі апа деп бүгінгі күнге дейін сыйластығымыз ұрпаққа ұласып үзілмей келеді.

**Жамила ҚҰРМАНОВА,
Бөген ауылы**

ҮШ ӘҢГІМЕ

Мен осы ауылдың тұрғыны болғандықтан Әби ағаны жақсы білемін. Ол кісімен қатарлас сол уақыттары бірнеше азаматтар болды. Олардың барлығы әр салада жұмыс істеді.

Әбекең, Бөген орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеп осы саладан зейнетке шықты. Әбекең білімді, сауатты, өз ісінің нағыз кәсіби шебер маманы еді. Ол уақытта облыстан, ауданнан, республикадан адамдар келіп елдің жағдайы туралы жиналыс жасайтын. Сол жиынға қатысқан Әбекең ауылдың тұрмыс-тіршілігі туралы айтып беретін. Бітпей жатқан құрылыстар болса, оған көмек сұрап қалатын, шешімін тапқызып жататын.

Әбекең ауылдың ақсақалы. Ақсақал болу оңай емес, елдің ауыз біршілігін, анау-мынау даулар болады, соларды бітімге келтіру. Көрші ауылдан келген қонақтар келіп түскенде, олармен тіл табысып, әңгіме айтып барлығын реттейтін Әбекең еді.

Әби аға өте әңгімешіл, ол кісінің әңгімелерін күн-түн тыңдауға болады және ішінде жай сөз болмайды. Таза кітаптан оқығандықтарынан, өмірден көргендерінен, ел аузынан келтіреді. Жаз айларында көрші болғасын Әбекеңді Оразғали, Әбілмәжин деген інілері келіп, ортаға алып әңгіме-дүкен құратындымыз. Сонда тыңдайтынымыз Әбекеңнің әңгімесі болатын.

Бірде жаз айының ыстығында Әбекеңе қолқа салып, «Мына төбенің басында қалай отырамыз. Күн болса ыссы, осы әңгімені көлеңкеде отырып, шай ішіп дегендей айтсаңыз, үйімізге шақырсақ сізді дестік жан-жақтан. Сонда Әбекең: «Ол да дұрыс екен-ау, бірақ сол шайды ішуді сендер біздің үйден бастаңдар»-деп, өз үйінен шай ішкізіп еді. Сол дәстүр әрі қарай жалғасып кетті. Мен енді сол тыңдалған әңгімелерден үлгі боларлық үш әңгімесін айтайын.

Бірінші әңгіме. Бірде көпшілік бас қосқан жиында, Жетестің тапқырлығын сынамақ болған бір адам оған:

Жетеке, осы адамның, жердің, сөздің және пікірдің сәні неде? Соны айтшы! – деп сауал тастап жиналған жұртқа маңғаздана қарайды. Сонда Жетекең тұрып, сұрақ қойған кісіге қадала қарап еш іркілместен:

Адамның сәні – өнер, білім, ақылы

Жердің сәні – жеміс – өнім, дақылы

Сөздің сәні – өнегелі, өткір, нақылы

Пікірдің сәні – ең пайдалы, мақұлы, – деп жауап берген екен.

Екінші әңгіме. Қарақұм хазіретінің баласы Бұхарада қайтыс болып, оны естіртуге ешкімнің батылы бармай, тек Жетес би тәуекел етіп, ғұламаға барған соң сұрақ қояды:

Жетес: - О дүниеге барғанда пейіштің есігін сұраусыз кім ашады? – дейді. Ғұлама: - Әрине пейіштің есегін сұраусыз ғұмыры құдайға құлшылық еткен, кісі ақысын жемеген, жетім-жесірге қарасқандар дей келіп, ет бауыры жақын адамды өлгенде құдайлық іске көнген пенде ашады, - депті. Сонда Жетекең: - Иншалла, пейіштің есігін сұраусыз сіз ашатын болдыңыз. Бұхарадағы балаңыз мезгілсіз дүние салды ғой – депті.

Хазірет көзіне жас алмай, азғана кідіріп. Үндемей далаға шығып кетеді. Жетес далаға шығып қараса Ғұлама есік алдындағы тақырды алақанымен сипап отыр екен. Жетекең: - О, тақыр неғып отырсыз. Шыдам жасаңыз, үйге кірейік, - дегенде Хазірет: Шіркін жалғызымның жалаң аяқ асық ойнайтын ізін сипалап отырғаным ғой – деп қамығыпты.

Үшінші әңгіме. Жетес бидің жақсы көретін бір қызы көңілі қалаған біреумен қашып кетсе керек. Соған ренжіген Жетес би басын көтермей жатып қалса керек. Оң болсын айтқан адамдардың біреуіне басын көтермей жата береді. Жарлылау тұратын Қабанбай келіп: - Бала туса құтты болсын дейміз, өлсе қайыры болсын дейсіз, осы қашып кеткен қызға не дейміз?! Өзің айтшы Жетеке, - дейді.

Сонда Жетес басын көтеріп:

Сен не дегелі келдің? – депті.

Баланың бағы ашылсын. Барған жерінде баянды болсын, - дегелі келдім. Сен тұрмай жатып қалды дегенді есітіп, орнынан тұрғызып, үйден өзіңмен бірге бірдеңе жегелі келдім, - депті.

Әй құрдасым, сені ел жарым дейтін еді, сен жан ашитын арым, ауырғанымды көтеретін қара нарым, қолымдағы барым, ақылы мол дарын екенсің ғой, - деп орнынан тұрып, қой сойғызып, сыйлап жіберіпті.

Міне, біз ол кісіден осындай әңгімелер тыңдаушы едік. Одан да бөлек оқыған кітаптарының қызығына бірге батырушы еді. Бірнеше күн ішілген шәйдің негізі осындай салихалы әңгімелерге құрылды. Сол күндер керемет болатын. Ал, қазір ол күндерді іздесең де таппайсың. Қайран Әбеке, сіздің жоқтығыңыз игі отырыстарда белгілі болып қалуда.

**Махмут ЖАҚСЫБАЕВ,
Бөген ауылы**

ӘУЛЕТТІҢ ИЕСІ МЕН КИЕСІ

Сұрапыл соғыстың аяқ жағы екен. Бауырынан айырылған атам (менің марқұм күйеуім Нұрғазының әкесі) екі інім де бір мезетте армияға, одан әрі Ұлы отан соғысына кетті. Сонда мен осылай аңырап қалам ба деп күн сайын етегі жасқа, жүрегі шерге толып зарланады екен. Түні бойы көздің жасын көлдетіп, күндіз зав.фермалық қызметті жасап, малшылардың үйін түйемен көшіріп, әр шұқырға аялдап, қона жатып дйттеген жеріне баратын көрінеді. Сөйтіп көш артып келе жатқан күннің бірінде ауылға жақын бір орынға тоқтайды. Түннің біруағында айқайлаған бір дауыс естіледі. Жын ба пері ма деген атамдар от жағып, өздерінің қайда екенін көрсетеді. Сол-ақ екен жаңағы кісі «Сүйіншілеп» бұларға жедел жетеді. Жетіп келеді де «Ағажан-

ау, бауырың келді, Әбиң келді» дей береді. Атам сонда «бұл сүйіншіден де жүрегім жарылмай аман қалдым-ау» деп әлгі кісінің құшақтап жылай беріпті. Біраз уақыттан соң есін жинаған атам: «құдай өзі осы күнге де жеткізді ғой, сүйіншіге менде бар сиырдың ішінен қалағаныңды ал» деген екен. Содан таң атпай қайтадан үйді көшіріп, Бөгенге жетіп, інісімен қауышады.

Сол уақытта қызметкер адамдар аздап ішімдік ұрттайтын болса керек. Одан атам да алыс болмаған ғой. Сол күні атам, екі інімнің біреуі аман келген күнен бастап құдай жолына түсем деген уәдесін орындап, дін жолына бет бұрыпты.

Папаның аман-есен оралғанына ірі қара сиыр сойып, бүткіл аймақтағы халықты шақырып, дүрілдетіп той істепті. Ол уақытта біреу тауып ішіп, біреу таппай жүрген уақыт қой. Ел болып бір тойдық-ау деп еске алады екен. Кейін папаны үйлендіріпті атам. Менің қасымда қатар үй болып отырсын деп, екі қара үйінің бірін беріп, папаларды бөлек шығарыпты. Бөлек шыққанымен ертеңгісін тұрған шешей (абысыны Ақжан) мына үйдің түндігі нашар деп, самаурынға қойған шайын атамның үйіне кіргізіп, дастархан жасап жүреді. Сонда атам: «Әй, сендердің үйлерің бар ғой, бөлек отырып үйренсеңдерші, сендерді бөлек үй болсын деп едім, сендер кетпедіңдер ғой» деп әзілдейді екен. Сонда Шешей: «ол үйде отырғым келмейді, осы үйге үйреніп қалғанмын ғой» дейтін көрінеді. Сондай өзі кішіпейіл адам болатын абысынымыз Ақжан.

Шешей біздің үйге келе жатқанда, шарбақтың арғы шетінен бастап сәлем етіп келетін еді. Сонда «бақытты бол, бақытты бол, көп жаса, көп жаса» дейтін атам. Бірақ Алланың жазуы шығар Ақжан абысыным ауыр сырқаттан өмірден озды. Балдарының қызығына жете алмады. Абысыным сондай бір ақжелең, ақ көкірек адам еді. Біздің әулеттің барлығы папаны «папа» деп, Шешейді «апа» деп атап кетті, тіпті келіндері мен немерелері де. Былайынша айтқанда Прекешовтер мен Дүйсеновтер әулетінің Папасы мен Апасы болды. Яғни әулеттің иесі мен киесі болды. Шешей келгеннен бастап мен қазанға

бармаймын, шешейге өзің ие бол деп кетіп қалатынымын. Сол уақытта Бөгенде су да тапшы. Садақамыз тараған соң, шешей ыдыс-аяқтарды жуып, бәрін төңкеріп: «ана ыдыс-аяқтардың бәрін сорпаға жуып-жуып кеттім, өзің дұрыстап аларсың» дейтін еді. Сөйтіп жүргенде бала көтеріп, ұл туды, бірақ көп ұзамай ол бала шетінеп кетті. Артынан үлкен қызы осы балапанды (қайын сіңілісі болған соң атын атамайды - Гүлжан) көріп, оның артынан екінші қыз тағы босанды. Ол уақытта біз Қамау деген елді мекенде бөлек тұрамыз. Мен және жеңгем екеуміз қыдырып келсек, шешей босанып отыр екен. Жеңгем онда екі қыздан кейін ұл келсін деген ниетпен атын Ұлболсын деп қойып кетті. Содан Ұлбосынның артынан ұл тапты, ол мына осы күнде жүрген Ақнұш (Нұрлан) деген жігіт. Содан кейін артынан тағы ұлдар ерді, тату-тәтті өмір сүрдік, үйдің арасында үй болған жоқ. Менің жолдасым Нұрғазы балық аулайтын, сол балықтан оқудағы балапанға салып жіберетін. Бір күні Нұрғазы: «осы біз Балапанға 2-3 балық береміз, сол аздық болады-ау, мен бүгін көп балық әкелдім осыны капчонный кылып ыдысқа салып екеуміз апарып берейік» деді. Мен «жарайды апарып берсек берейік» деп нән, нән ақбалықтарды екеуміз апарып бердік.

Менің Атам да папа дегенде ішкен асын жерге қоятын еді, соның бәрін көрген көз, естіген құлақ, ұстаған қол, кеше болғандай болып отыр енді. Сол үлкен кісілердің салып кеткен бір-біріне деген сыйластығы мен бауырмалдығын біздің балаларымыз жалғастырып келеді. Менің енем (енесінің атын атамады, аты -Төлеш) 2007 жылдардың шамасында қайтыс болды. Ол кезде біз осы Аралда тұрамыз. Енемді жедел жәрдем көлігімен ежелгі ата-бабаларымыз жерленген Қосуақ деген жерге алып шықтық. Сөйттік те балаларға «Бөгеннің ортасымен жүр. Енемді бәрі таниды. Ой, дүние-ай деп қалсын дедік. Сосын папаға апарып қоштастырайық дедік (ол кезде папаның денсаулығы жоқ, ұзаққа шықпайтын). Сөйтіп, папаның үйінің есігінің алдына апардық. Папа үйден шығып, жеңешем-ай жеңешем-ай деп қайта-қайта жеңешесінің мәйітін сипалап

қатты жылады. Не деген бауыр, ой, дүние-ай десейші. Сөйтіп өстік, сөйтіп өндік, ешқандай қиыншылық, жаманшылық көрген жоқпыз. Құдайға шүкір, әлі де сонымен келе жатырмыз. Шүкір, балалары да жақсы болып өсті. Ауыз біршіліктері мол. Араласып тұрамыз. Шақырған тойға барамыз. Иә, бара алмай қалсақ бара алмай қалдық деп уайымдап отырамыз. Негізі барғанымды жақсы көремін-ау, бірақ кейбір кезде жолдың тоқаты болып бара алмайтын жағдайлар болып қалады. Сонда үйде отырып бара алмай қалдым деп айта береді екенмін. Әлі күнге дейін барғанымды тәуір көрем.

Балаларды қатты жақсы көрем, бәрі де өз баламдай. Бәріміздің фамилиямыз бір. Бәріміз Прекешов болып жазыламыз. Папаның фамилиясындамыз. Папаның айтқан әңгімесі, сөйлеген сөзі әлі жүрегімізді елжіретеді. Папа отырып әңгіме айтқанда бір шәй, бір ет пісірілім уақытқа созылатын. Бір күні бір жерде папа әңгіме айтып отырса, Әйтен ақсақалдың Ынта деген келіні шәй құйып отырып әңгімеге кіріп кетеді ғой. Сөйтіп отырғанда келінді біреу шақырып кетіп қалыпты. Амал жоқ барады да. Барған соң әлгі келін «ана кісінің әңгімесін айтсайшы, сол әңгімені аяғына дейін тыңдай алмай қалдым» деп өкініпті.

Бір күні папаға кезігіп қалған әлгі келін: «аға біздің үйге барып шәй ішіңіз. Өткенде әңгімеңізді тыңдап отырғанда біреу шақырып кетіп, тыңдай алмай қалып едім. Сол әңгімеңізді бізге айтып беріңізші» депті. Осылайша үйіне шақырып ет асып, шәй беріп әңгімесін бала-шағасымен тыңдапты. Осындай әңгімелері көп еді ғой папаның естір құлақ болса. Ол кезде жас болдық әңгімесін көп тыңдай алмадық. Кәзір папа болса күндіз-түні айтқызатын едім. Бірақ папа жоқ. Сәті түскенде Қосуақтағы бейіттерінің басына барып, ой папа ай, абысыным-ай деп құлыптастарын аймалап, есімізге алып тағзым етіп тұрамыз. Папа мен Шешейдің еңбегі зор ғой, ағайын туғанға.

Сіз сөзіңіз жұмсақ, дастарханшыл, көпшіл жан едіңіз. Алла сіздің нұрыңызды жұмақта шалқытсын. Құдайға шүкір

жақсымыз. Ұлды ұяға қызды қияға қондырып жатыр артында қалған ұрпақтары. Бұл да сіздердің тілектеріңіз еді. Аллаға мың шүкір.

**келіні Сара Прекешованың
айтуымен жазылды
(әңгіме барысында қайта-қайта
көзіне жас алып отырды).
Арал қаласы**

ЖАЙСАҢ МІНЕЗ, ЖАҚСЫ АҒА

Мен қайнағамның бітім болмысы, мінез ұстанымын өте жақсы білемін. Өйткені мен туған келінімін. Яғни, менің жұбайым Кеңес Дүйсенұлы 1934 жылы дүниеге келген қайнағаның інісі. Мен осы әулетке, қайнағамның қолына 1957 жылы келін болып түстім.

Ол кездегі ақсақалдар мен қарасақалдардың болмысы өте бөлек еді ғой. Әрбірі қозғалып жүрген тау секілді көрінетін. Соның ішінде қайнағаның болмысы тым бөлек болатын. Оның ең бірінші тұлға болып көрінгені сабырлылығы болатын. Сабыр ету – құтылуға, жетістікке себеп болатын жақсы мінез. Сабыр – пайғамбарларға тән мінез. Сондықтан ата-бабаларымыз: «Сабыр ащы болса да, жемісі тәтті», «Сабырлы болсаң мақсатқа жетесің», «Сабыр түбі – сары алтын» деген.

Мен ол кезде шай құйып, ас әзірлеп жүрген келінімін. Келін болсам да үлкендердің осындай жақсы әңгімелеріне құлақ түре жүретін едім. Осылайша мен келін болып түскен ел өте тектілікті өнеге етті. Жолдасым Қызылорда ауыл шаруашылық техникумынтамамдаған соң 1958 жылы жолдамамен Қарағанды облысында еңбек жолын бастады. Отбасымызбен бірге сонда көшіп бардық. 1959 жылы тұңғыш қызымыз Күлмараш дүниеге

келді. 1961 жылы 3 жылдық жұмыс істеу мерзімі біткен соң туған жерге қайтып оралдық. Сол жылы күзде екінші баламыз Сержан дүниеге келді. Кеңес екеуміз төрт ұл, үш қыз дүниеге әкеліп, бағып-қағып өсірдік. Қазір бәрі отбасылы. Қазіргі таңда екі қызым мен ұлым Жеңіс Алматы қаласында тұрып жатыр, қалған төрт баламыз Аралда тұрады. Отағасы Кеңес 2016 жылы 82 жасында дүниеден өтті. Өзім құдайдың берген қуатымен балаларының ортасында, 7 баладан 22 немере, 38 шөбере сүйіп отырған бақытты ана, ардақты әжемін.

Бұл бақыттың барлығы сонау текті әулетке келін болып түскен уақыттан басталған еді. Менің атам, абысындарым, қайнағаларым, қайын сіңілі мен қайын інілерім бәрі-бәрі алтын жандар еді. Мен тез сіңісіп, үлгі тұтар жандардың айналасында болдым.

Әби қайнағам жаны жайсаң, жүрегі жомарт жан еді. Қайнағамыз бен абысынымыз алдымызда жол көрсетіп, ақылдарын айтып жүретін ақылшымыз еді. Қайнағаның туған ағасы менің атама (күйеуімнің әкесі Дүйсен) деген сыйластығы, үлкенге деген құрметі ерекше болатын. Қайнылары жеңгелерімен ойнап, қалжыңдасып, үлкені кішісін аялап, кішісі үлкенін сыйлап аса құрметтеп жүруші еді.

Әби қайнағам сондай сырбаз, сабырлы, байсалды кісі ғой. Қай кезде де асықпай, әр әңгіменің соңын тосып сөйлейтін ұстамды, білімдар кісі еді. Сол салмақты мінезі мен адамгершілігі, біліктілігі үшін үлкен кіші айрықша қадірлейтін. Әсіресе сабырлы қалпы көпті сыйлатты.

Қайнағам Аралға қызмет бабымен, жиналыс деп жиі келіп тұратын, үйге келгенде алдынан кесе өтпей шайын беріп, сәлем салып батасын алып жүрдік. Қайнаға Отан соғысының ардагері, білім саласында адал еңбек етіп ұрпақ тәрбиелеп елінің алғысына бөленген азамат. Қайнағам мен абысыным мағыналы, мәнді, бақытты шаңырақ құрып, үлкен әулеттің туын көтерді, өмірде өз орындарын таба білген ұланды ұрпақ өсірді.

Тәуба дейміз! Өздері өмірден өтсе де артында ұрпақтары қазір бір ауыл болып өсіп-өніп отыр. “Адам ұрпағымен мың жасайды”, - деген осы!

Алла барлығына амандық беріп, ұрпақтары жалғаса берсін дептілеймін! Қайнағамыз бенабысынымыздың жаны жәннаттың төрінде, топырағы торқа болсын! «Сабырдың имандағы орны, бастың денедегі орнындай.» деген данышпандардың бірі «Хақ тағала сабырлы және ықыласты болған адамды, есепке тартпай жәннатқа кіргізеді.», «Аллаһу тағаланың жәрдемі құлдың сабырымен бірге.» және «Ғашықтығын жасырып, намысын сақтап, сабыр еткен адам жәннатқа кіреді.» деген екен. Қайнағама сол сабырлығы үшін Алла жәннәтті нәсіп етсін!

Бибисия ДҮЙСЕНОВА,
келіні,
Арал қаласы

ЖҮРЕГІ ДЕ, ЖҮЗІ ДЕ, БОЛМЫСЫ ДА ТАҒЫЛЫМ

Ана үшін аянба – ант ұрады.

Бала үшін аянба – бетің күйеді.

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,

Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын дегендей Әби аға ерен болмысты жан еді ғой. Қазақта «Әкенің жақсысы жездедей-ақ» деген бір даналық сөз бар. Сол секілді әкеміздің туған қарындасы Ақжан апаны алып отырған Әби ағаны біз жезде болса да жезде демей әкеміздей көретінбіз. Ол кісі сондай құрметке лайықты еді. Бір жағынан ұстазымыз. Терең ойлы, оған қоса сегіз сырлы, бір қырлы бөлек болмысты адам

болатын. Бүкіл ауыл құрмет тұтқан, ұстаздықтың ұлы шыңына шыға білген азамат. Болмыс-бітімі сабырлылықтың эталоны. Біреуді сыртынан жамандап, немесе дауыс көтеріп, зекуден, күншілдік пен күдікшілдіктен аулақ жүретінді.

Сабақ берудегі тәсілі тіпті керемет. Балаларды әсерлі дауысымен, әңгімелерімен тыңдата білуі үлкен бір дүние. Сыныпқа кірген уақытта оқушылар шулап жатса басы артық әңгіме айтпайтын. Сыныпқа кіреді де терезенің алдына барып далаға қарап тұратын. Сол кезде оқушылар өздігінен басыла қалып, құлаққа ұрған тыныштық орнайтын. Сонда ешқандай дауыс көтеріп, ұрыспай-ақ өзін тыңдатқан ұстаздың болмысын көресіз. Міне, ондай ұстаздың сабағы қалай өтеді, өзіңіз саралай беріңіз.

Әби ағаның барлық болмысы, әңгімешілдігі, сабырлылығы, отбасындағы әкелік, ағайын арасындағы алар тұлғалы орны, айта берсең үлкен әңгіменің арқауы. Мен енді бір ғана естелік арқылы ол кісінің болмысын ашып көрейін.

Менің үйлену тойым Қызылорда қаласында өтті. Сырттан группаластарым, достарым мен таныстарым келді. Ауылдан тойға Әби ағам да келіп, қатысты. Әби аға сөз сөйлегенде достарым «Мына кісі Бауыржан Момышұлының өзі ғой» - деп таңданысын жасыра алмады. Ішінде тілге икемдері қасына барып «Аға, сіз Бауыржан атамыздан аумайды екенсіз, сіз де батыр шығарсыз» деп қаумалап жатты. Енді бірі маған келіп «Мына Баукеңе аумайтын кісі сіздің кіміңіз болады?» деп сұрасты. Оларға мен:

Ол кісі біздің әулетке, яғни Оспанов Дәулет ата ұрпақтарына өте жақын адам. Яғни бұл кісі Дәулеттің сұлу да сымбатты Ақжан атты қызын алып отыр. Дәулет атамыздан Жалғас, Ақжан, Асан, Теңізбай, Күнқияш бес бала тарайды. Міне Әби ағамыздың бізге жақындығы осында. Ол әулетке, үлкендерге жақсы күйеу, кішілерге жезде, ата, көке бола білетін данышпан жан дедім. Оның үстіне сіздердің Бауыржанға ұқсатып

тұрғандарыңыздың мәнісі бар, бұл кісі Отан үшін от кешкен, қан майданда ерен ерліктің үлгісін көрсеткен бізді жаудан қорғаған батырымыз дедім. Достарымның аузы ашылып қалды. Әрі ұстаздығы мен шежірешілдігін мақтана жеткіздім. Сонда достарым, онда жақсы әңгіме айтатын болса Бауыржан атамыз жайлы сұрайық деп ағама қарай ойысты.

Аға өзін қоршап алған менің достарыма: Батыр Баукең туралы аңызға татырлық әңгімелерді біз сол соғыста жүргенде еститінбіз, соның біреуін айтып берейін –деді.

Батырдан бір кісі сұрапты:

- Бауке, айтыңызшы өзі, жер бетінде ең батыр адам кім? -депті.

Сонда батыр атамыз ойланбастан:

- Жер бетіндегі ең батыр адам... ол - қыз, -депті. Оның мәнісін сұрағанда былай деп жауап беріпті:

- Мен қанша батыр болсам да, бөтен, танымайтын елге бір сағат та тұрғым келмей қашамын. Ал, қыз болса барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіріп ел де қыла алады, сыйлата да алады, алыса да алады, қаймықпастан ұрпағын да көбейтіп, сол елді жеңіп, мәңгі билейді, - деген екен депті. Содан соң аға достарыма қарап: ұлы Бауыржан аталарыңның мына сөздерін үнемі естеріңде ұстаңдар, ол кісі: «Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деп кеткен. Сондықтан ер азамат аттарыңа лайық болыңдар. «Қорқақ қаққа шөгіп өледі», «Көп тұрған су сасиды, Ойламаған ми сасиды», «Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық», «Арпалысып жүріп алған абырой – өмірдің ең шырын рақаты», елге қызметті арпалысып жүріп жасаңдар деп түйіпті. Міне мен де сендерге осыны айтамын деп аяқтады аға әңгімесін. Достарыма батасын берді.

Атамның асылы қасиеттерінің айшықты болуына Ақжан апамыздың еңбегі орасан зор. Олай деуге себеп, апамыз бар ғұмырын Әби көкемізге арнаған адам. Үлкендердің айтуынша

Ақжан апамыз жас кезінде керемет сұлу болған дейді. Біз ес білген шақта апамыздың бауырмалдылығына тәнті болатынбыз. Апамыз төркін жағынан кім болсын бауырым деп атаушы еді. Біздің әкеміз Жалғасты ерекше жақсы көруші еді. Сондықтан да болар Әби ағамыз әкемізді Жәке деп атаумен өтті.

Ақжан апа туралы көп естелік айтуға болады. Апамыз өте таза адам болатын. Дүниеге алтын асықтай екі қыз, бес ұл әкеліп тәрбиелеген адам.

Жұман деген ініміз кішкентай кезінде қатты науқастанғанда әуелі құдай сол апамыздың арқасында аман қалды деп отырады. Әкеміз күнде жұмыстан кейін ерінбей барып Жұманның қасында отырып, көңілін көтеріп қайтатын көрінеді. Тіпті, өлең жазып ән айтады екен. Кейін Жұман тәуір болғасын «сен менің арқамда айықтың» деп қалжыңдаушы еді. Аяулы Ақжан апа біздің әулеттің есінде мәңгілік сақталады.

Ал Әби ағамыз жақсы да ұзақ өмір сүрген адам. Нағыз аңыз адам десек те жарасады. Майдандағы ерлігі бір төбе. Шәкірттеріне әдебиет әлемінің есігін ашып, сол сиқырлы әлемге именбей кіруіне, рухани байлық жинауына жол ашқан жүрегі де, жүзі де, болмысы да тағылымға айналған, руханият болып туылған әдебиет әлемінің батыры, Бауыржан Момышұлысы болды десем де жарасады.

Қайран Әби ағам, бұл дүниеге жайдары бір жұлдыздай жанып, күндей жарқырап өткен жан ғой. Ол дүниеге тек жақсы амалдармен бар, сонда ғана нұрың шалқиды дейтінді көнелер. Ал, жақсы адам екенін ел айтады. Әби ағам жайлы елдің сөзі болса, оның нұрын шалқытып, шапағын шаштыратындай. Лайым солай болсын, әмин!

**Бозқұлан ЖАЛҒАСҰЛЫ,
Қызылорда қаласы**

ІЗЕТТІ АҒА, АҚЫЛМАН АҚСАҚАЛ

Мен Әби нағашы ағаммен жас та болсам жолдас болып, он алты жылдай қасында еріп бірге жүрдім. Ол кісінің қасында жүріп әңгімесін тыңдау, қай ауылға барсақ та ол кісіге деген ауыл ақсақалдарының, ауыл басшыларының көрсеткен ілтипатын көрудің өзі бір бақыт екен. Мұхтар, сен Нұржан Ишан атаның шөбересісің, Атам - жаңбырдай нұрын төгіп тұратын еді ғой,- деп әрқашан қайталап айтып отыратын.

Қазір өздерің білетіндей Бөген ауылы төрт «Төбе биге» бөлінеді ғой, соның біздің ауыл жағы Әби төбе деп аталады. Әби ағай дүниеден өткеннен кейін осы Әби төбенің биі болып ағайдың қара шаңырақта отырған үлкен ұлы - Прекешов Нұрлан ағамыз басқарып келеді. Ауыл көлемінде ұйымдастырылатын барлық іс-шараларға осы Әби төбенің тұрғындары Нұрлан ағамыздың басшылық етіп, ұйымдастыруымен атсалысып отырады. Әрине ол ағайдың салып кеткен даңғыл жолының жалғасын тапқаны деп санаймын.

Ағайды көз алдыма Бауыржан Момышұлына ұқсатып елестетемін. Әсіресе Әбекең қалың мұртын екі жаққа сипалап отырып, байсалдылықпен әңгіме өрбіткенін көп ұқсатамын. Жастау болсам да қасында көп жүрдім дедім ғой. Көптеген әдемі әдеби мағыналы әңгімелерін тыңдап, рухани байлыққа ие болдым. Ол кісі әңгіме айтып отырғанда ешкім сөйлемейтін және жанама сұрақ қойып әңгіме-дүкен қылмайтын. Тіпті кейбір ауылдың пысық келіндері отырыста ет желініп болғаннан кейін қайтадан тез дастархан жайып жіберіп, ертең демалыс қой үйге барғанда да осы шәй ғой деп жібермей соңына дейін айтылып жатырған қызық әңгімені айтқызушы еді. Қазір ойлап қарасам ол кісі мақтану

дегенді білмейтін, болмаса мақтанып айтатын басынан өткен істері көп болғанын білеміз. Өзі туралы көп нәрсені айтпайтын, көбіне «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Жұлдыз» баспаларында жарияланған мақалаларды әдеби тілмен баяндап терең рухани тәрбие берді. Тыңдап отырып өзіңді сол әңгіменің ішіндегі кейіпкер сияқты сезінесің. Сол тоқырау заманында біршама жоқшылық қиындық болса да қарнымыз ашпайтын, Әби ағамның төбенің басында отырып кешке қой келгенше айтқан әңгімесіне тойып, іштей қорытып ойға шомып төбенің басынан малымызды айдап үй-үйге тарайтынбыз. Ал анау кезекпен қой бағып келген бала әскери қолбасшының алдында тұрғандай болып Әбекеңе баяндайтын. Ол кісі халықтың адамы еді ғой.

Арал ауданы көлеміндегі барлық ауылдарға өте сыйлы болды, сол ақсақалдың қасына еріп жүріп біз де Бөген ауылының тұрғындары әр сырт ауылдарға: Аманөткел, Қызылжар, Қаратерең, Қарашалаң, Аққұлақ тіпті Сырдарияның арғы бетіндегі Жаңақұрылысқа шақырылған іс-шараларға барған кезімізде сол ауылдың жас кәрілерінің Әби ағаға жасаған ілтипаттары адам сүйсінерлік, барлығы көз алдымда тұр. Отырған жерде жас болсақ та мақтап біздің мәртебемізді көтеріп жүретін.

Ойыма бір тәрбиелік мәні бар болған оқиға түсті. Бір күні ағай маған хабар айтып уақыт белгілеп ауылдық әкімге баратынымызды айтты. Әкімге келсек ауылдың ақсақалдары: Бідәннің Ысқағы, Жолдасбайдың Зейнулласы, Дәулеттің Теңізбайы, Аңдызбайдың Биғожасы тағы басқа көптеген қариялар шақырылыпты. Мен Әби аға отырған жерде сөйлемеймін, тек оқы десе құранымды оқимын. Әби ағаны әкім Сартов Кеңес сұранып қасына жақын отырғызды мен жанына төменірек отырдым. Кеңес әңгіме бастады. Мына дарияның арғы жағындағы Жаңақұрылыс ауылы «Төбекен бидің» аруағына арнап ас беріп жатыр соған

ел болып ұйымдасып барсақ қалай болады деп, Әбекең қарап сөйледі ол сол жерде Әби ағадан үлкен ақсақалдар отырса да. Соған халықтан қаражат жинайық деген сияқты ұсыныс айтты.

Тоқырау заманы, халықта жұмыс жоқтығын ескеріп отырған Әбекең, ия баруымыз керек, бірақ халыққа салмақ салмай-ақ өзіміз жиналып барып қайтайық Кеңесжан-ау деп кесіп айтты. Сонан Кеңес ағамыз былай болып барайық, мынаншадан қомақтылау ақша жинайық деген әңгімелерді айтып жатты. Сол кезде Әбекең жайлап жымып күліп қойды да, Кеңесжан-ау таудың басына шыға бермесенші таудың етегінде де ел бар ғой - деді. Сол кезде әкім ия, Әбеке сол таудың басынан түсейін деп жатыр едім деп тоқтады.

Мінеки Әби аға қалай үлкен мен де кішімен де ауыл басшыларымен де орынды сөйлесе білетін еді және дер кезінде тоқтататын. Сөйтіп Әби аға қалтасынан әмиянын шығарып ортаға біршама ақша салды, сосын оған қарап басқа ауыл ақсақалдары да қалталарынан әмияндарын шығарып шамалары келгенше ақшаларын шығара бастады. Мен үндемей отырмын, себебі қалтамда ештеңе жоқ. Бір кезде Әбекең мені аяғымен түртеді, төмен қарасам білдіртпей менің тіземнің үстіне бір мың теңге ақша қойып қойыпты, содан кейін қалтама әмиян салып жүруді әдет қылдым. Ал енді Жаңақұрылыс ауылына асқа келгенде бізге арнайы киіз үй тігіп, маңдайшасына Бөген - Әби деп тасқа таңба басқандай қылып жазып қойыпты. Біз ішке кірісімен көп ұзамай Елшекен ақсақал бастаған бір топ ауыл адамдары келіп, Әбекең бастаған Бөгеннен келген қонақтарға арнайы сәлем беруге келдік деп рахметтерін айтып кетті. Мінеки, Әбекеңнің беделі аудан көлемінде қандай жоғары болғанын осы жайдан білуге болады.

Кезінде Сталин әйгілі батырымыз Бауыржан Момышұлын

қабылдауға шақырыпты. Сонан Кабинетіне кіріп амандасып болғаннан кейін Сталин Бауыржан Момышұлының бір қапталынан айналып, сосын екінші қапталынан, сонан соң арт жағынан айналып қарапты. Сосын қайтадан алдына келіп сен төрт жағыңнан қарағанда да – Бауыржан Момышұлы екенсің деген екен. Себебі Сталин айналып артқы жағынан қарағанда көп батырлар қозғалып қояды екен. Батыр Бауыржан атамыз туралы көп оқысам да мен осы әңгімені Әби ағаның аузынан бірнеше рет естідім. Міне нағыз терең білім қайда жатыр. Ол кісінің бауырмашылдығы да зор болатын, әсіресе інісі Нұрғазы осы жанымыздағы Тұщы көліне қатты дауылдың салдарынан қайықпен ығып жоғалып кетіп, үш күннен кейін табылған жағдай болған. Сол кезде мен Әби ағаның жанында үш күн бойы болып, бауыры табылғанша қатты қайғырған қиын сәттерінде куә болдым. Нағыз бауырмалдық қасиеті әрқашан сезіліп тұратын. Ешкімнің ала жібін аттамайтын, өте мәдениетті, сыпайы көреген жан еді ғой Әби аға. Биыл осы биік тұлға - Әби ағаның туғанына 100 жыл толып отыр екен. Артында қалған ұрпақтарына, арнайы өзім жақсы сыйлайтын құрдас - досым әрі нағашым – Нұрханға отбастарына береке тілей отырып Ас беру іс-шарасы жоғарғы деңгейде өтуіне тілектестігімді білдіремін.

Азанғы уақыттың кезі Әби ағам үйге бала жіберіп мені үйіне шақыртты. Ол кезде мен Нұржан Ишан атам атындағы ауыл мешітінде имаммын. Келсем Әби ағамның жанында құдасы Жолдасбайдың Зейнулласы, Жаманкөз руының лекерлері Дәулеттің Теңізбайы және Оразғали аға отыр екен. Мен жалма жан амандасып, жөн сұрасып болған соң, ау Әбеке аманшылық ба деп сұрадым. Сол кезде Әби ағам жайлап сөз бастады. Мына Ақбике қыстағында тұратын Шымберген ініміздің баласы Батырхан келін әкеліп жатыр, келінді біздің үйге әкеліп түсірді. Көрші ауылдағы Бахтыбай

деген кісінің қызы екен деді. Мен онша түсінбей біртүрлі қараған болсам керек, иа біздің үйге түсірді деп сөзін нақтады.

Шымберген ағамыздың жалпы ағайындығы бар, бірақ Әбекеңе етене туысқандығы жоқ екенін білемін. Мал ауылда, Ақбике қыстағында тұрады. Сол кезде Теңізбай аға, әй, Шымбергеннің өзі қайда, анау Бақтыбай біршама мінезді жігіт, кешірім алу қиындау болады-ау осы деді. Әби ағам қалың мұртын жайлап сипап отырып, Зейнулла мен маған кезек-кезек қарап, Шымбергеннің келінді біздің үйге түсірткізіп отырғаны бекер емес ғой көрдіңдер ма, осыдан байқай беріңдер енді. Шымберген енді біз кешірім алғаннан кейін келеді деп қалжыңдады. Сөйтіп Әби аға барлығымызды ертіп және жолдан Биқожа ағаны алып, ауыл әкімінің ғимаратына алып келді. Келсек алдын ала ескертілген болса керек әкім Кеңес тағаттана күтіп отыр екен. Біз келгеннен кейін амандасып болған соң әкім біртүрлі үрейленіп қарап, Әбеке амандық ба деп сұрады. Сол кезде Әби аға, Кеңесжан - ау мен келін түсіріп жатырмын деп бастап, әрі қарай мән-жайды баяндап келіп, - Кеңесжан осы кешірімді сен мына Зейнулла екеуің барып маған алып келіңдер деп сұранған болды. Сол кезде Кеңес ой, Әбеке кешірімнің бір жолын табармыз, мен басқа бір жағдай ма деп біртүрлі қорқып кеттім деп жымиып күлді. Әрине бұл елге беделді ақсақал мен ауыл әкімінің арасындағы бір-біріне деген аса жоғары ара қатынастық, сыйластық еді. Сол күні Кеңес пен Зейнулла ақсақал көрші ауылға барып Бақтыбай құдадан кешірім алып келіп ертеңіне сол Әбекеңнің үйінде үлкен ауыл тойын жасады. Сол кезде Шымберген ағай тойға бір-ақ келді. Содан кейін Биқожа ақсақал,- Шымберген Әбекеңнің үлкен баласы ғой деп қалжыңдағаны есімде.

Осы Шымбергеннің Батырханы үйленгеннен кейін

біршама уақыт тұратын үйі болмай, жамағайындармен бірге тұрды. Сол сәтте Әби ағаның туған құдасы Жолдасбайдың Зейнулласының баласы Тимур мен келіні біршама жұптары жараспай жүріп, кейін ажырасты. Бұрынғы тұрған үйлері бос болатын, бірақ сат деп айтуға ешкімнің дауасы бармады, бір жағынан Зәкеңнің де көңілін қимайтын болар үйді сатып алғысы келгендер. Зәкеңнің туған құдасы бола тұра Әби ағам құдасымен ыңғайын келтіріп сөйлесіп, оны ренжітпей және көңілін қалдырмай осы біздің түбектегі қазіргі Батырхан тұрып жатырған үйді сатып алуы Әби ағаның тікелей араласуымен болды. Мінеки жастарға деген нағыз қамқорлық және жалпы тұрғындарға деген жанашырлық осындай болады деп білемін.

Бір күні Әби аға тағы мені үйіне шақырды. Келсем Зейнулла құдасы екеуі отыр екен. Маған тесіле қарап, Мұхтар кейінгі кезде біздің ауылға бас дәрігер тұрақтамай жүр, анау ауылдың бас дәрігері Нағашыбек Аралға аудан орталығына көшіп бара жатыр, осы бас дәрігерлікке өзіміздің ауылдың жігіті,- Бақыт Жолдасбаевты шақыртсақ қалай болады деді. Әрине Әби ағам менің ешқашан ол кісінің ұсынысына қарсы шықпайтынымды біледі, бірақ ауылдың имамы ретінде алдымнан өтіп тұр, не деген кішіпейілдік және мәдениеттілік. Әрине мен екі қолдап қолдайтынымды жеткіздім. Бақыт, Әби ағамның туған құдасының баласы екенін білемін, бірақ сол жерде ағай таза халықтың қамын жеп тұрғаны көрініп тұрды. Себебі кетіп бара жатқан Нағашыбек Аралдың жігіті болса оның алдында бас дәрігер болып біршама қызмет жасап кетіп қалған Мамай Аманөткелдің жігіті болатын. Сәл үнсіздіктен кейін Әби аға тағы сөз бастады осы, әкім Кеңес ауылда деп еді ендеше жүріңдер деп Кеңестің үйіне ерітіп келді.

Отырып шәй іштік, әңгіме айтылды сосын Әби аға жаңағы ұсынысты айтып әкімнен сұранды. Сөйтіп сол

күні-ақ түстен кейін әкім Нағымет, Биқожа, Әлимағанбет тағы басқа ауыл ақсақалдарын жинады. Сол жерде Әби ағаның ұсынысын бірінші болып Биқожа ақсақал қолдап, одан әрі басқа қатысушылар да шын көңілдерімен қоштап, көп ұзамай Жолдасбаев Бақыт өзінің ауылына бас дәрігер болып келді. Сол уақыттан бері осы ауыл ауруханасында еңбек етіп, адал еңбегімен халықтың игілігіне бөленіп, Жолдасбаев Бақыт осы жақында зейнетке шықты.

Әби аға өзінің бала-шағасымен қоса бүкіл елдің жағдайын, бірлігін ойлап, ауылдың әрбір тұрғынына мейірімін түсіріп жүретін жарық сәуле еді ғой. Үлкен бабамыз Айдарбек руынан тараған ұрпақтардың ынтымағы мен бірлігін ойлаушы еді. Халықтың қамын жеген нар тұлғалы азамат еді.

Мұхтар СУХАНБЕРЛИЕВ, .
Бөген ауылы

Балаларының естелігі

Әкенің ақ тілегін
өтеу парыз...

ҰШҚАН ҰЯ

«Әке - асқар тау, ана - ағып жатқан бұлақ» демекші ата-ананың қадірін өскеннен кейін біледі екенсің. Әкеміз өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үйретуден еш жалықпаған, көкірегі қазынаға толы кісі болатын. Өмір сүрген жылдары тұрғылықты халықпен бірге жүріп, жастарды ұлтжандылыққа, ұлттық салт-дәстүрге тәрбиелеуде және ағайындарды бірлікке жұмылдыруда, бейбіт өмірді сүруді ұғындыруда, жанұяда тәртіптің болуына көп ықпалын тигізген адам.

Біз сол әкеміздің ақыл-кеңесімен, бағыт-бағдар беруімен өстік. Әрине оның бір жағында ақ жаулықты анамыз да бар. Ол кісінің әрбір сөзі, жүріс-тұрысы, бізге берген ақылы жадымызда сақталып, үлгі болды. Марқұм әкемнің бізге, әсіресе маған бала деп бір ұрысқанын, дауыс көтергенін, не мектепте оқушыларға жекігенін естімеппін. Шешемізден бастап сол кісінің айтқанын мүлт етпей тыңдап өстік десек те болады.

Анамыздың қазір әкелерің келеді, «шай жасаңдар» деп уақытқа қарап отыратыны есімде. Түскі асын ішіп болған соң, сағатына қарап 10-20минут мызғып алатын, бұл ол кісінің күнделікті қалыптасқан күн тәртібі болатын. Осы уақытта ешқайсымыз дыбыс шығармай отыратынбыз. Сонан соң ақырын басып жұмысына кететін. Ұстаз болу оңай емес. Ал, ұстаздың баласы болу ше.. Ұстаздың баласы басқа оқушылар үшін үлгі болуы тиіс, ол ешқашан ұқыпсыз болмауы керек, тәртіпті болуы керек деген қағида менің есімде сақталған. Осы ойларды серік етіп бой жеткенмін, мектепке барарда кітап, күнделіктерімді қаптап, таза ұстауға, сынып оқушыларына үлгі болуға тырысатынымын. Күлуіме де, артық қылық жасауға, қатты сөйлеуге де болмайды деп ұққанмын, себебі мен мұғалімнің қызымын. Шешеміз осы сөзді көп айтатын «әкелерің мектепте, сендер мұғалімнің отбасынан шыққансыңдар» дейтін марқұм.

Иә, мені әкем еркелететін, үйдің үлкені болған соң ба,

кешірек бала сүйгендіктен бе, (ерке болып өстім). Әкем мені «Күлашка», шешем «Ақ Майка» деп атайтын. Осы есімге еліктеп, бүкіл ауыл мені «Майкол» деп атап кеткен. Өлі күнге дейін ауылға келген кезде ата-анамның көзін көрген адамдар «Майкол» десе соған марқайып қалам, өзім де ата-әже болсам да әке-шешем есіме түседі, дауыстарын аңсаймын.

Әкем мені тек еркелетіп қойған жоқ, бізді еңбекке де баулып өсірді. Үйде ер балалар жас болған соң ба, әлде бізді еңбектің жолын білсін деді ме сіңілім Ұлбосынды жылда өзімен бірге пішен оруға апаратын. Біз қызығып, қуана баратынбыз. Себебі, папам бізге: «курортқа барамыз» дейтін. Таза ауада шәй, тамақ ішу, қоста жату бізге қызық болатын.

Кітапты көп оқитын. Көркем әдебиетті көп жинаған адам. Үйдің бір бұрышында кітапқа толы сары шкаф болатын. Ол шкафты өмір жолының соңына дейін қозғамауызды өтінетін. Алыстан институттан каникулға келген білімгерлер білмеген сұрақтарымен келіп, кейбір кітаптарды сұрап алып кетіп жататын.

Әкем тіл маманы болғандықтан болар жазу үлгісіне көп мән беретін. Үйге оқушылардың дәптерлерін, диктант жазуларын әкеледі. Маған әр сыныптың дәптерлерін бөлек қойғызып, ал «тексер» дейтін. Неге? -деген сұраққа «егер диктант тексерсең» сауатты жазуға үйренесің дейтін. Кейін сұрамай-ақ әкелген диктант жазбаларды тексере беретінмін. Пунктуациялық, грамматикалық қате деп баға қойып қызығатынмын. Осыдан болар жазу дәптерлерімнің барлығы «әдемі дәптерлердің жазу үлгісі» бұрышында ілулі тұратын және сыныптың «мүйіс газетін» маған шығартатын.

Шешемнен гөрі маған әкем жақын болды. Қайда барсам да мені сүйреп жүретін, жанымда болатын. Менің мамандық таңдауыма әкемнің үлесі мол болды. 1974 жылы орта мектепті бітірдім. Сол кезде көпшілік таңдай бермейтін ағылшын тілін таңдатты. Мектепте жаңадан Аққатша апай келіп, екі жыл

дәріс алғанбыз. Сол мұғаліммен ақылдасып, мүмкіндігі бар деген жауаппен «Алматы шет тілдер институтына» оқуға түстім. Сондағы марқұм әкемнен бұрын ағылшын пәні мұғалімі Аққатша апайдың қуанғаны әлі есімде. Себебі бірінші ағылшын пәніне оқуға түскен мектепте мен болатынмын. Каникулға келгенде қолында аппақ қалың орамалы бар, сол кісі үйге келіп, құттықтап кеткені бар. Арнайы Москвадан саған әкелдім деді. Міне сол кездегі мұғалімдердің білімдері, сыйластығы өте терең дегім келеді.

Оқуға келгенім үлкен қызық оқиға болды. Алматы қаласына кешкі сағат 6-7 лер шамасында түстім. Баратын жер, таныс, туыс жоқ. Папам мекен-жай бойынша шет тілдер институтына әкелді, келсек есікалдында күзетші бар екен. Бізді оқу кабинетіне апарып, бүгін осында жатасыңдар деді. Өзі орыс ұлтынан екен. Әкеммен сөйлесіп, нан, айран әкеліп берді. Сөйтіп ұзын-ұзын парталардың үстінде күртешелерді жамылып түнеп шықтық. Осы күнге дейін есіме түссе, шіркін әкелеріміздің қамқорлығы-ай деп қоямын. Емтиханнан шыққан кезде, булочка, суын алып сыртта көк шөптің үстінде отыратыны әлі есімде.

Әкеміз тілге өте бай кісі болатын, өзге ұлттың тілін, оның ішінде орыс тілін жақсы білетін. Соғыста бірге майдандас болған орыс ұлтының азаматы, Александрмен достығы керемет еді. Ол кісімен талай жыл хат алысып, посылка алып, араласып тұрды. Салған тосап, шайларын жеп қызығатынбыз.

1973 - жылы досына барғысы келді. Ол кісі Тамбов облысы, Котовск қаласында тұрды. Арал қаласына келіп, жанына мені, баласы Нұрланды ертіп алды. Қолына карта сатып алған, сол карта арқылы інісі Кеңес екеуі қалаға қалай баратынын қарап пойызға билет алдық. Ол кезде Ресейге көп ешкім шыға бермейді. Білмеймін қанша тәулік жол жүріп барғанымызды, жеттік. Тамбов облыс орталығы екен, түсіп досының айтқанымен Котовск қаласына жеттік. Қандай табиғат, аспанмен таласқан биік-биік ағаштар көз алдымда. Сол кездегі папам мен

досының құшақтасып көріскені әлі көз алдымда. Әйелі Анна есікті ашып «Сашка, твой друг приехал» деп дауыстағаны көз алдымда. Орысша білмеймін, бірақ ыммен түсінем, қасымда Таня (Татьяна) бір орыс қызымен таныстырып қойды. Тоғыз күн сол қаланы аралап, туыстары шақырып қонақ еткені бар. Көрмеген, жемеген тамақты жеп, елге оралдық. Жемеген тамақ демекші, інім 3 сыныпты бітірген, балмұдақты көрмеген, жемей балконнан лақтырғаны есімде. Танямен көпке дейін хат алысып тұрдым, тіл үйрендім десем де болады. Не деген батылдық, достық, сыйластық деп ойлаймын.

Есімде, әкем жыл сайын ба, ай сайын ба облысқа семинар, конференцияларға жиі баратын. Келген кезде алдынан шығамыз. Менің еркелегім бе, былай деппін: - Өзіңе мүштекке дейін әкелесің, маған ештеңе әкелмейсің деп. Содан бастап қалаға барған сайын маған киім, сыйлық алып келетін. Оны өзінің аузынан естігенмін, айтып отыратын, біздің «Күлашка» әулие ғой деп, әр нәрсені сұрай береді екенмін, сонда айтатын «Күлашка» біздің Жаһаш апаға ұқсаған деп, апасын еске алып отыратын. Аузына көбірек түсетін мен болдым ғой деймін.

Ең басты қызық оқиға мен тұрмысқа шыққанда болды. Ол кезде құда түсу әдетке айналмаған еді. Төртінші курстың қысқы демалысына шыққан кез. Айнагүл деген қазалылық құрбыма Шымкенттің Құмкент деген жеріне қыз жолдас болып бардым. Сол жақтан сөз байласып жүрген бүгінгі жолдасым Бақтиярға ойда-жоқта тұрмысқа шығып кеттім.

Иә қанша ашуланса да, ата-ананың сағынышы болады ғой. Хабар жеткеннен соң әкем ешкімге айтпай Қызылорда қаласына келген. Бірінші күні ақын, жазушы З. Шүкіровтың үйінен қоңырау шалдыртты. Сол кездегі сағынышты жеткізе алмаймын. Телефон тұтқасынан дауысын естігенімде мен көз жасымда тыя алмаймын, әкем де ештеңе айта алмайды, не керек Алматыдан бір-ақ шықты ғой. Сөйтіп ел-жұртқа айтпай екеуміз сағынышымызды басқанымыз бар. Міне, әке мен

баланың арасындағы үлкен махаббат - деп осыны айт.

Тағы да бір оқиға есіме түсті. Жатақханаға жатқызар кезінде медициналық тексеруден өткізеді екен. Толған ата-аналар, көбісі аналар әрине. Барлығы қыздарының шаштарын қарап, тарап жатыр екен. Папам маған жүр - деді де жатақхананы сырт айналып мені алып барды. Сөйтіп менің шашымды қараған, қазір ойласам бала үшін, әсіресе мен үшін қамқор бола білген жан екен ғой.

Әкем қалжыңдауға да жақсы еді. Бірде мектептен үйге жылап келіп, сумкамды лақтырып жібергенім бар. Не болды? – деп сұрады. Маған алғашқы әскери дайындық сабағынан «3» қойды дедім. Орнынан ұшып тұрып, ой, Күлашка - ол «күйеу» ғой - деді де үйден шығып кетті. Мен түсінбедім, неге ұрыспады екен деп. Сөйтсем ол шынымен де марқұм Сейділда ағай екен. Ол кісіге күйеу болып келеді екен. Ешкімге дауыс көтермейтінін осыдан білдім, өте салмақты еді ғой, шіркін. Жеңгелерім сен папаға ұқсағансың - дейді әлі күнге дейін.

Жанұямызға түскен құдағилардың бірі орыс болды, біреуі татар болды. Есімде, келген құрдастары қалжыңдап ой, Әбеке біреуі орыс болды, енді татарка ма деп жатты. Сонда әкем ешқандай саспай былай деді: - Қайсысында сондай құдағилар бар, мен мақтанам әртүрлі ұлттан құдағиларым болғанына деп беттерін қайтарғаны бар.

Ия, тағы бір есте қалған қызықты оқиға есіме түсіп отыр. Жаңатас қаласында тұрамыз, ол кезде үй, пәтер алу тек жаңадан келген мамандарға және ұзақ еңбек өтілі бар адамдарға қарап берілетін. Інім Нұрхан жаңадан үйленген, жас маман, еңбегі еленіп 3 бөлмелі пәтер алды. Әрине ата – анаға баласының үйлі болып бөлек отау құрғаны өте қуанышты жағдай. Әкем мен анам екеуі немерелерін алып Жаңатас қаласына қыдырып, құтты болсын айтып келді. Келіні Гулжан батыс жақтың қызы болғандықтан шамалы орыс тіліне бейімдеу болды. Қайын атасына сыйлық әпермекші

болып қала ішіндегі аяқ-киім дүкеніне ертіп алып барады. Ол кезде дүкендерде зат аз, бірақ ол кісіге бір «туфли» жақсы ұнайды, бірақ өлшемі үлкен болады. Келінінің «ата үлкендеу болды ма, басқа размері жоқ екен» деп ыңғайсыздана қойған сұрағына, кәдімгідей балаша «ала берейін маған ұнап тұр» деп, аяқ киімнің тұмсық жағына қағазды бүктеп тығып киіп алыпты. Біздің үйге бір келген кезінде, «маған Гулжан келінім сыйлық әперді» деп, балаша мәз болып әңгімелеп отырды. Ата-бабаларымыз әрбір шынайы іс берекенің бастауы дейді. Сол оқиға есіме түссе келінінің шынайы ықыласын, шын ниетін тереңінен түсініп және әрдайымда осындай шынайы ынтымақ пен берекеге жол салып өткен қайран әкешім-ай деймін.

МЕЙІРІМДІ ДЕ АҚЫЛДЫ АНАМ

Анамыз әкемізден он бес жыл бұрын дүние салды, арасы 10 жас еді. Биыл шешемізге де 90 жыл толады. Анам өзі шапшаң қимылдайтын, өзі ақкөңіл, туған-туысқанның ортасында беделді, қарапайым отбасынан шыққан жан болатын. Ағасы марқұм Жалғас ағай да осы ауыл мектебінде әкеммен қатарлас ұлы ұстаз болды. Нағашыларымыз да оқыған, тоқыған, мейірімді, асыл жандар еді, бірақ, Алланың бұйрығы ма, бауырлары да, өзі де ерте өмірден озды. Қазір сол ағасының жұбайы Жамила жеңгеміз ғана аман-есен, нағашыларымыздың көзі болып өмір сүруде.

Иә, әлбетте анамыз жұмыс істемесе де, өзіне жетерлік үй шаруасының міндетін бір адамдай атқарған жан болатын. Үйде әкемді пір тұтатын өзі де, біздерді де сол кісінің ығына қарай жығылып, бәрімізді бақытты, тәртіпті етіп тәрбиелеуге үлесін қосқан адам. Үйдің дастарханы еш уақытта жиналған емес, таңертеңнен бастап көрші-қоландар, үлкендері сәлем береміз деп кіріп-шығып жататын, бұның бәрі әйел адамның мейірімділігі мен ақылдылығының нәтижесі деп ойлаймын.

Әкемнің ағасы Дүйсен көкеміз бен жеңгесі Төлеш әжеміздің үйі көрші тұрды. Әкем өзі екі ағайынды еді, інісі, апасы ерте кеткен жандар болған екен. Үй арасында үй жоқ десек болады. Менің көргенім осы екі үйдің арасында шешем кіріп-шығып жүретін. Сөйтсем түсінгенім шешем үлкен үй деп таңертең барып сәлемін салып, ары қарай келіндік тірліктерін атқарады екен. Жалғыз өзінің үйінің шаруасы емес, ағайын, көрші-қолаңға да инабатты, кішіпейіл болған жан екен.

Қазір сол ағаның үлкен келіні, біздің Сара жеңгеміз 85 жасқа келіп отырған ардақты ана, асыл әже. Осы жеңешемнің айтқан сөзі есіме түсіп отыр. «Біздің шешей (ол біздің шешеміз) өте жылдам, шапшаң қимылдайтын. Біз ол кезде жас келінбіз. Күнде келеді, тамақ шайды жинап болып, ыдыс-аяқты сорпаға салып жуып алады да, ал, енді өздерің таза сумен шайып алыңдар, мен кеттім» - деп шығып кететін. Ол кезде химиялық ыдыс жуатын заттар, яғни, қазіргі ферри жоқ, біздің ферриміз ыстық су, ыстық сорпа дейді. Сол кезде екі үйдің де тірлігіне ие болып жүргені-ау деймін.

Екі үй емес-ау, біз көрші үйлермен де қарым-қатынаста жақсы болғанбыз. Көрші Малика апамның үйі болатын, есімде ол кісі дүкенші болатын. Ол кезде дүкенші болған адам ең қадірлі, күшті адам болып есептелетін. Жазушы З.Шүкіровтың туған апасы, яғни, менің кіндік шешем. Өзі адуынды, қатал мінезді адам еді. Естуім бар, бірақ өзім көргем жоқ, жас болдым. Ол кісі таңертең жұмысқа кетерде біздің шешемізге тапсырма беріп кетеді екен. «Әй, Ақжан, мен кеттім, үйге ие бол, » - дейді екен. Шешеміз сол үйдің азанғы сүтін пісіріп, отын жағып сағатына қарап отырады екен, түс мезгілі жақындаған кезде барып самаурынын тұтатып, дастарханын жайып, қазір апам түскі асқа келеді ғой деп, күтіп отырады екен. Самаурын ол кісі келгенде қайнап, дайын тұрады екен.

Айта берсе көп, есік алдында тағы көрші апа болды. Есімі Жұмагүл. Жалғыз басты әйел еді, өзі киім цехында тігінші

қызметін атқарды. Есімде ол кісі күнде біздің үйде отыратын. Менен кейінгі інілерім, сіңілім күнде сол үйге су апарып, үйін жинап кететін. Апам ол кісі келсе тамағын беріп, жұмысқа баратын, келетін уақытын біліп күтіп отыратын. Малдарын кіргізіп, шығарып отыратын және де барлығын танитын. Балалар да үйренген, шешеміз не айтса соны істейді, біздің екінші үйіміз сияқты еді. Сондай көршілерге адал болды, туыс болып кеткенбіз. Сіңілім Ұлболсынның аузынан естігенмін: «Жұмагүл апамның үйін әктеуге, жинауға шешем бізді жұмсайтын, сен барып қашып кететінсің», - деп күлдіретін. Мені әкем де, шешем де еркелеткен ғой, кезінде мені «тымаққа» салып өсірген екен, ешкім көрмесін, көз тиеді деп.

Қазір таңқалам, қалай барлық үйдің тірлігіне үлгерген, тату-тәтті туыстармен өмір сүрген, жүректері таза, пейілдері ақ адамдар деп осы кісілерді айтатын шығар.

ЖЕҢІСТІҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНДА

Әкеміз соғыс ардагері, майдангер болғаны белгілі. 9-мамыр Жеңіс күні десе өзіміз соғысқа қатысқандай жүрегіміз лүпілдеп тұратын. Бізге бұл мереке ерекше әсер ететін.

Жаспыз, оқушымыз. Әкеміз әдемі костюм шалбарын үтіктетіп, мерекеге дайындықпен баратын. Менің «медальдарымды» тағыңдар дейтін. Біздер қуана тағып, медальдарын санап отыратынбыз. Ең бақытты күні осы күн болса керек. Ленитка жасап, мұғалімдер біздерді сапқа тұрғызып тыңдататын. Мектеп басшылары сөз сөйлеп, майдангерлермен кездесу ұйымдастыратын. Сонда әкемізге сөз беріп, ол кісі өзінің майда дауысымен сұрапыл жылдардың қалай өткенін әңгімелегенде тұла бойың дір етіп, ол кісімен бірге толқып тұрушы едік. Кейде үйде отырып, соғыс туралы әңгімесін шерткенде мұңайып, «сол жылдар-ай» деп көзіне жас алатын. Сол жылдардың ауыр екенін үлкейгеннен кейін біліп жатырмыз. Шіркін, ол кісілер

нағыз ел қорғаған батыр жандар болған екен.

2005 жылы май айында елге бардық. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына сол жылы 60 жыл толды. Туған-туыс, ағайындарды шақырып осы мерекені атап өтуге балалары, біздер атсалыстық. Мектеп басшылары келіп, сый-құрмет жасады, шапан-көйлегін кигізді. Мектеп бітіріп кеткен оқушылары келіп құттықтады, бірақ есімдерін ұмытып қалыппын. Әкімшіліктен адамдар келіп құрмет көрсетті. Әкейдің өңіріне «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерекелік медалы тағылды. Үлкен жайылған дастархан таңертеңнен кешке дейін жиналмады. Барлық келген сыйлаған, құрметтеген адамдарға батасын берді, тілегін айтты.

МЕН ТУҒАН КҮНІМЕ ҚУАНЫП ЖАТҚАНЫМ ЖОҚ...

Ата-ананы құрметтеп, қолдан келгенше көкке көтеру, құрметтеу ұрпақтарының міндеті деп ойлаймын. 1998 - жылы әкеміздің 75 жасқа толған мерейтойын атап өтпекші болып туған жеріміз Бөген ауылына жиналды. Бұрынғы уақытта көп туған күндер жасалмаушы еді ғой. Анамыз арамыздан ерте кетті. Жан-жақтан ағайын, туыстар келді. Әкеміз қуанып мәресәре болды. Сондағы папамның айтқан сөзі: «Мен туған күніме қуанып жатқаным жоқ, ағайын-туыс, жекжаттарды көргеніме қуанып жатырмын, бұл да бір Алланың берген сыйы болар» - деп сөзін аяқтағаны бар.

Иә, ауылда бірге еңбек еткен әріптестері, көрші-қолаң, сыйласып жүрген құрдастары барлығы түгел жиналды. Үлкен дастархан жайылып, сый-құрмет көрсетілді. Жақсы, көңілді кеш болды. Кеш соңында былай деді: «Балаларым, сый-құрметтеріңе рахмет, сонау соғыс жылдары жаумен арпалысып жүріп оққа ұшқанымда, сендердей ұл-қыздарымды көруші ме едім, шүкіршілік айтам, үлкен рахмет, қайда жүрсеңдер де

аман болыңдар, бірлікте, ауызбіршілікте болыңдар, үлкенді сыйландар, кішіге ізет көрсетіңдер, барлығың да оқыған азаматсыңдар, еңбектенген жанға қай жерде болса да нан табылады, мен сендердің бар болғандарыңа қуанамын, бауырларым, ата-бабамнан тараған ұрпақтарым аман болсын, өмірде адал, шыншыл болыңдар, сендердің ата-бабаларың текті адамдар болған, жолын қуыңдар, сендер менің жалғасымсыңдар, өнегелі ұрпақ тәрбиелендер» - деп шын жүрегінен шыққан батасын беріп, аяқтаған болатын.

Бұл күнестен еш уақытта естен кетпейді және ұмытылмайды. Біз папамның туған күні 9 мамыр деп айтатынбыз.

Облыс әкімінің сәлемдемесі келген. Ол Қазақстанның Әнұраны әуенімен жазылған қалта сағат еді, оны жиын соңында әкем алғашқы қызығым, балам деп менің жолдасыма сыйлады. Өлі күнге дейін сақтаулы, ашып қалсақ Қазақстанның Гимні ойнайды. Сағатты көргенде әкеміздің жүрген жолы есімізге түседі. Ағып жатқан өмір-өзен, сырғып жатқан күндер, бірақ әкеміз жүрегімізден ешқашанда шықпақ емес.

**Гүлжан ПРЕКЕШОВА,
ҚЫЗЫ,
Алматы қаласы**

МЕЙРІМІМЕН КӨРІКТІ ЕТКЕН ӨМІРДІ

Ата-ана бала үшін өте құрметті адамдар. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген қазақтың мақалы өте дұрыс айтылған. Ата –ана тәрбиесін көріп, балалық шағымыз өте жақсы өтті. Әкемнің салмақтылығы, сабырлылығы бізге үлгі болды. Әкем ешқашан баланы қол көтеріп ұрып, қатты сөйлеп тәрбиелеген емес. Өзінің ақыл –парасатымен бізге бар нәрсені үйрете білді. Біз екі қыз бала үлкен болған соң әкемізге көп көмектестік. Інілеріміз жастау болды. Біз шөп оруға да бардық, отын-суға да бардық. Алғашқы рет шөп оруға барған кезімізде ештеңе білмейміз, әкем бізге орақ ұстауды, баулауды қасына алып жүріп, байыппен түсіндіріп көрсетіп бергенді. Осындай жұмыстарға барғанда әкем өзінің естеліктерін айтып беретін.

Кітапқа өте көп көңіл бөлетін. Мен кітапханада жұмыс жасаған кезімде әкемнің көп көмегі тиді. Әрбір жаңа кітап келген сайын бірінші әкеме әкеліп беретінмін. Ол кісі оқып, пікірін айтатын. Қай жерге, қай қалаға барса да өзімен бірге кітап алып жүретін. Үйде жиналған кітаптарын өзінің рұқсатынсыз ешкімге бермейтінбіз. Ұқыпсыз, таза ұсталмаған кітапты көрсе ренжіп отыратын.

Бір күні мен тұрмысқа шыққаннан кейін қаладағы үйімізге келді. Шілде болатын. Жастары үлкейген кезі. Бір шай ішіп болған соң Тасбөгетте тұратын нағашысының үйіне, яғни анасының інісі Еңсепбай көкеміздің үйіне барып келем деді. Мен ол кісіге ертең барасыз ғой, демалып алмайсыз ба дедім. Сонда маған, «сен менің баламсың, ал менің анам қарап тұр ғой. Балам, ертең мен ауылға барғасын менің анам, - жалғызым менің тәркініме бармадың деп ренжиді ғой. Сондықтан мен әуелі Еңсепбай көкеңнің үйіне барып амандасып келейін,- деді. Мінекей анасы бұдан қаншама жыл бұрын дүние салған болса да, бұл анаға деген құрмет, ал бізге көрсеткен өнегетәрбие болатын. Себебі, Еңсепбай көкеміздің папамнан 5-6

жас кішілігі болса да, осылай нағашы інісіне ізет қылатын. Әкем сондай бауырмал жан еді.

Анам өте бейнетқор жан еді. Өте шалт, не нәрсені де тиянақты істейтін. Өзімнің анамнан алған тәрбием, өмір жолымда көп нәрсеге септігі тиді. Анамның әрбір айтқан сөзі, жүріс-тұрысы, үлкен-кішіге құрметі ізгілердің амалынан болатын. Анам екі сөзінің бірінде абысынымен (Төлеш әжемізбен) 12 жыл бірге тұрғанын айтатын. Қарап отырсаң ол да кішіпейіл, ал кішіпейілділік ақылды адамның қолынан келеді деп ойлаймын.

Қазіргі таңда әрқайсысымыз өз отбасымызбен бақытты өмір сүрудеміз. Менің ата-анам келіндерін өте жақсы көрді. Оларға бар тәрбиесін берді. Сырттан, басқа жанұядан келген деп қарамады. Нұрхан бауырым мен Гүлжан келінім 1991 жылы бас қосып, шаңырақ көтеріп, Жаңатас қаласында үйлену тойын жасады. Осы тойға ағайын-туыс, жекжаттар бас қостық. Гүлжан келінім Орал қаласының қызы. Тойға Оралдан келген бір топ құдалармен, келіннің ата анасы, туған-туысқандарымен танысып, тез арада мәре-сәре болдық. Қазақтың келін түссе «Қайдан екен?» деп сұрайтыны бар ғой. Туыстардың бәрі орыстың жерінен келін келді, орысшалау екен дегенде, менің әкем: «Қайдан болса да санасы болсын, алыстан алған жақсы ғой» деп әзілдеп айтқан болатын. Мұнысының артында асыл Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) «Алыстан алыңдар, (ұрпақтарыңды) әлсіретпеңдер» деген хадисі жатқанын қайдан білейік. Қазір інім мен келінім үлгілі, мерейлі, бақытты отбасы. Үш бала тәрбелеп, олардан немере сүйіп отыр. Әкем Гүлжан келініне өте риза болып кетті.

Яғни, әке-шешеміз барлық келіндері мен күйеу балаларына өз балаларындай қарап, тәрбие беруден жалықпады. Соның арқасы болар бәріде өз жанұяларында бақытты ғұмыр кешуде. Ата - анамызға мың алғыс! Жатқан жерлері жайлы болсын! Иманы жолдасы болсын, топырағы торқа болсын деймін.

Ата -ана сөзі үш әріптен құралған,

Сонда жатыр өмірдің мәні сан алуан.
Биік тұрар бұл жандардың есімі,
Мәңгілікке есімдері есте қалған.

Ананың ыстық мейірімі, алақаны,
Жылытады шуағымен әрбір таңды.
Бар әлемді мейлі алдыма қойса да,
Теңемеймін ешбір жанға ананы.

Қамқоршы әке, тілекші, асқар әке
Өмірдегі мақтанышым дара әке.
Сырт келбетіңіз суық болса да,
Ұқтырасыз көз жанармен мейірімді, әке.

Ата-ана өмірдің мәнісіздер,
Сіздерсіз жарық әлем түссізденер.
О адамдар ұғындаршы ата -атаның,
Мейірімі шексіз екен, білсеңіздер!

Иә, Құран Кәрімнің «Юсуф» сүресінің 90-шы аятында
«Шын мәнінде кім Алладан сақтанса, сабыр етсе, күдіксіз
Алла жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмайды» деп
бұйырлағандай сабырлы қалпыңыз көз алдымызда мәңгі
сақталып қала береді, ӘКЕ!

**Ұлбосын ӘБИҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласы.**

АДАСТЫРМАС САРА ЖОЛ

Әкем тіл әдебиет маманы болды. Әдеби кітаптарды көп оқитын. Кітапқа жақындығы сондай қыдырып немесе қызмет бабында барған жерінен кітап алмай қайтпайтын. Біздің ауылда бір кітапхана болса, үйде де бір кітапхана болушы еді. Ол кездегі жастар, оқушылар әдеби кітапқа құмар болатын. Құмарлығы сонша жаңадан шыққан қызық кітап болса іздеп жүріп оқитын. Ел таппаған кітаптарын біздің үйден тауып, оқып шығып, әкейге әкеліп беріп рахметін айтып кетіп жататын. Ал енді үйдің жанындағы оқырмандар біздің үйді кітапхана етіп алған болатын.

Әкейдің тағы бір қасиеті газет-журналға көп жазылатын. Сол үшін үйде қатып қалған бір заң болатын, оны үйдегі балалардың бәрі біледі. Ол, әкеміз қарап шықпай газет-журналға тиіспеу және оны рұқсатсыз пайдаланып, жаратпау деген. Әкей алдымен мұқият қарап шығып, керек газет-журналдарын бөлек алып қоятын, сонан-соң бізге оқуға беретін, бірақ оқып шыққан-соң бүлдірмей алып қоюымыз керек. Әкейдің бір кішкене шаппа пышағы, кішкене қайшысы болды. Сол құралдарымен керек материалдарын әдемілеп қиып алып, бөлек жинап қоятын. Сөйтсем, ол, жұмысына сабақ өткізуге керек екен ғой.

Әкем сонымен қатар, мамандығына қажет тіл-әдебиетке қатысты педагогикалық оқулықтарды өте көп жинады. Сол оқулықтарды тіл-әдебиет мамандығына оқуға түскен студенттердің әкейден келіп сұрап алып, пайдаланбағаны кемде-кем. Осы студенттердің алды оқуын бітіріп келіп, мектепте жұмыс жасап, қазір еңбек демалысында болса, одан кейінгі оқушылар қазір аға буын мұғалім.

Әкем туралы тағы да айтылу керек дүние, әкемнің достыққа беріктігі. Әкем Ұлы Отан соғысының ардагері. Сол соғыста Курбанов Александр деген орыс жігітімен достасып, соғысты бірге аяқтайды. Сол досымен, досы өмірден өткенше хат

жазысып, хабар алысып тұрды. Тек хатпен шектелмей бір-біріне посылка салып, дәм алмасып тұратын. Саша досы бізге неше түрлі тосап (варенье) жіберіп тұрса, әкей тұздалған, ысталған балық, құрт, ірімшік салатын. Посылка келген күні біздің үйде үлкен той болушы еді. Ол кезде ауылымызға тосап таңсық ас болатын. Көрші-көлем кеш бата малын жайлап, кешкі астарын ішіп болған соң біздің үйге жиналатын. Сонан шешем самаурынға қайтадан шәй қойып, сол шәйді ішіп отырып үлкендер әңгімені қыздыратын. Әңгімені көбіне жазушы З.Шүкіровтің әкесі Өнапия қария мен біздің әкей айтып отыратын. Ал, балалар жаңағы тосапқа тойып алып, алды ұйықтай бастайтын. Үлкендер түннің бір уағына дейін әңгімелесіп, ұйықтап қалған балаларын арқалап қайтатын.

Достар бір-бірін ылғи қонаққа шақыратын, алайда жердің шалғайлығы кедергі болатын. Сонан, нақты есімде жоқ, әкей жазғы демалысында Саша досына барды. Менің 2-3 сынып оқитын кезім, үлкен әпкем 7-8 сынып оқитын кезі, сол 1972-73 жылдар шамасы екеумізді ерткен еді. Саша досы Ресейдің Тамбов облысы, Котовск қаласында тұрады екен. Досы жолдасы Аня апай екеуі біздерді құшақ жайып қарсы алды. Сол жақта бір апта болып, екі баласымен, достарымен таныстық. Әкеміз болса досына деген сағынышын, мауқын баса әңгімелесті. Қазір қарап отырсам, сол уақытта санау Ресейге барып, майдангер досымен қауышып қайту үлкен достықтың, досқа адалдығының белгісі екен ғой. Иа, қандай керемет десеңші!

Ал, елдегі достарын іздегенде әкем алдына жан салмайтын. Аудандағы, өзге аудандардағы достарын жиі іздеп баратын. Пайғамбар хадисінде «Сендерге жәннаттың тұрғыны болған адамдар жайында хабар берейін бе?! Пайғамбар жәннатта, шыншыл кісі жәннатта, шәйіт жәннатта, нәресте жәннатта, Алланың разылығы үшін алыстағы бауырын зиярат еткен адам да жәннатта болады» деген екен. Сол секілді досшыл еді.

Алла сол үшін сізге пайғамбарымыз с.ғ.с айтқандай жәннәтті нәсіп етсе деймін.

Сондай-ақ, әкем ауыл тіршілігіне де араласып тұрды. Әр түрлі ауыл көлемінде шешілмей жатқан мәселелерге өз төрелігін айтып, оңтайлы шешілуіне ықпал ететін. Көрші-көлем, ағайын-туыс көбіне әкейге келіп жүгінетін. Әкей олардың екі жағын да тыңдап алып, сенікі де дұрыс, сенікі де дұрыс дейтін. Сөйтсем, ашумен келген ол кісілерді сабасына түсіріп, бір жағы көңілдерін жайландырып барып, өз шешімін майда тілімен жеткізіп,, екі тарапты да ренжітпей жібереді екен ғой.

Әкейдің есте сақтау қабілеті өте жоғары болатын, сондай-ақ өте әңгімешіл кісі еді. Бір әңгіме бастап кетсе 4-5 сағатқа дейін созылатын. Кейіннен байқағаным сол айтқан әңгімелерінің арқауы өзі оқыған кітаптың оқиға желісі. Сол оқиға желісін кітаптағы әдеби тілмен емес, өз тіл байлығымен түрлендіріп, керемет суреттеп тыңдарманын ұйытып тыңдатады. Сонымен қатар, қазақ батырлар жыры мен тарихи әңгімелерді өте көп білетін және соны айтып отыратын. Осының бәрі көп оқығандығы мен зердесінің мықтылығы деп ойлаймын. Әкейдің кітабы егде тартып, көз жанары әлсірегенге дейін қолынан түскен жоқ.

Әкем дауласудан, шатасудан аулақ жүретін және бізге көп тапсырған амалы дауласпау еді. Сөйтсем мұның діңі асыл дінімізде жатыр екен. Онда былай дейді: Дау – екі немесе одан да көп адамдардың өзара пікір қайшылығы. Дау, жанжал атаулы – берекені қашырып, адамдардың арасының бүлінуіне реніш пен кектің тууына себепші болады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әнфал» сүресі, 46-аятында: «Аллаға әрі Елшісіне бой ұсыныңдар, өзара жанжалдаспаңдар, онда үрейлесіндер де құттарың қашады және сабырлы болыңдар. Расында Алла, сабырлылармен бірге», – деп, мүминдердің өзара дауласудан тыйған. Әке, біз сізден осындай болмысты көрдік, үлгі алдық және айтқаныңыз бойынша өмір сүріп келеміз.

Міне, осылайша әкеміз болмысты әке ғана емес, ауыл-аймақтың жанашыры, білікті маман, ұлағатты ұстаз, көзі ашық зерделі кісі болды. Ұл-қыздарына білім мен тәрбиені қатар беріп, ел азаматы болуымызға бар ықыласын салды. Сол кісінің салған сара жолы мен тағылымды тәрбиесін біз де ұрпағымызға ұлықтап жеткізіп отырған жайымыз бар. Осындай ұлы тұлғаның есімі ұмыт қалмауы өз қолымызда екенін түсініп, соған әрекет жасау жолында аянбаймыз.

Нұрлан ӘБИҰЛЫ,
баласы

ӘКЕ ТӘЛІМІ

Ертеректе бір ғұламадан біреу «Кімді жақсы көресің?» - деп сұрайды. Сонда ғұлама көзіне мөлдіреп жас келіп тұрып былай деп жауап беріпті: «Менің дүниеге келуімді тоғыз ай күткен, туылғанымда әлемге сыймай, мені үлкен қуанышпен күтіп алған, қартайып, сырқаттанып қалғанға дейін тәрбие берген адамды жақсы көремін. Ол сондай адам, оған деген махаббатым жүрегімде мәңгі қалады. Барша адамдардан кешірім тілеп осыны айтқым келеді – ешкім менің әкеме ұқсамайды!» деген. Иа, менің әкеме де ешкім ұқсамайды. Оның сабырлылығы, парасаты, ағайын-туысқа деген мейірімі, досшыл, көпшіл, ағайыншылдығы және балажандығы елден бөлек болатын. Әрине әркімге өз әке шешесі Мекке менен Мәдине деген бар. Бірақ, менің әкем қайталанбас тұлға.

Ұрпақтың салиқалы болуы әкенің берген тәлімінен. «Балаға жақсы тәрбие беру, баланың әкесіндегі ақыларынан» деген екен ғұлама Бәйһақи. Жұмыстан шаршап-шалдығып келсе де әке балаларына мейіріммен қарап, еркелетіп, әкелік сезімін жеткізуі дұрыс. «Балаларыңды көп сүйіңдер, әр сүйгендеріңде

Жәннаттағы дәрежелерің өседі» деген Бұхари. Тәрбие барасында әке баласына ілім, әдеп және кәсіп үйретуі парыз. Бұның барлығын жасады менің әкем.

Көбіне ел әкем жайлы айтқанда Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, оның ішінде керемет әдебиетші, сабырлы, мейірімді һәм қайырымды жан еді деп жатады. Бірақ, ол кісінің екіншісі біле бермейтін басқа да қырлары жетерлік. Әкем біріншіден, атқұмар адам болды, жылқы малын өте қастерлейтін. Жастайынан ел ағаларының ізіне еріп жүріп, аттың жақсысын мінген. Сейтекен, Дүйсен көкелеріміз, яғни, әкемнің ағалары аттың тәуірін өздерінің балаларына мінгізбей, менің әкеме мінгізетін болған. Себебі, әкем аттың бабын өте жақсы жасайтын. Сонымен қатар, құмай тазы асырап, аңшылықпен айналысты. 70-тен асқанша мінбесе де қораға бір ат байлап қойып, соның жем-суын беріп, құйрық-жалын тарап жүретін.

Екіншіден, әкем домбыраны өте жақсы тартатын. Біз есімізді білгелі үйде, жоғарыда ілулі тұратын ескі қара домбырасы болды. Жұмыстан шаршап келгенде, көңіл-күйі болмағанда домбырасын алып, бір-екі күй тартып барып кеуілі жайланатын. Сол маңайдағы туған-туыс, көрші көлем жаңадан домбыра алса немесе домбырасының күйі кетіп қалса әкеме әкелетін. Әкем жылка пернелердің бәрін шешіп, капрон жіпті ширатып перне жасап, күйін келтіріп отырып қайта байлап беретін. Әкемнің тағы бір айта кететін қасиеті жап-жақсы ұста еді. Біз дүниеге келген үй- әкемнің өз қолымен салған екінші үйі екен. Ес білген кездерімізде есімде қалғаны әкеміздің құрал-сайман салатын қобдишасы болатын. Оның ішінде балта, балға, ара, сүргі, т.б. кішісінен үлкеніне дейін біраз құралдар тап-тұйнақтай боп тұратын. Өзінің рұқсатынсыз ол құралдарға тиіспейтінбіз. Ол құралдар «папаның балғасы», «папаның балтасы» болып аталып кеткен. Қобдишасы мен құралдарының бірсыпырасы Нұрлан ағамыздың үйінде әлі де болу керек.

Бәрін айт та, бірін айт демекші, әкемнің ең жақсы көретін кәсібінің бірі - аңшылық болатын. Өзінің айтуына қарағанда мылтық бала кезден серігі болған.”Мылтық менің бір жағынан қаруым болса, екінші жағынан көлігім еді» - деп айтып отыратын. Иығыма мылтық асынсам ешуақытта шаршамайтынмын, тіпті Тұщыға қалай барып, қалай келгенімді білмей қаламын -деп айтып отыратын. Біз ес біліп көргендегі мылтық - әкеміздің үшінші мылтығы екен.

Біздің жастау кездерімізде әкем құсқа жиі шығатын. Көктем, әсіресе күз айларында демалысты құр жібермейтін. Аптаның алтыншы күні кешке қарай бізді қасына алып патрон дайындайтын. Үлкенді, кішілі айнала отырып алып әкемізге көмектесетінбіз. Моторлы қайықпен көлге түсіп құс ататын күндері 200-300 патронға дейін оқтайтын, ол күні түннің бір уағына шейін отыратын. Кішкентаймыз, ұйықтап қалатынбыз. Мотормен шығатын күндері қасқалдақты қапшықпен толтырып әкелетін. Шешем сонша құстың бәрін сол кезде қалай үлгеріп, тазалап алатынына осы күнге дейін таңқаламын. Біз сабақтан келген кезде жүнін жұлуға көмектескен боламыз, қалғанын жер ошаққа сыпырық жағып үйітіп, екі қайтара жуып, ішін жарып тазалайтын анамыздың бір өзі болатын. Кейін әкеміз үлкейе келе құсқа сирек шығатын болды. Үйдің жанындағы Тағыберген ағай екеуі маусымында екі-үш рет ғана шығатын. Ең соңғы рет зейнет демалысына шыққаннан кейін мені ертіп апарғанын қысқаша баяндап берейін.

Мен 9-класс оқып жүрген кезім болу керек, әкемнің мылтық атуды мүлдем қойған кезі. Сабақтан келген кезімде «Бала, шәйінді ішіп алып, есегінді ертте, көлге барып қайтамыз,- деді. Мен қатты қуандым, өйткені мылтыққа қатты қызықсам да, ұрлап алып қораның артында шыны атқаным болмаса, тірі құсты өзім де, өзгенің де атып құлатқанын көрмеген едім. Сонымен есекті ерттеп, түстен кейін әкем есекті мініп, мен жаяу көлге қарай тарттық. Көлмен екі ортада құмның ішінде,

кішкене-кішкене сор көлшіктер болатын. Айналасында 20-30 метрдей жерден қоршалған жыңғылдар бар еді. Сол сордың тұсына келгенде, сордың ортасында жүрген 4-5 қасқалдақты көріп, тоқтай қалдық. Сөйтіп, есектен түсті де, сырт киімін шешіп, есекті маған ұстатып, мылтығын алып бұқшантайлап бұталардың тасасымен қасқалдақ жүрген тұсқа қарай кетіп қалды. Мен ойлағам, тұсына бару бойына атады деп, олай болмай шықты. Әкемді білмеймін, менің төзімім таусылып тұр еді, жарты сағаттан асқаннан кейін жыңғылдың ішінен жас балаша жүгіріп шығып, қасқалдақ көтерілем дегенше екі атып екі қасқалдақты түсірді. Ертерек неге атпағанын сұрағанымда жиекке жақын келетін оңтайлы сәтін күтіп отырғанын айтты. Ары қарай көлге барғаннан кейін жиектен бір қайықты мініп, қопа жағалап, бір айдынға келгенімізде біраз үйрек қонып отыр екен. Бізді көріп, үркіп ұшып кетті. Сол үйрек ұшқан тұстың ең жақын жеріне келіп, қопаның ішіне қайықты тығып, қамыстың басын сындырып отырдық. Құдай қаласа, кеш бата қайтып келеді- деді әкем. Қанша отырғанымызды білмеймін, әйтеуір, үмітті үзіп барып, күн бата үйректер екеулеп-үшеулеп келе бастады. Қондырып барып ататын шығар деп ойласам, мүлде олай емес екен. Қонуға ыңғайланғандарын қонар-қонбастан, қонуға ниеті жоқтарын келіп қалған кезде орнынан атып тұрып, үркітіп тік көтерілген кезде атады екен. Күндіз екі сағаттай уақыт бос отырғанымен, айналдырған 15-20 минуттың ішінде 6-7 үйректі атып түсірді. Бүгінге осы жетеді деп үйге қайттық. Сол күннен бастап мылтыққа деген қызығушылығым одан сайын күшейе бастады. Және құс ату үшін аса сақтықтың, ептіліктің, ең бастысы, шыдамдылықтың керек екенін түсіндім. Мектеп бітірем дегенше мылтықты ұрлап алып, атып жүрдім. Мектеп бітіргеннен кейін сұрап алып алатын болдым. Кейін көп уақыт өтпей -ақ әкем мылтықты маған басы-байлы берді. Өйткені, мен ол кезде Қайырбек, Марат секілді кәнігі аңшы құрдастарыма қосылып құстың небір түрін әкелетінмін. Әкем

мен қаз әкелген күндері сол маңайдағы шалдарды шақырып, қаздың етін жеп, әңгіме-дүкен құрып, арты картаға ұласатын.

Айта берсем, әкем туралы әңгіме таусылмайды. Бірақ, бәрін айтып келіп кітап құмарлығы туралы бір ауыз айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, кітап менің әкем үшін ауамен бірдей болатын. Әкем қолы қалт етсе кітап оқитын. Және қай қалаға барсын басқа ештеңе алмаса да бір кітап алып келетін. Кітаптарының бірінші бетіне қай қала, қай жылы екенін жазып, өзінің жеке кітапханасына қосып қоятын. Мен өзім сабақты керемет оқымасам да, әдеби кітапты жап-жақсы оқитынмын. Бірақ, ешқашан не мектептің, не орталықтағы кітапханаға жазылған емеспін. Өйткені, біздің үйде шағын кітапхана болатын. Сол кездегі менің құрдастарымның көбі кітапты біздің үйдеп алып оқитын. Менің әкемнің мықты әдебиетші екенін өзімен қатарлас болғандар, көзін көріп, дәрісін алғандар жақсы біледі. Әкемнің өзінің азды-көпті ғұмырында Отан алдындағы борышын өтеп, мектепте әдебиет пәнінен ұстаз болып, еліне елеулі адам болғанын мақтаныш тұтамын.

Асыл дінімізде көркем мінезді болудың маңызы өте үлкен. Әли ибн Әбу Талиб (оған Алла разы болсын): «Сәнді бұйымдар мен әдемі киім уақытша ғана көрік береді. Адамның шынайы көркі оның мінезінде. Себебі мінезі көркем кісі адамдарға да Алла Тағалаға да сүйікті болмақ», – деген. Адамның жәннатқа кіруіне ең көп себепші болатын амал да, осы – көркем мінезділік. Иә, Әке, Сіз біз білетіндей, ел айтқандай расында көркем мінезді едіңіз. Алла сол мінезіңіздің құрметі үшін сізді жәннәттік етсін, әмин!

Жұман ПРЕКЕШОВ,
баласы
Бөген ауылы.

ҮЛКЕН ШАҢЫРАҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Мен жеті ұл қыздың ең кішісі, яғни үйдің кенжесі болдым. Сол себептен болар, мені көбіне үй шаруасына араластырмаушы еді. Және әрқашан мені әке шешемнің қорғаштайтынын сезінуші едім.

1991 жылы совет армиясы қатарына шақырып, Ресейдің Москва қаласында әскерде болдым. Бастапқы кезде хат жазысып, ауылмен хабарласып тұрдым. Бір жылдан кейін Совет өкіметі тарқап, біз ешкімге керек болмай қалдық. Бірақ офицерлер қайт деп айтпайды. Сонан пысық қазақ жігіттері біртіндеп әскерден елге қарай қаша бастады. Мен де әне кетем, міне кетем деп қашып кетудің ыңғайын келтіре алмай жүре беріппін. Сөйтсем 4-5 ай хабарсыз кетіппін. Бір күні әскер бөлімшесіне келсем Нұрхан ағам келіп мені күтіп отыр екен. Аң-таңмын, Москвада неғып жүр? Аман-саулықты сұрасып, шүйіркелесіп болған соң ағам маған үйдегі туған-туысқандардың менімен хабарласа алмай іздеу салып жатқанын, анам шыдамы таусылып Нұрхан ағамды менің соңымнан іздетіп жібергенін жеткізді. «Әкенің қадірін балалы болғанда білесің», - деп атам қазақ айтпақшы қазір сол ісімді есіме алсам ұяламын. Бұл анам мен әкемнің мені кенжелері ретінде қорғаштаған белгісі екенін кейін түсіндім.

Әкем туралы есімде қалған жәйттардың бірі ол кісі өзіне өте қатал бақылау жасаушы еді. Уақытысымен ұйықтап - уақытысымен тұру, тамақты талғаммен таңдап жеу, шақырған жерге уақытысымен жас кәрісіне қарамай көрші – қолаңды толық жинап бару, малды қорада уақытымен жайлау тағы сол сияқты әдет, күнделікті жазылмаған заң болатын. Папам азанда міндетті түрде шұжықпен шәй ішеді деп Алғазы ағамдар Аралдан келгенде базарлыққа шұжық алып келіп жатқанын талай көргенмін. Жамила, Кәмпит, Пәтен жеңешемдер жездесі ретінде әрқашан қалжындап жүруші еді, - жездеміздің бабы

күшті, тамақ жеу ережесін бұзбайды деп. Ал енді ол кісінің балық жеуі өз алдына бір бөлек көрініс болатын, әрбір сүйекті әппақ қылып тазалап, балықтың шөбіресін жылтыратып жинап өзгеше сүйсініп жейтін. Осы балық жеу тәсілі Нұрхан ағама және Алматыда тұратын немересі Елнұрға жұққанын байқадым.

Мен 1999 жылы Әділбекке тұрмысқа шығып, осы үлкен әулетке келін болып түстім. Үйленгеннен кейін үш жылға жуық үлкен шаңырақта бірге тұрдық. Өкінішке орай енемді көрмедім, себебі ол кісі 1994 жылы дүние салған екен. Бірақ көрші тұрғандықтан жас та болсам ол кісіні жақсы есімде сақтадым. Ұзын бойлы, ажарлы, салмақты кісі болатын. Атама үйге көрші – қолаң, туған туысқандар сәлем беруге келдік деп, көп жиналушы еді. Көбіне әңгімені байыбымен асықпай атам айтады да ал басқалар ұйып тыңдаушы еді. Онша есімде қалмаса да мен шәй құйып отырып атамның айтқан талай қызық және мәнді әңгіме, оқиғаларын сіңіріп, өмірде пайдаланып келемін.

**Баласы Әділбек, келіні Жазира.
Жаңатас .**

АСҚАР ТАУДАЙ ӘКЕМІЗ ЕДІ

Қазақ халқында «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген аталы сөз бар. Біз бала кезден үлкенді сыйлау мен кішіні құрметтеудің, оларға үлгі бола білудің, туысқандар арасындағы ынтымақ пен бірліктің, мейірімнің, қарым-қатынастың дұрыс қалыптасуы жанұядағы ең маңызды құндылықтардың бірі екендігін санамызға сіңіріп өстік. Мұндай тәрбиені ел басына күн туған қиын-қыстау заманда өмір сүрген аталарымыз берді. Өйткені, біздің аталарымыз халыққа қасірет әкелген аштықты

да, сұрапыл соғысты да бастарынан өткерген. Бейбіт заманның қадір-қасиетін жақсы түсіне отырып, өздерінің ұрпақтарына барлық адамгершілік қасиеттерді сақтауды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, ата-ананы сыйлауды, туысқандық байланысты үзбестен, оны үнемі нығайтып отыруды үйретті. Осындай өнегелі әулетте біз және біздің алдыңғы ұрпақтың балалары мен немерелері бірге өстік.

Біз Арал қаласында тұрғанымызбен, балғын балалық шағымыз туған ауылымыз Бөгенде өтті. Демалыста ауылға баратынбыз. Себебі ауылда суға түсіп, су тасып, тап-таза құмға аунап, айран ішіп, құрт жеп уақытты көңілді өткізуші едік. Тазалыққа жаны құмар әжеміз көрпе жастығын, төсектерін бірнеше мәрте далаға шығартып, кептіріп қайта кіргіздіретін еді. Ойынның баласымыз, осы неге шығара береді екен деп ренжіп, істегіміз келмей, амал жоқ таситынбыз. Осының бәрі қазір өз басымызда. Адам өмірі әр алуан кезеңдерден тұрады. Өмір сонысымен қадірлі, сонысымен қымбат.

Осы ауылда құрметті азаматтардың бірі де бірегейі біздің үлкен әкеміз Әби Прекешұлы. Әкемізді еске алсақ менің көз алдыма әуелі сыртқы түр-тұлғасы, бет әлпеті көрікті, жүріс-тұрысында, сөз сөйлеу мәнерінде бекзат-биязылық байқалатын. Әкеміз өмірдің ащы-тұщысын көріп, соның ақ-қарасын сезініп, мол тәжірибе жинақтаған сабырлы-салмақты, байсалды кісі болатын. Отан үшін отқа кеудесін тосқан, бүгінгі бейбіт өмірді ұрпаққа сыйлаған, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірі де бірегейі біздің әкеміз еді.

Соғыстан аман-есен елге оралып, білімін жалғастырып одан еңбекке араласып, бүкіл ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған білімді, білікті ұстаз. Ол кісіні бәріміз әулетімізбен «Папа», - деп атаушы едік. Әке шешеміз алдынан қия өтпей аса құрметпен сыйлайтын. Қандай да бір маңызды шешім қабылдар кезде ол кісінің алдынан өтпей, ақылын тыңдамай бастамайтын, әр кезде ауылдың үлкені, ақылшысы ретінде алдарына салып

жүруші еді. Келіндеріне дейін бәрі «папа»- десе, бірі «мұғалім қайнаға», - деп, сәлемдерін салып баталарын алып жүретін. Өткен өмірді ой елегінен өткізіп отырсам, осының бәрі тәрбие екен.

Папаның бір қабақ шытып, «Әй», - деген бір сөзімен, дауыс көтерген сәтін көрмеппін, ылғи да «айналайын», - деп аймалап жүретін. Осындай парасатты, ұрпақтарына үлгі болатын әкелеріміздің өмірімізде бар болғанына мақтанамыз.

Бір күні мектепте әдебиет пәнінің мұғалімі үйге еркін тақырып бойынша шығарма жазып келуді тапсырған. Сонан басым қатып, ойым жан-жаққа кетіп, ойымды жинақтай алмай отырғанмын. Бір кезде, бағыма қарай үйге Аралға жиналысқа келдім деп папаның келе қалмасы бар ма? Қуанғаным сондай, ыңғайлы уақытты күтіп, шай ішіп, дем алып алғаннан соң жағдайымды айтып, көмек сұрай бастадым.

Папа жымыып күлді де, сәл ойланып отырып «қәне жаз» деп бір демде жоспарын құрып, ауызша жалпы қалай жазу керек екенін түсіндіріп бергені. Ой, қуанғаным-ай, әрі қарай шабытым келіп қуанғаннан ауқымды етіп шығарма жазып тастағаным бар. Осы сәттер әлі есімде.

Уақыттың жылдамдығы сондай бәріміз тез есейіп кеткендей болдық. Алдымен оқушы, содан кейін мектеп бітіріп арман қуып әсем қала Алматыға келу. Бірден жолым болмай 1-2 жылды артқа тастап студент атану. Бәрі-бәрі зыр ете қалды. 1980-1985 жылдар менің өмірімдегі ең маңызды, әрі есте қалар жыл болып саналады. Себебі, сол жылдары институтта оқып, 1985 жылы бітіріп, қыз бала «жат-жұрттық», - дегендей сол жылдың жаз айында Алматыда Ермек деген жігітпен танысып, тұрмыс құрдық. Шілде айы әке-шешеміз алдарына салып Төлеш әжеміз бар, Әби папа бастаған бір топ ауылдың үлкендері тойымызға келіп, баталарын берген болатын. Менің атам да тіл маманы Хасенхан Талғаров деген ақын-жазушы, оның інісі Бәзілжан Асылжанов Абай атындағы педагогика институтының

оқытушысы, ылғи тіл маманының майталмандары кездесіп, танысып әңгімелері жарасып тез тіл табысып кеткен болатын.

Содан араға он жыл салып кенже сіңілім Мирамкүл Алматыда оқуын бітіріп Асқар деген жігітке тұрмысқа шығатын болып, ауылдың бір топ үлкендері Алматыға тағы тойға келді. Бұл құдалықта да той иесі Нәби құдамыз Әби папамыздың құрдасы, әрі Ұлы Отан соғысының ардагері екен, екеуінің әңгімелері жарасып, бұрыннан бір-бірін білетіндей тіл табысып кеткен болатын. Кейін Нәби құдамыз бізді көрген сайын «Әби құда қалай?», - деп хал жағдайын сұрап тұрушы еді. Ертеңіне 29 тамыз күні Жеңіс ініміз үлкендердің батасын аламын деп Елжан баласының тұсауын кестіріп, тойымыз тойға жалғасып, баталарын беріп, сондай жақсы көңіл күймен қайтқан болатын.

Әкеміздің артында ұл –қызы, немере, шөбере ұрпақтары жалғасып келеді. Бір отадан бірнеше шаңырақ көтеріп, бес буын ұрпақтың сабақтастығын жалғастыру әркімге бұйыра бермес бақыт. Шүкір, кейінгі ұрпақтары «атам жақсы адам болған» деп мақтанып еске алып жүр.

Папа, біз сіздердің мәпелеген қыздарыңызбыз. Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Өйткені қыз бала – болашақ ана. Сол себепті де асыл дінімізде де қыз баланың тәрбиесіне ерекше назар аударылады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кімнің үш қызы дүниеге келсе, сол үш қызының қиыншылығына шыдап, қуанышымен бөліссе, жақсылап тәрбиелесе, жеткізсе, Алла тағала осы қыз балаға жасаған рақымы үшін ол кісіні өз жұмағына кіргізеді» деген. Осыны естіп тұрған бір сахаба: «Уа, Расулуппа! Егер бір адамның екі қызы болса ше?» – деп сұрайды. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Екі қызы болса да жұмаққа кіреді», – дейді. Өлгі сахаба: «Ал егер бір қызы болса ше?» – деп сұрағанда, ардақты Пайғамбарымыз: «Ол қызды жақсылап тәрбиелеп, өсіріп, жеткізсе, онда жұмаққа кіреді», – деп жауап береді. Сіздер қыз баланы мәпеледіңіздер,

тәрбиеледіңіздер, құтты орындарына қондырдыңыздар. Қазақта «Жақсының барар жері жұмақ» дейді ғой қазақ халқы, әкеміздің рухы жаннат төрінде болсын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Күлмараш КЕҢЕСҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ЗЕРДЕСІН БОЛАШАҚТЫҢ ЗЕРЛІ ЕТКЕН

Дін өкілдері Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде былай дейді деп мына хадисті көп келтіреді: «Адам баласы дүние салғаннан соң амал дәптері жабылады. Бірақ мынадай үш кісінің амал дәптерлері қиямет күніне дейін жабылмайды: Садақа жария (жол, көпір, мешіт, оқу орны т.б. тәрізді адамдарға пайдасы тиетін іс-амалдар жасалса); Пайдалы ілім қалдырған кісі (яғни кітап жазып, құнды еңбектер қалдырса, шәкірт тәрбиелесе); Өзінің артынан дұға тілейтін игі перзент қалдырған кісі».

Аллаға шүкір, менің әкем артында ілімін жалғастырар қанша шәкірт қалдырды және артында дұға ететін біз секілді ұрпақ өрбітті. Алла, осы екі амал арқылы артыңыздан таудай-таудай сауаптар барып тұрса екен дейміз.

Артында ілімін ұстанушы ұрпақ қалдырса деген хадиске қарап менің де ұстаз болу бала күнгі арманым еді, оны орындаған жандар бар. Осынау қасиетті де ізгі мамандық жолын таңдауыма басты себеп – өз бойларындағы білімдерін жүрегіме ұялата білген қадірлі ұстаздарым болатын. Мен - ұстаздарымның төккен тері мен адал еңбегінің жемісімін. Сол ұстаздардың ішінде менің әкем Әби де бар болатын.

Әби әкеміздің мектептегі сырбаз жүрісі, ұстаздық болмысы асқан парасат пен терең білімнің эталонындай бейнесі менің

көз алдымда қалып қойды. Әби әкеміз бос уақытында өз шаруаларымен Дүйсен атамызға келіп, бірге шәй ішіп, әңгімедүкен құратын. Әңгіме желісінің көбін атамыз айтатын-ды. Дастархан басында ол кісінің сөзін ешкім бөлмейтін. Уақыт өте келе аға әңгімесін тыңдап, сөз мәресіне жетті-ау дегенде Әби әкеміз ағасына қарап: «Келген шаруамды айта берсем бола ма?» деген сұрақты қоятын. Атамыз басын изеп, айта бер деген соң келген шаруасын айтып, сөз бөлісетін. Жас болсам да, ағалы –інілі екі ағайынды кісінің бірін-бірі сыйлауы, сөз тыңдай білуі, ойға ой қосуы, бойларында тұнып тұрған бауырмалдылықты байқай жүретінмін. Ұстаздық жолды таңдауыма осындай өнегелі отбасылық тәрбиенің де болғаны анық.

Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп айтқандай әр оқушыға білім беріп, оған өмірлік бағыт сілтеп өмірге «кірпіш» болып қалануына зор үлес қосушы - мұғалім. Білімді, тәртіпті, тәрбиелі, инабатты, жаны таза рухы биік, Отаншыл адамды, тұлғаны қалыптастырып, баптайтын адамның өзі де қандай болуы керек, ол кім? Әрине, ол «ұлы» деген сөзбен айтатын ұстаз, мұғалім, менің әкем Әби.

1982 жылы жоғарғы оқу орнын тамамдап, дипломымды алып, ауылға қайта оралдым. Келген бойда құжаттарым мен арызымды алып, жұмысқа тұру мақсатында аудандық білім бөліміне тапсырдым. Тамыз айының соңғы онкүндігі болатын. Аудандық білім бөліміне қайта бардым. Қабылдау бөліміндегі секретарша кезегім келген кезде кіретінімді ескертті. Сол жылдары Арал аудандық білім бөлімінің басшысы парасатпайымы келіскен, нағыз қайраткер ұстаз – Исаев Ебейсін ағай болатын. Кезегім келіп, кабинетіне кірдім. Ол кісінің сұрауы бойынша тегімді айттым.

Ебейсін ағай: «Балам, Бөгенде оқымаса да сөзге шешен – Прекешов Дүйсен ақсақал бар, әдебиеттің балын тамызатын Прекешов Әби бар, сол екеуінің қайсысының баласысың» деп сұрады. Мен «Дүйсеннің» деп жауап бердім. «Жас мамандарды

ауыл мектептеріне бір-екі жылға тәжірибе жинауға жіберуші едім. Жақсы адамның баласын қаланың бір мектебіне жіберейін » деп қолыма жұмысқа қабылдаған бұйрығымды ұстатты. Жақсы әке балаға қырық жыл азақ деген осы екен.

Анығырақ айтсам, ешбір баламасы жоқ ғажап шаттық кеудемді кернеді, менде мақтаныш сезімі де болды. Ол жұмысқа тұратындағы қуаныш емес, ел басқарған адамның екі әкемді пір тұтып, жақсы лебіздер айтқандығы қуаныш еді. Айтайын дегенім, сол күннен бастап біздің Отанда үшінші мұғалім еңбекке араласты.

Менің 38 жыл еңбек жолынан өтіп, зейнетке жеткен шағымда түйіндегенім: «Мұғалім - мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол алдындағы шәкіртінің ой мен қимыл - әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын лаулаған жалын иесі» екені. Әби әкеміз де ұстаздық жолында өзіндік ойып алар орны мен дараланған ұстаз, қажетті білімді қажетті кезінде шәкірттеріне берген жан екенін айтқым келеді.

Дана халқымыз: «Қарымды ұстазы мен тағылымды ұланы тең елдің бағы да баянды» дейді. Зейнетке шықса да ауыл арасында, көрші-қолаң жиналған жерде көркем шығармалардың майын тамызып, құдды бір басты кейіпкері өзі болғандай шешендік тілмен әңгімені әсерлеп жеткізіп отыратын. Ол кісі «Сөз шешені - алтын сандық», тұтас бір энциклопедия десек те болар.

Уақыт зымырап өте шығады. Бір күнді екінші күн басып, бүгінің кешегі күн болып қалады. Сөйтіп өткен күндер тарихқа айналады. Бұл өмір заңдылығы. Адамзаттың асыл ұстазы Әл-Фараби «Тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» деп теңеу жасаған ұстаздар- шәкірт үшін идеал. Қаншама жыл ұстаздық жолында әдебиет мамандығын таңдауға шәкірттеріне себепші болып, талай шәкіртінің шырағын жаға білді әкеміз. Ақжан апамыз екеуі бақытты отбасында өнегелі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, балаларының қызығын көрді. Ақжан апамыздың жұмсақ мінезі үй шаруашылығындағы

қайраттылығы, жылы сөздері есімізде. Әби папамыздың бір жағына қайырып қойған қоңыр шашы мен әдемі жүзі, әсерлі әңгімелері, көркем мінезі әрқайсысымыздың көз алдымызда сақталды.

Алланың қалауымен, Лұқман хакімдей ұрпағымен мың жасап, келешек немере-шөберелерінен ия ақын, ия жазушы шықпасына кім кепіл. Лайым, солай-ақ болсын!

**Базаркүл ПРЕКЕШОВА,
Арал қаласы**

БІЛІМ ҚАЗЫНАСЫН АЙНАЛАСЫНА ТАРАТУМЕН ӨТТІ

Биіктен мен мұңдалап көрінетін аяулы ақын Зейнолла Шүкіровтың атындағы №20 Бөген орта мектебі өмір жағалауынан өмір айдынына сары ауыз балапандарын білім нәрімен суысындатып, бір ғасырдан аса мына қайнаған тіршілікте қанатын талмайтындай қақтырып ұшырып жатқан менің қасиетті де қастерлі ұям. Жалғыз менің емес қаншама жүздеген, мыңдаған түлектердің алтын ұясы.

Сол алтын ұяда қаншама кеуделері білім қазынасына толы ұстаздар еңбек етті. Солардың қатарында, бірегей десем де болады, ұстазым Әби Прекешовтың орны бөлек. Ол өте ақылды, парасатты, сабырлы және әңгімешіл, шешен кісі болды. Әңгімені ешкімнің көңіліне тимейтіндей етіп күлдіріп айтатын. Жары Ақжан анамызбен бақытты ғұмыр кешіп, жеті бала тәрбиелеп өсірді. Екі қыз, бес ұлын әртүрлі мамандық иесі болуына атамызбен, анамыздың қосқан үлесі зор. Қазіргі таңда балалары әр жерде абыройлы қызмет атқарып жүр. Мектебімізде осындай ағайларымыздан, апайларымыздан білім алғанымызды мақтан етеміз. 1967 жылдан 1977 жыл

аралығында осы мектепте білім алдық. 1984 жылы Әби атамyzдың екінші қызы Ұлбосынмен бас қосып, отау тікті. Әби атамyzбен менің әкем Әлмұраттың құда болғанына биыл 39 жылға аяқ басты. Жақсы құдалық, сыйластықта болды. Сол кісілердің әңгімелерінен естігенім. 1942 жылы «Сталинград» майданына әскерге бірге алынған екен. «Форт –Щевченко» портынан Астрахань қаласына бірнеше кемемен жолға шыққандарын жолда немістер бомбалаушы самолеттері кемелерді бомбалап біраз шығынмен Астрахань портына, одан әрі көп қиыншылықпен «Сталинград» майданына жеткендерін айтатын. Әби атамyz соғыс біткесін елге келіп, ұстаз болып жас жеткіншектерді біліммен сусындауына зор үлес қосқан адам. Елдің алдына ұстар аузы дуалы ақсақалы болды.

Исламда «Садақаның ең абзалы – бір мұсылманның білім үйреніп, кейін оны өзге мұсылман бауырына үйреткені» дейді (Ибн Мәжаһ). Бұл тұрғыда алатын болсақ, Әби ағайымыз өзі үйренген білімді сол күйінше бізге бере салған жоқ, Үнемі ізденісте болды. Қолынан кітап түспеді. Тіпті зейнет демалысына шыққан кейін сол жинаған білімін айналасына таратумен болды. Міне, нағыз ұстаз дегеніміз осы болса керек.

**Әділ ӘЛМҰРАТҰЛЫ,
күйеубаласы**

ЖЫМЫЙҒАНЫНЫҢ ӨЗІ ТӘРБИЕ ЕДІ

Жылдар өткен сайын әрбір адам өз тірлігімен әр жаққа кетеді екен. Қарттарымыз азайып, ол кісілердің ізін жастар жалғастырып келеді. Біз ол кезде баламыз. Әкем марқұм Айнадин айтып отыратын «Әбекең көкелеріңмен біз немере туыспыз», - деп. Оның бер жағында менің жолдасым Балапанның жиен ағасы.

Әби көкем 1923 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері №20 Бөген орта мектебінде зейнет жасына дейін ұстаздық қызмет атқарды. Құдай қосқан жары Ақжан әжем ұл –қыздарын дүниеге әкеліп, заманның қиыншылығына қарамастан жоғарғы оқу орындарына оқытып жақсы тәрбие берді. Қазір балалары түрлі қызметте жұмыс атқарады.

Әби көкем жүзі жайдары, майда тілді, мінезі тынық, байсалды, ажарлы, толқындаған шаштары өзіне сән беріп тұратын. Оқушылар алдынан кесе өтпейтін өте сыпайы ұстаз болатын. Кеудесінде жұлдыздары жарқырап сонау соғыс жылдарын еске салып тұрғандай әсер қалдыратын. Сол кезде бауырмашылық өте тамаша екен ғой қайран уақыт-ай! Бірге туған бауырдай бір қазаннан ас ішіп бірліктері жарасып тұрушы еді. Менің әжем Жібек марқұм көкемді еркелетіп «ақ Әбиім» деп айтушы еді.

Біз мектеп бітіргенімізге 35 жыл толуына орай ауылға барғанбыз. Барлық оқушылар сол кездегі сабақ берген ұстаздарымызды құрметтеп, сыйлықтарымызды беріп қошемет көрсеттік. Көкем денсаулығына байланысты келе алмады. Бәріміз үйіне барып қасында отырып әңгімелесіп, біраз отырып көңілін көтеріп өзіміздің отырысымызға кеттік. Сонда Әби ағайымздың сол баяғы мейірімді жымйысы өзгермеген. Біздің шәкірттік жүрегімізді нұрландырып тұрғандай болды.

Бүгінде мұсылманшылықтан да таным-түсінігіміз кеңейіп

жатыр ғой. Жалпы, біз садақа сөзін естігенде міндетті түрде қолдағы барымызды жарлы адамдарға үлестіру деп қана ұғынамыз. Ал, Исламда садақаның түрі көп. Адамдарға жылылық танытып, жымиғаныңыздың өзі садақа болып саналады екен. Жымию Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) игі әдеттерінен – дейді. Сонда ауырып төсек тартып жатса да бір кішкентай жымыйуымен көңілімізге ізгі игіліктер сыйлаған қайран ұстазым- ай, қайран көкем –ай! Жатқан жерің жайлы болсын!

Күлайша СЕЙТЕКЕНОВА

ҒАЗИЗ ДА АРДА ЖАН

Әр бойжеткен өз ұясынан өзге шаңыраққа келін болып аттағанда, жүрегінде үміт пен толқыныс сезімдері қатар жүрері анық. Мен де осы шаңыраққа келін боп, жан жолдасым Нұрланның қолынан ұстап келгенде сарыауыз балапандай едім. Үйде ата-анамнан көрген үлгім мен алған тәрбием келген жерімде маған азық болғандай еді. Әкем Зейнулла мен анам Шаржаудың «Барған жерінде бағың ашылсын!» деген батасы текке кетпегендей. Аллаға сансыз шүкір! Келген жерімде бағым бола білген жолдасым Нұрекең мен маған қамқор бола білген қайныларым, өз ата-анамдай болған атам мен енем өз құшақтарына мені мейірлене алды. Екі қайын әпкем тұрмыс құрған, төрт қайнымның екеуі – Шырағым мен Төре бала – жоғарғы оқу орнының студенттері, қайным Ержігіт – ауылдағы аурухананың жүргізушісі болды. Ал кішкене қайным оқушы болатын. Осы айрандай ұйыған шаңыраққа береке кіргізіп отырған атам мен енем болатын. Атам жайсаң жан еді. Ертемен оянып, иіліп сәлем салғанымда бар ынтасымен, ақ адал алғаусыз көңілмен батасын беретін. Жүзінен мейірім

төгіліп, сондай ғазиз, арда жан екенін бірден байқайсың. Жан жарыма ардақты әке болған, бір ауыз ауыр сөзі, артық ісі жоқ, салмақты, жайлы, кең пейілді, байыпты, ғибраты мол, жаны жайсаң, әдебиетшіл жан болатын. Шәкірттерінің бәрі жақсы көретін аяулы ұстаз еді. Ол кісінің отбасындағы, дастарқан басындағы өсиеттері – мен үшін жанға азық, өмірге нұсқа болды.

Атамның: «Бақыттың мәні – парасаттылықта. Ішіне адам кірмесе, сарайыңнан не пайда? Бірлігі жоқ туыстың көптігінен не пайда? Араласып тұрмаса, ағайыннан не пайда? Басқалар не ойлайды деп қорықпа. Шындығында, басқаларға бәрібір. Олар тек айтады, қояды. Өмір – сенікі. Өз қалауыңмен өмір сүр!» деп отыратын. «Ең қауіпті адам – Өтірікші, Ең қауіпті сезім – Қызғаныш, ең жақсы іс – Кешірім. Адамның басшысы – Ақыл. Көршіңмен тату бол. Көрші ақысы – Тәңір ақысы - деп отыратын. Қандай кемеңгер жан десеңші!

Бірде шай үстінде балалардың бірі «Неге Алтай тауының аты Алтай. Ол тауда алты бірдей ай шығып тұра ма?» деп сұрақ қойып қалды. Оны мен қайдан білейін, алты ай күн, алты ай түн болады. Сондықтан алты ай деп атаған демеймін бе. Сонда атам:

- Иа, дұрыс ғой. Бірақ сол Алтай тауына қатысты мынандай бір аңыз бар - деді де әңгімені бастап кетті. Өткен ғасырларда дәулеті шағын ғана, бірақ ақыл-парасатты шал мен кемпір болыпты. Олардың жар дегенде жалғыз ұлы бар екен. Күйбең тірлік күйттеп, бір күні қарт кісілер ауыр дертке шалдығады. Олардың сырқаттары күн сайын асқынып, жағдайлары мүшкілдене түседі. Жалғыз ұлдары ата-анасын қиын халге түсірген дерттің сырын сұрап, көрші ауылдағы мүкіс құлақты бір қария емшіге барыпты. Емші кісі ата-анасының ауруына шипа бола алмайтынын айтып, емін білетін адамға жөн сілтейді. «Балам, шығысқа қарай күн-түн демей жүре бер, жүре бер. Алдыңнан үлкен тау шығады, сол жердегі үңгірде сақалы

беліне жеткен менің ұстазым өмір сүреді. Ол мың жылдан бері адамдарды түрлі сырқаттан емдеп келе жатыр. Бір көмек сол кісіден келетін болады», – деп баланы ұзақ сапарға шығарып салады.

Бірнеше айлап жол жүрген бала ақыры тауға жетіп, қарияны кезіктіреді. Емшінің ұстазы баланың келген қадамына құт тілеп, жөнін сұрайды. Сөйтсе, қарт ата безгек деген дертке шалдығыпты, ал оған ем болатын шөп сол маңда ғана өседі екен. Түйнек шөпті тағы да ұзақ-ұзақ жол жүріп, бала қарт ата-анасына әкеліп қайнатып, ішкізеді. Олардың жағдайы оңалып, беттері бері қарайды. Кейін безгек ауруы сол маңайға кең тарай бастағанда, халық баладан шөпті қайдан әкелгенін сұрайды. Сонда бала шығысқа қарай алты ай жүріп, сол тауға жеткенін айтады. Осыдан бастап, алыс шығыстағы таудың аты Алтай аталып кетіпті,-деді байыппен.

Атамның айтатын әңгімелері өте көп болатын. Міне, сондай шежіре дастан жанның қолдаушысы - жары болуы заңдылық емес пе. Өйткені енем атамның бар жағдайын жасап, бар жақсыға лайықты ететін. Сол кісілердан алған өнегем текке кетпей, осы шаңырақтың түтінін түтеткеніме шүкір етемін. Бүгіндегі балаларымның бақыты мен бағы, көгеріп – көктеуі Алланың қалауы, «Үш дұға міндетті түрде қабыл болады, онда еш күмән жоқ: Зұлымдыққа ұшырағанның дұғасы, жолаушының дұғасы, ата-ананың баласына дұғасы» дегендей менің атам мен енемнің батасының шерепеті деп ойлаймын. Топырақтарың торқа болғай, мәңгі жақсыларым.

Гауһар ЗЕЙНУЛЛАҚЫЗЫ,
келіні

АТАМНЫҢ АҚЫЛЫ

Мен 1991 жылы жолдасым Нұрханмен отау құрып, осы берекелі отбасына келін болып түстім. Біз Жаңатас қаласында бөлек тұрған соң Бөгендегі қара шаңырақта көп болмаушы едік. Дегенмен мүмкіндігінше бала-шағамызбен келіп тұруға тырысатынбыз. Келін болып түскен күннен бастап-ақ бұл өсіп- өнген берекелі, сыйлы әулетке тез сіңістім. Әсіресе менің атамды әулеттің үлкені-кішісі, тіпті үлкен келіндеріне шейін «папа» деп, ал енемді барлығы «апа» деп айтатындары бір жағынан таң талдырса, екінші жағынан іштей мақтанышқа бөлеуші еді. Атам ақ жарқын, байсалды не нәрсені де байыбымен айтып, шешім қабылдап отырушы еді. Мен өзім әкемнен ерте жастайымнан қалғасын болар, атамды шын мәнінде әкемдей сезіндім және де алыс жақтан келгесін ба, мені біршама еркелететін. «Гульшка, чай будем пить» деп орысшалап күлдіріп отыратын. Ол кезде менің қазақшаға шорқақ кезім ғой. Атам орысша өте сауатты сөйлеп және жазатын. Менің, атама соншалықты қалай орысшаға сауатты болдыңыз деген сұрағыма ол кісі майданда жүргенде және соғыстан кейін Германия, Ресей жерлерінде талай орыс және басқа ұлт өкілдерімен қоян-қолтық жұмыс жасап және орыстың тілі мен мәдениетін арнайы үйренгенін айтып әңгімелеп берген болатын. Атам, самаурында қайнаған, сүт қатылған қою шәй ішкенді жақсы көретін. Ол кісінің марқұм анасы Жамила әжеміз де шәйді өте баптап, демдеп ішетінін атам шәй үстінде айтып отыратын. «Самаурын ызылдап билеп тұру керек» деген атамның сөзін естіп алған мен, шоқты салып- салып түтінімен әкелгенмін ғой. Қайдан білейін, ызылдап тұру үшін түтіндеп тұру керек деп ойлаған шығармын. Біздің елде самаурын пайдаланбайтын болған соң, самаурынның мән-жәйін онша білмегенмін ғой. Сондада атам бірде-бір сын айтпап еді-ау. Атам шәйді біраз уақыт ішіп аяғына жақындағанда, қой шәйді

жақсы іштік, бірақ аққұманды тауысып қояйық, -дейтін, сол кезде мен аққұманды тағы да бір үстеп жіберіп, ата ішінде әлі шәй бар деп жауап беремін. Себебі ол кісі шәй ішіп отырғанда өте қызықты және маңызды тәрбиелі мәні бар әңгімелер айтып отыратын. Сәл де болса атамның қызықты әңгімелері әрі қарай жалғассын деген ниет ғой.

Қазақ тілін тез үйренуге атамның шын мәнінде көмегі көп болды. Менің қазақ тіліне шорқақ екенімді байқаған атам, бірінші барлығын анықтап сұрап алды. Мен Орал облысында дүниеге келгенімді, марқұм әке-шешем Ресейдің Орынбор облысының тумалары екенін, біз тұрған жерде қазақ мектебінің болмағанын және біз оқыған орыс класында санаулы-ақ қазақ балалары болғанын баяндап бердім. Сонда атам ойланып отырып маған былай деп ақыл кеңесін берді: -Балам, сен біріншіден телевизор бағдарламасының қазақшасын тыңда, екіншіден тек қазақша газет-журналдарды оқы, сосын қазақтармен қатесіне қарамай ұялмай-қысылмай білгеніңше қазақша сөйлесе бер,- деді. Сөйтіп мен атам айтқандай амалға көштім. Шын мәнінде де маған атамның ақылы көп көмек болып, өзімнің ана тілімді тез және жетік үйреніп кеттім деп ойлаймын. Кейін балалар бақшасындағы тәрбиеші жұмысымды ауыстырып, Жаңатас қаласындағы М.Әуезов атындағы қазақ орта мектебінде бастауыш және төменгі сыныптарға орыс тілінен оқушыларға сабақ беріп, біршама уақыт мұғалім болып жұмыс жасағанымның басты себебі, осы атамның берген шынайы оң бағыты мен ақ батасы еді.

1993 -ші жылы Жаңатас қаласында үлкен пәтер алдық. Атам мен апам Жаңатас қаласына арнайы біздің алған үйімізге құтты болсын айтып, қыдырып келді. Ауылдың базарлығы ретінде еттерін де арқалап келгені есімде. Мен қолымнан келгенше бар өнерімді салып ет астым, басқа да түрлі тағамдарды дайындауға тырыстым. Шамасы, шын мәнінде ет өте дәмді болса керек, атам кейіннен әрқашан – «біздің Гульжан етті өте

дәмді асады деп мақтап айтып отырушы еді». Әрине бұл бір жағынан маған деген демеу болса, екінші жағынан шынайы аталық қамқорлық екені сезіліп тұратын еді.

Мен келін болып түскеннен кейін үш жылдан астам уақыт өткенде енем ауыр дерттің салдарынан дүниеден озды. Өкінішке орай көп тәлім тәрбие ала алмадым. Науқастанып жүрген кезінде 1994 жылдың күзінде Жаңатасқа келіп, бір айға жақын қолымызда болып ем қабылдады. Жақсылап шүйіркелесіп әңгімелескеніміз де сол болды. Ол соңғы жүздесуіміз екен, сол 1994 жылы 21 желтоқсанда дүниеден өтті. Марқұм өте ақжарқын, шынайы таза жан еді. Неге екенін білмеймін бет әлпетін 2018 жылы дүниеден өткен өзімнің марқұм анама ұқсататын едім. Кейін асқар тауымыз атамыз да бақилыққа аттанды.

Бір таңқалдырғаны атам өмірде - аштық заман, сұрапыл соғыс, соғыстан кейінгі қиын – қыстау кезеңдері және бейбіт өмірде қаншама қиыншылықтар мен заманның әрқилы қасіретін тартса да ешқашан мойымай өзінің алдына нақты мақсат қойып арманына жетіп, бақытты өмір сүрген жан. Атамның «нұрын шашқан асыл бейнесі» әрқашан менің жүрегімде! Атамнан алған тәлім тәрбие әрдайым ешқандай қиыншылыққа мойымай өмір сүруге аса құштарлық тудырып тұрады.

Аллаға шүкір, артында қара-құра болып біз отырмыз. Орнында бар оңалар деген, атам мен енемнің шаңырағы әрі қарай жайқалып келеді, Алла жайқалдыра берсін. Ал, атам мен апамның жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын.

Гүлжан ЗИНГАЗИЕВА,
келіні

ӨМІРДІ ЗЕРДЕ БИІГІНЕН ҰҒЫНДЫРҒАН

Сұрапыл Ұлы Отан соғысына қатысып, еліне жеңіспен оралып, жұртының қуанышы мен қайғысын қатар көтере жүріп, болашақ ұрпақты, өз балаларымен қатар ел балаларын тәрбиелеп, саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған атамыздың өмір жолын, туғанына 100 жыл толуына орай еске түсіруді жөн көрдік.

Мен осы әулеттің төртінші келінімін, марқұм баласы Жұмабектің жолдасымын. Осы әулетке 1994 жылы 11 қарашада келін болып түстім, сол сәттен ақ өсіп-өнген әулетке түскенімді аңғардым. Атам да, енем де байсалды, сабырлы, сыйлы кісілер еді. Ең алғаш ауылды көрген сәтімде әдеби кітаптарда бейнеленген ауыл көрінісі көз алдыма келді.

Бөген негізі теңіз жағасына орналасқан құмды ауыл. Үйіміздің жанында үлкен төбе болатын. Сол төбеге ауыл ақсақалдары жиналып, ауыл жаңалықтарын айтатын. Менің атам да таңғы шәйін ішіп, тымағын, пимасын киіп алып сол төбеге қарай аяңдайтын. Атамыз өте сыйлы, қонақжай, адам қадірін білетін кісі еді. Ауылда шешімін таппай жатқан шаруалар мен жағдайларға ақыл-кеңесін айтып отыратын. Атам қолындағы барына, қол жеткізген табыстарына риза болды. Ол кісі барды да, жоқты да көрген адам ғой, әңгіме арасында «Келер жерін кең қылсын» деп қанағатшылдық танытатын. Ал, қанағатшылдық өмірді зерде биігінен ұғына алатын, түсініп, сезіне алатын адам бойындағы асыл қасиет екен.

Атамызбен бірге бір жыл шаңырақта келін болып қызымет еткенімде о кісінің бір адамға айқайлап дауыс көтеріп, мінез көрсеткенін көрмедім. Мінезі өте сабырлы, жайлы, жұмсақ, ашуланғанын қабағынан-ақ аңғаратынбыз.

Үлкен ұлымыз Назарбек бір жасқа толғанда Қызылорда қаласына еншімізді бөліп беріп бөлек шығарды. Жолдасым

былайынша кезден бөлек, 9 мамырды қалдырмай, жыл сайын атамызды Жеңіс күнімен құттықтап барып тұратын ауылға. Ол 2006 жылдың күзінде науқастанып өмірден өтті. Артында шүкір, Назарбек пен Нұрасыл есімді ұлдары қалды. Екеуі де атасының жолын қуып ұстаздық жолды таңдады. Назарбек үш жыл бұрын Жібек келініммен отау құрды. Қазіргі таңда екі немерем бар. Нұрасыл болса Алматы қаласында 3 курста оқиды,

Қарап отырсам шаңырағымыздың тірегі - жолдасым қайтқалы 17 жыл өтіпті. Бірақ біз әулетімізден еш ажыраған емеспіз. Бауырмал ағалары мен тәтелерінің арқасында ауызбіршілікті сақтап келеміз. Осының бәрі де атамыздың балаларына берген өнеге, тәлім-тәрбиесінің жемісі деп білемін.

Құралай ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
келіні.
Қызылорда қаласы

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Ес білгелі менде екі әке болды. Бірі - өзімнің туған әкем, екіншісі- әкемнің туған ағасы. Өз әкем бес жасымда қайтыс болды, әкемді «папа» деп те айта алмай қалдым. Ал, үлкен әкемізді «көке» дейтінбіз. Өзім қатарлас ұл-қыздардың «папам сөйтті, папам бұйтті» деп жарыса айтып жатқанын естігенде ішімнен қызығып «шіркін мен де қашан «Папа»- деп аузымды толтырып айтады екенмін» деп армандайтынмын. Ол арманымды Жөкеңе үйленген кезде Алла орындады.

Жолдасымның әкесін ең алғаш көрген кезде өз әкемнің қайта оралғанындай сезіндім. Орта бойлы, жанары мейірімге толы аяулы жанды сол күні-ақ елмен бірге «папа» - деп айттым. Осылайша мен армандаған «папа» өмірімде пайда болды.

Иа, атам өте байсалды адам болатын. Мен папамыздың балаларына дауыс көтеріп, не жекіп сөйлегенін көрмеппін. Көбіне әдемі мұртынан жымыып, күлімсіреп ғана отыратын. Толқынды қара шашының ақ қырау басқанын жасыра ма, басынан тақиясын тастамаушы еді. Қоңыр әдемі даусымен сөйлеп кеткенде әңгімесіне тамсанып, тыңдап отыра беруші едім. Алғаш келін боп түскен кездері шәйдің ең соңында папаммен ұзақ отырып қалатын едім. Шежіре әңгімелерді айтқанда, әңгімесі таусылмаса екен деп әуестікпен отыра беретінімді ойлап, кейін ұялып та жүрдім. Папамыздың әңгімесін тыңдауға үйімізге үлкенді-кішілі адамдар көп келетін. Әсіресе, Бишембі ата келгенде папам қатты қуанатын. – Келін шәй қойып, қармаларыңды дайындаңдар. Бұл енді соны жеуге келмей, бөтен неге келді дейсің,- деп қалжың қосып отырушы еді.

Жаздыкүні кешқұрым үй жаққа көршілер жиі жиналатын еді. Төбе адамдары (қатын-қалаш, кәрі-жасы, бала-шаға) төбеге жиналып, ортаға папамды алып түнімен әңгіме айтатын. Папаның әрбір айтқан әңгімесіне тамсанып, көршілер түн ауғанша отыра беретін. Ертеңіне де дәл сол көрініс қайталанатын еді.

Папаны туғандары да, көрші-көлемдердің кейбірі де «Папа» деп ерекше айтатын еді. Кейбір дау-дамайлардың шешімі табылмай қалып жатса, ауыл адамдары папамызға келіп жүгінетін. Папам көп мәселені ың-шыңсыз шешіп, келген адамдарды қуантып қайтаратын.

Папамыз балаларының барлығын ерекше жақсы көріп, мақтанышпен айтып отыратын. Әр баласының жетістіктерін, кейбір қылықтарын жиі есіне алушы еді. Маған «сенің Жұманың детсадқа 1-2 күн барды да, қашып келді. Бір күні кемпір екеуіміз шарбақта шәй ішіп отырсақ, Жұмекең қашып келіп, бұрышта сығалап тұр екен, біз ымдап келе ғой дедік, ол да сол күннен бастап детсадына бармай қойды, біз де қыштамадық» деп

күліп айтқаны әлі есімде.

Папа келіндерінің бетіне де қатты келмейтін. Бір күні шарбақты сыпырып жүріп, сол кездегі хит боп жатқан «Жәмилә» әнін ыңылдап айтып жүрдім. Арасында даусым да шығып кететін болған ғой, бір кезде: «Келін, бері кел!»- деп шақырып алды. «Сен осы Жәмилә деп әндетіп жүрген жоқсың ба? Өйтіп айтпа, ол менің анамның аты ғой» дегені бар. Осы кезде ойлаймын ғой, папамыз қатал болса, өйтіп ән айтпақ түгіл, аяғымыздың ұшымен жүрер едік-ау?! Не деген кең адам болған десейші.

Папа әдебиетші болғасын ба, үйде кітаптары көп болатын. Кітап шифонері неше түрлі әдеби кітаптарға, газет-журналдарға сықып, толып тұратын. Ең бірінші, осы босағаны аттағанда көзіме түскені сол папамыздың байлықтары еді. Қатты қуандым. Кітапты жақсы көретінім соншалық ол кісінің әр кітабын мәпелеп күтетініне, еш адамға бермей, құлыптап ұстайтынына қарамастан кітап бұрышына жиі барғыштай беретінмін. Атам да менің әуестігімді білді ме, оқып болғасын орнына қоярсың деп ескертіп отырушы еді.

Атам елге көмектесуді қатты қалайтын. Қолында барды жоқ адамға бөліп беруге тырысатын. Садақа мың бәлені қайтарады деп бізге де қайыр етуді көп тапсыратын. Расында «Садақа, су отты өшіргендей, қателеріңді өшіреді» деп келеді дінімізде. Демек, күйдіріп бара жатқан отты су өшірген тәрізді, адамдардың екі дүниесін күйдіріп бара жатқан күнәларын садақа өшіреді екен. Біліп-білмей жасаған қателіктерім жойылсын деген адам мұқтаждарға, жетім-жесірлерге садақа қылып тұруы керек. Міне, сонда мақсатқа жетеді. Бұл да сіздердің тәлімдеріңіз.

Осы күндері папаны жиі еске алып жүрміз. Анамыз бен әкеміз тірі болып, арамызда ақылдарын айтып отырғанда ғой деп армандаймыз. Олар да ұрпақтарының өніп-өсіп жатқанын көргенде марқайып отырап еді-ау?!

Асыл бейне .....

Иа, әке салып берген сара жолмен ұрпақтары бой түзеп өсіп келеді. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген, Сіз берген тәлім-тәрбие санамыздан мәңгі өшпейді.

**Шаттық БАТАМАНОВА,
келіні**

МАЗМҰНЫ

• Өмірбаян	3
• Алғы сөз	4
• Текіден текті туады	5
• Прекеш шеңгелінің сыры	6
• Анасы Жәмила әже мен әкей ұрпақтары туралы .	7
• Ардақты да асыл анам	10
• Өттеген-ай...	12
• Қайран бауырым, Жұмабек...	16
• Үміт пен өкініш	18
• Тәуекелге бел буу	19
• Әкемнің әңгімелері	
• Басымды қауіпке тіккен сәттер	24
• Үрей мен үміт	25
• Қан майданда	28
• Ауылды аңсау	30
• Оқуға құштарлық	31
• Жақсыменен өткізген жарты сағат...	33
• Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар...	
• Өнегемен өрілген өмір	38
• Майдангер күнделігі	40
• Үш ұлы күш	44
• Әдебиетпен әлдилеген шәкіртін...	46
• Майдангерлер ұмытылмайды	48
• Ата рухымен сырласу	54
• Сыйластықтың үлгісі еді...	
• Құдалығымыз жалғасып келеді	60
• Құданың хаты	61

• Құда қалдырған із	65
• Әби ағай, Әби құда...	66
• Ұстазым менің, ұстазым...	
• Бала зердесінің бағбаны	70
• Көркем мінез иесі	71
• Асыл болмысты ардақты жан	73
• Ұстаздықта үлгі, әкелікте өнеге, қоғамда тұлға болды .	76
• Сондай кішіпейіл еді-ау...	79
• Шәкірт жүрегіне ұлылық дәнін сепкен	82
• Ұлағат ұясы	84
• Біз оны ешуақытта ұмытпаймыз	90
• Жақсының жолы	93
• Ұстаз тілегі	97
• Бейнесі әр жүректе сақтаулы	100
• Нұрлы ақыл иесі	102
• Біз оны сағынамыз	105
• Ұстаздың қолтаңбасы	107
• Әр әңгімесі ғибратқа толы еді	112
• Мейірімі басым, ұлы ұстаз	115
• Әрі ұстазым, көршім, әрі нағашым	119
• Мейірім бұлағы	121
• Асқақ армандарға жетелеген ұстазым	123
• Ұстаз ұлағаты	126
• Тұнған шежіре, тұрған үлгі	127
• Мейірімді жүрек, парасат болмыс	130
• Жақсының аты өлмейді	134
• Ағайдың батасы.....	138
• Жаратылысынан ұстаз адам	141
• Биіктен жарқырайды.....	142
• Ұстаз тағылымы	145

• Жүрегіміздесің, жан аға...	
• Нағашы жақсы қандайды...	150
• Әби ағам – асқар тауым	153
• Қазыналы, кен кеуде	157
• Ұрпаққа ұласқан сыйластық	160
• Үш әңгіме	161
• Әулеттің иесі мен киесі	164
• Жайсаң мінез, жақсы аға	168
• Жүрегі де, жүзі де, болмысы да тағылым	170
• Ізетті аға, ақылман ақсақал	174
• Әкенің ақ тілегін өтеу парыз...	
• Ұшқан ұя	182
• Мейірімімен көрікті еткен өмірді	192
• Адастырмас сара жол	195
• Әке тәлімі	198
• Үлкен шаңырақтың үлгісі	203
• Асқар таудай әкеміз еді	204
• Зердесін болашақтың зерлі еткен	208
• Білім қазынасын айналасына таратумен өтті	211
• Жымыйғанының өзі тәрбие еді	213
• Ғазиз да арда жан	214
• Атамның ақылы	217
• Өмірді зерде биігінен ұғындырған	220
• Орындалған арман	221
• Әкейдің қолжазбасынан	225

«АСЫЛ БЕЙНЕ»

Естеліктерді жинақтаған –
Нұрхан Прекешев

Атсалысқан
Диханбай Ақділда

Редактор
Ағыбай Орынбаев

Техникалық редакторы –
Қанжар Мырқы

**ЖК «Орынбаев А.» баспаханасында
беттеліп, басылды.**

Қаріп түрі – «**Arial**»
Көлемі – 16 баспа табақ.